

ӨРЛЕУ

БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ
ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ

«ӨРЛЕУ» БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ»
Акционерлік қоғамының филиалы
«АТЫРАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША КӘСІБИ ДАМУ ИНСТИТУТЫ»

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

№12 (72) 2024



**№12 (72)
2024 ж**

**«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы
Атырау облысы бойынша Кәсіби даму институтының**

Х А Б А Р Ш Ы В Е С Т Н И К

**Республикалық ғылыми – әдістемелік журналы
Журнал 2013 жылдан бастап екі айда бір рет шығарылады**

БАС РЕДАКТОР -

Даулетова Роза Қабышқызы -
«Өрлеу» БАҰО» АҚ-ның
«Атырау облысы
бойынша Кәсіби даму
институты» филиалы директоры

Корректор –

Атолла Құралай Қайратқызы

Көркемдеуші және беттеуші -

**Жеткерген Сара Алиқызы,
Тлмисов Турар Еркінбаевич**

АҚЫЛДАСТАР КЕҢЕСІ

Идрисов Саламат Нұрмұханұлы – Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Басқарма төрағасы – ректор, педагогика ғылымдарының кандидаты.

Хасанова Жамиля Садыковна - Атырау инженерлік - гуманитарлық институтының академиялық жұмыстар бойынша проректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор.

Нагимов Шахман Нагимович - Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессоры.

Қылышбай Сүндетұлы – «Қазақстан салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Атырау облыстық ұйымы» қоғамдық бірлестігі төрағасы, тарих ғылымдарының кандидаты

Даулетова Роза Қабышқызы - «Өрлеу» БАҰО» АҚ-ның «Атырау облысы бойынша Кәсіби даму институты» филиалы директоры.

Журнал Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат
министрлігінде 2013 жылы мамырдың
30-да тіркеліп, №13648-Ж куәлігі
берілген.

БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

060009 – Атырау қаласы, Авангард-4
ықшам ауданы,
Адмирал Лев Владимирский,
Тел: 8 (7122) 20-08-34
Факс: 8 (7122) 58-63-45
Ресми сайт: www.orleu-a

Пішіні – А4

Әріп түрі Times New Roman

Шартты баспа табак – 10,1

Мақала қазақ, орыс, ағылшын
тілдерінде қабылданады.

Мақала авторларының
пікірлері редакция
көзқарасын білдірмейді.
Тапсырыс дайын
диапозитивтерден
басылады. Қолжазба
қайтарылмайды,
мақалаларға пікір
жазылмайды.



Мазмұны

Оқыту технологиялары		
1	Абугалиева А.Г. Белсенді оқыту арқылы оқушылардың математикалық тілде сөйлеу дағдысын дамыту	6
2	Ахмедиева А.Г. Ағылшын тілі сабағында мәтінмен жұмыс жасаудың тиімді тәсілдері	10
3	Ахметова З.Ж. Геймификация как эффективный инструмент повышения мотивации младших школьников на уроках русского языка	13
4	Бисенов Қ.Е. Қазіргі заманғы дене шынықтыру пәні: инновациялық әдістер мен технологиялардың қолданылуы	15
5	Боранбай М.Б. Оқушылардың ойлау және сөйлеу дағдысын жақсартудағы «Lesson Study» зерттеу сабақтарының тиімділігі	17
6	Мәдениетова З.А. Оқытудың эмоциялық аспектісі арқылы 1-сынып оқушыларының өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру	21
7	Ажхатова Б.А. Жаңа форматтағы білім беру мазмұны бойынша оқытудағы әдіс тәсілдер	26
8	Идрисова Ш.Х. Қазақ тілі сабағында оқу процесінің тәрбиелік мәнін арттыру	29
9	Кындыбаева Ж.Р. Тарих пәнін оқытудағы stem-технология – болашаққа бағдар	31
10	Қарипова І.Е. Мектептің геометрия оқытуда білім алушылардың логикалық ойлауын дамыту	35
11	Болдырева Н.Б. Методическая разработка заданий, направленных на оценку и развитие функциональной грамотности по истории Казахстана (6 класс)	37
12	Турениязова Ағылшын тілі сабағында Case Study технологиясын қолданудың тиімділігі.	40
13	Шмиков Қ. А. Ұлттық ойындар және оны дене шынықтыру сабағында тиімді пайдалану.	42
Педагогтік ізденіс		
14	Дәулетиярова Д.Г. Музыкотерапия для учеников начальных классов с задержкой психического развития	48
15	Қашаубай Е.Е. Мектепшілік бақылау жүргізудің маңыздылығы – табысты қолдау және сәтсіздіктерді болдырмау	52
16	Мукашева А.Б. Мектептегі әдістемелік қызмет	54
17	Елемесова Н.Ж., Қожамуратова Ж.Ж., Үздік ойын картотекасын жасақтауды жүзеге асыру	56
18	Жардемғали Т. Эрбу техникасы – біздің тәжірибеде	62
19	Ихсанғалиева Р.М. Қазақстан тарихы бойынша функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған тапсырмалар әзірлеу» (6 сынып)	63
20	Ізболова Х.М. Қазақ әдебиетіндегі әйел бейнелері	68
21	Кабиева Т. Болашаққа бағытталған маман	69
22	Қанатбаева Э.Б. Құм әлемі	70
23	Латипова Г.М. XX ғасырдағы қазақ поэзиясы Тәуелсіздік дауыстары	74
24	Мирманова Ф.І. Сен де бір кірпіш дүниеге	75
25	Мутиев Р.А. Жас спортшыларды тәрбиелеуде спорт нұсқаушысының рөлі: Техника, тактика және психологиялық дайындық	78
26	Сайнова А.Н., Бисенғали А.Н., Қазақтың ұлттық музыкалық аспаптары	82

27	Тнайбаева А.Н. Оқушылардың оқу мотивациясын арттыру: практикалық кеңестер	84
28	Утеулиев Ж.Т. Педагогтың кәсіби құзыреттілігі – білім беру сапасын арттыру кепілі	88
29	Хамитова Т.Ж. Ис-әрекетті зерттеу арқылы қазақ әдебиеті пәнінде деректерді талдауға үйрету	91
30	Озғанбаева Г.О., Тулекова А.Г., Функционалдық сауаттылық тапсырмалары арқылы география сабағының тиімділігін арттыру	93
31	Еркінқызы Г. Көркем әңгіме шебері – Бейімбет	98
32	Бекенова Р. К. Физика сабақтарында жаңа әдіс-тәсілдерді қолданудың тиімділігі	100
<i>Мектепке дейінгі тәрбие</i>		
32	Куракбаева К.А., Омар А.Ж., Мектепке дейінгі ұйымдағы психологиялық диагностиканың мәні мен маңызы	103
33	Мусрепова Н.Г. Мектепке дейінгі ойын құзыреттілігі	105
34	Садырова Ш.Ф., Насенова Г.А., STEAM білім беру технологиясы балалар бақшасында тәжірибеде	107
35	Сисенова Н.Ж., Ескендірова Ұ.А., Ерте жастағы балалардың ұсақ қол моторикасын дамытуға арналған жаттығулар мен ойындарды ұйымдастыру маңызы	110
36	Долдашова Ш.М., Жыл басына таласқан хайуанаттар	112
37	Губашева Б. Пояснительная записка	113
38	Удербасева А.И. Адал азамат, адал еңбек, адал табыс	119
<i>Инклюзивті білім беру</i>		
39	Момынова Ж. Көру қабілеті бұзылған балаларға әліппе сабағында оқытуды ұйымдастыру	121
40	Мәжікова Т.Ә. Нашар еститін бастауыш сынып оқушыларын оқыту процестерінде мобильді оқытудың тиімділігі	124
41	Тыныбаева Б.Б. Повышение познавательной активности детей с нарушением зрения	128
42	Тыныштықова Б.Б. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың ойлау қабілеттерін ойын арқылы дамыту	134
43	Боранкулова Ш.К. Инклюзивті білім беру жағдайында даму мүмкіндігі шектеулі оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі	136
44	Утешева Ж.Б. Құмаршық өсімдігінің тарихи маңызы мен адамзатқа пайдасы	139
45	Дюсенова Ж.И. Чтение-лучшее учение	142
46	Баймуратова Б.Б. Әділет жолы – адал жол	147
<i>Сабақ жоспарлары</i>		
47	Жаниева Г. Механикалық жұмыс	149
48	Кудасова Л. Shops	153
49	Абишева А.Т. Қазақстанда ғылымының дамуы. Ғалым Қ.Сәтбаев	158
50	Ахметова С.Т. Н.А. Заболоцкий. «Не позволяй душе лениться...» 2	162
51	Мустафина А.Я. Краткосрочный план по русской литературе в 7В классе	169
52	Шамшадин А.С. Ортопедиялық клиникада қолданылатын көмекші материалдар	172
53	Деменова Б.С. Мудрость народа	176
54	Есимғалиева А. Көптаңбалы сандарды жазбаша бөлу	179
55	Исламгазиева А.Т. Ғаламшарлар туралы не білеміз?	184
56	Ихсанова Ж.О. Притча «Внешняя и внутренняя красота» сложные слова	189
57	Кибашева Б.М. Абай және оның шәкірттері. Абай шығармаларының зерттелуі	194
58	Кабазова Т.Ұ. №23 Қанайналым жүйесі	198
59	Қайреденова Б.Т. Заттар тасымалдануының тірі ағзалардың тіршілік әрекеті үшін маңызы	202

60	Мукатова М.Б. М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы ұлттық құндылықтар	211
61	Мулдағалиева А.Е. №44 сабақ. Санның бөлігін табу және бөлігі бойынша санды табу	214
62	Мұхамбетқалиева Г.У. С. Бегалин.« Оқушы Шоқан»	217
63	Набиева Б.Н. The water	220
64	Нармагамбетова Л.Т. К.Д.Ушинский «Лето»	222
65	Нұртлеуова Н.Р. Мәтіндік процессордағы кестелер	227
66	Нурышева С.Б. Ли Куан Ю, Махатхир Мохаммад: «үшінші әлемнен бірінші әлемге»	230
67	Сережденова Ә.Б. Денсаулықты қалай күту қажет?	233
68	Сұлтанова А.Н. Қазақтың батыр қыздары	238



БЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ТІЛДЕ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫСЫН ДАМУ

Абугалиева Ардак Гарифоллиевна

Атырау қаласы, Ақсай селосы

*№25 Б.Момышұлы атындағы орта мектебінің математика пәні
мұғалімі, педагог-сарапшы*

*Математиканы білмейінше, қазіргі техника негізін де,
ғалымдардың табиғат пен әлеуметтік құбылыстарды
қалай зерттейтінін де түсіну мүмкін емес.*

А.Н.Колмогоров

Оқушы мектеп табалдырығын аттағаннан бастап дұрыс оқи, сөйлей, жаза, сыз білуге машықтанады. Сынып жоғарылаған сайын сауаттылықтың басқа кырлары көрінеді. Соның ішінде «Математикалық тіл» деген өзіндік ерекшелігі бар дүние қарастырылады. Математикалық тіл оқушылардың математикалық текстті оқуына, жазуына және қайта айтып беруіне септігін тигізеді. Оқушылардың бағдарламалық материалды меңгеруін тексерудегі негізгі әдістер ауызша сұрау және жазбаша жұмыстары болып табылады. Бүгінгі таңда «Математика тілі» маңызды мәселелердің бірі. Себебі математиканы оқыту мақсаттарының бірі оқушыға жүйелі және баянды білім беру, ал білім нәрселер мен құбылыстардың елеулі белгілерінен және олардың байланыстарын тағайындайтын ұғымдардан құралады. Ф.Энгельстің анықтауынша ұғым мен қимылдың өзі ойлау. Ұғым арқылы адам ойланып, математикалық тілде символдармен белгілеп және өрнектеп сауатты жазуды үйренеді. [9] Математикалық тіл жөнінде Т.А. Ладыженская өз еңбегінде: «Оқушылардың жазбаша математикалық тіліне келесі негізгі талаптар қойылады: математикалық, орфографиялық, графикалық сауаттылық. Математикалық сауаттылық материалдың дәл және тиімді баяндалуын, терминдер мен символдардың дұрыс қолданылуын қамтиды. Орфографиялық сауаттылық математикалық өрнектермен қатар, стилистикалық тұрғыдан алғанда сөздерден сөйлемдердің дұрыс құрылуын талап етеді. Графикалық сауаттылыққа графиктер мен сызбалардың дұрыс салынуы, жазбалардың ұқыптылықпен және тиімді орындалуы жатады» деген пікір білдірген. [2] Математикалық сауаттылық - ойды қалыптастырудың негізі. Математика өмірден алынған қарапайым пікірлерді де өз тілінде модельдей алады. Мысалы, «Менің жауымның жауы маған дос» деген пікір математикада «теріс санды теріс санға көбейтсек, оң сан шығады» деген мағына береді. Диалектиканың негізгі бір заңы – «терістеуді терістеу». Оны математика «Теріс санды теріс санға көбейткенде оң сан шығады» деп модельдейді. Яғни математикалық модельдеуде математиканың бір құдыреті жатыр. Тарихи деректерге сүйенсек, математикалық білімнің (ойлаудың) құдыреттілігін дүниежүзілік ғұлама, ғалым лауазымын меңгеру үшін де қажет екендігін көреміз. Мысалы, шығыстың ақыны Омар Хайям белгілі математик болған, Әл –Фараби әйгілі «математикалық трактат» жазса, Қ.Сәтбаев «Алгебра» оқулығын жазған. [1]

«Мәселе нені үйретуде емес, қалай үйретуде» деген халық даналығы мұғалім балаға дайын білімді емес, соны игеретін әдіс-тәсіл мен құралды беру керектігін ескертеді. Оқушының сөйлеу тілін дамыту жұмыстары сөздік қорын байытуға бағытталады. Демек, оқыту барысындағы сөйлеу дағдысы жоғары, жаңа технологияны жетік меңгерген тұлғаны қалыптастыру – басты міндет. Оқушылардың сөйлеу дағдысын дамыту барысында өздері игерген білімі негізінде пікір алысады, сөз жарыстырып, өзара сынға дайын болады, жеке фактілер мен бақылаулардан ой тұжырымдауға, талқылауға жетеді, өз бетінше шешім қабылдаудың жолдарын, әдістерін қарастырады.



Оқушылардың сөйлеу дағдысын дамытуға бағытталған оқытудың жаңа әдістерінің мүмкіндіктері анықталды. Заман ағымына қарай күнделікті сабаққа компьютер арқылы бейне, аудио-мәтін, электрондық оқулықтарды пайдалану айтарлықтай нәтижелер беруде. Әр мұғалім күнделікті сабақта өз ісін зерттеп, заманауи әдіс-тәсілдермен оқушының білім сапасын арттыруы қажет. [8] Бұл істе маған көмекке оқыту мен оқуға енгізіліп жатқан жеті модульге негізделген кембридждік оқыту технологиясы, оқытудың белсенді әдістері көмекке келді. Оқытудың белсенді әдістері-оқу материалын игеру үдерісінде оқушыларды белсенді ойлау және практикалық әрекетке итермелейтін әдістер. Белсенді оқыту әдістерінің ерекшеліктері – олардың негізінде практикалық және ойлау әрекетіне ояту жатыр. Онсыз білімдерді игеруде алға жылжушылық болмайды. Оқытудың белсенді әдістерінің пайда болуы және дамуы оқытудың алдына оқушыларға білім беріп қоймай, танымдық қызығушылықтар мен қабілеттердің, шығармашылық ойлаудың өз бетінше ақыл-ой еңбегінің қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз ету т.б міндеттер қойылуымен байланысты. Оқытудың белсенді әдістері – оқушының іс-әрекеті өнімді, шығармашылық, ізденіс сипат таситын оқыту әдістері, оқушының танымдық іс-әрекетін ынталандырушы және қандай да болсын мәселенің шешу жолдары жөнінде еркін пікір алмасуды көздейтін диалогқа құрылған әдістер.

Мектепті дамыту жоспарына сай «Талқылау құралдарын енгізу арқылы сабақтағы диалогті оқудың сапасын арттыруда тиімді пайдалану» тақырыбында өткен оқу жылында өтілген LS циклына қатысқан болатынымын. 7-сыныпқа «Натурал және бүтін көрсеткішті дәреже» тақырыбында өткізілген сабағымда дыбыстық жазба арқылы математикалық диктант, «Му test», «Джойтека» бағдарламасы арқылы тест тапсырмаларын орындауда оқушылардың жазбаша сауаттылығы дамыды. Ал анықтамалар мен дыбыстық жазбалар арқылы сергіту жаттығуларын жасаттым. Мұндағы мақсатым оқушыларға математикалық тілде дұрыс сөйлеу үлгілерін көрсету арқылы олардың тыңдау, есте сақтау қабілеттерін дамыту болды. Тақырыпқа байланысты «Формулаға анықтама бер» тапсырмасын орындауда ауызша сауаттылығы және логикалық ойлау қабілеті артады. 7-сыныпқа өткізілген тізбектелген сабақтарымнан кейінгі LS талдауларында және өзімнің рефлексивті жазба барысында оқушылардың математикалық тілінің жұтаң екендігін байқадым. Оқушылардың математикалық тілде сөйлеу дағдыларының төмен болуының себебі ретінде төмендегілерді атар едім:

1. Оқулық тілінің оқушы жас ерекшелігіне сай келмеуі;
2. Тапсырмалардың біртектілігі, сыни ойлауға жетелемеуі;
3. Сабақты жоспарлауда мұғалім тарапынан математикалық сөйлеу тілін дамытудың мақсат етілмеуі;
4. Мұғалім тәжірибесінің аздығы, диалогтік оқытуға бағытталған әдіс-тәсілдердің қолданылмауы;
5. Мұғалімнің іс-әрекеттегі зерттеу жасауды меңгермеуі, кәсіби шеберліктің төмендігі. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында математикалық сауаттылықты қалыптастырудың жолдарын және ерекшеліктерін қарастыра келіп, заманға сай озық әдіс-тәсілдерді іс-тәжірибеме енгіздім.

Биылғы оқу жылында да тәлім алушы ретінде іс-әрекеттегі зерттеудің ерекше үлгісі – екі LS үдерісіне қатысып, тізбектелген сабақтар топтамасын өткіздім. Мұндағы оқыту мақсатым оқушының жаңаша ойлауы арқылы олардың сөйлеу дағдыларын дамыту болды. Оқыту мен оқудағы жүйелілік пен үздіксіздікті қамтамасыз ету, іс-әрекеттегі зерттеу нәтижелері бойынша анықталған проблеманы шешу мақсатымен биылғы тізбектелген сабақтарымды 8-сыныпқа жоспарладым. «Жазықтықтағы нүктенің координаталары. Екі нүктенің арақашықтығы» тақырыбындағы сабағымда координаталық жазықтыққа нүктелерді дұрыс белгілеу арқылы пайда болған төртбұрыштың түрін анықтауда, оның диагональдарының ұзындығын есептеуде жазбаша сауаттылығын дамыту үшін «Айналмалы бекеттер» әдісімен жұмыстар жүргіздім. Мұнда оқушылар әр бекеттегі тапсырмаларды орындау барысында диалогқа түсіп, талқылаулар жасады. Дұрыс салынған сызба



оқушылардың есте сақтау, кеңістікте елестету қабілеттерінің дамуына зор әсерін тигізді. Екінші және үшінші сабақтарымда «Лездеме» әдісін пайдаландым. Бұл әдісте оқушы конверттен бір сөзді бір рет алып, оның атын атамай, түсіндірді. Сөзді тапқан бірінші адам конверттен келесіні таңдады және қалғанына түсіндірді. Өтілген 3 сабақ бойынша алған білімдерін саралайды. «Айналмалы бекеттер» әдісі бойынша біріншіден диалогқа түседі, екіншіден жазбаша сауаттылығы, үшіншіден ауызша сөйлеу дағдысы дамиды. Оқушылар тапсырманы орындауда өз топтарынан тек маркерлерін ғана алып, орындарын ауыстырды. Орындарын ауыстыру барысында өзгенің қатесін тез тауып, оны лезде түзетуге тырысып, достық көмекке жүгініп, диалогқа түсіп отырды. Айналып өз орындарына келгенде қай жерден қате жібергенін, яғни формуладан немесе есептеуден екенін ажыратып, бір-біріне дәлелдеуді үйрене бастады. Өз-өздерін бағалауда тапсырманың критерийлері арқылы бағаласа, топтық жұмысты бағалауда «Бағдаршам», «Бас бармақ» әдістерін қолданды. Өзінің зерттеулерінде педагогика ғылымдарының докторы, профессор Қ.Ғ.Қожаевтың айтуы бойынша «математика сабағында математикалық тілді меңгерту оқушының логикалық ойлауымен, математикалық аргументация және геометриялық дәлелдеудің түрімен, ерекшелігімен тығыз байланыста болады». [2]

8-сыныпқа геометриядан «Балалар философиясы» әдісі бойынша тізбектелген сабақтар топтамасында оқушылар тақырыпты өз бетімен оқып, сұрақ құрастырды және үздік сұрақтарды талдады. Сұрақ қою барысында қысқа жауап беруді талап ететін де, сыни тұрғыда ойланып жауап беретін сұрақтар болды. «Шеңбердің теңдеуі» тақырыбын өткенде «Шеңбердің центрі координаталар бас нүктесімен беттесе, оның теңдеуі қандай?», «Диаметр деген не?», «Қисықтың теңдеуінің анықтамасы қандай?» сияқты сұрақтар пайда болды. «Шеңбердің радиусы, центрі дегеніміз не?», «Шеңбердің теңдеуін қай формулаға сүйеніп жазамыз?» деген кейбір күтпеген сұрақ туындады. Мұғалім көшбасшылығымен болған талқылауда математикалық тілде сауатты сөйлеумен қатар, оқыту өз мақсатына жетті. «Балалар философиясы» әдісін тізбектелген сабақтарымда пайдалануда оқушылар тапсырманың критериялды бағалау бетшесіне өз-өздерін бағалап, әбден дағдыланды. Тапсырма әдеттегіден өзгеше түрде берілсе, оқушылар зор ынтымақтастықпен орындайтынын, мысалдарды тек шығарып қана қоймай, қате шығарылған мысалдарды табатындығын, тұжырымдарды талдап, қате пікірлерді тауып дәлелдейтінін байқадым. Ойындар мен қызықты жаттығулар, топтық жұмыстар енгізу сабақ кезіндегі жұмысты жаңадандырып, белсенділігін арттырды. [4]

«Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер» модулінде қарастырылып отырған жаңа тәсілдердің ішінен сабақтарда диалог көптеп қолданылатын амал болып табылады. Диалог әдісі арқылы оқушылардың өз ойын еркін жеткізе білу, сөйлеу мәдениеті және тілдік дағдыларын қалыптастыру мүмкіндігі бар. «Блиц кездесу» әдісін тақырыпты пысықтау мен бекітуде қолдандым. Екі оқушы бір-біріне қарама-қарсы отырып, біреуі жасырын сөз, сурет, формула арқылы сұрақ құрастырса, екіншісі қойылған сұрақ немесе түсіндірме сөздер арқылы жасырын нәрсені табады. Бұл тәсілді қолданудағы мақсатым ауызша сөйлеуге дағдыландыру. Жасырын сөздің не екенін бірден айтпай, математикалық тілде оқылуын және жазылуын жеткізуі керек. «Конверт сұрақ» әдісінде сұрақты қағазға жаздырып, келесі топқа жолдады. Ол жауабын жазып, келесі топқа жалғастырды. Соңында тақырып немесе тарауға тарауға байланысты сұрақтар жиі жауаптарымен толығады. Бұл тапсырманы жылдық қайталау кезінде еске түсіру мақсатында қайта шолуға болады. Нәтижесінде, диалог барысында оқушылар белгілі бір нәтижеге жету үшін пікір алмасу арқылы қызығушылығын арттыра отырып, негізгі білімді пысықтай алды. Әр сабақ сайын тақырыпқа сай көрнекі құралдар, түрлі суреттер, кестелер, тақырыптар бойынша электронды оқулықтарды мақсатты пайдаланып отырса, оқушылардың сөздік қоры біршама толығатынына көзім жетті. [7]

БІ. Алтынсарин: «Балаға айтып түсіндіргеннен гөрі, қолымен ұстап, көзімен көріп, мұрнымен иіскеп түсіндірілген сабақ ұғымды» деген екен.



Айтқандай-ақ, диалог арқылы мәселені талқыға салып, білімді бірлесіп ойлау деңгейін көрсетті. Өзара оқыту үрдісінде нашар оқушы жетіледі деп ойлаймын, өйткені оқушылар өздерінің құрдастарымен диалог жүргізу барысында тәжірибе жинақтап, ой әрекетінің жоғары деңгейіне көтеріледі.[5] 8-сыныпқа геометриядан «Балалар философиясы» әдісі бойынша тізбектелген сабақтар топтамасында оқушылар тақырыпты өз бетімен оқып, сұрақ құрастырады және үздік сұрақтарды талдайды. Бұл әдісті қолдануда оқушылар сауатты сөйлеуге дағдыланады. Сұрақ қою барысында қысқа жауап беруді талап ететін де, сыни тұрғыда ойланып жауап беретін сұрақтар болды. «Шеңбердің теңдеуі» тақырыбын өткенде «Шеңбердің центрі координаталар бас нүктесімен беттесе, оның теңдеуі қандай болады?», «Диаметр деген не?», «Қисықтың теңдеуінің анықтамасы қандай?» сияқты сұрақтар пайда болды. «Шеңбердің радиусы, центрі дегеніміз не?», «Шеңбердің теңдеуін қай формулаға сүйеніп жазамыз?» деген кейбір күтпеген сұрақ туындады. Мұғалім көшбасшылығымен болған талқылауда математикалық тілде сауатты сөйлеумен қатар, оқыту мақсатына да жетті. Бұл әдісті пайдалануда оқушылар өткен тақырыптарды еске түсіруге, оны бүгінмен байланыстыра білуге үйренді. Бір-бірімен математикалық тілде сөйлеуге, анықтамаларды формулаға, ал формула бойынша анықтама айтуға, тақырыпқа байланысты сұрақ құрауға, оны талқылауға және өз ойларын іркілмей айтуға дағдыланды. Бағалау кезінде әділ бағалайтындықтарын және өзгеден сондай қасиетті көргісі келетіндіктерін байқатты. «Көршіңмен ойыңды бөліс!», «3 тұжырым» немесе «жалған және шындық» тапсырмасын орындатуда дұрыс және бұрыс тапсырмаларды анықтама немесе формула арқылы жазып, көршісіне береді. Ол оның қай жерде қатесі барын анықтап, дәлелдеп шығады. Бұл тапсырманы орындауда ауызша және жазбаша сауаттылығы қалыптасты. Оқушыларға сабақ барысында ынталандыру сөздері арқылы немесе формативті бағалау арқылы мотивация беремін.

Оқушылар өткен тақырыптарды оңай еске түсіруге, оны бүгінмен байланыстыра білуге үйренді. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығы оянып, өз бетімен тақырыпқа байланысты тарихи мағлұматтар мен мәліметтерді презентация түрінде дайындап келеді. Бір-бірімен математикалық тілде сөйлеуге, анықтамаларды формулаға, ал формула бойынша анықтама айтуға, тақырыпқа байланысты сұрақ құрауға, оны талқылауға және өз ойларын іркілмей айтуға дағдыланды. «А» оқушы шеңбердің центрін, радиусын табуға байланысты математикалық диктантты өзгелерден тез орындап отырды және есепті, мысалды дәлелдеп көрсетті. LS талдау кезінде А оқушының бойында талантты және дарынды балаларға тән қабілеттер бар екендігі айтылып, пәндік олимпиадаға дайындау тобына қосу керектігі туралы ұсыныс болды. Топпен жұмыс жасаған кезде С оқушы математикалық символдар мен өрнектердің оқылуын түсініп, сөздерден сөйлем құрастыруға дағдыланды. «Бұлақ көрсең, көзін аш» дегендей, әр оқушының жеке қабілетін анықтап, шығармашылығын арттыру ұстаз парызы.

Оқушылардың математикалық тілде сөйлеу дағдыларын дамытуда мақсат етіліп, 7 модульге негізделген оқыту мен оқу әрекеті нәтижесінде:

Оқушының шығармашылық қабілеті оның ойлауы мен практикалық әрекеттері арқылы дамыды;

Өз ойын, пікірін айтуға мүмкіндік берілді, жауаптар тыңдалды; Мұғалім белсенді роль атқарушы емес, жетекші позицияны ұстады;

Тақырыпқа сай сын тұрғысынан қарады;

Сыныптастарының ой – пікірін құрметтеуге, тыңдауға, салыстыра зерттеуге үйренді;

Дарынды және талантты оқушылар үшін қабілетін әрі қарай дамытуға жол ашылды;

Ұжыммен жұмыс жасауға, өзін-өзі реттеуге дағдыланды;

Білгенін өмірінде пайдаға асыруды үйренді.

Пайдаланылған әдебиеттер:



1. Есмұхан М.Е., Болат Амангелді. Математика тілінің геометриялық ұғымдарды қалыптастырудағы рөлі // Валихановские чтения-9: Сборник материалов международной научно-практической конференции. – Кокшетау; 2004. -115б
2. Ладыженская Т.А. О культуре устного ответа. В кн.: Оценка знаний, умений и навыков учащихся по русскому языку. – М., 1978. - 5-б.
3. Қожабаев Қ.Ғ. Подготовка студентов к процессу формирования у учащихся математической языковой культуры и речи. В кн.: Воспитательно-развивающее обучение математике и подготовка к ней будущего учителя. – Алматы, 2009. –209б.
4. Бидосов.Ә. «Математиканы оқыту методикасы» Алматы: Мектеп, 1981. -145-б.
5. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012
6. Жақыпбекова Г.Т. Математика сабағында математикалық сауаттылықты қалыптастыру. Автореферат: Алматы. 2001.
7. Әбдікәрімұлы Б., Әлібекова М. Білім берудегі педагогикалық технологиялар. // Педагогикалық ізденіс– 2002. - №4. – 200-203 б.
8. Әбілқасымова А.Е. және басқалар. Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі. А., Білім, 1998ж. 202 бет
9. Рахымбеков Д. Кенешев Ә. Математикалық ұғымдарды оқыту. Жезқазған. ЖУ. 1997 -61 бет.



АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУДЫҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІ

Ахмедиева Ақтоты Ғалымжанқызы

*Каспий өңірінің көпсалалы жоғары колледжі,
«шетел тілі пәндері» кафедрасының оқытушысы,
педагог-модератор, педагогика ғылымдарының магистрі.*

Білім алушылардың функционалдық оқу сауаттылығын дамытуда мәтінмен жұмыс өте маңызды. Функционалдық оқылым дағдысы дамыған білім алушы «мәтіннен ақпаратты алу-оны түсіну, қысқарту, өңдеу, өзгерту үшін оқылым мен жазылым дағдысын еркін қолдана алады». (А.А.Леонтьев). Оқылым дағдысы қалыптасқан білім алушы оқылымның зерделеу, көріп оқу, танысу секілді түрлерін қолдана біледі. Оқылым мен мәтінді түсіну тәсілдер жүйесінің бірінен екіншісіне, яғни оқылым мен түсіну мақсатына адекватты, аталған мәтіндердің түрлеріне көше алады. Оқу үдерісі барысында оқылым дағдысын дамытуға сай келетін әрекет түрлерін дұрыс таңдау қажет.

Мәтінмен жұмыс жасаудың маңызы зор. Себебі, мәтінмен жұмыс студенттердің ойлау қабілеттерін дамытуға, сөздік қорларын молайтуға, адамгершілік, эстетикалық тәрбие беруге, әдеби және тарихи деректерді түсінуге көмектеседі. Мәтінмен жұмыс істеуде: мәтіннен ақпарат алып, оған тақырып таңдап, мәтіннің жалпы мағынасын беретін тезис құрап, графиканың негізгі бөліктері мен картаның, суреттердің мақсатын түсіндіру, салыстыру және мәтіннің сипаты мен түрін анықтау қажет. Мәтіннен ақпарат табу үшін білім алушы мәтінді оқи отырып, оның негізгі бөліктерін айқындап, ондағы айтайын деген негізгі ойды табады. Сонымен бірге мәтіндегі түрлі ақпаратты салыстырып, қарама-қарсы қойып, тезистер арқылы қорытындылар жасайды. Студенттер оқыған материалдарының мазмұнын дұрыс қабылдап, ондағы негізгі ойды жақсы ұғыну үшін оқу сабақтарында алуан түрлі жұмыстар ұйымдастырылады. Бұл жұмыстар оқылатын материалдың



сипатына, студенттердің жасына, дайындықтарына, білімі мен дағдылану дәрежесіне байланысты іріктеледі.

Мәтін жұмысы-оқылым дағдысын дамытуда үлкен орын алатын оқыту нысаны. Біріншіден, оқыту үдерісінде ұсынылатын материалдар көбінесе мәтіндер және екіншіден, жаттығулар тұтас мәтін түрінде беріледі. Мәтін-студенттердің тіл бірліктерін функционалдық тұрғыдан танып-білуіне, сол арқылы логикалық ойлауы бірізді қалыптасуына мүмкіндік береді. Мәтінмен жұмысты жүйелі жүргізгенде және білім алушының сауатты оқу дағдысын қалыптастыра білгенде ғана нақты нәтижеге қол жеткіземіз.

Бүгінгі күні ағылшын тілі оқулықтарында білім алушының еркін сөйлеуіне, үйретуде, коммуникативтік тәсіл арқылы алған білім өз ортасында қолданылуына дағдыландыруда соңғы әдістемелер қолданылған. Негізінен студенттер күнделікті өмірде қолданылатын, оқыту тәсілдері әртүрлі ағылшын тілін үйренуде. Оқу процесі оңайдан қиынға қарай дамыта оқытуға бағытталған.

Ағылшын тілі пәні оқытушысының мақсаты-оқу процесінде білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға мүмкіндік беретін сабақта іс-әрекетті ұйымдастыру. Функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған тәсілдердің ішіндегі ең тиімдісі-мәтін, дәлірек айтқанда онымен дұрыс ұйымдастырылған жұмыс.

Ағылшын тілінде кез-келген мәтін бойынша жұмыс 3 кезеңнен тұрады:

-Мәтіналды - Pre reading

-Негізгі мәтін - While reading

-Мәтіннен кейінгі - Post reading

Мәтіналды жұмыс кезеңі -сұрақтар қою арқылы мәтінді алдын-ала болжау(make a prediction), негізгі мәтінде кездесетін жаңа сөздермен таныстыру, мағынасын түсіндіру.

Негізгі мәтін кезеңі-мәтіндегі өзекті ақпаратты анықтау мен талдау. Өмірмен байланыстыру немесе өздерінің кәсіби мамандықтарымен байланыстыру.

Мәтіннен кейінгі жұмыс кезеңі-негізгі тақырыптан бөлек, мәтіннің үзінділеріндегі ақпаратты анықтау, талдау. Мәтін ішіндегі бөлінген әрбір абзацтарға тақырып қою, кілт сөздермен салыстыру, мәтіндегі жаңа сөздерді пайдаланып өз көзқарастарын, ойын ауызша білдіру.

Ағылшын тілін үйренудегі басты бағыттардың бірі-оқу дағдысын игеру мен қатар оқығаны туралы талдау жасай білу. Мәтін оқығаннан кейін берілетін жұмыс түрлері

«True or false»

«What do you think ...?»

«Tell the group», «talk to your friends», «pair work», «Tell your partner three things learned from the text».

Мәтінмен жұмыс барысында мынадай әдіс -тәсілдерді қолдануға болады.

-Түйінді сөздер негізінде әңгімелеу;

-Белгілі бір сөздері бар сөйлемдерді табу, жазу және аудару;

-Жұптарды табу:сөз және оның анықтамасына сәйкес;

-Сөздердің антонимдерін немесе синонимдерін табу;

(Find the word in the text that means the opposites, find the word in the text that means the same)

-Сөзді немесе сөз тіркесін аудармай түсіндіру.

(Check the meaning of the words and phrases)

-Белгілі грамматикалық құрылымы бар сөйлемдерді жазу, аудару.

-Белгілі бір грамматикалық құрылымды пайдаланып сөйлемдерді перефразалау;

-Ерекшеленген сөзді немесе сөз тіркесін мәтінде қолданылатын синониммен алмастыру арқылы сөйлемдерді перефразалау;



- Белгілі бір сөздермен мағынасы түсінікті болатындай сөйлем құрастыру;
- Тақырыпты оқып, осы мәтінде кім(не) талқыланатынын айту.

Мәтінмен жұмыс барысында әр түрлі оқылым стратегияларын да қолдану маңызды.

Шолып оқу(review)-мәтін тақырыпшасын, бөлімдер аттын, абзац сандарын шолу.

Болжап оқу (make a prediction)-мәтіннің құрылымдық бөліктерін жекелеп оқып, ары қарай не болатынын, автор ойын болжау.

Зерттеп оқу(Research)-мәтіннің мазмұны мен құрылымдық бөліктерін шолып оқуға қарағанда күрделі оқу түрі. Зерттеп оқу білім алушының назарын шоғырландырып оқуды талап етеді. Оқылым мәтіннің астарлы ойын, автор көзқарасын, мәтіндегі көтерілген мәселені, факті мен көзқарасты зерделеп ажырату зерттеп оқудың ерекшелігі. **Оқылымның ішкі дағдылары(subskills):**

Scimming-мәтіндегі жалпы идеяны түсіну үшін тез оқу.

Scanning-мәтін ішіндегі ақпараттарды тауып алу үшін оқу, яғни тұтас мәтінді оқып, түсіну маңызды болмайды.

Детальді түрде оқу-әрбір сөздің мағынасын түсіну үшін мәтінді сөзбе-сөз оқу. Мысалы, келісімшарттағы талаптарды немесе нұсқауларды түсіну үшін сөзбе-сөз оқу.

Сөз мағынасын контексттен ажырату-мәтін ішіндегі таныс емес сөздің мағынасын болжау үшін, оның айналасындағы сөздер мен сөйлемге назар аудару немесе сөздіктерді қолдану.

Мәтін құрылымын түсіну-мәтін құрылымының ұйымдастырылуын

түсіну. Мысалы: кіріспе бөлім, негізгі бөлімі, қорытынды бөлім.

Олай болса, оқу стратегияларын оқыту мәтінмен өзара әрекеттесу, оқылған және оқылған туралы ой елегінен өткізу қабілетін дамытады; оқырман мәтіннің мазмұнын қалай түсінетінін және онымен қалай жұмыс істеу керектігін талдайтын түсінуге үйрету процедураларын қамтиды. Семантикалық оқу қабілеттерін дамыту аналитикалық, түсіндіру және сыни оқу өнерін меңгеруге көмектеседі.

Қорыта келгенде, мәтін-тілдерді оқыту барысында үлкен орын алатын оқыту нысаны. Біріншіден, тілден білім беретін материал оқыту мәтіндері түрінде болса, екіншіден, жаттығулардың тұтас мәтін түрінде берілуі де мәтінмен орындалатын жұмыстардың сараланып жүйеленуін қажет етеді. Мәтіннің қызметін таныту-білім алушыға тіл бірліктерін функционалдық тұрғыдан танып білуіне, сол арқылы логикалық ойлауы бірізді қалыптасуына мүмкіндік береді.

Осыған байланысты оқытушы мәтінмен жұмысты жүйелі жүргізгенде және студенттің сауатты оқу дағдысын қалыптастыра білгенде ғана нақты нәтижеге қол жеткізе алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С.Б. Жұрынтаева, А.Д. Мусина. Мәтінмен жұмыс жасаудың тиімді тәсілдері. 9(190) қараша, 2019 жыл. https://open-school.kz/glavstr/teory_praktika/teory_praktika_190_2.htm
2. Мамырбекова Г.А. 25 мамыр, 2020 жыл. Оқушылардың функционалдық сауаттылығы - мәтінмен жұмыс: өзін-өзі тану сабақтарында дағдыларды қолдану мүмкіндіктері.
3. Рысжан А. Астана қаласы, 2 желтоқсан, 2021 жыл. <https://adisteme.kz/agylsyn-tili-sabagynda-matinmen-jumys-isteydin-adis-tasilderi.html>
4. By Pete on August 24, 2020 • (9) . 23 Ways to Use a Text in Your ESL Classes. <https://eltplanning.com/2020/08/24/23-ways-to-use-a-text-in-your-esl-classes/>



ГЕЙМИФИКАЦИЯ КАК ЭФФЕКТИВНЫЙ ИНСТРУМЕНТ ПОВЫШЕНИЯ МОТИВАЦИИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА

Ахметова Зару Жексенбаевна

Атырауская область Макатский район п.Макат

средняя школа имени Х.Санбаева

учитель русского языка и литературы

В условиях современного образования молодым педагогам приходится искать эффективные методы мотивации, особенно в начальных классах.

Русский язык, несмотря на его глубину, часто вызывает у детей трудности и вызывает интерес. Современные дети, увлеченные виртуальными мирами и интерактивными играми, требуют новых подходов в образовании. Традиционные методы обучения, зачастую, не вызывают у младших школьников достаточного интереса и мотивации. В этой связи, геймификация, то есть внедрение игровых элементов в учебный процесс, становится все более актуальной.

Почему геймификация эффективна в начальной школе? Дети младшего школьного возраста воспринимают мир через игру и активно реагируют на игровые ситуации.

Что такое геймификация и как она работает?

Геймификация – это процесс использования игровых механик, эстетики и игрового мышления для вовлечения учащихся в обучение и повышения их мотивации. В основе этого метода лежит идея, что обучение может быть не только полезным, но и увлекательным, если его представить в игровой форме.

Какие же преимущества имеет геймификация на уроках русского языка:

- повышение мотивации: игровые элементы, такие как задания, уровни, награды, делают обучение более интересным и увлекательным, стимулируя желание учащихся достигать новых результатов.
- улучшение запоминания: игровые задания помогают лучше усвоить новый материал, так как информация запоминается в контексте игровой ситуации.
- развитие коммуникативных навыков: групповые игры способствуют развитию сотрудничества, умению работать в команде и эффективно общаться.
- формирование творческого мышления: многие игры требуют от учащихся проявления креативности и нестандартного мышления.
- повышение самооценки: успехи в игре повышают уверенность в своих силах и способствуют развитию позитивной самооценки.
- глубокая интеграция игровых механик в учебный процесс.
- сценарное обучение: можно создавать увлекательные истории, в которые погружаются ученики. Например, при изучении темы «Имя существительное» можно придумать историю о путешествии по волшебной стране, где каждое существительное – это житель этой страны.
- прогрессивная система наград: можно ввести систему баллов, уровней, значков или виртуальных валют, которые ученики могут зарабатывать за выполнение заданий. Накопленные баллы можно обменять на различные бонусы, например, выбор соседа по парте, выбор домашнего задания и т.д.
- соревновательный элемент: можно организовать командные или индивидуальные соревнования, например, лингвистические турниры, орфографические диктанты на скорость.
- ролевые игры: можно предложить ученикам примерить на себя различные роли: писателя, редактора, лингвиста. Это поможет им лучше понять изучаемый материал и развить коммуникативные навыки.



- виртуальные миры: использование различных образовательных платформ и приложений, которые позволяют создавать виртуальные миры для обучения; использование цифровых технологий.

Современные технологии открывают широкие возможности для геймификации. Существует множество образовательных платформ и приложений, которые предлагают готовые игровые задания или позволяют создавать свои.

На своих уроках я применяю онлайн платформу Wordwall. Из своего опыта использования данной платформы хочу отметить особенность этой платформы: быстрая смена шаблона. Например, при изучении новой темы, я использую шаблон «Сопоставление», задания в виде игр, таких как «Кроссворд», «Поиск слов».

Wordwall - это универсальный учебный ресурс, который помогает решить одну из главных задач образовательного процесса - повышение мотивации учащихся.

Основной целью использования Wordwall является повышение эффективности обучения:

- повышение мотивации обучения;
- развитие познавательной активности учащихся;
- стимулирование самостоятельности учащихся при подготовке к урокам;
- повышение качества образования;
- совершенствование форм и методов организации учебного процесса.

С помощью этого ресурса можно организовать дифференциацию и индивидуализацию обучения, создавая интерактивные или печатные упражнения с учетом возможностей каждого ребёнка. И все это - в один клик.

Вовлечение учеников в процесс игр помогает им лучше понять изучаемый материал и повышает их мотивацию.

Примеры геймификации на уроках русского языка:

- «Литературное путешествие»: изучение произведения как путешествие по литературной карте. Каждый новый раздел – это новый этап путешествия, а задания – это испытания, которые нужно преодолеть.
- «Языковая лаборатория»: игровая лаборатория, где ученики будут проводить эксперименты с языком, открывая для себя новые правила и закономерности.
- «Битва орфографов»: соревнования по правописанию в формате турнира.
- «Литературное кафе»: кафе, где ученики представляют свои творческие работы в виде меню, а остальные гости будут оценивать их.

При использовании различных игр на уроках русского языка важно учесть аспекты геймификации:

- Баланс между игрой и обучением: необходимо помнить, что игра должна служить средством для достижения образовательных целей.
- Разнообразие: использовать различные игровые приемы, чтобы поддерживать интерес учащихся.
- Позитивная атмосфера: создавайте на уроке дружелюбную и поддерживающую атмосферу.
- Индивидуальный подход: учитывать особенности каждого ученика при выборе игр и заданий.

Эффективно использованная геймификация на уроках русского языка – это мощный инструмент, который может сделать процесс обучения языку не только эффективным, но и увлекательным. При правильном применении она способствует повышению мотивации учащихся, развитию их творческих способностей и формированию устойчивых знаний.





Какие же рекомендации можно дать учителям при использовании этого метода на уроках?

- Постепенное внедрение: надо начинать с небольших игровых элементов и постепенно увеличивать их количество.
- Совместная работа: вовлекать учащихся в процесс игр и выполнения заданий.
- Анализ результатов: оценивать эффективность геймификации и вносить необходимые коррективы.
- Постоянное обучение: следить за новыми разработками в области образовательных технологий и адаптировать их к своим урокам.

Важно помнить, что геймификация – это не самоцель, а средство для достижения образовательных целей. Игры должны быть не просто развлечением, а инструментом для развития языковых компетенций.



ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПӘНІ: ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Бисенов Кайрат Есетович

Атырау қаласы білім бөлімінің №31 мектеп-гимназиясы

Дене шынықтыру пәні мұғалімі

Денсаулық - әрбір адамның ең қымбат қазынасы. Дене шынықтыру пәні осы қымбат қазынаны сақтап, нығайтуға бағытталған. Қазіргі таңда дене шынықтыру пәнінде жаңа инновациялық технологиялар белсенді қолданылуда. Ең алдымен, виртуалды шынайылық технологиясы дене шынықтыру сабақтарында кеңінен қолданылуда. Бұл технология арқылы оқушылар спорттық жаттығуларды виртуалды ортада орындай алады. Бұл оқушылардың қызығушылығын арттырып, жаттығуларды тиімді орындауына ықпал етеді. Сонымен қатар, жасанды зердені қолдану арқылы дене шынықтыру пәнінде жеке бағдарламалар құрастыруға болады. Бұл бағдарламалар оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың дене дамуына бейімделген болады. Қазіргі кезде дене шынықтыру пәні тек физикалық денсаулықты сақтау мен дамыту ғана емес, сонымен қатар психологиялық, әлеуметтік және эмоционалды аспектілерді де қамтитын кешенді білім саласына айналууда. Сондықтан дене шынықтыруды оқыту әдістемесінде жаңалықтар мен инновациялар маңызды рөл атқарады.

Инновациялық әдістер мен технологиялар туралы жалпы түсінік

Инновациялық әдістер мен технологиялар дегенде біз дәстүрлі әдістемелерден тыс жаңа және тиімді білім беру тәсілдерін, заманауи технологиялық құралдарды қолдануды түсінеміз. Бұл әдістер дене шынықтыру пәнінің тиімділігін арттыруға, оқушылардың мотивациясын көтеруге және олардың денсаулығын жақсартуға көмектеседі.

Қазіргі заманғы инновациялық әдістер

1. Фитнес-технологиялар

- **Смарт құрылғылар мен фитнес қосымшалары:** Жаңа технологиялар дене шынықтыру пәнінде көбірек қолданыс табуда. Мысалы, фитнес трекерлер, жүрек соғу жиілігін бақылау құрылғылары, арнайы қосымшалар оқушылардың физикалық көрсеткіштерін мониторинг



жасауға мүмкіндік береді. Бұл құрылғылар жаттығуларды тиімді түрде орындауға және жеке мақсаттарды белгілеуге мүмкіндік береді.

2. Қашықтан оқыту және онлайн тренажерлер

- **Қашықтан оқыту платформалары:** Әлеуметтік қашықтықты сақтауды талап ететін жағдайларда, дене шынықтыру пәнін онлайн форматта оқыту маңызды болды. Қазіргі кезде оқушылар арнайы онлайн платформаларда тренажерлер мен виртуалды жаттығуларды орындауға мүмкіндік алады.

3. Геймификация

- **Геймификация (ойын элементтері):** Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру үшін геймификация әдісі қолданылады. Бұл әдіс жаттығуларды ойын түрінде ұйымдастырып, оқушыларды белсенді әрекет етуге ынталандырады. Мысалы, әртүрлі деңгейлерді өту, ұпай жинау және жүлделер алу арқылы балалардың физикалық белсенділігі артады.

Қазіргі заманғы технологиялар

1. Виртуалды және кеңейтілген шындық (VR/AR)

- **Виртуалды шындық (VR) және кеңейтілген шындық (AR):** Бұл технологиялар дене шынықтыру пәнінде оқушыларды спорттық ойындарға, жаттығуларға немесе физикалық белсенділікке тартуға көмектеседі. Мысалы, оқушылар VR көзілдіріктерін киіп, виртуалды спорттық аренада жарысқа түсе алады, немесе AR арқылы нақты уақытта жаттығу әдістерін көріп, оларды дұрыс орындауды үйрене алады.

2. Денсаулық мониторинг жүйелері

- **Денсаулық мониторингі мен биомедициналық технологиялар:** Спорттық сабақтарда жүрек соғуы, тыныс алу және басқа да физиологиялық параметрлерді бақылау үшін арнайы құралдар қолданылады. Бұл оқушылардың физикалық күйін тиімді бақылауға және қажет жағдайда жаттығуларды түзетуге мүмкіндік береді.

Инновациялық әдістер мен технологиялардың тиімділігі

- **Жеке подход (individually tailored methods):** Заманауи әдістер мен технологиялар оқушыларға жеке бағдарлама құруға мүмкіндік береді, бұл олардың физикалық жағдайына, мақсаттарына және мүдделеріне байланысты өзгертіледі. Бұл оқушылардың нәтижелерін арттыруға, денсаулықты жақсартуға және олардың сабаққа деген қызығушылығын жоғарылатуға септігін тигізеді.
- **Әлеуметтік және психологиялық аспектілер:** Геймификация мен виртуалды шындық сияқты әдістер оқушылардың психоэмоционалды жағдайына оң әсер етеді. Олар өзін-өзі дамытуға, командалық жұмысқа және өз-өзіне сенімді болуға көмектеседі.

Қазіргі заманғы дене шынықтыру пәні тек денсаулықты сақтау мен дамытуға ғана емес, білім беру процесін тиімді ұйымдастыруға да үлкен үлес қосуда. Инновациялық әдістер мен технологиялар физикалық белсенділікті арттыруға, оқушылардың оқу процесіне деген қызығушылығын сақтау мен денсаулығын нығайтуға бағытталған. Қазіргі кезде дене шынықтыру сабақтарын инновациялық әдістермен толықтыру — бұл білім беру жүйесінің қажеттілігі, әрі оның келешекте даму бағыты болып табылады дей отырып, төмендегідей ұсыныстарды ұсынғым келеді.

- Дене шынықтыру пәнінде инновациялық технологияларды пайдалану үрдісі кеңейтілуі қажет, себебі бұл оқушылардың денсаулығын сақтауға, олардың спортқа деген қызығушылығын арттыруға ықпал етеді.
- Жаңа әдістер мен технологиялар білім беру мекемелерінде мұғалімдер тарапынан жүйелі түрде оқытылып, оларды қолдау мен дамыту үшін арнайы курстар ұйымдастырылуы тиіс.\

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Балаева, А. К. (2019). "Дене шынықтыру пәнінде инновациялық технологияларды қолдану". *Қазақстан педагогикасының журналдары*, 3(12), 56-64.



2. Құдайбергенова, А. Б., & Сүлейменова, Г. М. (2022). "Дене шынықтыру сабағында геймификация әдісін қолдану". *Қазақстандағы білім беру жүйесі: жаңа тәсілдер мен технологиялар*, 5(14), 112-120.
3. Алимбаев, С. Т. (2019). "Қазіргі заманғы дене шынықтыру пәнінің педагогикалық аспектілері". *Педагогика және денсаулық сақтау мәселелері*,



ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОЙЛАУ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫСЫН ЖАҚСARTУДАҒЫ «LESSON STUDY» ЗЕРТТЕУ САБАҚТАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Боранбай Мөлдір Бүркітбайқызы

Атырау қаласы, №31 мектеп-гимназиясы

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші

Өскелең жас ұрпақты еліміздің тұтқасы етіп тәрбиелеу – әр ұстаздың, оқытушының, тәрбиешінің, қоғамның міндеті. Осы міндеттерді атқару баршамыздың азаматтық парызымыз деп білемін. Бұл жауапкершілікті сезіне отырып, жаңа заманның салмақты жүгін қайыспай, жұмыла, бірлесе көтерсек жүктің жеңіл болатыны, әр істің нәтижелі болатыны сөзсіз.

Білім бір орында тұрмайды, ол үздіксіз дамып отырады. Әр күн сайын біз жаңа ашылулар, жаңалықтар оқып, көруімізге болады. Сол жаңалықтардың бірі — жаңаша тәсіл «Lesson Study» деп аталады. «Lesson Study – мұғалім тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған, сабақтағы іс-әрекеттегі зерттеудің ерекше үлгісі болып табылатын педагогикалық тәсіл. Ол XIX ғасырдың 70-жылдарында Жапонияда бастау алып, осылайша Батыста қолданылатын «Іс-әрекеттегі зерттеу» тәсілінен 70 жыл бұрын қолданыла бастаған. Lesson Study–ге жоспарлау, оқыту, қадағалау, оқыту мен оқуды талдау, өз қорытындыларын тұжырымдап, құжаттарды бірлесіп жүзеге асыратын мұғалімдер тобы қатысады» [1;5].

Lesson Study тәсілі тиімді, себебі ол мұғалімдерге:

- әдеттегіге қарағанда балалардың білім алғандығының анағұрлым анық, әртүрлі қырларынан және егжей-тегжейлі дәлелін көруге;
- мұғалімнің пікірі бойынша балаларды оқыту барысында не болуға тиіс, ал шындығында жағдай қандай екендігі арасындағы айырмашылықты көруге;
- оқытуды нәтижесінде оқушылардың қажеттіліктерін барынша қанағаттандыратындай етіп қалай жоспарлау керектігін түсінуге;
- Lesson Study-ді басты мақсаты оқушыларға білім алуға көмектесу және топ мүшелерінің кәсіби дамуына ықпал ету болып табылатын мұғалімдердің желілік қоғамдастығы аясында іске асыруға (Dudley, P. 2011a);
- Lesson Study мүмкіндіктерін өзінің педагогикалық тәжірибесінде қолдануға көмектеседі. [2;4].

Мақсаты - «Lesson Study» зерттеу сабақтарында жаңаша әдіс-тәсілдерді қолданудың оқушы үшін тиімділігін және бірлесе отырып жұмыс жасау арқылы топ мүшелерінің кәсіби дамуына ықпал ететін ұтымды тәсіл екенін көрсету.

Мектебімізде 9 «г» сыныбына жүргізілген зерттеу жұмысымды баяндамақпын. Бұл сыныпқа жыл басталғалы сабақ беріп келемін. Сыныптағы мен байқаған проблема - оқушылардың пәнге деген қызығушылығының төмендігі. Сынып мектеп бойынша төмен сапа көрсетіп отырғандықтан, педагогикалық кеңестің шешімімен бақылауға алынды. Пән



мұғалімі ретінде сыныпқа сауалнама жүргіздім. Нәтижесінде биология, география пәндері қиындық туғызатыны және қазақ әдебиеті сабағынан өз ойларын еркін жеткізе алмайтыны анықталды. Сонымен қатар сынып жетекшісі Аққу Мұхтарқызымен бірігіп сыныпқа SWOD талдау жасадық.

Сыныптың проблемасын ескере отырып, зерттеуге барлық сынып оқушылары алынды. II оқу тоқсанында зерттеуді қолға алып, 5 мұғалімнен тұратын зерттеу тобын құрдық. Зерттеу жүргізу үшін «**Нәтижеге бағытталған білім**» атты мектебіміздің проблемалық тақырыбын негізге алдық.

Топ мүшелері ақылдаса келе, «**Тиімді әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын қалай арттырамыз?**» тақырыбында алынды. **Топ алдына төмендегідей міндеттер қойылды:**

1. Зерттеу тобын құрып, бірлесе отырып жоспарлау жұмыстарын жүргізу;
2. №1 «*Lesson Study*» зерттеу сабағын бірлесе отырып жоспарлау, тиімді әдіс-тәсілдерді енгізу;
3. №1 «*Lesson Study*» зерттеу сабағын өткізіп, талқылау;
4. Оқушы үні негізінде енгізілуге тиісті өзгерістерді анықтап алып, №2 «*Lesson Study*» зерттеу сабағын өткізу. Талқылау жұмыстарын жүргізу;
5. №3 «*Lesson Study*» зерттеу сабағын өткізу. Ортақ қорытынды жасау арқылы оқушы үшін тиімділігі мен мұғалімнің кәсіби дамуына тигізер маңызын анықтау.
6. Тізбектелген зерттеу сабағын өткізген соң, рефлексиялық есеп жазу.

Топ мүшелерімен біріге отырып, зерттеу жоспарын құрдық. Сол жоспарда қазақ әдебиеті пәнінен тізбектелген 3 сабақ алынды. LS-тың бірінші циклінде «**I. Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасындағы Құлагердің сипаты мен психологизм**» тақырыбындағы сабақты бірлесе отырып жоспарладық. Жоспарлау кезінде тиімді деп тапқан QR код арқылы топқа бөлу әдісі, қызығушылықты ояту мақсатында «*Галереяда ой шарлау*» әдісі, үй тапсырмасын «*иә, жоқ*» әдісі арқылы тексеру, сабақ мақсатын меңгерту үшін «*Әдебиет лотосы*», «*Креативті матрица*» әдісі, «*Концептуалдық кесте*», «*Балық қаңқасы*», «*Т*» кестесі әдістері [3;20-45], кері байланыс үшін «*Жетістік баспалдағы*» әдістері таңдалды.

Сабақ өз уақытында басталды. Топ мүшелері сабақты зерттеу парағы бойынша бақылап отырды. Атап айтсақ, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Б.Қ.Кемалиева «*Тайм лайм*», қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі М.Б.Мұқатова «*Транскрипт*», ағылшын пәнінің мұғалімі А.М.Бисалиева «*8 фотосурет*», З.С.Шарафеденова «*Картаға түсіру*», Ж.Б.Утешева «*Графикалық бақылау*» әдістерімен бақылау жүргізді.

Сабақ басында оқушылар QR код арқылы топқа бөлінді. Яғни QR кодты ұялы телефонға арнайы бағдарламамен сканерледі. «Сәйгүлік», «Тұлпар», «Жүйрік» деген топтың атаулары жазылған топқа барып отырды. «**Галереяда ой шарлау**» әдісі арқылы суреттер мен тұжырымдарды байланыстырып ой қорыта отырып, сабақтың тақырыбы мен мақсатын болжай алды. Үй тапсырмасы «*ИӘ, ЖОҚ*» әдісі арқылы тексерілді. Бұл әдіс оқушыларға қызықты, әрі шығарма мазмұнын меңгергенін тексеруге ыңғайлы әдіс болғанын айтуға болады.

Сабақты жоспарлағанда мақсатқа жеткізетін және тақырыпты ашатын 3 тапсырма алдық. Шығарманың идеясын тауып, кейіпкерлерге мінездеме мен олардың іс-әрекетіне өзіндік баға беру тапсырмасы кезінде 3 топқа «*Әдебиет лотосы*» әдісі, «*Креативті матрица*» әдісі, «*Концептуалдық кестемен*» жұмыс әдісі ұсынылған болатын. Әр топ өзіне берілген әдісті дескрипторға сәйкес орындап шықты. Әсіресе ұтымды шыққан тұсы - «*Әдебиет лотосы*» әдісінде «*Кейіпкерге ұқсағың келе ме?*», «*Концептуалдық кестеде*» «*Батыраштар бүгінгі күні кездесе ме?*» деген сауалға оқушылардың ұтымды әрі өзіндік пікір білдіруі. Әдістер тиімді болды, оқушылардың қызығушылығын арттыруға әсер етті. Жоспар бойынша бұл тапсырмаға 10 минут уақыт берілді, дегенмен жоспарланған уақыт жеткіліксіз болды. оған оқушылардың білім деңгейі мен жұмыс жасау қарқынының бояу болуы себеп болды.

Ақан сері өміріндегі қат-қабат қайғыны ұғындыру үшін оқушыларға <https://youtu.be/xbJuD4ye1Wo> сілтемесі бойынша видео көрсетіледі Кейіпкер Ақанның



психологизмін анықтауға 3 топқа «Балық қаңқасы» әдісі, «Т» кестесі арқылы, «Екі жақты күнделік» әдістері ұсынылды. Мұнда сәтті әрі тиімді шыққан әдіс «Балық қаңқасы» әдісі болды. Оқушылар қайғының себептеріне «кейіпкердің жарынан айрылуы, тазысы мен құсының өлуі, тұлпарының мерт болуы» деп жазып, одан кейін «мұңайды, кектенді, қайғырды, зарланды т.б.» деп Ақан психологиясын аша білді. Бұрын сабақта көп жауап бермейтін, өз ойын ашық білдірмейтін оқушылар С.Амангелді, А.Сағидолла, Б.Садихұлы, А.Хасан өз пікірін айтып, сабаққа қызығушылық танытқаны байқалды.

Кері байланысқа «Жетістік баспалдағы» алынды. Оқушылар кері байланыс кезінде белсенділік танытып, өз ойларымен бөлісті.

Зерттеу тобының мүшелері сабақ аяқталған соң оқушы үнін тыңдады. Сұхбат кезінде позитивті модератор оқушыларға «Саған сабақта бәрінен де не ұнады? Сен нені үйрендің? Бұрын істей алмағандарыңнан қазір нені істей аласың? Нені жақсырақ істей аласың? Қанишалықты жақсы? Оқытудың қай бөлігі сен үшін барынша тиімді болды? Егер дәл осы сабақ басқа топта өткізілетін болса, нені өзгертер едің? Неліктен бұл бөлігін өзгертер едің?» деген сауалдар қойылды. Нәтижесінде жалпы сабақ барысы оқушыларға ұнағаны байқалды. Оқушылар топтық тапсырма көп болса, тапсырмалар ойын түрінде берілсе деген ойларын жеткізді. Топтық жұмыстың өзіндік тиімділігімен бөлісті.

Топ мүшелерінің талқылауы нәтижесінде сабақта жоспарланған 3-тапсырма уақыттың жетпеуіне байланысты орындалмауы, оқушылар А.Борис, Н.Жұмажан, Д.Ильясованың сабаққа мүлде қатыспауы, сынып деңгейіне 3 тапсырманың көптігі белгілі болды. Келесі сабақ жоспарлағанда тапсырманың мөлшерін азайту, уақытты дұрыс жоспарлау және оқушылардың білім деңгейі мен жұмыс жасау қабілеті ескерілу керектігін білдік.

Сөйтіп, зерттеу тобымызбен №1 сабақты талқылап, екінші LS-ті жоспарладық. Бірінші циклды аяқтадық. Екінші циклда жоспарға сәйкес **"Шұғаның белгісі" хикаятының кейіпкерлер әлемі** тақырыбына өткіздік. Сабақ өз уақытында басталды. Топ мүшелері сабақты зерттеу парағы бойынша бақылап отырды. №1 сабақта тиімді деп тапқан әдістерді алған болатынбыз. **Ой шақыру үшін «Қобдиша»** ішінде бірнеше шығармалардың атауы жатады. Солардың ішінен Б.Майлиннің шығармаларын табу ұсынылды. «Қасқакөл дауы», «Ердің бақыты - әйел», «Құлагер», «Құтты білік», «Ай, Абылай, Абылай», «Махамбеттің Баймағамбетке айтқаны», «Ыстықкөл күнделігі», «Шұғаның белгісі», «Мырқымбай» Үй тапсырмасы «ИӘ, ЖОҚ» әдісі арқылы тексерілді. Шұғаның белгісі» хикаяты Б.Майлиннің шығармасы ма? (Иә), Шұға Айнабайдың қызы ма? (Жоқ) деген мазмұнда сұрақтар қойылды. QR кодты сканерлегенде кейіпкер аттары шығып, сол арқылы оқушылар топқа бөлінді.



Шұға Есімбек Әбдірахман

№1 LS-те тиімді болған «Әдебиет лотосы» әдісі, «Креативті матрица» әдістері қайта алынды. Бұл сабақта Әбдірахман мен Есімбекке мінездеме беріп, қазіргі тандағы әкелермен салыстыруда өзіндік ой айта білді. 2-тапсырмада үш кейіпкерге «Дара диаграмма» әдісі арқылы мінезін, түр-келбетін ерекшелейтін сөздерді жазу тапсырмасы өз тиімділігін көрсетті. Себебі оқушылар аз уақыт ішінде бір сөзбен ғана суреттеп шыға білді. Осы сабаққа топ мүшелермен ақылдаса отырып, жоспарлаған әдісіміз «Алты қалпақ» болды. Бұл әдіс оқушылардың ойлау және сөйлеу дағдысын біршама ілгерілетті деп айтуға болады.

Бұрын сабақта көп жауап бермейтін, өз ойын ашық білдірмейтін оқушылар А.Хасан, Б.Садихұлы, М.Сатжанова, А.Құттыбайұлы өз пікірін айтып, сабаққа қызығушылық танытқаны байқалды. Зерттеу тобының мүшелері сабақ аяқталған соң оқушы үнін тыңдады. Сұхбат кезінде позитивті модератор оқушыларға сұрақтарын қойды. Оқушылар үні ескерілді. Сонымен зерттеу тобының жоспарлаған 2-ші циклі аяқталды.

3-циклда оқушы үні негізінде енгізілуге тиісті өзгерістерді анықтап, *Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» романының идеясы және кейіпкерлер бейнесі* тақырыбындағы сабақты өткіздім.



«Бүгінгі күнді түсініп-түйсіну үшін де, болашақтың дидарын көзге елестету үшін де кешегі кезеңге көз жіберуіміз керек» [4], - деген тұңғыш елбасы Н.НӘ.Назарбаевтың сөзін негізге ала отырып, «Ел-Ана» галереясына саяхат жасалды. Абайдың әжесі - Зере, ақылды келін – Данагүл, Шоқанның әжесі – Айғанымдардың қатарына Ұлпанды қосу үшін сабақ бойында біраз тапсырмалар орындалды. https://youtu.be/AUlidT3Gs_s бейнекөрсетілімді көрсетілді. Оқушы пікірі тыңдалды. Шығарманың идеясын тауып, кейіпкерлерді анықтауда «Әдебиет лотосы» әдісі, «Креативті матрица» әдісі алынды. Бұл әдістер бірінші сабақтан бастап-ақ өз нәтижесін берді деп айтуға болады. Оқушылар мінездеме беруге үйренді, кейіпкер іс-әрекетін бағалай алды және шығармадан дәлелдер келтіруге дағдыланды.

«Төлқұжат» әдісі арқылы конвертте берілген кейіпкерлерге сипаттама беру тапсырылды. 1-конвертте Шынар, 2-конвертте аңшы Мүсіреп, 3-конвертте Артықбай аттары жазулы болды. Әр топтан бір оқушы шығып, таңдап алды. Өздеріне түскен кейіпкердің төлқұжатын толтырып шықты.

3-тапсырмада кейіпкер бейнесін ашудағы жан-жақты ізденіс жұмысы жүргізілді. Топтарға төмендегі тақырыптар ұсынылды:

1-топқа «Ұлпан – трагедиялық кейіпкер»

2-топқа «Ұлпан – ел анасы»

3-топқа «Ұлпан – адал жар, ардақты ана»

Шығармадан дәлел келтіре отырып, тақырыпқа сай өз ойларын білдірген болатын. Жоғарыдағы тақырыптар бойынша өз дәлелдерін ұсынған оқушылар «Ел анасы», «Ақнар» атанған Ұлпанды «Ел-ана» галереясы қатарына қоса білді.

Сабақты қорытындылау мақсатында kahoot платформасынан ойын түріндегі 10 сұрақтық тест тапсырмасын орындады. Оқушылардың роман мазмұнын меңгергені, кейіпкерлер жүйесін білетіні анықталды.

Үш цикл аяқталып, зерттеу тобының мүшелерімен отырыс жасалды. Отырыста барлық циклда кеткен кемшілік пен қол жеткен нәтижелер талданды. Оқушылардың үні ескерілді, рефлексиялық есеп жасалды.

Қорытындылай келе, зерттеу сабақтары төмендегідей нәтиже көрсетті:

1. Оқушылар жауапкершілікті сезінді,
2. Көркем әдебиет оқуға деген құлшынысы артты.
3. Өз ойын ашық білдіруге талпыныс жасалды,
4. Пәнге деген қызығушылығы арта түсті.
5. Топпен жұмыс жасау қабілеті ашылды
6. Топтық және ойын түріндегі тапсырмалардың тиімділігі байқалды.
7. Сабақта қолданған qr код, kahoot платформасы оқушылардың цифрлық сауаттылығын дамыта түсті
8. Бірлесе жоспарлаған «Әдебиет лотосы», «Креативті матрица», «Алты қалпақ» әдістері өз нәтижесін көрсетті
9. Топ мүшелерінің кәсіби дамуына ықпал етті

«Ең басты мәселе еліміздің әр мектебіне ешбір нұсқаға ұқсамайтын өзіндік «Сабақты зерттеу» тәжірибесін құрастыруда болып тұр. Ең маңыздысы – бір үлгіге сәйкес болу емес. Ең маңыздысы – өзімізге тиімді, қолайлы, жақсы нәтиже беретін өзіндік нұсқа дайындау, ешкім жүрмеген сара жол іздеу. Әр мектептің сабақты зерттеуді өзіндік тұрғыдан жүзеге асырғандығы дұрыс» [5, 13], - деген педагогика шеберлік орталығының аға менеджері Асхат Әлімовтің сөзін басшылыққа ала отырып, өз іс-тәжірибемізден бөлістік.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Пит Дадли. Lesson Study: теориясы мен қолдану тәсілдері = Lesson Study: теория и практика применения = Lesson Study: a handbook - Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның Педагогикалық шеберлік орталығы, 2013,-Астана.
2. Пит Дадли. Lesson Study: нұсқаулық.2011



3. Ж.Ізғали «Сабақты тиімді жоспарлаудағы белсенді әдіс-тәмілдер мен идеялар». Атырау, 2018 ж.
4. <https://egemen.kz/article/299559-tauelsizdik-%E2%80%93-bizge-amanat>
5. Асхат Әлімов «Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері» оқу құралы. Алматы – 2013 ж.



ОҚЫТУДЫҢ ЭМОЦИЯЛЫҚ АСПЕКТІСІ АРҚЫЛЫ 1-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ РЕТТЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Мәдениетова Зульфия Аманқосқызы
*Атырау қаласы, №31 мектеп-гимназиясы
бастауыш сынып мұғалімі, педагог-модератор*

Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Балаларға ерекше назар аудару керек. Себебі олардың амандығы – мемлекетіміздің жарқын болашағының сенімді кепілі. Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық – бұл біздің жалпыұлттық міндетіміз», – деп атап өткен болатын. Қазіргі қоғамда «білімді адам», «сауатты адам» деген ұғым қалыптасқан. Сондай тұлғаның қалыптасуында, яғни жеке тұлға болу үдерісінде мектеп пен мұғалім, ата-ананың атқаратын рөлі ерекше. Сол себепті, білім көзі - бастауыштан басталады деген қағидамен ана тілі пәні бойынша 1-сынып оқушыларының білімінде пайда болған проблемаларға тоқталғым келеді. Оқушы біліміндегі проблемалардың пайда болуына әсер еткен бірнеше себептер бар. Атап айтсам, кейбір оқушылардың пандемияға байланысты қашықтықтан білім алуы, оқушының қабылдау, есте сақтау деңгейінің төмендігі, т.б. Ендеше, мен сабақ беретін 1-сынып оқушыларында оқу жылының ІІ тоқсанында әліппе пәні бойынша мынадай проблемаларды байқадым. Олар:

Кейбір оқушылардың:

- Сөзді тұтас, жүргізіп оқуды қолдана алмауы;
- Сауатты жазу дағдысының толық қалыптаспауы;
- Сөйлем құрау, әңгімені баяндаудан киналуы;
- Сабақ процесінде белсенділік танытпауы.

МАҚСАТЫМ:

Өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру арқылы оқушылардың білімдеріндегі проблемаларды шешу.

МІНДЕТТЕРІМ:

- Оқушылардың біліміндегі проблемаларды шешу бағытында жұмыстар жүйесін түрлендіріп өткізу.
- Оқушыларда өзін-өзі реттеу дағдыларының қалыптасу деңгейін тексеріп, нәтижесін жинақтап көрсету.
- Сынып оқушыларының білімдеріндегі проблемаларды шеше отырып, оларда өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастырудың нәтижесінде:
- Оқушылардың оқуға деген құштарлығы, ынтасы оянады. Оқуға белсенді қатысады.
- Өз-өзіне деген сенімділігі артады.
- Қиын мәселелерді шешуде табандылық танытады.



-Өзін-өзі реттей алады.

-Оқушылар жоғары нәтижеге қол жеткізу барысында өз үлесінің маңыздылығын түсінеді.

-Өз оқуына деген жауапкершілікті алады.

Қазіргі білім берудің күрделі міндеттерінің бірі – оқушылардың оқу әрекеттерін тиімді жүзеге асыруы үшін қажет өзін-өзі реттеу дағдысын қалыптастыру [1].

Оқыту процесінде аффективті/эмоциялық, әлеуметтік, танымдық аспектілер арқылы оқушылардың өзін-өзі реттеу дағдылары қалыптасады (1-кесте):

Аффективті/эмоциялық	-Оқушылар қиын мәселелерді шешуде табандылық танытады. -Өзін-өзі реттей алады. -Оқуға деген құштарлығы, ынтасы бар. -Оқуға белсенді қатысады.	-Оқушылар өзінің құзіреттілігіне, әлеуетіне және дамуына деген сенімі өте жоғары. -Өз-өзіне деген сенімділік. -Өзінің әлеуетін шынайы бағалай алады. -Оқушылар жоғары нәтижеге қол жеткізу барысында өз үлесінің маңыздылығын түсінеді. -Өз оқуына деген жауапкершілікті алады.
-----------------------------	--	---

Менің сыныбым оқытудың осы эмоциялық аспектісі арқылы өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыруды қажет ететіндіктен мен осы бағытты таңдадым және ол үшін тиімді әдістерді іріктеп, оларды қолайлы оқу ортасын жасай отырып өткізіп, оқушылардың өзін-өзі реттеу дағдысының қалыптасу деңгейін бақылап жүрдім.

1 «Д» сыныбымда барлығы 25 оқушы бар. Оқушылардың әліппе пәні бойынша білімдеріндегі проблемаларды сабақ процесінде байқап, 1-сыныпта білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүргізілмейтіндіктен мен оларды А,В,С деңгейіне бөле отырып, төмендегі кестеге орналастырдым (2-кесте):

Оқушы біліміндегі проблемалар	А оқушылар саны	В оқушылар саны	С оқушылар саны
Сөзді тұтас, жүргізіп жылдам оқу деңгейі	5	7	13
Сауатты жазу деңгейі	3	8	14
Сөйлем құрап, әңгімені баяндау деңгейі	6	10	9
Сабаққа белсенді қатысу деңгейі	7	11	7

Әліппе пәні бойынша оқушы біліміндегі проблемаларды анықтай отырып, мен сол пән бойынша оқушылардың өзін-өзі реттеу дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтадым.

Сыныпта өзін-өзі реттеу дағдысы:

А деңгейде қалыптасқан оқушылар саны оқушылар-4.



В деңгейдегі оқушылар-9.

С-деңгейдегі оқушылар-12.

Өзін-өзі реттеу дағдыларының қалыптасу деңгейі - **52%**

Оқушыларымның білімінде пайда болған проблемаларды шешу үшін әртүрлі әдіс-тәсілдерді кезеңімен түрлендіріп өткізіп келемін. **Әліппе кезеңінде** оқушыларыма төмендегідей әдістерді өз тәжірибемде қолданып келемін.

«Екі қолмен сурет салу». Бұл тапсырмада екі қол, екі ми бірге жұмыс жасайды. Көптеген адамдар өмір бойы бір қолын пайдаланады. Ал екі қолмен қатар жұмыс жасаса, мидың продуктивтілігі артады. Оң қолды, сол қолды да бірдей әрі оңай пайдалануға үйретеді. Екі қолмен бірге қаламмен суреттің үстін бастырады. Сол кезде оқушының екі миының арасында байланыстар жасалып, ол оқу жылдамдығын арттыруға, есте сақтау қабілетін дамытуға көмектеседі, көздің көру аймағын дамытады.



Бұл тапсырманың шартын алғаш рет сынып оқушыларына түсіндіргенімде, олар таң қалып, бір жағынан үлкен қызығушылық та танытқан болатын. «Қалай екі қолмен бастырамыз?» деп таңданысын айта бастады. Жұмысты орындау кезінде оңқай оқушылардың сол қолдары, солақай оқушылардың оң қолдары дірілдеп, үзік сызықтан шығып кеткен тұстары да болды. Дегенмен бәрі де толықтай тапсырманы орындап аяқтады. Тіпті келесіде тағы да орындайық деп ұсыныс айтты. Бұл тапсырма оқушылардың оқу жылдамдығын арттыруға, есте сақтау қабілетін дамытуға көмектесетіндіктен үнемі орындатып жүрмін. Осы тапсырманы әр берген сайын оқушыларыма «қазір осы тапсырманы жақсы орындасак, жәй оқитын оқушылар жылдам оқып кетеді екен, ал бұрыннан жылдам оқитын оқушылар одан да жылдам оқиды екен» деп айтып қызықтыра түсемін.

«Шульте» кестесі. Мәтінді тез оқуға машықтану үшін Шульте кестесінің арнайы жаттығуларын жасауды ұсынамын. Шульте кестесі арқылы көздің көру шекарасын жылдам кеңейтуге болады [1]. Қолдану оңай, нәтижесі де тез көрінеді. Кестенің 1 сынып оқушыларына ыңғайлы 3x3, 5x5 түрін таңдадым. Шульте кестесін қолдану шарты: көзді кестенің дәл ортасына бағыттаймыз. 1-кестеде ол 2 саны, 2-кестеде 21 саны. Көз бен кестенің арасындағы қашықтық шамамен 30-40см. Көзді центрден айырмаған күйі 1-ден 9-ға дейінгі, 1-ден 25-ке дейінгі сандарды өсу ретімен табу керек. Ескерту: көзді жоғары-төмен, оң мен солға жылжытуға болмайды. Сандарды барынша тез табуға тырысу қажет. Егер көзді жылжытпай, сандарды табу мүмкін болмаса, онда көзіңізді тек жоғары, сосын төмен жылжытып көруге болады. Шульте кестесімен жұмыс жасағаннан кейін бірден кітап оқыған жақсы нәтижесін беруде.

3	7	5
8	2	9
4	6	1



11	4	13	5	20
17	8	12	2	22
1	14	21	16	9
18	3	7	19	24
10	23	15	6	25



«Ақылды қадам» ойыны. «Ақылды қадам» ойынын сөйлем құрауда қолдандым. Оқушы әр ізді басу арқылы сөзді оқып, тез сөйлем құрайды. Бұл ойын арқылы оқушы шапшаң оқып, сөйлемді тез құрауға үйренеді. Сыныбымда сөйлем құрауға келгенде киналып, ұзақ ойланып қалатын оқушыларым бар еді. Сол оқушыларым бұл ойынға шыққанда белсенділік танытып, басқа балалардан қалмау үшін ұзақ ойланбай сөйлемді тезірек құрауға дағдыланып келеді.



Сонымен қатар оқулықта өлеңдерді жаттау, жаңылтпаштарды жатқа айту, жазу секілді жаттығулары жиі кездеседі. Оқушыларды жаңылтпаштарды таймермен шапшаңдыққа айтып жаттығумен кешенді түрде жұмыстанып жүрмін. Бұл оң нәтижесін көрсетіп, оқушылар жаңылтпашты тез, жаңылмай жаттауға тырысып жүр.

Оқушыларға өлеңді тез жаттатудың тағы бір қызықты әдісін жиі пайдаланып жүрмін. Жаттау керек 4 жол өлеңді тақтаға жазып қоямын. Өлеңді жеңіл, күрделілігіне қарай бірнеше рет қайталап, келесі қайталарда бір сөзден кетіріп айтқызамын. Келесі қайталарда да бір-бір




сөзден кетіріп, кетірілген орындағы сөзді оқушылар есте сақтап айтады. Сосын түгел 1 жолын кетіріп, содан соң тұтас өлең кетірілген уақытта оқушылар түгел өлеңді сол жазылған ізі бойынша жатқа айтып шығады. Сол аралықта оқушылар қызыға отырып, өлеңді тез жаттап алады.

Оқушының алған білімдерін жазбаша сауатты көрсете білуде жазба жұмысының, яғни диктанттың алатын орны ерекше. Диктант оқушылардың сауаттылығын арттырып, сөздік қорларын байытады. Диктантты жаздырту арқылы оқушының білімді қандай деңгейде игергендігін тексеруге болады [3].

Диктант жазу үстінде кейде оқушылар ілесіп жаза алмайды. Қайталап сұрай береді. Уақытты алады. Мен осыдан шығу жолдарын қарастырдым. Жиі-жиі шағын диктанттар алып отырдым. Өтілген әріптерге байланысты әріптік, сөздік, сөйлемнен тұратын диктанттар ала бастадым.

Диктант жазуда білім алушылардан мынадай кедергілерге тап болдым: «Апай, бас әріппен бастаймыз ба?», «Қандай тыныс белгісін қоямыз?», «Сөздерді қосып жазамыз ба? Әлде бөлек пе?». Осы кедергілерді жою үшін сызба арқылы диктант жаздырудың пайдасы зор болды. Тақтаға жазылатын диктанттың тақырыбын жазғаннан кейін оқушылар жазатын диктанттың мынадай сызбасын сызып қоямын [4].



Сызбада бас әріппен басталатын сөйлем, тыныс белгілері, әр сөйлем неше сөзден тұратынын айқын көрініп тұрады. Оқушылар сызбаға қарап отырып, сөйлемдегі сөздерді түгендеп отырады.

Сабақта **«Жүгіру диктантын»** өткізу өте пайдалы болды. Бұл сөздік диктант кезінде және сөздерге қатемен жұмыс жасап, талдаған уақытта өте пайдалы. Мұғалім бір сөзді дауыстап айтады, сол сөздің әр әрпін оқушылар бірінен кейін бірі тақтаға жүгіріп келіп жазып шығады. Бастапқыда сөздердің әр әрпін жаздыртсам, кейін тұтас сөздің жазғызатын болдым. Бұл диктантты жазуда сөздердің дұрыс жазылуын есте сақтасын деп тақтаға В, С деңгейлі оқушыларымды шығардым. С деңгейлі оқушылар қате жіберген кездер болды. Сол кезде А деңгейлі оқушыларым қолдау көрсетіп көмектесіп, ауызша айтты. Оқушылар үлкен қызығушылықпен орындап, келесіде осы сөздерді жазуда қате жібермегендерін байқадым. Бұл диктант түрі оқушыларды сауаттылықпен қатар байқампаздыққа да үйретуде [5].

Кейіннен **«Есте сақтау»** диктантын ала бастадым. Онда мен сөйлемді не сөзді бір-ақ рет оқимын. Дереву оқи сала «жазындар» деймін. Ондағы мақсатым – оқушыларды сақтыққа, естігенде есте сақтауға, айтқанды ұғып тыңдауға және жылдамдыққа баулу. Оқушылар «бұндай диктантты бұрын жазып көргеміз жоқ» деп қызыға жазады. Тіпті, жаза алмай бара жатса, есіне сақтап қалған бір оқушыға қайталаптырамын. Қабылдауы төмен оқушылар не жазарын білмей отырып қалады. Бірақ «Естерінде бір сөз қалса да жазындар» деймін. Әрине, сөйлем болмай шығады. Бірақ бірте-бірте үйрене бастады.

Осы жазу жұмыстарын бағалауда мен оқушылардың дәптерлеріне **«Үлгілі жазу»** деген белгі қоя бастадым. Сол оқушыларға үлгілі жазудан жалықпауға мотивация бере отырып, қалған оқушыларға үлгі етіп айта бердім. Сол кезде жазу каллиграфиясы орташа деңгейдегі оқушыларымның тырмысып, жазу каллиграфиясын түзей бастағандығын байқай бастадым.

Оқушылардың сабақ процесінде белсенділігін арттыру мақсатында **«Ғимарат»** ойынының рөлі зор. Әр топқа әр оқушыға жететіндей бір қолданылатын ыдыстардың ішіне әр оқушыға жеке тапсырма берілді. Ыдыстағы тапсырманы орындап болған оқушылар



ыдыстарын бірінен кейін бірі төңкеріп қоя отырып, солардан ғимарат тұрғызды. Тапсырманы орындап, ғимаратты тез тұрғызған топ жеңіске жеткен болатын.



Оқушылар біліміндегі проблемаларды шешуде қолданған **білім беру саласындағы жаңаша әдіс-тәсілдер, жаңа технологиялар сыныбымның қалыптасуына әсер етті.** Төмендегі кестеден оқушылар білімдеріндегі проблемалардың шешіле бастағанын С деңгейлі кейбір оқушыларымыздың В деңгейіне, В деңгейлі кейбір оқушыларымыздың А деңгейіне көтерілгендігінен байқап, ол білім сапасының артуына әсер етіп отырғандығын көруге болады. Оқушылардың 4-оқу тоқсанындағы өзін-өзі реттеу дағдыларының қалыптасу деңгейі өсе түсті. Сыныпта өзін-өзі реттеу дағдысы:

А деңгейде қалыптасқан оқушылар саны оқушылар-5.

В деңгейдегі оқушылар-11.

С-деңгейдегі оқушылар-9.

Өзін-өзі реттеу дағдыларының қалыптасу деңгейі- **64% (+12%)**

Ана тілі пәні бойынша оқытудың эмоциялық аспектісі арқылы оқушылардың өзін-өзі реттеу дағдыларының қалыптасу деңгейі І жартыжылдықпен салыстырғанда +12%-ға өскендігін байқауға болады.

Сынып оқушыларының білімдеріндегі проблемаларды шеше отырып, оларда өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастырудың нәтижесінде:

-Сынып оқушыларының түрді тапсырмаларды орындау арқылы білімдеріндегі проблемалар азая бастағанда олардың оқуға деген құштарлығы, ынтасы оянып келеді.

-Оқуға белсенді қатысатын оқушылар саны артып келеді.

-Өз-өзіне сенімсіз оқушылардың жеке, жұптық тапсырмалар орындау барысында өзіне деген сенімділігі артып келеді.

-Оқушылар қиын мәселелерді шешуде табандылық танытып келеді.

-Өзін-өзі реттей алатын оқушылар саны көбейіп келеді.

-Оқушылар жоғары нәтижеге қол жеткізу барысында өз үлесінің маңыздылығын түсініп келеді.

-Сабақта өз оқуына деген жауапкершілікті алып, берілген тапсырманы барынша дұрыс орындауға тырысып келеді.

Мұғалімнің кәсіби дамуы - білім беру жүйесін жаңартудың негізі. Білім берудің ұлы мақсаты – тек білім беру ғана емес, сонымен қатар әрекет. **Мен мұғалімдік қызметімде қазіргі заман мұғаліміне сай болу үшін үнемі әрекет етіп, ізденіс, даму үстіндемін. Қазір өмір сүріп отырған заманға сай білімді ұрпақ тәрбиелеп шығару міндетім.** Қасиетті білім ордасы мектепке - білсем, көрсем, білімді болып өссем деп үлкен арманмен келіп отырған кішкентай балаларымызды оқытып, тәрбиелеуге ұстаздық ықыласпен қарау – парызым деп білемін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен сілтемелер:

1. Бастауыш сыныпта оқыту әдістемесі, 2013 жыл, №5

2. <https://www.youtube.com/watch?v=6NZuPLZFvB8&t=83s>

(«Ғаламат»онлайн мектебі, М.Сапарбекова «Жылдам оқуға дайындық» жұмыс дәптері)

3. <https://infourok.ru/sauat-ashu-sabainda-zhildam-oua-yretu-tsilderi-1613303.html>

4. <http://www.myshared.ru/slide/1431315/>

5. <https://www.instagram.com/p/CcsyaWYA-tt/>



ЖАҢА ФОРМАТТАҒЫ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША ОҚЫТУДАҒЫ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Ажхатова Бибигул Абатовна

*№6 М.Мөңкеұлы атындағы жалпы білім беретін мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі*

Қазіргі білім беру мазмұнын жаңарту білім берудің үрдістерін және қазақстандық білім берудің үздік практикасын кіріктіруге бағытталған. Білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде қазақстандық педагог-практиктердің және ғалымдардың ұсыныстары ескеріліп жасалды.

Барлық пәндерді оқу кезінде оқушылар АКТ қолдану дағдыларын дамытады. Ақпаратты іздеу және өңдеу барысында ұжымда идеялармен алмасады, өз жұмыстарын бағалайды және жетілдіреді, түрлі жабдықтар пен қосымшалардың кең ауқымын пайдаланады. АКТ оқушы білімінің, оларды тиімді қолдану бойынша дағдыларының дамуына жәрдемдеседі.

Білім берудегі оқу бағдарламаларында оқу мақсаттарының жүйесі түрінде берілген күтілетін нәтижелер тұжырымдалған. Күнделікті білім беру үдерісі оқу мақсаттарына жетуге және оқушыларда алынған білім мен дағдыларды кез келген оқу және өмір жағдайында шығармашылық пайдалануға дайындығында. Мен өзімнің іс тәжірибемде «Сын тұрғысынан ойлау технологиясын» пайдалана отырып, бағалаудың қалыптастырушы түрін кеңінен қолданамын. «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасының стратегияларын ұтымды пайдалану оқушылардың шығармашылық қасиетін анықтауда, күшейтуде, оқытудың тиімділігін, сапасын арттыруда ерекше маңызды. Бұл бағдарламаның мақсаты - барлық жастағы, соның ішінде бастауыш сынып оқушыларының кез келген мазмұн түсінікке сыни тұрғыдан қарап, ең керекті пікір, ұйғарым тандауға, шешім қабылдауға, өзін-өзі бағалауға, бірін-бірі бағалауға үйрету. Оқушылардың білім деңгейін көтеруге, шығармашылыққа баулуға, ойларын еркін айтуға жетелеу. Сын тұрғысынан ойлау сынау емес, шындалған, бірін - бірі толықтырған ойлау. Ең бастысы жекелей, топта, сыныпта оқушылардың білім деңгейін көтеруге ретімен сұрыптап қолданған стратегиялардың қай - қайсысы болсын сабақтың сапасын арттыруда үлесі зор деп ойлаймын[1].

Қазақстанда білімнің стратегиялық міндеттері ұлттық білім беру жүйесіндегі жетістіктерді сақтай отырып, оны әлемдік білім беру үрдісінің ең озық үлгілеріне сәйкестендіруге негізделеді.

Оқыту әдіс-тәсілдері:

Құндылықты-бағдарланған тәсіл-оқушының құндылықтар жүйесін қалыптастырушы оқу-тәрбиелік үдерістің сәйкесінше формалары арқылы тұлғаның өзін-өзі танытуы үшін алғышарттар құруды көздейді.

Орта білім беру құндылықтары: қазақстандық отансүйгіштік және азаматтық жауапкершілік; құрмет; ынтымақтастық; еңбек және шығармашылық; ашықтық; өмір бойы білім алу.

Тұлғалық-бағдарланған тәсіл - педагогтің назарын оқушы тұлғасының тұтастығына, оның тек ақылойы, азаматтық жауапкершілік сезімінің ғана емес, сондай-ақ эмоционалдық, эстетикалық, шығармашылық нышандары мен даму мүмкіндіктерімен қоса рухани дамуы туралы қамқорлыққа шоғырландыруды көздейді.

Жүйелік-әрекетті тәсіл - оқу-тәрбие үдерісінде оқушының өз бетінше білім алуына бағытталып, осы мақсатта мұғалімнің тиімді іс-әрекеттің түрлі формаларын қолдануын көздейді.

Коммуникативтік тәсіл-бірінші кезекте оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамытуға, қарастырып отырған мәтін, қатысып отырған әңгіме мазмұнын түсініп, туындаған жағдаятқа сәйкес тілді қолданып үйренуге бағытталған.



Интегративтік тәсіл-оқу үдерісін жобалау және өткізу кезінде әр түрлі оқу пәндерінің мазмұнын өзара кіріктіру есебінен оқушыда әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға жәрдемдеседі.

Бастауыш білім беру мазмұнына ортақ тақырыптарды енгізу әр түрлі пәндік салалардан білімдерді кіріктіруге және сол арқылы алынатын білімдердің функционалдығына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Зерттеу тәсілі - зерттеушілік әрекет дағдыларын дамытуға, ғылыми таным әдістерімен танысуға жәрдемдеседі, оқушыларда танымдық қызығушылық қалыптастырады.

Интербелсенді әдіс

Интербелсенді әдіс- үйретуші мен үйренушілердің өзара әрекеттесуін оқытудың негізі деп танитын және сондай қатынасқа жағдай жасайтын әдістер. (ішіег - аралық, бірнеше, асііоп-әрекет дегенді білдіреді) Өзара әрекеттестік әдетте, белгілі бір мәселені шешу, ол шешімнің тиімділігі Біз оқытуды және білім беруді, егер сабақ барысында мұғалім мен оқушы арасында өзара әрекеттестіктің жоғары деңгейіне қол жеткізсе, «интерактивті» деп атаймыз. Интерактивті сөзі - ағылшын тілінен аударғанда туралы әңгімелесу, талқылау түрінде өтеді[2].

Ең бастысы, мұнда мәселені шешу процесі жауапқа қарағанда маңызды екендігін түсіну қажет. Бұл интерактивті әдістің мақсаты- тек ақпаратты беру ғана емес, оқушыларға жауаптарды өз бетінше табу дағдысын меңгерту екендігімен байланысты.

Интерактивті негізде оқу мақсаты - білу емес, үйрене білу

- өзіне деген сенімге тәрбиелейді
 - шешендік өнерін жетілдіреді
 - танымның мәнін түсінуге көмектеседі (яғни, кейде абсолютті шындық болмайтынын)
 - сыни ойлау дағдыларын дамытады
 - өз пікіріне деген құқығын түйсінуі артады
- Интербелсенді оқыту- әрекетпен және әрекет арқылы оқыту, бұл ұстаным үлкен нәтижелерге жеткізетін тиімді жүйе деп есептелінеді, себебі адам санасында бірінші кезекте өзінің әрекеттері мен өз қолымен жасаған істер қалады. Кезінде көне қытай ғұламасы Конфуций (Күн-цзы) былай деген екен : «Маған айтып берсең - ұмытып қаламын, көрсетсең - есте сақтармын, ал өзіме жасатсаң - үйренемін!» деген пікірі дәлел бола алады. Сондықтан интербелсенді оқыту оқушылардың оқу үдерісіндегі белсенді әрекеттерін үйренудің негізгі құралдары ән тәсілдері ретінде танылады.

Интербелсенді әдісте оқушылар төмендегідей білім, білік, дағды, машықтарға үйренеді:

- терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту;
- өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;
- ақпаратты өздігімен түсініп, жан-жақты талдап, таңдап алу;
- өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру;
- пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеу;
- шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу;
- Сол себепті интербелсенді оқытуда оқушылар келесі әрекеттерді атқаруға дайын болу керек:
- бірлескен жұмыс;
- танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік тұрғыдан белсенділік таныту.

Интербелсенді әдістемесінің жұмыс түрлері мен әрекеттері:

- бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, ұжымдық),
- рөлдік және іскерлік ойындар, пікірталастар,
- ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет,кұжаттар, мұражай т.б.)
- презентациялар,
- тренингтер,
- интервью,
- сауалнама т.б. Интерактивті әдістерді қолдануда кейбір ережелерді есте сақтау қажет:
- Бірінші ереже.Жұмысқабалалар толығымен қатысуыкерек.
- Екінші ереже.Балаларды психологиялық тұрғыдандайындау, сабақ барысында сергіту сәті, балаларды белсенділігі үшін марапаттау, баланың өзін — өзі көрсетуіне жол беру.



- Үшінші ереже. Кабинет талапқа сай болуы қажет .
- Төртінші ереже. Жұмыс орнына назар аудару қажет. Оқу орны ыңғайлы және жайлы болуы қажет. Бала өз пікірін, көзқарасын білдіріп, дәлелдеп беруге мүмкіндік жасалуы қажет.
- Бесінші ереже. Оқу барысында процедураға және регламентке назар аудару қажет. Мысалы, белгіленген уақыттан асып кетпеу, бөгде кісінің пікірін сыйлау, сөзді бөлмеу, оның ар-ожданын сыйлау.
- Алтыншы ереже. Оқушыларды проблема шешу барысында топқа бөлуге мұқият қарау . Интерактивтік әдістеме өзара қарым - қатынастың мол ауқымын қамтиды. Дегенмен, әдістемелік амал қандай болса да, оқушылардың өздерінің өмірлік тәжірибелерін білім берудің негізгі көзі саналады. Оқу процесінің барысында мынадай қарым - қатынасқа түседі:
- Мұғаліммен (оқушылар мұғалімнің сұрағына жауап берген кезде);
- Өзге балалармен (қосақталып жұмыс істеу барысында)
- Шағын топтармен (3-5 баламен);
- Балалардың үлкен тобымен (көбіне пікірталас, сынып болып әлдебір мәселені талқылау барысында);
- Балалардың тобымен және халықпен (топ әлеуметтік сауалнама жүргізеді);
- Кейбір техника түрлерімен (мысалға , компьютермен) [3];

Оқыту мен оқудың бұл тәсілі оқытудың сындарлы тәсілімен тығыз байланысты, себебі оқушылар бірлесіп жұмыс істей отырып, пәндердің аралығындағы мәселелерді талқылайды, зерттейді. Оған дәлел: Ми неғұрлым белсенді жұмыс істеген сайын, оқу үдерісі соғұрлым қарқынды жүзеге асады деген Хәтти (2014)

Оқушылар тек тыңдаумен айналыспай, білім алуда белсенді әрекет етуі керек екенін көрсетеді. Белсенді оқу аясында көңілді білім алады. Жаңарту және критериалды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан мұғалімдер өз шеберлігін көрсетеді. Мұғалімдер әр сабақ соңында оқушыдан күтілетін нәтижелерін анықтайды, яғни бүгінгі тақырыпқа деген жаңаша түсінік пайда болды ма, немесе жоспар іске асты ма деген сияқты, т.б.

Интербелсенді әдістер қолданылған сабақтарда сыныпты екі немесе үш, төрт ұялы топтарға бөліп, барлығына бірдей бір тапсырма не әр ұялы топқа бөлек-бөлек тапсырма беруге болады.

Оқыту тәжірибесі барысы пікірталасқа негізделген және оқыту үдерісінде қолданылатын дидактикалық ойындар сияқты интербелсенді әдістерді пайдалану тиімді екенін көрсетеді. Соның ішінде дидактикалық ойындар оқушылардың білім алуға деген ынтасын, белсенділігін арттырып, алған білімдерін тәжірибеде дұрыс қолдануына көмектеседі. Ойын барысында оқушылардың бойында жағдаятты (ситуацияны) бағдарлау, яғни жағдайға талдау жасай білу, жағдаят (ситуация) кезінде өзінің атқаратын рөлін сезіну, әңгімеге қатысушы әріптестері арасында байланыс орнату, қарым-қатынас жасауда тілдік ұғымдарды дұрыс пайдалана білу сияқты қабілеттері жетілетіндігі байқалады.

Қорыта келе, мен мақаламды ақын Міржақып Дулатовтың «Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт - оқуда. Теңдікке жетсек те, жұрттығымызды сақтасақ та, дүниедегі сыбағалы орнымызды алсақ та, бір ғана оқудың арқасында аламыз. Жақсылыққа бастайтын жарқын жұлдыз - оқу. Надан жұрттың күні - қараң, келешегі — тұман» деген сөздерімен аяқтағым келіп отыр. ХХІ ғасыр - ғылым ғасыры. Мақсатты білім беру - тұлға дамуын жүзеге асыратын мәселе. Ал осы жалпыеуропалық стандартқа сай жаңа білім беру — жеке тұлғаның жан-жақты дамуына әкелетін бірден-бір жол[4]!

Әдебиеттер:

1. Г.Қараманова «Сын тұрғысынан ойлау әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып, оқушыларды шығармашылық деңгейін дамыту» Қазақ тілі мен әдебиеті журналы №4.2015 ж
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. (II деңгей)
3. «Әдіскер мұғалім» журналы № 3-4. 2018ж.



4. И.Қазымбек «Жаңашылдық, жаңа әдіс - оң нәтиже» Қазақ тілі мен әдебиеті журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУ ПРОЦЕСІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІН АРТТЫРУ

Идрисова шынар хубайдуллақызы

Жапақ Қаражігітов атындағы №16 мектеп – лицей

Қазақ тілі пәнінің мұғалімі

Оқушылардың танымдық қызметі олардың интеллектуалдық, эмоционалдық және еріктік дамуын ескереді. Оқу процесінің тәрбиелік мәні – оқыту барысында оқушылардың білім, білік және дағдыларды меңгеруі мен оларда әлемге, бір біріне, игерілетін оқу материалына эмоционалды-құндылықты қатынас қалыптасуы арқасында табиғи байланыс орнайтындығында.

Қазақ тілі сабағында оқытудың жаңа әдістерін пайдалану арқылы мұғалім оқушының белсенділігін, шығармашылық ізденісін арттырады, пәнге деген қызығушылығын оятады.

Тіл – қарым-қатынас құралы, сондықтан мұғалімдердің міндеті - балаларды алдымен сыныптастармен сөйлесу, ересектермен, алдымен сөз, қысқа сөз тіркестері, сөйлемдер деңгейінде ауызша қарым-қатынас жасауға үйрету. Сыныпта қазақ тілі сабағында бағдарлама бойынша, оқу жоспары аясында халықтық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды оқиды. Қазақ тілі сабақтарында үнемі оқу процесінің тәрбиелік мәнін арттыруға үлкен мән беріледі. Сабақта мәнерлеп оқу сайысы, тақырыптық байқаулар және ашық сабақтар мен сабақтан тыс іс-шаралар өткізіледі.

Әрбір сабақтың мазмұнына сай әдістер мен тәсілдерді дұрыс таңдап, саралап, даралап оқыту, басқа ұлт балаларын қазақ тілін өз еркімен, ынтасымен қызыға оқуға, қадірлеуге, бағалауға, жақсы меңгеруге, ауызекі дұрыс сөйлеуге үйрету және пәннің тәрбиелік маңызы мен мәніне баса назар ауларылады.

Қазақ тілі арқылы жеткен бабалар аманатына адал болып, ана тілінің қадір-қасиетін танып білу, мәртебесін көтеру, өз ұлтын, өз дәстүрін сыйлауды қасиетті борышым деп есептегенде ғана тіліміз тамырын тереңге жайылады.

Оқушы тұлғасына шоғырланған білім берудің мәні неде?

1. Оқушы тұлғасына шоғырланған білім беру – адамның қалыптасуы, тұлғаның өз мәдениетінің субъектісі болуына көмектесу, шығармашылық өмірге үйрету.
2. Оқушы тұлғасына шоғырланған білім беру сырттан келетін тәрбиелеу емес, адам бойынан адамдықты табу, оны қолдау және дамыту негізінде өзін-өзі реттеу, тәрбиелеу
3. Оқушы тұлғасына шоғырланған білім беру – адамның дене және рухани денсаулығы, адамгершілігі, бостандығы. Ол – білім алушыны түсіну, ынтымақтастық қарым-қатынастың, салауатты өмір мен парасаттылықты қалыптастыру.
4. Оқушы тұлғасына шоғырланған білім беру тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталады. Сондықтан білім мазмұны оқушыға өзін тұлға ретінде дамыту үшін, өз өмірінің субъектісі болу үшін жағдай туғызуға негізделеді.

Пәнді оқыту процесінде тәрбие қызметін іске асыруда мұғалім ең алдымен сабаққа тәрбие міндеттерін қоюы тиіс. Мұғалімдердің көпшілігіне осы кезең қиындық тудырады. Нақты нені және қалай тәрбиелеу керек?

Жеке оқушының және тұтас алғанда сыныптың тәрбие деңгейінің диагностикасы қажет, ол тәрбиенің проблемалы тұстарын бірден байқауға және тәрбие мақсаттарын мақсатты түрде құрылымдауға мүмкіндік береді. Сабақта сонымен бірге тұлға қасиеттерін балалармен талқылау міндетті. Ол баланың процестен шеттетілмегенін, мұғалімнің білім алушыға тәрбиеде көмектескісі келетінін және ең бастысы бұл өзіне қажет екенін түсінуі үшін қажет. Бұл жағдайда білім алушы өз қылықтары мен іс-әрекеттерін ойлана талдайды және мұғалімге сабақтың тәрбиелік міндеттерін түзетуге жеңіл болады.



Осыған сәйкес оқыту мазмұны құндылықтық, танымдық, әрекеттік- шығармашылық және тұлғалық

қызметтерді қамтиды:

- құндылықтық қызмет: тұлға үшін мәнді бағдар жүйесін, өзіндік даму траекториясын таңдау;
- танымдық қызмет: тұлғаның рухани дамуының негізі ретінде ұлттық мәдениет, дәстүр, жан-жақты ғылыми білімдерін игеру;
- әрекеттік-шығармашылық қызмет: тұлғаның оқу, еңбек ету, ғылыми, көркемдік және басқа да әрекет түрлерінде өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруы, шығармашылық қабілетін қалыптастыру және дамытуы;
- тұлғалық қызмет: өзіндік санаға бағытталған рефлексиялық қабілетті дамыту арқылы өзінің өмірлік мұратын дұрыс қалыптастыруды қамтамасыз етуі.

Сабақты талқылауда «оқушы – мұғалім» «оқушы – оқушы» сұхбаты принципінде құрылады. Нәтижесінде бірнеше педагогикалық міндеттер шешіледі:

біріншіден, оқушылар шығармашылық ойын, батыл пайымын, сөз мәдениетін тәрбиелеуге мүмкіндік беретін сабақтың міндеттерін өздері ұсынады;

екіншіден, олардың алдында сабақ үстінде шешуге тура келетін, сыни ойын, жігерлілік қасиеттерін тәрбиелеуге мүмкіндік беретін проблемалар туындайды;

үшіншіден, оқушылар өзектендіру қажет етілетін сұрақтар шеңберін (бұл кезеңде ақыл-ойға тәрбиелеу, өз күшіне сенуге тәрбиелеу жүреді) өздігімен белгілейді;

төртіншіден, дауыстап пікір білдірудің осы бірнеше минуты оқушылардың қызметіне қозғау салады және жұмыс күйіне келтіреді, сол арқылы мотивациялық-сұраныс аясын дамытады.

Кез-келген сабақтың үлкен тәрбиелік әлеуеті бар, сондықтан да шебер мұғалімге балаға зиян келтірмеу жауапкершілігі жүктеледі. Әдістемелік дұрыс құрылған сабақ өзінің әрбір сәтімен тәрбиелейді, материалды өзекті, қажет және қызықты етеді.

Педагогикалық процесс деп көздеген мақсатқа қол жеткізуге бағытталған және жағдайдың алдын ала көзделген өзгерісіне, тәрбиеленушілердің қасиеттері мен сапаларын түрлендіруге жеткізетін тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің дамытушы өзара іс-әрекеті аталатыны белгілі.

Тұтастық пен ортақтық негізінде оқыту, тәрбиелеу және дамыту бірлігін қамтамасыз ету педагогикалық процестің басты мәнін құрайды.

Педагогтар, тәрбиеленушілер, білім алушылар тәрбие жағдайлары – педагогикалық процесс жүретін жүйенің компоненттері болып табылады.

Процестің мақсатты компоненті педагогикалық қызметтің мақсаттары мен міндеттерінің алуан түрлілігінен: басты мақсаты – тұлғаның жан-жақты, және үйлесімді дамуынан бастап – жекелеген қасиеттерден, немесе олардың элементтерін қалыптастырудың нақты міндеттерінен тұрады.

Кез-келген педагогикалық жүйенің құрамына енетін компоненттер: педагог, оқушылар, білім мазмұны, педагогикалық процесті ұйымдастыру формасы, педагогикалық процестің әдістері (оқыту әдістері және тәрбие әдістері), педагогикалық процестің құралдары, мақсаты және нәтижесі. Өзара бір-бірімен байланысты оқыту және тәрбиелеу – ең ірі құрамдас, педагогикалық процестің процессуалды компоненттері болып саналады. Ана тілдің нығаюы мен дамуы жастар, біздің қолымызда. Олай болса өзімізден бастап, өзге тілді дәрәптемей, қазақ тілін жетілдірейік! Тәрбие, оқыту және дамыту білім берудің тең құрамдастары болып саналады. Оқыту мен тәрбиенің ұйымдастыру түрлері мен әдістері өзіндік ерекшеліктері болғандықтан, тәрбие мәнін, оның мағынасын, мақсаты мен міндеттерін біздің елдегі қазіргі әлеуметтік-экономикалық түрленуі контекстінде сезінуін түсіндіру үшін осы педагогикалық категорияны жеке қарастыру қажет. Тәрбие құндылықтары, оның деңгейі, өлшемдері баянды құндылықтар болып табылатынын баса айту қажет.



ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ STEM-ТЕХНОЛОГИЯ – БОЛАШАҚҚА БАҒДАР

Кындыбаева Жанна Раушанбековна

Қызылорда қаласы

*Қызылорда медициналық жоғары колледжінің тарих
пәнінің оқытушысы*

Ғылыми-техникалық прогресс - бұл ғылым мен техниканың үдемелі дамуы, оның нәтижесі техниканы, технологияларды және өндірісті ұйымдастыруды дәйекті жаңғырту, олардың тиімділігін арттыру болып табылады. Техника мен технологиядағы инновациялардың әсерінен қоғам мен индустрияны қайта құру өндірістік революция деп аталады [1].

Дамып келе жатқан ғылыми-техникалық прогреске, сондай-ақ бәсекелестікке («үнемі бір қадам алда болу» қағидаты бойынша жұмыс істейтін) сәйкес үлкен көлемдегі ақпаратты (білімді) лезде алуға, беруге және өңдеуге мүмкіндік беретін цифрлық технологиялардың экспоненциалды дамуы арқасында өнеркәсіптік революциялар ұрпақтарының ауысуы да жеделдетілуде.

Мінсіз STEM - білім беру - бұл білім алушылардың командалық және жобалық жұмысын, прогрессивті оқытушының көмегін, заманауи технологиялық жабдықтарды, бірнеше ғылымдар мен оқу пәндерін біріктіруді, шығармашылық пен шығармашылықты қамтитын кешенді тәсіл. STEM оқыту алты кезеңнен тұрады: сұрақ (тапсырма), талқылау, дизайн, құрылым, тестілеу және дамыту. Бұл кезеңдер жүйелі жобалық тәсілдің негізі болып табылады. Өз кезегінде, әртүрлі мүмкіндіктердің қатар өмір сүруі немесе бірлескен қолданылуы шығармашылық пен инновацияның негізі болып табылады.

Сонымен, ғылым мен технологияны бір уақытта зерттеу және қолдану көптеген жаңа инновациялық жобаларды жасай алады. Білім берудегі заманауи инновациялық процесстер сияқты STEM-білім беру, цифрлы заманда ғылыми әдістемелік негізде пайдалануға болатын оқыту платформасы болып саналады. Қазіргі заманғы тез өзгертін әлем адамзатқа барлық жаңа міндеттерді қояды, оларды шешу заман талабы.

Әлемдік экономиканың серпінінің басты қозғаушы күштері өмірдің барлық салаларын жаппай цифрландыру, жалпыға ортақ жаһандану, дамыған елдер экономикасының қатаң бәсекелестігі және ғылыми-техникалық прогресс болып табылады. 47 STEM-білім беру орта мектептің барлық оқыту кезеңдерінде қолдануға болатындығын көрсетіп отыр. Сонымен қатар жоғары сыныптарында «профильді оқытуды ұйымдастыруды қамтиды. STEM-тәсілдегі бейіндік оқыту пәндік оқытудан өмірдің түрлі салаларынан (өндіріс, қызмет көрсету саласы медицина және т.б.) нақты қолданбалы міндеттерді шешуге бағытталған жобалық оқытуға өтуімен ерекшеленеді. Жобаны зерттеу әдісі кеңінен қолданылады, жобаны жеке немесе командалық түрде жүзеге асыру және қорғау жолдары қарастырылады. Оқыту нысаны - желілік өзара іс – қимыл: мектеп – қосымша білім беру – ТЖКБ – ЖОО-өндіріс. Өндіріс базасында өндірістік міндеттерді шешу кезінде дуальді оқыту әдістері іске асырылуға байланысты іс шараларды қарастырады. Осындай бейінді оқыту арқылы мектепте тиімді кәсіптік бағдар беру жұмыстары жүзеге асырылады.

2001 жылы басталған STEM-тәсіл негізінде білім беру жүйесін трансформациялау бойынша АҚШ тәжірибесін зерделеп, экономикасы дамыған кейбір елдер осы трендті өздерінің білім беру саласына енгізе бастады [2, 3].

Индустрия 4.0, «ақылды экономика» білім беру жүйесіне мүлдем жаңа міндеттер қояды. Қоғамның 4.0 әлеуметтік сұранысы білім беру парадигмасының «Индустрия 4.0 өнеркәсіптік парадигмасына сәйкестігі» болып табылады. Шетелдік сарапшылардың пікірінше, қоғамның 4.0 мамандары негізгі білім беру құзыреттіліктерін меңгеруі және жоғары ғылыми, цифрлық және инженерлік-технологиялық дайындықпен ерекшеленуі тиіс [5].



STEM-технология негізінде орта білім беру мазмұнын қайта құрылымдау мәселелері педагогикалық әдістемелік зерттеулерде қарастырылады. С.Пейперттің ЛОГО ортасын білім алушының өзіндік танымдық іс-әрекетінің құралы, инженерлік-технологиялық ойлауды қалыптастыру контекстінде Алгоритмдеу және бағдарламалау негіздерін үйренудің тиімді құралы ретінде пайдалану жөніндегі жұмысы біздің зерттеуіміздің жоспарында ерекше қызығушылық тудырады. Алайда, келтірілген және басқа да зерттеулерді талдау қазіргі уақытта: 1) STEM-тәсіл тұжырымдамасын қолдана отырып, білім беру жүйесін трансформациялаудың психологиялық-педагогикалық негіздері; 2) STEM-талаптар негізінде оқыту теориясы мен білім беру мазмұнының теориясын жаңғырту; 3) дидактикалық мәні және ғылыми негізделген жұмыстары толық қаралатын жұмыстардың жоқ екенін көрсетеді.

Қазіргі заманғы практикаға бағытталған ғылыми-педагогикалық зерттеулер тұлғалық-әрекеттік және құзыреттілік тәсілдемелерінің тұжырым-дамалық идеяларына сүйенетіні белгілі. Бірақ та орта білім беру мазмұнына қатысты еңбектерді талдау STEM бұрын жарияланған және енгізілген (жүйесіз) әдіснамалық парадигмалардан айырмашылығы неде? Қазақстанның білім беру жүйесін жаңғыртуда осы саладағы орта білім беру жүйесін басты буын деп санауға болады соңғы жылдары жеке тұлғаны, ой мәдениеті мен дербестікті дамытуға бағдарланған оқытуға біртіндеп көшуді қамтамасыз етуге көмектесетін жаңа бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыруды талап ететін мазмұн жаңартылуда. Қазіргі заманғы білім беру инженерлік-технологиялық дамудың жоғары деңгейін қалыптастыруға бағытталған жаңа тәсілдерді талап етеді, бұл қазіргі заманғы еңбек нарығының талаптарын ескерге байланысты өзекті [6, 7].

Әлемнің өзгеру қарқыны артып келеді. Бүгінгі білім алушыларға алда: әлі жоқ мамандықтар бойынша жұмыс істеу, әлі жасалмаған технологияларды пайдалану, біз болжай алатын мәселелерді шешу. Біздің балаларымыз ертең табысты болуы үшін мектептегі білім озық даму мақсаттарына сәйкес келуі тиіс.

Индустрия 4.0 сұранысына сүйене отырып, қазіргі уақытта халықаралық сарапшылар экономика салалары бойынша неғұрлым сұранысқа ие мамандықтарды анықтады. «Жаңа кәсіптер атласы» құрылды, онда цифрландырудың, ғылыми-техникалық процестің, креативті технологияның қарқынды дамуына байланысты жаңа кәсіптердің пайда болуы және кейбір қазіргі кәсіптердің жоғалуы негізделген [10]. Демек, таяу уақытта практикаға енгізілетін орта білім берудің 12 жылдық моделі (түлегі 20-25 жылдан кейін «ақылды» экономиканың маманы 48 болуы тиіс) бәсекеге қабілетті адами капиталдың базалық негізін құруға бағытталған қоғамның 4.0 және Индустрия 4.0 сұраныстарына бағдарлануы тиіс.

Білім беру мазмұнының қазіргі теорияларының ішінде И.Я. Лернердің 4 компоненттік мазмұн теориясы қызмет тәсілінің сұранысына сәйкес келеді. Алайда, оқу жоспарларын, бағдарламалар мен оқулықтарды жасаушылар, өкінішке орай, осы теорияның ғылыми негізделген идеяларын әлі де пайдаланбайды. Білім беру мазмұнының қарастырылып отырған теориясы оқыту принциптерін жаңғыртуды және оқу материалының мазмұнын таңдауды, оларды дамытушылық оқыту талаптары контекстінде нақтылауды, жалпы әрекеттік тәсілді болжайды. Ж.А. Караевтың пікірінше, қазіргі білім беру мазмұны Б.Блум мақсаттарының таксономиясының барлық спектрін және Л. С. Выготскийдің даму аймағын, мотивтің иерархиясының барлық спектрін, немқұрайдылықтан танымдық қажеттілікке дейін, білім алушыдан шығармашылыққа дейін меңгеру деңгейлерін қамтуы керек, білім алушының танымдық іс-әрекеттің репродуктивтіліктен өнімділігіне дейін көтерілуіне ықпал етуі керек.

Сонымен қатар, Б.Блумның мақсаттарының классикалық таксономиясы (шәкірттері дұрыс атап өткендей) қалаған нысанды «кұрумен» немесе жаңасын (нәтижесін) «ашумен» аяқталуы керек. Сонымен қатар, «жасау» мүлдем жаңа өнімнің «өнертабысы» бола алады, ал «жаңаның ашылуы» субъективті ғана емес, сонымен қатар объективті, яғни ғылыми жаңалық болуы мүмкін. Дидактикалық матрица (үш өлшемді әдістемелік оқыту жүйесі бар, практикада іске асырылатын педагогикалық жүйенің жобасы) осындай мазмұн негізінде білім алушының



репродуктивтіден шығармашылық-шығармашылыққа дейінгі іс-әрекетінің толық кеңістігін білдіретін дамытушылық оқытуды ұйымдастыруды болжайды [11].

STEM-білім берудің жоғарыда келтірілген анықтамасы мен мәнінен STEM-білім беру іс-әрекеттің және құзыреттілік тәсілдердің тұжырымдамалық идеяларын тиімді жүзеге асыруға ықпал ететінін көруге болады. Құзыреттілік тәсіл мен STEM формациясының мәні бойынша бұл екі тәсіл тұжырымдамалық жағынан бір-бірімен байланысты және бір-бірімен байланысты.

STEM тәсіл білім беру жүйесінің инженерлік-технологиялық тренді талаптарының контекстінде, яғни осы саланы дамытудың жаңа парадигмасының инновациялық құрамдас бөлігі тұрғысынан тұлғалық-әрекеттік және құзыреттілік тәсілдемелердің интеграцияланған форматын кеңейту және модификациялау болып табылады. Жеке-әрекеттік және құзыреттілік тәсілдемелердің инновациялық әлеуетін біріктіретін және кеңейтетін STEM тәсілге негізделген білім берудің жаңа әдіснамасы мектептегі білім берудің мазмұндық-әдістемелік негіздерін трансформациялауды көздейді.

Зерттеу материалдарын саралауда мазмұнды іріктеудің классикалық принциптерімен қатар (білім алушылардың инженерлік құзыреттілігін қалыптас-тырудың жоғарыда көрсетілген принциптеріне толықтырулар) білім беру мазмұнының теориясына оларды іріктеудің келесі принциптерін енгізу қажет екенін көрсетті : - білім беру мазмұнын таңдау кезінде (оқытуды ұйымдастыру) акт дидактикалық мүмкіндіктерін есепке алуды және оларды қолданудың педагогикалық мақсаттарын негіздеп айқындауды көздейтін білім беруді цифрландыру қағидаты; - мазмұнның білім алушының «өзекті» және «жақын» даму аймақтарын қамти отырып, оқыту мақсаттары таксономиясының барлық деңгейлерінің талаптарына сәйкестігі қағидаты. Білім берудің қазіргі мазмұны Б.Блумның «білімнен» бастап «күруға» дейінгі оқыту мақсаттары иерархиясының барлық ауқымын, «білім алушылықтан» «шығармашылыққа» дейінгі меңгеру деңгейлерін, «репродуктивтіден» «өнімділікке» дейінгі танымдық қызмет иерархиясын, Л.С. Выготский бойынша Даму аймақтарының барлық спектрін қамтуға тиіс. - практикалық маңыздылық аспектілерін және оқу материалының өмірімен байланысын күшейтуді, оқу пәндерінің қолданбалы мазмұнын қалыптастыруды болжайтын практикалық және қолданбалы бағыт, білім мазмұнының ойынсауық қағидаты; - білім беру мазмұнының субъективтілік принципі, ол білім алушының белсенді өнімді қызметін және оқу процесінде мұғалім мен білім алушылардың субъективті қатынасын білдіреді; 49 - білім беру мазмұнының STEM-білім беру (соның ішінде инженерлік-технологиялық білім беру), бейінді оқыту, көпфункционалды зертханалардағы, шеберханалардағы және Maker space аймақтарындағы жобалау жұмыстарының талаптарына сәйкестік қағидаты; - жобалау және оқу-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру үшін қолданбалы практикалық маңызы бар пәндердің біріктірілген мазмұнын таңдау қағидаты, робототехникалық жүйелердің дидактикалық мүмкіндіктерін есепке алу; - мазмұнның инклюзивті білім беру талаптарына сәйкестігі принципі [12].

Осылайша, білім беру мазмұны теориясының тұлғалық-қызметтік және құзыреттілік тәсілдемелеріне (оның ішінде STEM тәсілдеріне) трансформация сы орта білім беру мазмұнын қазіргі қоғамның сұраныстарына және оқыту сапасын халықаралық салыстырмалы зерттеу талаптарына сәйкес келтіреді.

Озық әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, 12 жылдық мектептің ІСБ инновациялық әлеуетінің негізгі құраушысы және қозғаушы күші 4К оқыту моделі және STEM білімі болып табылады деп айтуға болады.

Зерттеу нысаны маңызды болып табылады STEAM-білім беру тұжырымдамасын талдау, соның ішінде және тарихи тұрғыдан. «STEM-білім беру» термині салыстырмалы ғылымда пайда болды, бірақ жақында АҚШ-та 1990 жылдары пайда болды. Білім алушыларды бес пәндік саланы біріктіру негізінде оқыту идеясына негізделген (S - Science - ғылым, T - Technology - технология, E - Engineering - инженерия, A - Art- өнер, M - Math - математика)



және оларды қоршаған әлемнің нақты проблемаларына негізделген тұтас оқыту парадигмасына айналдыру.

Бүгінгі таңда STEM-білім беру тұжырымдамасы кең көптеген білім беру бағдарламаларында қолданылады елдер, STEM орталықтары құрылуда, халықаралық конференциялар өткізілуде, желілік қауымдастықтар құрылуда осы бағытта жұмыс істейтін педагогтарды және т.б.

Бүгінгі таңда мұғалімдер STEAM-білім беру аббревиатурасын көбірек қолданады, бұл оқыту процесінде артықшылықтарыбарын атап өттуде. Алайда, «STEAM-білім» ұғымын анықтауға бірыңғай көзқарас жоқ. Мақала авторлары «STEAM-білім» ұғымын нақтылауды және идеялар сияқты ұғымға Тарихи ретроспективті талдау жүргізуді мақсат етті STEAMбілім беру тұжырымдама- сының негізінде жатқан интегративті оқыту жаңа емес, ол туралы Дж. Якман (G. Yakman) [1], STEAM-білім беру идеяларының пайда болуы мен дамуына серпін берген алғашқы ғалымдардың бірі Р. Декарт, ғылым әдіснамасы бойынша еңбекте барлық ғылымдар «Ақыл-ойды басқаруға арналған ережелер» деп жазды». Олар бір-бірімен байланысты, болғандықтан бәрін бір-бірінен ажыратқаннан гөрі бірден зерттеңіз.

Сонымен, егер біреу шындықты зерттегісі келсе ол жеке заттарды таңдамауы керек.

Ғылым: салаларының барлығы ішінара және бір-бірімен тығыз байланысты

Тәуелді. Ғылымдарға қатысты ойлар Бәрінен де әділі – дұрыс ойлау. Егер адамдар арасындағы пікірлер сан қилы болса, ол кейбіреулердің ақиқатты тануға өресінің жетужетпеуінде емес, адамдардың өз ақыл-ойын жақсы басқарып, ал қайсыбірінің оны дұрыс пайдаланбауында. Декарт өзі мәнін аша алған әдіс туралы айтайын дегенін кеңінен ашып түсіндіреді [12].

Педагогика бойынша іргелі жұмыстардың авторы Я. А. Коменский бірнеше рет өз еңбектерінде әртүрлі пәндер, жекелеген білім салалары арасындағы диалог екенін атап өттеді.әлемді тану әдістері-тұтастықтың кілті - дүниетану. Ғылымдарды белсенді саралау, олардың өз пәнін іздеу, нақты зерттеу әдістері XVII ғасырда басталды.

Қазақстандық білім беру саласында соңғы жылдарға дейін мектептерде жаратылыстану математикалық және қоғамдық гуманитарлық бағытта бейіндік оқыту басым болды. Инженерлік технологиялық бағыт жеке пәндерде қарастырылды. Инновациялық технологияларды қолдану оқу процесін сапалы түрлендіруге, жаңашыл жобаларды енгізуге, оны тиімді басқаруға негізекендігі ескеріліп, STEM білім берудің өзіндік даму жолын табуға, әрбір мұғалімге өзінің әдістемелік жүйесін құруға жол ашылды.

Сондықтан қазіргі кезеңде оқытудың инновациялық технологияларын оқу орындарының практикасына белсенді түрде ендіру – қоғам талабы. STEM-технология негізінде орта білім беру мазмұнын қайта құрылымдау маңыздылығы артуда. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту мұғалімдердің басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Ол ұлттық құндылықтар негізінде еліміздің ресурстық әлеуетін, экономикаық әлеуметтік салалардағы жетістіктерін көрсетуге бағытталмақ.

Библиографиялық тізім:

1. Алексанков А. М. Четвертая промышленная революция и модернизация образования: международный опыт / А. М. Алексанков // Стратегические приоритеты. - 2017. -№ 2.
2. Бейсембаев Г., Караев Ж., Актуальные проблемы трансформации системы среднего образования на основе STEM-похода. Білім-Образование, - №3, - 2021, стр. 33-61.
3. Ефимов В.С., Лаптева А.В., Университет 4.0: Философско-методологический анализ //Университетское управление: практика и анализ, 2017. №1, с.16-28
4. Методические рекомендации по внедрению STEAM-технологий в образовательную практику; //nsportal.ru, муниципальный клуб «Учитель года» Саратовской области, 2019.



5. Қараев Ж. «Үш өлшемді әдістемелік жүйе» технологиясы. Источник: <https://www.tarbie.kz/25574>



МЕКТЕПТІҢ ГЕОМЕТРИЯ ОҚЫТУДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУЫН ДАМУЫ

Қарипова Іңкәр Еділқызы

*Жалпы білім беретін №5 F.Мүсірепов атындағы орта
мектебінің математика пәні мұғалімі, жаратылыстану
ғылымдарының магистрі, педагог-сарапшы*

Геометрия пәні – геометриялық фигуралар жайлы ғылым, ол фигуралардың қасиеттерін, жазықтықтағы және кеңістіктегі салу есептерін қарастырады. Геометриялық фигуралар заттар немесе сызбалар арқылы модельденіп, абстрактілі түрде зерттеледі.

Белгілі ғалым Д.Рахымбек өз еңбегінде геометриялық фигуралардың модельденуі және геометриялық ұғымдардың мәнді белгілері жайлы былай дейді: «Мектеп геометриясынан «Мысалы, өткір ұшталған қарындаштың ұшы нүктені, дәптер беті - тіктөртбұрышты, дәптердегі сызықтар - параллель түзулерді модельдейді. Ғылыми нәрселер мен құбылыстардың мәнді (елеулі) белгілері мен олардың байланыстары туралы ұғымдардан құралады. Ұғым ақиқат нәрсенің жалпы және мәнді белгілерін бейнелейді. Ұғымның мәнді белгілері деп біртекті нәрселерді басқа нәрселерден айыруға әрқайсысы қажетті және бәрін бірге алғанда жеткілікті белгілердің жиынтығын айтады. Мәнді белгілер нәрсені сипаттайды және оны танып білуге мүмкіндік береді. Геометриялық ұғымдардың мысалдары: фигура, түзу, параллель түзу, үшбұрыш, квадрат, шеңбер, дөңгелек т.с.с. Геометриялық ұғымдарға олардың мәнді белгілері аталып, ең жақын тегі арқылы анықтама беру жиі кездеседі» [1].

Сабақ сапасы мен оқушы білімділігін арттыру – әр мұғалімнің басты міндеті.

Қазіргі таңда қоғамды дамыту үшін мектептің алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі – оқушылардың шығармашылық қабілетін барынша ашып, толыққанды қоғам құруға өзінің бар мүмкіндігін жұмсайтын шығармашылық қабілетті жеке тұлға қалыптастыру. Сондықтан математиканы оқытуда оқушыларға оқу материалын есте сақтау ғана емес, осы материалды шығармашылықпен қолдану шеберлігін қалыптастыруға жете назар аударуға тиіспіз. Өйткені, математика басқа пәндерді саналы және сапалы меңгерудің, басқа ғылым салаларының терең дамыуының локомативы іспеттес. Математикадан хабары бар оқушы міндетті түрде жақсы оқитын оқушылар қатарында болады. Математиканы оқытудың әрбір кезеңінде оқушылардың программалық материалдарды оқып үйренгенімен, қабылдауымен қатар терең де берік білімдеріне, іскерліктеріне және дағдыларына, сонымен бірге математиканы оқытудағы қызығушылығын дамытуға да байланысты болады. Сынып оқушылары бірдей емес. Олардың ішінде математиканы сүйіп оқитын, оған ынтасы зорлар да бар. Оларды жеңіл, бірыңғай жаттығулар орындау жалқытырады. Сондықтан белгілі бір ережені меңгеретін жаттығуларды орындағанда ондай жеке оқушыларға күрделірек жаттығулар ұсынылуы, міндетті емес, логикалық ойлау қабілетін дамытатын тапсырмалар берілуі қажет. Қазіргі кезеңдегі мектеп математикасында әлі шешімдері табылмаған проблемалар аз емес. Оқу еңбегінің негізгі қаруы - ой. Логикалық жеке пікір мен өзіндік талдау біртұтас процес. Бұл талаптар ой мен іс-әрекетінің негізгі өзегі болып келеді. Ол үшін әр адам өз орнында еңбек өнімділігін арттырып қана қоймай, оның сапасын қалай өсіру керектігін ойластырып отырғаны жөн. Қоғамның



ойсанасының өсуі, жаңа сапалық деңгейге шарықтау кезеңі, еліміздің егемендік алып, өркениетті елдердің қатарына қосылуы - жаңа заманның жастарынан өзіндік таланты мен табиғи қабілетін жетілдіріп қана қоймай, олардың жаңашыл болуын, ізденістерін ұштап отыруын талап етеді. Бұл орайда қазіргі кезде математика, логика және геометрия пәндері басты мәнге ие.

Негізгі мектепте геометрия пәнін оқытудағы басты мақсат: оқушының логикалық ойлауын дамыту. Логикалық ойлау қандай да бір пайымдауларда немесе ұғымдарды қалыптастыруда басқа бір ұғымдар мен олардың байланыстарын пайдаланумен сипатталады. Демек, геометриялық ұғымдарды қалыптастыруда осы ұғыммен сипатталатын объектілерге байланысты түсініктердің маңызы зор. Олар оқу материалдарын түсінуде бейнелерді белсендіре отырып, логикалық ойлау дәрежесін арттырады. Геометрия курсындағы салу есептерінде оқушылар кез-келген фигура – нүктелердің жиыны екенін логикалық тұрғыда түсінулері қажет. Оқушыға түсінікті болатындай етіп салу есептерін шығаруда алдымен есептің шартын 2-3 рет өздеріне оқытып алған жөн. Оқушы өздігімен есеп шартына сәйкес талдау жүргізіп, салу жұмыстарын орындайды. Салынған сызбаға қарап, есепті шешудің жолдарын логикаға сүйене отырып ойластыруы қажет. Салынған фигура бойынша есептің шартын қанағаттандыратын дәлелдеу жұмыстарын жүргізу үшін, оқытушы оқушыға көмек ретінде есепке байланысты тура және кері теоремаларды, салдар, аксиомаларды қолданып дәлелдеуге нұсқау береді. Есепті зерттеу этапына келгенде салудағы әр қадамға тоқталып, логикалық тұрғыда қорытынды жасайды.

Бүгінгі таңда математика пәні мұғалімдерінің кәсіби дамуының басым бағыты пән бойынша есептерді шешуде пәнге бағытталған ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құралдарын қолданудың педагогикалық аспектілерін қарастыру үлкен маңыздылыққа ие болып отыр. Айта кететін болсақ, математикадан дидактикалық материалды дайындау үшін **Sketchpad**, **GeoGebra**, **Mathcad** және т.б. жетекші бағдарламалық өнімдерді пайдалану сабақ сапасы мен оны оқушылардың игеру деңгейін анағұрлым жақсартады. Мұндай бағдарламалық өнімдердің модельдік нысандарымен жұмыс істеу ерекше ақпараттың әсерінен танымдық белсенділікті арттырады, есепті оның туындауы кезінде нақты суреттеп, әрі сызбаны жан-жақты зерделеуге мүмкіндік береді.

Аталған бағдаламалардың математикалық нысандардың (образдардың) визуалды бейнелерін құру қабілеті ақпаратты қабылдау мүмкіндігін едәуір арттырады, математикалық ойлауды дамытудың тамаша құралы ретінде қызмет етеді және де таңдау мүмкіндігінің кеңдігі арқылы өзін-өзі дамытуға ынталандырып отырады. Бұл компьютерлік бағдарламалар әртүрлі есептердің шешу жолдарын іздеудің құнды құралы болып табылады. Бағдарламалар геометриялық фигура элементтерінің элементтері арасындағы көзге көрінбейтін арақатынастар мен байланыстарды айқындауға мүмкіндік береді. Мұндай тәсілдер ұсынылған мәселелерді «көруге болатын» объектілер түрінде «визуализациялауға» мүмкіндік береді.

Сіздерге «GeoGebra» бағдарламасын қолдану бойынша ұсынамын. Көптеген операциялық жүйелерде жұмыс жасай алатын бұл бағдарламаны 2012 жылы Маркус Ховенвартер жасаған болатын. GeoGebra 39 тілге аударылып, бүгінгі таңда белсенді түрде ары қарай жаңғыртылуда. Орыс тіліндегі нұсқасы 2013 жылы әзірленген болатын. «GeoGebra» бағдарламасы математиканы қарапайым және көрнекі түрде үйренуге бағдар беруге арналған мықты және функционалды мүмкіндік беретін бағдарлама болып табылады. Бағдарлама геометрия мен алгебраны қамти отырып, арифметикалық амалдарды орындауға, кестелер мен графиктерді жасауға, статистикамен жұмыс істеуге, анимацияларды жобалауға қолдау көрсетуге және т.б. мүмкіндіктерге ие. Аталған бағдарламада әртүрлі 2D және 3D фигураларды, интерактивті роликтерді жасауға, содан соң оларды ғаламтор желісіне орналастыруға мүмкіндік береді. «GeoGebra» бағдарламасы математиканы «ойша көруге», геометриялық сипаттағы ғана емес, басқа да математикалық есептерді шешуде тәжірибелер мен зерделеулер жүргізуге жол ашады. Компьютерлік модельдеу нәтижесінде бағдарламамен



жұмыс жасау барысында көпшілік математикалық ұғымдар мен теоремалар «көзге көрінетін» және «сезілетіндей» әсер қалдырады.

Қорытындылай келе, оқушылардың алдына оқу жұмысының жалпы және нақты мақсатын қою арқылы олардың танып-білу іс-әрекетінің белсенділігін арттыруға болады. Оқушылардың логикалық ойлауын дамытуда тура және кері теоремаларды дәлелдеу, есептеуге немесе салуға берілген тапсырмаларды орындауың түрлі жолдары мен олардың визуальды көрнекілігін қарастыру, түрлі пайымдауларда жіберілген қателерді табуға берілген мысалдарды келтіру және т.с.с. геометриялық іс-әрекеттерді орындаудың маңызы зор. Әсіресе, қазіргі компьютерлік технологияларды пайдалана отырып, геометриялық ұғымдарды қалыптастыру мен олардың логикалық байланыстарын ашудың да оқушылардың логикалық ойлауын дамытуда маңызды рөл атқаратыны көптеген зерттеулерде дәлелденіп жатқаны белгілі.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Рахымбек Д., Кенеш Ә.С. Мектеп геометрия (планиметрия) курсы оқыту әдістемесі: Оқу құралы / Д.Рахымбек, Ә.С.Кенеш. – Алматы: Эверо, 2015. – 320б.;
2. GeoGebra [Электронды ресурс]: <https://ru.wikipedia.org/wiki/GeoGebra>;
3. Кадирбаева Р.И. Математиканы оқытуда компьютерлік технологияны пайдалану (оқу құралы). – Шымкент, 2020. -256б.;
4. Тірі геометрия [Электронды ресурс]: <http://my-soft-blog.net/397-geogebra.html>.
5. Көбенұлы Н., Жұмаділдаев А. Математика әлемі. Пәндік энциклопедия. - Алматы, 2011.

МЕТОДИЧЕСКАЯ РАЗРАБОТКА ЗАДАНИЙ, НАПРАВЛЕННЫХ НА ОЦЕНКУ И РАЗВИТИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ ПО ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА (6 КЛАСС)

Болдырева Наталья Бадмаевна

Атырауская область, г. Атырау

школа-лицей BINOM SCHOOL имени Д.Кунаева, учитель истории

Концепция функциональной грамотности на уроках истории представляет собой преобразующий подход к историческому образованию. Это выходит за рамки механического запоминания дат и фактов и побуждает учащихся относиться к истории критически, аналитически и сопереживающе. Это всестороннее исследование подчеркивает важность, стратегии и проблемы включения функциональной грамотности в историческое образование, подчеркивая ее решающую роль в формировании информированных, мыслящих граждан.

В основе функциональной грамотности лежит способность помещать исторические события в более широкий контекст. Это означает понимание не только самих событий, но и социально-политических, экономических и культурных условий, которые на них повлияли. Такая контекстуализация имеет решающее значение для развития навыков критического мышления. Это позволяет учащимся рассматривать историю через различные призмы, осознавая сложность причинно-следственных связей и множество факторов, которые формируют исторические результаты. Этот навык особенно важен в современном мире, где упрощенные повествования часто затмевают многогранные истины.

Пояснительная записка

«Разработка заданий по функциональной грамотности на уроках истории Казахстана».

Цель: разработать задания, направленные на развитие функциональной (читательской) грамотности обучающихся на уроке истории.

Направление функциональной грамотности: читательская



Учебный предмет: история Казахстана

Учебный раздел: История Казахстана в тюркский период (VI-начало XIII вв)

Глава первая Казахстан в VI-начало IX веках

Тема: Раннесредневековые государства на территории Казахстана

Тема: 6.3.1.2 – объяснять особенности развития тюркских государств в VI-IX веках, выявляя их сходства и различия.

Класс: 6 класс.

Формат заданий предполагает формировать не только читательскую грамотность, но и побуждает обучающихся к осознанному выбору своей позиции по проблеме, затронутой в документах, др. материалах задания.

Читательские умения, соответствующие группам читательских действий. задание относится к группе читательских действий «находить и извлекать информацию», находить и извлекать одну или несколько единиц информации, расположенных в одном фрагменте текста.

Ожидаемые результаты:

Работа с предложенными заданиями способствует достижению следующих результатов в обучении учащихся:

Личностные:

- социальная и культурная идентичность на основе усвоения исторических понятий и представлений о прошлом своего Отечества;
- уважительное отношение к прошлому, к культурному и историческому наследию через понимание исторической обусловленности и мотивации поступков людей предшествующих эпох, осмысление социально нравственного опыта предшествующих поколений;
- умение анализировать и устанавливать проблему;
- умение принимать решения с учетом конкретных условий и наличия фактической информации.

Межпредметные:

Универсальные учебные познавательные действия:

- выявлять и характеризовать существенные признаки явлений;
- устанавливать существенный признак для обобщения и сравнения;
- самостоятельно выбирать способ учебной задачи;
- формулировать гипотезу об истинности разных суждений.

Универсальные учебные коммуникативные действия:

- воспринимать и формулировать суждения, выражать эмоции в соответствии с условиями общения;
- выражать свою точку зрения в устной и письменной или устной форме.

Универсальные учебные регулятивные действия:

- составлять план действий, корректировать предложенный алгоритм с учётом получения новых знаний по исследуемой теме.

Предметные:

- понимание прочитанного исторического текста;
- анализ информации, содержащейся в тексте;
- использование приёмов исторического анализа, сопоставление и обобщение исторических фактов, раскрытие причинно- следственных связей.

Задание. Прочитайте текст. Выполните задания.

Западнотюркский каганат

Сердце державы. Несмотря на то, что разделение каганата произошло вопреки воле и желанию тюркского народа и явилось следствием постороннего, даже вражеского воздействия, пути обеих половин некогда единого целого оказались предельно различными. На востоке ситуация изменилась мало, так как китайский протекторат не затрагивал ни




тюркютских традиций, ни способа производства, ни системы ведения хозяйства. Тюркюты на востоке оставались этнически спаянной группой, и их потенциальные силы были значительно больше, чем у любого из соседних народов. В первый же благоприятный момент политическое преобладание тюркютов в степи не только могло, но и должно было восстановиться. На западе мы видим совсем иную картину. Тюркюты там были в абсолютном меньшинстве. Сколько бы дружинников не увел с собой Истеми-хан, они стали каплей в море покоренных областей. Казалось бы, они должны были либо раствориться без следа в местном населении, которое мы вправе называть тюркским, либо стать его жертвой после того, как основная масса их соплеменников оказалась под пятой суйского императора. Но произошло нечто третье: кочевники Семиречья, Чуйской долины, низовий Волги и Кубани, верхнего Иртыша и Ишима выказали полную лояльность династии Ашина. Точно так же повели себя оседлые обитатели основных бассейнов Тарима и Амударьи, и даже горцы склонов Гиндукуша и Кавказа. Таким образом, тюркюты и здесь сохранили господствующее положение.

Гумилев Л.Н. Древние тюрки, Москва, 1993, стр. 145–146.

Задание 1. Рабочий лист для анализа письменного документа:

1.	Определите тип документа: • Государственный документ (указ, закон, протокол государственного мероприятия); • Международный документ: контракт, соглашение, протокол, деловая переписка; • Исторический документ: хроника, летопись, исторический труд; • Мемуары, дневник, письмо, показание свидетеля; • Литературное произведение – это документ, являющийся памятником исторической эпохи: проза, поэзия, миф, крылатые фразы.
2.	Автор документа:
3.	Информация о документе: А. Определите о каком событии повествует данный документ: В. Приведите доказательства из данного текста С. Определите три момента, которые автор считает важными: _____ _____ _____
4.	Определите главную идею.
5.	Задайте автору вопрос об этом документе.

Задание 2. Заполните органайзер.



Дескриптор:

- Определяет главное из данного о политической истории тюрков;
- Определяет детали, которые дополняют главное;
- Определяет второстепенную информацию;
- Пишет вывод об особенностях политической истории тюрков

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА CASE STUDY ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Турениязова Гулжан Лесовна

*№25 Б.Момышұлы атындағы орта мектебінің ағылшын тілі пәні
мұғалімі, педагог – сарапшы*

Бүгінгі таңда білім беру үдерісі мен тіл білімінің алдына қойған мақсаттары оқу ісінде жаңа әдіс-тәсілдерді қолдануды талап етеді. XXІ ғасырдың ақпараттық қоғамы кәсіби мамандар даярлау сапасына жаңа талаптар қояды. Таңдаған мамандықтар бойынша шығармашылық жұмыс үшін жеткілікті теориялық білім мен практикалық дағдылары жоғарғы деңгейлі қызметкерлер қажеттілігі туады. Қазіргі заманғы білім беру жүйесі жеке тұлғаның танымдық әлеуітін арттыруға, оқуға деген қабілетін өсіруге, білімнің жаңа жүйелерін білу мен жеке тұлғаның шығармашылық өабілетін және оның мүмкіндіктерін кеңейте әрі дамыта отырып, шығармашылығын арттыруға бағытталған. Сонымен қатар, осы арада үлкен жауапкершіліктің мұғалімнің иығына жүктелетінін ескерген жөн.

Ағылшын тілін оқытуда заманауи әдістерін қолдану-заман талабы және жаңа білім беру моделін құру болып табылады. Солардың бірі-Case study әдісі.

Case study -бұл білім беру проблемаларын шешу үшін пайдаланылатын нақты оқыту әдістемесі болып табылады. Білім беру процесінде бұл әдісті қолданудың артықшылықтары көп, өйткені оны қолдану білім алушылардың келесі дағдыларын дамытуға ықпал етеді:

1. Қарым-қатынас дағдылары: жазбаша, ауызша және ауызша емес.
 2. Сыни ойлау және рефлексивті оқыту қабілеттері.
 3. Ұйымдастырушылық қабілеті және білімі. Case study көптеген ақпаратты қамтуы мүмкін, ең бастысы-бұл мәселенің нақты көрінісін түсіну үшін логикалық бөлімдерде ұйымдастыру.
 4. Кездесу өткізу, жобаны сипатау, презентация және т.б сияқты басқарушылық қарым-қатынас дағдылары.
 5. Бірлескен оқыту және командалық жұмыс дағдылары.
- Кейстерді сәтті пайдалану үшін мұғалім білім алушылардың тілдік деңгейлерін ескеруі тиіс. Сыныпта Case study әдісін қолдану мыналарды қамтиды:
- тегін пікірталастар;



- бағытталған пікірталастар;
- жұптық және топтық зерттеу жұмысы;
- эссе жазу;

Бұл әдістің мәнін түсінуде сыни талдау жасап, нақты жағдаяттардың шешімін іздеу ғажап емес. Case study -бұл жағдаяттар сипаттамасы немесе тәжірибені қажет ететін, белгілі бір мәселені қамтитын әдіс түрі. Ол нақты өмірдің аудиториялық бөлігінде енгізіп, әрі оқыту құралы болып табылады.

Кейстік әдістік үлкен мүмкіндіктері мен білім беру мақсаттары бар. Олар төмендегідей жіктеледі:

- жаңа білімді сіңіру;
- білім алушының өзіндік сыни ойлауын қалыптастыру;
- тыңдауға машықтану;
- жан-жақты көзқарастармен қатар өз ойына дәлел келтіру арқылы жеткізу;
- қиын және құрылымсыз мәселелерді талдауға машықтану;
- сананы дамыта отырып, қабылданған шешімге жауапкершілікпен қарау;
- іс-әрекет дағдыларын дамыту және оны іске асыру;
- жұппен және топта жұмыс істеу;

Case study әдісін пайдалануға арналған мысалды көрейік. Мәселе: сіз футбол ойынына билет сататын менеджерсіз. Футбол ойыны сенбіде, бірақ бүгін жұма, көп шығынға ұшырамау үшін қандай шешім қабылдайсыз?

Тапсырма: мүмкін болатын шешімді табу.

1. футбол ойынын болдырмау.
2. билет құнын төмендету.
3. көрермендер арасында лотерея ұйымдастыру.
4. ойынды кішірек алаңға ауыстыру.
5. басқа шешім табу.

Оқушылар аталмыш кейсте белгіленген лексикалық, морфологиялық, грамматикалық мәселелерді анықтау керек. Футболмен байланысты лексиканы қайталау- footballer, football fans etc.

Жаңа сөздермен танысу: budget, expenses, profit, to incur costs, to suffer losses, price list, to commit a breach, to cancel agreement, to impose penalty.

Аталмыш мәселеде оқушылар өз ойларын нақты да дұрыс шешім қабылдауы мүмкін. Әр қабылдаған шешім сан қилы болуы мүмкін, дұрыс қабылданбаған шешімсыңға тартылмайды, дұры емес табылмайды. Оқушылардың шығармашылығы мен тапқырлығы ғана есептеледі. Оқушылар бір-бірімен пікір алмасып, топта ірге жұмыс жасауға үйренеді. Тәжірибе көрсеткендей, бұл әдіс оқушыларға жағымды ісер етеді.

Оқушыларға жұптық жұмысқа «Бір минуттық әңгіме» әдісін өткізіп келемін. Берілген тапсырмада оқушылар бір-бірімен әңгімелесу арқылы, ой қорыта алды. Оқушылар бір-бірімен қарама-қарсы отырып немесе тұрып, жұптық әңгіме жүргізеді.

Келесі белсенді әдістердің бірі - Эйлер шеңбері.

Мақсаты: тақырып бойынша топпен негізгі идеяларды жинақтап, саралау.

Не? Қалай? Неге? Нәтиже? деген мәселелер бойынша идеялар сараланды.

Оқушылардың ауызша және жазбаша қабілеттерін тексергенде олардың сөздік қорының және ағылшын тілін оқуға деген қабілеттерінің артқанын көрінеді. Кейс әдісі коммуникативтік әдіспен

ұштасады. Аталмыш әдісте фразеологизмдер мен идиомалар. Шет тілі фонетикасының ерекшеліктері қолданылады.

Қорытындылай келе, ағылшын тілі сабақтарында Case study әдісі арқылы оқушылардың шығармашылық шешім қабылдау, талқылау, оқу, ақпараттарды өңдеу, топта бірігіп жұмыс істеу қабілеттерінің өсуін байқай аламын.



Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Ефимова Н.И. Особенности использования инновационных педагогических технологий при обучении иностранному языку в неязыковом вузе . – СпС.: Социосфера, 2010. – 62 с.
2. Красикова Е.Н. Кейс-метод в структуре и содержании методической компетенции лингвиста-преподавателя: дисс. канд. пед. наук. – Ставрополь, 2009. – С. 85, 110.
3. Sinclair J. Collins. Cobuild English language dictionary Harper. – L.: Collins Publishers, 1990. – 25 p.
4. Easton G. Learning from case studies. – L.: Englewood Cliffs, 1982. – 59 p.
5. Lane H. and Distefano J. International management behavior: Introduction to the cases and case method. – Kent: PWS , 1992. – 104 p.
6. Meral Guceri, Ann Riddell Akin. Case Studies in Education. – M: Englewood Cliffs, 1998. – 59 p.
7. Flyvbjerg B. Five Misunderstandings About Case Study Research // Qualitative Inquiry. – 2006. – Vol. 12. – v 2. – P. 219–245.
8. Cotton D. Leader. Upper-Intermediate Business English / D. Cotton, D. Falvey, S. Kent. – Longmann: Pearson Education Limited, 2001.
9. National Center for Case Study Teaching in Science at the University of Buffalo-SUNY. – <http://ublib.buffalo.edu/libraries/projects/cases/case.html>

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР ЖӘНЕ ОНЫ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫНДА ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Шмиков Кайрат Ажигалиевич

*Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Қаракөл ауылы
Қаракөл орта мектебінің дене тәрбиесі мұғалімі*

Қазіргі таңда дәстүріміздің құндылықтарын бағалау мақсатында дене тәрбиесі пәндерінде түрлі қазақтың салт дәстүр ойындарын кіріктіріп өту қарастырылуда. Әрине бұл, оқушылардың ұлттық құндылықтарымызды сыйлауға, құрметтеуге ықпал етеді.

Қазақтың ұлттық ойындарының тәрбиелік мүмкіндіктері зор, өйткені онда халқымыздың бірнеше мыңдаған жылдардағы жинақталған тәлімі жатыр. Халықтың тәрбиелік тәжірибесіндегі әрбір жеке тұлғаларды қалыптастыру процесін зерттеп, құнды жақтарын мектептерде оқу-тәрбие процесінде қолдану қажет. Ұлттық ойындар білім беру құралдарының бірі ретінде жас ұрпақты жан-жақты еңбек іс-әрекеттеріне тартып тәрбиелеуде, педагогика ғылымының қалыптасуына өзіндік үлес қосқандығын білеміз. Себебі, балаларды тәрбиелеу жүйесінде қазақ халқы өзінің тарихи даму барысында балалар ойындарына мағыналық мән берген.

Сонымен, мектептерде жүргізілетін оқу-тәрбие жұмыстарына ұлттық ойындарды шығармашылықпен енгізу, балалардың дене шынықтыру мен спорт сабақтары мен сабақтан тыс жұмыстарына жүйелі қатысуларына

бір-бірімен байланысса, оған қоса дене тәрбиесі мен адамгершілік тәрбиесі де бір-бірімен ұштасып қосарланып жатады. Былайша айтқанда, балалар дене тәрбиесі негізінде дене күші мығым, адамгершілік қасиеті, еңбектену әдет-дағдылары дамыған тұлға болып тәрбиеленеді.

өзектілігі: жас өспірімдердің қалыптасып өсіп-өнуіне әсер ететін факторлардың бірі, дәстүрлі мәдениетіміздің бір бағыты қазақтың ұлттық ойындары болып табылады. Халықтың тарихи айнасының жалғасы ұрпақтан-ұрпаққа мұрагерлік мирас жолымен жететін мәдениеті, оның ішінде біз қарастырып отырған қазақтың ұлттық ойындарын қазіргі жас ұрпақ өміріне енгізу, сонымен қатар бұл мәселені бүгінгі күн талабына сәйкес педагогикалық талаптар аясында баланың денсаулығына пайдалы жақтарын көрсете отырып іске асыруды орындау



қазіргі дербес қазақ ғылымының зерделеуді қажет ететін өзекті тақырыптардың бірі болып саналады.

мақсаты: Жас ұрпақты ұлттық ойындарды үйрету арқылы тәрбиелеу және денесін шынықтыру, дәстүрлі ұлттық ойындардағы қимыл-қозғалыс әрекеттерінің бала өсуіндегі біртұтас сабақтастық жолын теориялық-әдістемелік тұрғысынан зерттеу болып табылады.

Міндеттері:

1. Ұлттық ойындар арқылы оқушыларды тәрбиелеудің ғылыми-педагогикалық негізін анықтау.

2. Сабақ мақсатына байланысты ұлттық ойындарды таңдап алу, үйрету жолдарын көрсету.

3. Мектептегі дене шынықтыру сабағында ұлттық ойын түрлерін қолданудың педагогикалық және әдістемелік жолдарын анықтау.

4. Ұлттық ойын түрлерін басқа дене шынықтыру жаттығуларымен ұштастыра қолдану жолдарын көрсету.

5. Ұлттық ойындар арқылы балаларға қоршаған ортаны тану, ұлттық салт-дәстүрлерді білуді іске асыруға болатындығын анықтау.

Күтілетін оқу нәтижелері :

1. Мектептегі оқушылардың дене шынықтыру сабағында ұлттық ойындарды үздіксіз пайдалану арқылы бала денесі жан-жақты шынығады

2. Дене шынықтыру сабағындағы: жүгіру, секіру, лақтыру, еңбектеу, өрмелеу, тепе-теңдікті сақтау, қимыл-қозғалыс жаттығуларын ұлттық ойындар негізінде жас ұрпақ өміріне енгізу арқылы ұлттық құндылықтарды бағалайды

3. Жас ұрпаққа ұлттық ойындарын үйрету арқылы дене жаттығуларын қызыға жасайды

4. Ұлттық ойындарды ғылыми-педагогикалық негізімен ұштастырады

5. Жас ұрпақ ұлттық дәстүрді біледі, табиғатты тануды үйренеді.

Мектептегі оқушыларға ұлттық ойындарды ойнату арқылы олардың қимыл-қозғалыс қабілеттерінің дұрыс және жақсы қалыптасуын жетілдіруге баланың ұлттық дәстүрді бағалап өсуіне, табиғи ортаны, жан-жануарларды тануына көмектеседі. Оқу жаттығу топтарымен оқу-дайындық жұмысының ерекшеліктері арқылы әдіс-тәсілдерін, дене дайындығы қабілеттерін жетілдірудің оқу-жаттығу жұмыстарын жүргізу, жолдарын меңгеруге, игеруге машықтану Қазіргі дамыған қоғам деңгейінде еліміздің ертеңі үшін мектеп қабырғасынан шығармашылық қабілеті дамыған, әлеуметтік белсенділігі жоғары тұлғаларды тәрбиелеп шығару. Жалпы білім беретін мектептер мен спорттық үйірмелерде оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай қимыл-қозғалыс қабілеттерін жетілдіріп, денсаулықтарын жақсарту мақсатында дене тәрбиесі сабағының құрал-жабдықтары мен әдістерінің жаңа, тиімді жолдарын тауып, концептуалды үлгісін жасап, тәжірибеге енгізу.

Баланың ой өрісін, танымын дамыту барысында ұлттық ойындардың маңызының зор екендігін ұмытпауымыз қажет. Себебі, ұлттық ойындар баланы өз елін сүйуге, құрметтеуге, өз және өзге ұлтты сыйлауға, патриоттық сезімді нығайтуға, салт-дәстүрлерін сақтай білуге, ұлттық идеологияны құрметтеп, өз ұлттық діліне, тіліне беріктігі мен ұлттық салт-дәстүрді сақтауға және физикалық, биологиялық тұрғыда мықты болуға үлкен септігін тигізеді. Баланың ой-өрісін дамытытан ұлттық ойын түрлеріне «Ақсүйек», «Ханталапай», «Арқан тартыс», «Тоғыз құмалақ», «Асық ойыны», «Алтыбақан», т.б. Ұлттық ойынның басқа ойындардан ерекшелігі таза ауада, яғни далада ойналатындығы.

Ұлттық ойындардың бірі – ата-бабалардан бізге жеткен «Ханталапай» ойыны. Бұл негізгі шарты бойынша бақылаушы асықты топыраққа лақтырып 2 топқа бөлінген балалар шашылған асықты тез жинап алуы керек, қай топ көп жинаса, сол ұтқаны. «Ақсүйек» ойынын айлы түнде көңіл көтерген жастар сүйекті лақтырып, оны іздеу арқылы ойнаған.



«Асық ойыны» – қазақ халқының дәстүрлі ойыны. Асық ойыны күндіз де, түнде де ойналады. Күндізгісі – мергендікке, түнгісі – ептілікке баулиды. Иіргенде түскен қалпына қарай асық – алшы, тәйке, бүк, шік деп, ал атуға арнап арнайы қорғасын құйылып жасалғаны – сақа, жақсылары – оңқай аталады. Асық ойынының мынадай түрлері бар: құмар, тәйке, омпы, алшы, хан (хан ату), қақпақыл, т.б.

Мысалы, құмар ойынға 2-4 адам қатысады. Олардың жақсы жонылып, табаны қайралған төрт асығы болуы керек. Ойыншылар өзара келісіп жеңімпазға жүлде тағайындап алады да кезек-кезек төрт асықты иіреді. Егер иіруші: төрт бүк, не төрт шік, не төрт алшы, не төрт тәйке түсірсе, жүлденің жартысын алады, төрт асық төрт түрлі түссе, онда тігілген жүлдені түгелдей алады. Осылайша ойын жалғаса береді. Асықты мұртынан не жамбасынан тұрғызуды омпы дейді. Омпы ойыны тегіс алаңда, жазық жерде, тіпті үлкен бөлме ішінде де ойнала береді. Ойыншы саны неғұрлым көп болса, ойын соғұрлым қызықты өтеді. Мақсат – көп асық ұтып алу. Асық ойынының орнын керек десеңіз компьютер ойыны да алмастыра алмайды. Оны төмендегі біздің зерттеп, құрастырған кестеден көруге болады.

Кеңес өкіметі кезеңінде ұлттық ойындар, соның ішінде асық ойыны еріккеннің ермегі, ойын балаларға тәрбие бермейді деп есептелді.

«Асық ойнаған, азар, доп ойнаған тозар» – деп мақалдап та жүрдік. Осы кестеден асық ойынының еріккеннің ермегі еместігін көруге болады. Қазақ халқы негізінен ұрпақ қамын басты мақсат етіп қойып, балалардың нағыз азамат болып қалыптасуына аса зор мән берген. Нәтижесінде дәстүрлі бала тәрбиесінің басты құралы ретінде ұлттық ойынды орайластырып, дамытып отырған.

Қазақ халқы – ұлт ойындары ерлікті, өжеттілікті, батылдықты, шапшаңдықты тағы басқа қуаты молдылығын, білек күшін дененің сомданып шынығуын қажет етеді. Сонымен бірге, бұл ойындар әділдік пен адамгершіліктің жоғары принциптеріне негізделген.

Қазақтың ұлттық ойындарын дене шынықтыру сабағында қолдану қазақтың патриоттық сезімін қалыптастыру ғана емес, ол өз орнына міндетті болып табылады. Қазақтың ұлттық ойындарының басқа халықтардың ұлттық ойындарынан айырмашылығы - оның шығу, пайда болу тегінің ерекшелігіне байланысты белгілі бір тәрбиелік мақсат бірлігін көздейтіні. Еліміздің егемендік алуы Қазақстандағы дене шынықтыру, ұлттық ойындар мәселесіне басқаша сын көзбен қарауды талап етеді.

Бабаларымыздың асыл қазыналарына деген көзқарасын құрметтеуге сөз әсемдігін сезінуге үйретеді. Батылдыққа, өжеттікке тәрбиелейді. Ендеше еңбекке баулу сабағын ұлттық ойындар арқылы сабақтасытырып түсіндіру пән тақырыптарын тез, жылдам меңгеруге ықпал етеді. Оқушының сөздік қорын байыта түседі.

Жалпы ойынның қандай түрі болмасын, атадан балаға, ұрпақтан- ұрпаққа ауысып отырады. Халық ойындары өмірлік қажеттіліктен туады да, психологиялық жағынан денсаулық сақтауға негізделеді. Тапқыр да алғыр, шымыр да епті, қайратты да қажырлы бала өсіруді армандамайтын отбасы жоқ. Демек ойынның өзі бала үшін біліктің, тәлімнің қайнар көзі болып табылады. Балаларға ұлттық ойындарды үйретіп, оған өзгеше әр беріп, жаңартып өткізіп отыруды ата-аналар, тәрбиешілер бір сәт те естен шығармағандары абзал. Өйткені жас бүлдіршіндер ойнай да, күле де, ойлай да білсін!

Ұлттық ойындар бала тәрбиесінде негізгі екі жауапты рөл атқарады: біріншіден, жаттығулар жасап, ұлт ойындарын ойнаған кезде дене дамуы жақсарса, екіншіден, ұлт ойындарының мазмұнын, ойлау тәртібін түсіндірген кезде ұлттық әдет – ғұрпымыздан, өткен өмірімізден хабар алады. Егер балабақшада жұмыс стилі ұлттық дәстүр, салт – санаға



бағытталған болса, мысалы, барлық топ бөлмелері, залдар қабырғаларындағы тұскиіз, ою, сырмақ, домбыра, қамшы, ер сияқты заттардың өзі күнделікті баланың көз алдында болғандықтан осы бұйымдарға көздері қанық болып өседі.

Дене шынықтыру пәнінде қазақтың ұлттық ойындарын қолдану, тарихынан мағлұмат беру, оқушылар бойында патриоттық сезім қалдырары сөзсіз.

Ұлттық ойын түрлерін қазіргі уақытта әр сабақта көрсетіп ұлттық тіл өрнектерін пайдалана білсе, қазіргі жеткіншек біле бермейтін ұғым – түсінігін өмірге жанастыра көңіл аударта сол арқылы танымдық мақсат қойылады. Сонымен, ұлттық салт-дәстүрді қадірлей білуге, адамгершілікке, ізгілікке, ұлттық тәлім – тәрбие беруге назар аударылады. Кейінгі кездері жастар мен жасөспірімдер ойын автоматтары, интернет-кафе сынды зиян ойындарға әуес болып барады. Біріншіден, бұл ойындардың адам денсаулығына тигізер зияны көп, екіншіден баланың ойлау қабілеті, ойлау шеңбері, белгілі бір жүйеде шектеліп қалады. Ал, ата-бабамыздан ұзақ ғасырлық көш-керуен арқылы жалғасып келе жатқан ұлттық ойындар мысалы: асық пен ләңгі ойыны – күш-жігерді жетілдіріп, дәлдік, мергендікке үйретеді. Оның үстіне бұл ойындарды кез-келген жерде, қалаған уақытында ақша төлемей-ақ ойнай бересің. Санамызды улап жатқан құмар ойынның көптігінен асық, ләңгі ойындарына мән берілмейді. Негізінен бұл ойындарды жастармен бірге ересектер де ойнаса болар еді.

Ұлттық ойындар тәрбиелік, өжеттілік, ұжымшылдық, әлсіздерге көмектесу және өзінің топ мүшелерінің ажырамас бір бөлігі екендігін сезіну қасиеттерін қалыптастырады. Сондықтан қазіргі уақыт педагогикасының маңызды мақсатының бірі, біздің қазіргі заман талабымызға сай тәрбиелік мәні бар, мыңдаған жылдар бойы жас ұрпақтарды тәрбиелеуге қолданып келген қазақтың ұлттық ойындарын пайдалану болып табылады. Ойындар тек дене тәрбиесін дамытатын құрал ғана емес, ол жас ұрпақтың ой санасын, мәдениетін де дамытады. Көбінде олар ұжымшылдық бағыттар мен бір-біріне қол ұшын беруге жас жеткіншектердің өздерінің қатарластарының алдында, ұялу, қысылу, топтарда өздерін емін-еркін ұстауға көп көмегін тигізеді.

Ұлт ойындарын дидактикалық материалдар ретінде пайдалану бірыңғай ойын сабақтарын өткізу деген сөз емес. Оны тиімді пайдаланудың жолдары бар. Ол сабақтың тиімділігін арттырып, оқушылардың сабақтың әр кезіңінде сергектікпен жұмыс істеу қабілетін сақтауға мүмкіншілік береді.

Ойын адам баласының алғашқы және саналы іс-әрекеті. Ұлттық ойындардың бойындағы осы қасиеттері бүгінгі егемен елдің өз ерекшелігін айқындап беретін, тілін, ділін айқындайтын өткен тарихынан хабар беріп, ойлау жүйелерінің ұлтқа тән логикалық негіздерін қалайтын, денсаулығын оңдап, салауаттық өмір салтын мұра тұтқан жан-жақты дамыған дара тұлғаларды қалыптастыратын адам өмірінің даму барысында басқа да тәрбие құралдарымен астаса отырып, бүгінгі егемен елдің белсенді азаматтарын тәрбиелеуге өз үлестерін қосатын нәрменді құрал.

Ойын егеменді елдің жас ұрпағын дара тұлға етіп, денсаулығын мықты, салауатты өмір салтына бағдарлай тәрбиелеуде бүгінгі талапқа сай мектептегі тұтас педагогикалық үрдісті жетілдіре түсудің дидактикалық әдісі қызметін атқарады. Қазақтың ұлттық ойындарының тәрбиелік негіздерін бір сөзбен айтып жеткізуге болмайды, ол күрделі іс-әрекеттердің басын құрайды.

Қорыта айтқанда ұлттық ойындар - салауатты өмір салтын мұрат тұтқан арманшыл, елі мен жерінің қамын ойлайтын, ұлтқа тән барлық қасиетті қадір тұтатын, дара тұлға – жаңа адамды тәрбиелеп шығарудың маңызды құралы. Сабақ барысында немесе сабақтан тыс кезде баланы ұлттық ойын арқылы өмірге тәрбиелеу үздіксіз процестің жалғасы. Халықтың ұлттық ойындары - жас ұрпақтың қалыптасып өсіп-өнуіне әсер ететін факторлардың бірі және дәстүрлі мәдениетіміздің бір бағыты.

Мектепте оқушыларға ұлттық ойындардың құндылығын насихаттаумен қатар, оларды қолданудың озық тәжірибелерін жинақтау және дамыту керек.



Қорытынды

Қазіргі Қазақстан жері көне мәдениет ортасы екендігін археологиялық қазбалар, ауызша және жазба деректер, тастағы белгілер, тарихи зерттеулер дәлелдеп отыр.

Ұлттық ойындар мен спорт түрлері де қазақ халқының сан-салалы мәдениетінің бір түрі ретінде даму тарихы өте ерте уақыттан бастау алатындығын көруге болады. Осы деректерге сүйене отырып ұлттық ойындар мен спорт түрлерінің теориялық және педагогикалық негізі өте көне уақыттан бастау алады деп тұжырым жасауға болады, оған төмендегідей негіздер бар:

Ұлттық спорт пен ойындардың теориялық тұғыдан қарастырылу деңгейін әдебиеттік деректерден қарай отырып, төмендегідей тұжырымдар жасауға болады:

- Археологиялық қазбалар нәтижелері тарихи деректер бойынша ойындар тас ғасырларынан бастау алып, алғашқы қауымдық құрылыстан бастап адамдарды тәрбиелеу құралы ретінде көрініс бере бастайды;

- Ұлттық ойындар деген жеке атауды қазақ халқының жеке этнос болып қалыптасу уақытынан бастау қажет;

- Қазақтың ұлттық ойындарының ғылыми тұрғыдан зерттеле бастауын XX ғасырдың бірінші жартысынан бастау алады деп санауға болады;

- Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, ерекшелігі адамдар денсаулығына және оның мықты, күшті болуына үлкен талап қойғандығын көреміз. Осындай өте үлкен дәрежеде мән беру үшін және оны іске асыру үшін халық арасында арнайы жаттығулар мен ойындар жүйесінің қалыптасуы қажет болды, яғни ұлттық ойындар мен арнайы жаттығулар осы талаптарды іске асырушы жүйе болып саналды. Сондықтан қазақ халқының арасында дене тәрбиесіне бағытталған арнайы жүйе болған деп айтуға толық дәлел бар;

- Ұлттық ойындар мен спорттың ғылыми - педагогикалық негізінің қалыптасып, ғылыми айналысқа енуі Қазақстан тәуелсіздік алуы уақытынан бастау алады деп тұжырым жасауға негіз бар;

- Кеңестік дәуір кезінде дене тәрбиесі мен спорттың педагогикасы пәнінің қалыптасуы кезінде этнопедагогикалық ерекшеліктер ескерілмегендігі орын алған;

- Қазақ халқының арасында бәске келіп, шартқа тұрып, өткізілген жарыстарды қазіргі спорттық ойындардың алғашқылары деп қорытындылаймыз, себебі осы ойындар кезінде келісілген ойын ережелері болған, оның орындалуын қадағалаушы «төреші» арнайы адамдар тағайындалған.

- Қазақ халқының арасында ұлттық ойындардың спорт түріне айналуына себепші болған және спорт ойындарының негізгі бір талабы болып саналатын жүлде беру салтының болуы. Ерте уақыттан бастап қазақ халқы арасында өткізілген қандай да болмасын жарыстар, ас беру, тойларда жеңген жаққа жүлде тағайындау оны салтанатты түрде беру сияқты дәстүр қалыптасқандығы негіз бола алады.

- Қазақ сөзінің түбірі «қаз» - тұру, тік тұру, мықты, берік тұруды білдіреді. Кішкене балалар жүруге ұмтылып аяғын тәй-тәй басып келе жатқанда қазақтар «қаз, қаз», «қаз тұр» деп тікесінен тік тұрғызады. «Қаз» -ға қосып айтылатын «ақ» сөзі – күшейтілген жалғау екендігін академик ғалым Ә. Марғұлан дәлелдейді. Осы деректерге сүйене отырып, біз қазақ халқы оның тұрмыс-тіршілігі, ерекшелігі адам денсаулығына, оның мықты, күшті болуына үлкен мән бергендігін көреміз. Адамның мықты, күшті болуына осындай үлкен дәрежеде мән беру, тіпті бір этностың атын қою үшін және оны іске асыру үшін халық арасында күшті арнайы жаттығулар мен ойындар жүйесінің қалыптасуы қажет болды, яғни ондай жүйені қазақтар пайдаланды деп айтуға толық дәлел бар.

Қазақтың ұлттық ойындары арқылы балалар ұлтымыздың тұрмыс-салтымен, салт-дәстүрімен танысып, ән-тақпақтарын, жаңылтпаш, мақал-мәтелдерімен танысып, естерінде сақтайтындығы қазақ тарихына деген сүйіспеншілігін туғызды.



Ұлттық ойындар оқушылардың жылдамдығын, ептілігін, күштілігін т.б. дамытумен қатар, тіл байлығын кеңейтіп, көз қиықтарынан бір-бірін түсінісу сияқты байқампаздықтарын жетілдіретіндігін байқатады.

Қай пән болмасын, оны игерудің сапалылығы мұғалімнің өз пәнін терең игеруіне, оған деген сүйіспеншілігіне, оқыту мен тәрбиелеудің барлық кезеңінде мұғалімнің тиімді іс-әрекет жасай отырып, оқушыларды соңынан ерте білуіне байланысты екендігі белгілі. Сол сияқты, балаларға дене тәрбиесін берудің нәтижелілігі де мұғалімнің өз пәніне қаншалықты қызығатындығына, дене тәрбиесі туралы білімі мен шеберлігіне байланысты.

Қазіргі кезде бала тәрбиесі процесінде, оның денесін шынықтырумен қоса, рухани байлығын, елін сүюін, ана тілін қадірлей білетін азамат тәрбиелеудің басты назарда болуы бүгінгі мектептің алдына қойылған аса маңызды талап болуы орынды

Қолданылған әдебиеттер тізімі мұғалімдер үшін:

- 1 Қазақстан-2030.Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы.- Алматы. Юрист,2006.-112 б.
- 2 Әуезов М. Абай жолы; Роман-эпопея. Екінші кітап.-Алматы :жазушы, 2007-432б.
- 3 Төтенаев Б. Халық ойындарының тәрбиелік маңызы жайында. //Қазақстан мұғалімі, 1974,- №5.
- 4 ГуннерМ.М .Сборник казахских национальных игр и развлечений.- Алматы:Д938.
5. ҚалиевС., Молдабеков Ж., Иманбекова Б. "Этнопедагогика" - Астана. 2005.
- 6 Қалиев С., Оразаев М., Смаилова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. - Алматы: Рауан,1995.
- 7 ҚоянбаевЖПедагогика.Астана, 1998.
- 8 Диваев А,Древние игры киргизской молодежи //Туркменский весник,№541907
- 9 БукинЕ.Физическое и умственное воспитание у киргизов.Туркменские ведомости.-№410.

Оқушылар үшін:

1. Әбиев Ж,Бабаева С,Құдиярова А.Педагогика,Оқу құралы
2. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық мәселелері және тарихы. - Алматы: "Білім" -2004.
3. Құралбеков А.Халық педагогикасындағы қазақтың ұлттық ойындары.Оқу құралы.- Алматы,Каз МСТА,2000.
4. Гомбольдт.Центральная Азия,исследования оцепях М.,1915,т.1стр. 67.
5. Ботағариев Т.Ұлттық ойындарды ұйымдастыру.//Мектеп дене тәрбиес.- 2006.,-48-50 б.
6. Балғымбаев М «Қазақтың ұлттық спорт ойыны түрлері»
7. Құланова Қ. Қ. Марчибаева Ұ. С. « Ұлттық ойындарды оқу үрдісінде қолдануға арналған - әдістемелік құрал » - Астана, 2008.



МУЗЫКОТЕРАПИЯ ДЛЯ УЧЕНИКОВ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ С ЗАДЕРЖКОЙ ПСИХИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ

Даулетиярова Дина Галымқызы

Облыстық арнайы мектеп интернаты педагог шебер

Актуальность изучения проблемы задержки психического развития (ЗПР) обусловлена тем, что за последние годы стремительно растет количество детей с задержкой психического развития.

У детей с ЗПР недостаточно сформирована готовность к усвоению знаний и предметных понятий, что связано с низким уровнем их познавательной деятельности, который ведет к недоразвитию речи и мышления. Таким ученикам тяжело вливаться в социум, ведь не каждый способен адекватно воспринимать детей с данным нарушением.

Сложность таких детей заключается в том, что в их поведении преобладает высокая тревожность и степень психоэмоционального напряжения, присутствуют негативные переживания, эмоциональная зажатость, нарушение эмоционально-личностных связей с близкими людьми. Им, как и всем людям, нужно усваивать социальный опыт, проходить этапы социализации и участвовать в общественной жизни. Но физические и психические недостатки существенно влияют на их развитие, не давая таким детям возможности полноценно реализовать себя, как личность.

Существует множество методов коррекции психического развития детей, однако одним из самых интересных и действенных методов выступает музыкальная терапия.

«**Музыкотерапия** – один из видов арттерапии, направленный на профилактику, психокоррекцию личностных отклонений в развитии ученика с проблемами, где музыка используется как вспомогательное средство, основное воздействие которого нацелено на регуляцию нарушений психосоматических и психоэмоциональных процессов, коррекцию рефлексивно-коммуникативной сферы ученика».

Таким образом, сущность данного метода состоит в следующем: пробуждение у детей эмоционального отклика на музыкальные произведения, и совместно с этим оказание эффективного лечебного воздействия на психические процессы детей, помимо этого, музыкотерапия восстанавливает и укрепляет силы, раскрывает его внутренний потенциал и истинный интерес к окружающему миру.

Существует две формы музыкотерапии;

Активная - (когда ученики активно выражают себя в музыке.)

Пассивная - (рецептивная, когда ученикам предлагается просто прослушать музыку)

Музыкотерапия в коррекционной работе с учениками с ЗПР выделяет несколько комплексов музыкальных упражнений в зависимости от их направленности.

Первый комплекс упражнений направлен на развитие слухового внимания. Здесь занятия музыкой включают в себя : звукоподражание и подпевание; пальчиковые и жестовые игры; контактные игры; игровой массаж; музицирование на детских музыкальных инструментах. При этом рекомендуется использовать композиции П. И. Чайковского, С. Курмангазы, М. И. Глинки, Н. А. Римского-Корсакого, И. С. Баха, В. А. Моцарта, и др.

Второй комплекс упражнений способствует развитию чувства ритма. Игры здесь сопровождаются стихами, распевками, в которых реальный мир представлен красочно, творчески и доступно ученикам.



Третий комплекс направлен на развитие пространственного представления. Здесь детям предлагается ходить в разных направлениях, танцевать.

Четвертый комплекс развивает координацию движений и мелкую моторику. Здесь можно исполнять песни с показом действий, использовать музыкально-речевые игры. Особенность данных упражнений состоит в том, что здесь большой акцент делается именно на движения пальцами.

Музыкальная релаксация: данные упражнения направлены на коррекцию психо-эмоциональной сферы ребенка, на приобретение навыков расслабления. Все упражнения комментируются педагогом под определенную музыку, вызывая различные эмоции. Народная и детская музыка дает ощущение безопасности, а вот игра на скрипке или фортепиано очень хорошо расслабляет. Успокаивающий эффект могут принести звуки природы.

Данные комплексы упражнений являются достаточно эффективными, так как они содержат в себе упражнения, развивающие различные виды способностей ученика, которые при правильном и последовательном использовании способствуют гармоничному и целостному развитию детей.

Благодаря музыкотерапии ученики усваивают нормы правильного поведения, учатся отстаивать свою позицию, тем самым формируя свой характер. Музыкотерапия раскрывает внутренний мир ученика, его потенциал, и в то же время обогащает его интересными знаниями, яркими переживаниями, чувствами, способностями видеть и слышать окружающий мир, тем самым воспитывая любовь к музыкальному искусству, формируя нравственные качества личности и эстетический взгляд на вещи.


Примерные игры и упражнения музыкотерапии на уроках музыки:

Агрессия. Музыкальное моделирование

«Морское путешествие» 1. Переживание своего эмоционального состояния: «Мы на корабле. Начался шторм: паруса рвет ветер, огромные волны швыряют корабль, как щепку» (Вивальди «Шторм») 2. Формирования состояния покоя, защищенности:

1. «Ветер стих, море гладкое и прозрачное, как стекло. Корабль легко скользит по воде. » (Ф. Шуберт «Баркаролла»)

3. Становление конечного эмоционального состояния: «Впереди земля! Наконец-то мы дома. Как радостно встречают нас друзья и родные! ». (Шостакович «Праздничная увертюра»)



Терапевтическая игра

«Уходи, злость, уходи» Играющие ложатся на ковер по кругу. Между ними подушки. Закрыв глаза, они начинают со всей силой бить ногами по полу, а руками по подушкам с криком: «Уходи, злость, уходи! » (Чайковский «Баба Яга»). Упражнение продолжается 3 минуты, затем участники по команде взрослого ложатся в позу «звезды», широко раскинув руки и ноги, и спокойно лежат, слушая спокойную музыку 3 минуты. (Шопен «Ноктюрн фа-мажор»)



Ролевая гимнастика

«Лев охотится, лев отдыхает» Звучит фонограмма (К. Сен-Санс, «Карнавал животных» ч. 1 «Королевский марш льва»). Ученикам предлагается изобразить львов - всеми возможными способами. Можно, передвигаться по полу на четвереньках (львы идут на охоту), Можно, лежать на скамеечках или стульях (львы отдыхают в жаркий полдень), громко рычать, когда звучит соответствующая музыка - показываем руками, как лев раскрывает пасть Когда отзвучит фрагмент, дается следующее задание: «Уставшие сытые львы, их детеныши ложатся отдыхать (на пол, либо «залезают на дерево» - скамеечку, свесив лапы, хвосты) Затем звучит спокойная тихая музыка (Моцарт «Колыбельная»). «Львы засыпают».

Цели: Первая часть упражнения дает выход энергии, накопившейся за время занятия, развивает активность, общую моторику. Создавая образ животного, ученик имеет возможность творчески самовыражаться.



Вторая часть: релаксация, переход от активных действий к успокоению. В целом это упражнение повышает интерес детей к занятиям. Его всегда ждут и выполняют с особым энтузиазмом.

Музыкальное моделирование

1. Переживание своего эмоционального состояния: «Наступила зима. На улице колкий трескучий мороз. Злющий - пре злющий! » (Шуман «Дед Мороз»)
2. Формирования состояния покоя, защищенности: «С ночного неба летят легкие снежинки. Они искрятся в свете фонаря. » (Дебюсси «Танец снежинок»)
3. Становление конечного эмоционального состояния: «Закружила метель в нежном вальсе». (Свиридов Вальс «Метель») «Упрямая подушка» (снятие общего напряжения, упрямства)

Терапевтическая игра

Учитель подготавливает «волшебную, упрямую подушку» (в темной наволочке) и вводят ребенка в игру-сказку: «Волшебница-фея подарила нам подушку. Эта подушка не простая, а волшебная. Внутри ее живут детские упрямки. Это они заставляют капризничать и упрямиться. Давайте прогоним упрямки». Ученик бьет кулаками в подушку изо всех сил, а взрослый приговаривает: «Сильнее, сильнее, сильнее! » (Чайковский Увертюра «Буря») Когда движения ребенка становятся медленнее, игра постепенно останавливается.



Учитель предлагает послушать «упрямки в подушке: «Все ли упрямки вылезли и что они делают?» ученик прикладывает ухо к подушке и слушает. «Упрямки испугались и молчат в подушке», – отвечает учитель (этот прием успокаивает ребенка после возбуждения). Подушка стала доброй. Давайте полежим на ней и послушаем прекрасную музыку (Шопен «Ноктюрн №20»).

Сюжетно-игровая импровизация



Сюжетно-игровая импровизация, на бал к Нептуну прибывают жители подводного царства. Ученикам предлагается двигаться как: грозная акула, расслабленная медуза, резвый морской конек, колючий морской еж и т. д. (К. Сен-Санс Аквариум)

Список литературы:

1. Музыкальная терапия для детей с аутизмом / Джульетта Алвин, Эриел Уорик: под ред. Э. Уорик; пер. с англ. [Ю.В. Князькиной]. — 3-е изд., стер. — М.: Теревинф, 2008. — 208 с.
2. Медведева Е.А. Музыкальное воспитание детей с проблемами в развитии и коррекционная ритмика: Учеб. пособие для студ. сред. пед. учеб. заведений. — М.: Академия, 2002. — 224 с.
3. Детский аутизм и АВА : терапия, основанная на методах прикладного анализа поведения : 4-е изд. / Роберт Шрамм; пер. с англ. З. Измайловой-Камар; науч. ред. С. Анисимова. — Екатеринбург: Рама Паблишинг, 2014. — 208 с.



МЕКТЕПШІЛІК БАҚЫЛАУ ЖҮРГІЗУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ – ТАБЫСТЫ ҚОЛДАУ ЖӘНЕ СӘТСІЗДІКТЕРДІ БОЛДЫРМАУ

Қашаубай Ербол Ермекұлы

№31 мектеп-гимназия директоры

«Мектептің жаны-мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болады. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шығады. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі-білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім»-деп ұлы педагог Ахмет Байтұрсынұлы пікір айтқан. Мектеп-оқушыларды тәрбиелейтін, болашаққа бағдар беретін киелі мекен. Мұғалімнің теориялық білім деңгейі жоғары болса, шәкірті міндетті түрде биіктерді бағындырады. Мектебімізде шығармашылықпен жан тәнімен еңбек етіп жатырған ұстаздарымыз жеткілікті. Дегенмен сол ұстаздардың еңбегін мектеп әкімшілігі жүйелеп, бағыттап отырады. Соның бірі мектепшілік бақылау ережесі.

Мектепшілік бақылау жүргізудің мәні:

1. Мектептегі қызметтің жағдайын анықтау және нәтижелерді болжау.
2. Мектеп қызметінің сапасын белгілеу.
3. Сапалы қызметке қойылатын сыртқы және ішкі талаптарды (индикаторлар) анықтау
1. Мақсат қою, жоспарлау
2. Іске асыру жоспары
3. Мектептің даму жоспары

Мектепшілік бақылау дегеніміз мектеп әкімшілігі мүшелерінің басшылық тәртібі мен өз құзыры шегінде мектеп қызметкерлерінің Қазақстан Республикалық заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерін сақтауына бақылау, зерделеу жүргізу.

Мектепшілік бақылау қағидалары:

Егер бақылаушы бақылаудың оң нәтижесін алуға бел буып, бірінші кезекте мұғалімінің жұмысындағы сәттілікті белгілесе, онда онымен жеке бақыланатын адаммен жұмыстағы кемшіліктерді жою туралы диалог нәтижелі болады.

2. Мақсатқа жетуде бақылау қағидаттары (Бақылау нысандары мен тақырыптарын циклдік түрде қайталай отырып, жұмыс істеу процесін бақылаудың мағынасы жоқ. Бақылау мекемесінің мақсаты мен міндеттері қол жетімді, ақпарат алуға бағытталған болуы қажет.)

3. Мектепшілік бақылау жүйесіне мұғалімнің субъективті ұстанымының қағидаты (мектепте мұғалім МІБ процесіне өздері неғұрлым белсенді қатысса –өзара бақылау мен өзін-өзі бақылау соғұрлым олар оны түсінікті және маңызды сезінеді.)

4. Бақылаудың анықтығы мен айқындығы (бақылаудың оң және теріс нәтижелері бүкіл командаға белгілі болу керек). Бұл жағдайда әр топ мүшесі өзін-өзі бағалай алады немесе жалпы критерийлерге қатысты өз қателіктерін белгілей алады.

5. Жүйелілік қағидат (егер бақылау эпизодтық болса, онда оның тиімділігі күрт төмендейді).

Мектептегі бақылау әдістері

Мұғалім қызметін бақылау әдістері	Оқыту әрекетінің нәтижелерін бақылау әдістері
-----------------------------------	---



Сауалнама; Тестілеу; Әлеуметтік сұрақ; Мониторинг; Бақылау; Құжаттармен танысу; Сабақтарды өз бетіндік талдау; Оқушылардың әрекеттері жайлы сұхбат Оқушылардың оқу әрекетінің нәтижелері.	1. Бақылау, 2. Ауызша сауал/сұрақ, 3. Жазбаша сауал/сұрақ, 4. Білімді жазбаша тексеру (бақылау жұмысы) 5. Аралас тексеру, 6. Сұхбат, 7. Сауалнама, 8. Тестілеу, 9. Құжаттарды тексеру
--	---

Мектепшілік бақылау түрлері

1. Алдын – ала бақылау
2. Ағымдағы бақылау
3. Тақырыптық бақылау
4. Қорытынды бақылау
5. Жеке /дара/ бақылау
6. Фронтальды – шолу бақылау
7. Сыныптық – жалпылама бақылау
8. Салыстырмалы бақылау
9. Проблемалық – жалпылама бақылау
10. Жедел оперативті бақылау

Мектепшілік бақылау мақсаты мен міндеттері:

Мектепшілік бақылаудың негізгі мақсаты білім беру үдерісін бұдан әрі дамыту жөніндегі қорытынды мен ұсыныстарды қалыптастыруға ықпал ететін себеп-салдарлық байланысты белгілеп, педагогикалық жүйенің жалпы білімнің мемлекеттік стандарттары талаптарына сәйкес жұмыс істеуі мен дамуын бекіту болып табылады.

Оқу-тәрбие үдерісін тікелей бақылауды жүзеге асыру кезіндегі мектеп ішілік бақылаудың мақсаты:

1. Педагогикалық ұжымның терең білімділігін сақтау және тұлғаның маңызды және болашақтағы қажеттілігіне сәйкес негізде білімге қол жетімділік, сапа және нәтижесін қамтамасыз ету жөніндегі қызметін жетілдіру;
Педагогикалық ұжым мүшелерінің кәсіптік әлеуетін анықтау және іске асыру;
1. Білім алушылардың білім әлеуетін анықтау және іске асыру, тұлғаны жан-жақты даму динамикасын бақылау;
2. Білім мекемесінің білім беру үдерісін жасақтау және ұйымдастыруға қойылатын талаптарға сәйкес жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

Мектепшілік бақылаудың міндеттері:

1. Білім саласындағы заңнамалардың орындалуын бақылау, заңнамалық және нормативтік құқықтық актілердің бұзылуы және орындалмаған жағдайларын анықтау, олардың жолын кесу бойынша шаралар қабылдау;



2. Педагог қызметкерлер қызметінің нәтижесіне талдау және сараптамалық бағалау жасау, озық, инновациялық технологиялар, оқытудың әдістері мен тәсілдерін енгізгені үшін жауапкершілікті арттыру;
Педагогикалық қызмет нәтижесін зерделеу, білім беру үдерісін ұйымдастырудағы жағымды және жағымсыз беталыстарды анықтау және соның негізінде педагогикалық тәжірибені тарату, жағымсыз беталыстарды жою туралы ұсыныстар мен ұсынымдар дайындау;
 1. Бақылау үдерісінде педагог қызметкерлерге әдістемелік көмек көрсету;
 2. Оқу материалының білім алушылардың даму динамикасына сәйкес игерілу сапасын анықтау мақсатында жекелеген пәндер бойынша білім алушылар жетістіктерінің мониторингі;
 3. Мектеп құжаттамасының жағдайы және жүргізілуін бақылау жүйесін жетілдіру.
- Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері**
- жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы**
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 6 сәуірде № 20317 болып тіркелді.
- Бұйрықтың мазмұнына сәйкес біршама тапсырмалар белгіленген болатын. Мәселен, осы бұйрыққа сәйкес мектебімізде атқарылып жатқан жұмыстардың тізімін ұсынсам;

1. Биылғы оқу жылында мектепті дамыту жоспарын жасақтап, басшылық тарапынан оңтайлы шешімдер қабылданды. Соңғы бес жылда оқушылар контингентінің өзгеруі, білім сапасы, пәндер бойынша оқу сапасына салыстырмалы түрде талдау жасалды. Қорытынды аттестаттаудың нәтижесінде рейтингісі шығарылып, оқушылардың қалалық, облыстық пәндік олимпиадаларға қатысқаны жөнінде талдаулар жүргізілді. Мектебімізде соңғы үш жылда білім сапасының өскендігі анықталды. Ілгерілеудің бар екендігіне дәлел бола алды. Ол мектепшілік бақылаудың өз деңгейінде ұйымдастырылып жатқандығының арқасында.
2. Мектепті дамытудың жоспарын талдаған соң, алдымыздағы оқу жылының мақсаты мен міндетін белгіледік. Басты талаптарға ҰБТ мен әр түрлі сайыстарда, олимпиадаларда шәкірттеріміздің үздіктер қатарында болуы үшін еңбектену керектігін алға тарттық.
3. Мектебімізде жылдан-жылға білім алушылар саны артып келеді.

№130 бұйрықтың мектепшілік ережесіне қатысты қосымшалары арқылы жұмыс жүргізіліп келеді. Мектептің және ұстаздардың жұмысының жемісі, шәкірттеріміздің шынды бағындырғаны арқылы байқауға болады.

Сол себепті білімді және білікті оқушыны тәрбиелеп, оны үлкен өмірге қанаттандыру біздің басты міндетіміз.



МЕКТЕПТЕГІ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚЫЗМЕТ

Мукашева Айгуль Батырбековна

№31 мектеп-гимназиясы директордың әдістемелік жұмыстары жөніндегі орынбасары

Мектептегі әдістемелік жұмыстың маңызы зор. Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру төмендегі мәселелерді қамтиды: әдістемелік зерттеу, жаңа әлеуметтік сұранысты ескере отырып жұмыстардың бүгінгі жағдайын сараптау, қызметтің нақты мақсаты мен міндеттерін



қоя білу, жұмыс мазмұнын, түрлері мен әдістерін, мақсатқа жету жолдарын, мұғалімге диагностикалық зерттеудің нәтижелері негізінде нақты әдістемелік көмек беру, оқушының қызығушылығын арттыру, жұмыстардың орындалуын тексеру, бағалаудың және сараптаудың нәтижелерін жоспарлай білу т. с. Мектебіміздегі ғылыми-әдістемелік жұмысының жылдық жоспарына тоқталатын болсақ:

Аналитикалық қызмет бөлімінде

1. Білім алушылардың біліміндегі олқылықты жою жолындағы жұмыстарды айқындап (SWOD талдау) жасалады.
2. Педагогтардың кәсіби даму қажеттіліктерін анықтайды.
3. Педагог қызметкерлердің аттестаттауға байланысты өтініштерін жинақтап, санатын көтеруге өтініш білдірген мұғалімдерді бақылау, сабақтарына қатысу.
4. Әр түрлі деңгейдегі байқауларға қатысу сапасын бағалау.
5. Ғылыми конкурстарға қатысудың нәтижелілігі
6. Шығармашылық топтардың жұмысының тиімділігін зерделеу
7. Педагогтердің инновациялық тәжірибесін енгізу және тарату бойынша шығармашылық/зерттеу топтарының жұмыс тиімділігін бағалау. Мектеп, қала, облыс, республика деңгейінде педагогтердің тәжірибесін жинақтау және тарату
8. Жас педагог тәжірибесінде тәлімгерлік жүйесінің элементтерін іске асыру барысын бағалау

Ақпараттық қызмет бөлімінде

1. Нормативтік құжаттармен танысып, жинақтау.
2. Педагогтерге Білім туралы заңдағы өзгерістер мен толықтыруларды таныстыру.
3. Мұғалімдердің кәсіби даму құзыреттілігін дамыту.
4. Аттестатталушы педагогтерге санат туралы ақпарат беру, санат туралы бұйрықтар мен және ережелермен таныстыру.
5. Кәсіби байқаулар ережесімен таныстыру. Қалалық, облыстық, республикалық кәсіби сайыстарға педагогтар мен оқушылардың қатысын ұйымдастыру.
6. Кітапханамен байланыс бағытындағы жұмыстармен таныстыру.
- Мектеп кітапханасымен байланысты нығайту, оқуға құштар мектеп жобасын қолдау.
7. Пән кабинеттеріне қойылатын талаптармен таныстыру. Пән кабинеттерінің жетекшілерін тағайындау, пән бойынша кабинет төлқұжатын дайындау. Қазіргі заман талабына сай стенд дайындау.
8. Жас мамандарға тәлімгерлер бекіту, жас мамандармен жұмыс жоспарын құру. Педагогикалық ұжымның зерттеп отырған проблемалық тақырыбы, жұмыс бағыттары, оны шешу мүмкіндіктерімен таныстыру.
9. Педагогикалық ұжымды жаңалықтармен өзгерістермен таныстыру.

Ұйымдастырушылық-әдістемелік қызмет

1. Пән бірлестіктерінің апталықтары. Әдістемелік бірлестіктер жұмыстарын ұйымдастыру.
- Үздік сабақтар шеруін көрсету.
2. Конференция семинарлар ұйымдастыру. Педагогтармен шығармашылық жұмысты ұйымдастыру.
3. Шығармашылықпен жұмыс жасайтын педагогтармен жұмысты ұйымдастыру.
4. Жас мамандарды кәсіби тұрғыдан шыңдау.
5. Оқушылардың пәндерге деген қызығушылығын арттыру
6. Зияты жоғары, білімді оқушыларды анықтау.
7. Жоғары оқу орындарымен тығыз байланыс жасай отырып, оқушылардың зерттеу-ізденушілік бағытындағы жұмыстарын дамыту.
8. Оқушылардың мұғалімдердің спортқа деген қызығушылықтарын арттыру.
9. Мұғалімдердің жұмыстарының жүйелі жүргізілуін, өз іс-тәжірибесін өзіндік жұмыстары арқылы жинақтап, қорытындылауын қолға алу.
10. Командалық жұмыс Lesson study (зерттеу сабақтары) жұмысы, коучинг. Фокус топтың



жұмысын нәтижелі ұйымдастыру және іске асыру жолында топ мүшелері арасында ынтымақтастықты орнату.

11. Шығармашылықпен жұмыс жасайтын педагогтар анықтау.

12. Команданың шығармашылық кеші. Оқу жылы ішіндегі ең үздік команданы анықтау.

Кеңес беру (консультациялық қызмет)

1. Аттестаттаудан өтетін мұғалімдерге кеңес беру Санатын көтеруге өтініш білдірген педагогтарды бақылау, сабақтарына қатысу.

2. Тәлімгер мен тәлім алушы жұмысы. Педагогтардың кәсібі құзырлығын және әдістемелік даярлық деңгейін анықтау, сабаққа қатысу.

3. Шебер, зерттеуші, сарапшы педагогтармен жұмыс. Шебер, зерттеуші, сарапшы педагогтардың міндеттерімен таныстыру.

4. «Озат» тәжірибе жұмысын ұйымдастыруға көмек беру Іс -тәжірибе алмасуды қалыптастыру.

Егер мұғалім қоғамдық ортада белсенді позиция ұстанып, оның дербес тәжірибесі әлеуметтік және педагогикалық тәжірибемен кірігіп, педагогикалық ұжымның қолдануға ие болып, кәсіптік шығармашылық ізденісі көтермеленіп отырса, мұғалімнің кәсіптік шеберлігі мен педагогикалық мәдениетінің артуы барынша жемісті болады.

ҮЗДІК ОЙЫН КАРТОТЕКАСЫН ЖАСАҚТАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Елемесова Назым Жамбылқызы

Қожамуратова Жеміс Жардемқызы

№34 «Нұрбәбек» бөбекжай-бақшасы

мектепалды тобының тәрбиешілері

Мектепке дейінгі ұйымдарда ойын ұйымдастыру мақсаты – мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің ойындық құзыреттілік деңгейін арттыру;

Балалардың қоршаған әлеммен өзара өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерту, коммуникативтік- танымдылық қабілеттерді, логикалық ойлауды дамыту.

Жүзеге асырылу міндеттері:

1) мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу-білім беру процесінде әртүрлі ойын түрлерін қолдану дағдыларын жетілдіру;

2) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім беру міндеттерін шешуде педагогтердің ойын және ІТ-құзыреттілігін дамыту;

3) Педагогтердік тәрбиелеу-білім беру процесінде заманауи инновациялық технологияларды қолдану.

Күтілетін нәтиже:

1) мектепке дейінгі ұйымның тәрбие-білім беру үдерісінде әртүрлі ойын түрлерін талдау және қолдану дағдыларын меңгерді;

2) мектепке дейінгі тәрбие - білім беру міндеттерін шешу жолында ойын құзіреттілігін дамыту және ІТ-құзыреттіліктерін қолдануға дайындығын көрсетеді.

№1 дидактикалық ойын: «Мобильді кітапханада»

Бөлімі: Көркем әдебиет

Коммуникативтік дағдыларды дамыту

Міндеттері: Қоғам өміріне, табиғат құбылыстарына байланысты терең ой, бейнелі шебер тілмен айтылған халық шығармасы, тапқырлық шешендік сөздер арқылы сөз өнеріне баулу;

- Жаңылтпашты жаңылтпай қайталау, балаға *санамақтар* арқылы санды таныту, есептеп шығара білу дағдыларын жетілдіру

- жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. кітаптарға қызығушылық танытады



Ресурстары: QR- код қойылған кітаптар, суреттер, планшет

Ойынның жүру барысы: Балалар топта орналастырылған кітапхана орталығында жұмыс жасайды. Қалаған кітаптарын планшет арқылы ашады. Ол ертегі немесе әңгіме жанрын ажыратады. Бұл ойынның басты басымдылығы ұлттық дәстүрлер, ұлттық ойындар, ұлт аспаптары, ұлттық киімдер, ұлттық жәдігерлер, ұлттық тағамдар туралы суреттерді QR-код арқылы балаларға заманауи ақпарат берудің басты құралы.



Дидактилық ойын №2: «Қолымда не бар?»

Бөлімі: Құрастыру

Шығармашылық дағдыларды дамыту

Міндеттері: Lego және робототехника технологиясын қолдану арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілетін дамыту.

- құрастыру мен бағдарлама жасаудың негізгі дағдыларын қалыптастыруды; қолдың ұсақ моторикасын дамытуды; өз өнімдерін әзірлеуге ынталандыруды; танымдық процестерді дамытуды;

- жеке тұлғалық қасиеттер: еңбек сүйгіштікке талпыну, қоршаған ортаға қамқорлықты, ұқыптылықты, шыдамдылықты, жинақтылықты және т.б. тәрбиелеуді қамтамасыз етеді.

- Робомыш арқылы құрастыру, кеңістікті бағдарлауды біледі.

Ресурстар: Lego құрастыру құралдары, қолжетімді ұсақ тастар, жаңғақтар.

Ойынның бірнеше нұсқасы қарастырылған.

1 нұсқа:

Ойынның жүру барысы:

-қауіпсіздік мінез-құлық негіздері қалыптасып және өз-өзіне қызмет көрсете алатынына көз жеткізу. Lego ойыншықтарын бала ұстап көре алады. Құрастырмалар бала өміріне қауіпсіз. Қолын кесіп алу, жұтып қою, жағдайлары болмайды, баланың қолдары таза қалпында ойнап



болғаннан соң құрастырмаларды тез жинай алады (Құрастырмалар жеңіл болғандықтан оларды кез келген кеңістікте пайдалануға болады. Мәселен, үстел үстінде, кілемшенің үстінде т.б); Сонымен қатар, Lego ойыншықтары міндетті түрде дайын ойын құралдары емес, қолжетімді қолдан жасауға да мүмкіндік бар.

Балалар Легоның технологиялық ережесі бойынша ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші құрастырмалы ойыншықтары арқылы оң және сол жағына орналастырады.

2 нұсқа:

Топта қарапайым қолжетімді тастар мен шарлар арқылы ұйымдастыру

Шарты: Бала сипап сезу арқылы қолына ұстаған затты ажыратады, сипаттайды: үлкен-кіші, жұмсақ-қатты, жеңіл-ауыр.

Жүру барысы: топтан балалар жүрісі мен дауысы арқылы Робомышты табады. Робомыштың тапсырмасы бойынша қобдишада жасырылған заттарды сипап ажыратады, үлкен-кіші, жұмсақ-қатты, жеңіл-ауыр ұғымы бойынша сипаттайды. Бұл командалық және жеке балалармен ойнатуға болады.

Дидактилық ойын №3: «Кім жылдам?»

Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, танымдық зияткерлік дағдыны дамыту.

Бөлімі: Қоршаған ортаны қалыптастыру, математика негіздері.

Міндеті: Балаларға үй жануарлар туралы түсінік беру. Балалардың сөздік қорларын молайту. Үй жануарларын ажырату және олардың атауын дұрыс атай білуге үйрету, сөздерді дұрыс, анық айтуға дағдыландыру.

Ойынның жүру барысы: Алдымен аудио үй жануарларының дыбысы жіберіледі. Қай үй жануарлардың дыбысын екенін анықтап, шапшаңдықпен осы пішіндердің астына жасырылған жануарды табады. Бала пішінді жерде орналасқан геометриялық пішіндер үстімен секіріп, түстер бойынша ажыратып қорапқа салады.



Дидактикалық ойын №5: «Көліктер»

Ойынның мақсаты: Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыра отырып балалардың көліктер туралы білімдерін және кеңістіктегі орнын анықтап ажыратуға баулу.

Міндеттері: коммуникативтік дағдыларды дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастырады. Ресурстарға QR- код орналастыру

1-нұсқа

Жүру барысы: Әуе, жер, су көліктерінің суреттері беріледі. Әуе, жер, су көліктерінің суреттері салынған қораптың ішіне салу қажет. Ұяшықта QR- код арқылы көліктің қозғалыс ортасы туралы мәлімет беріледі. Және анимациялық қозғалысқа келтіру мүмкіндіктері бар.

2-нұсқа

Балалар алдарына берілген үлестірмелі ресурстар арқылы жолда жүретін жеңіл көліктердің



QR- код арқылы планшет бағытымен оңға және солға жүретін бағыттары бойынша орналастырады. Планшет интерактивті тақтаға қосылған, тақтамен де ойнауға болады.

3-нұсқа : «Қандай көлік артық?»

Интерактивті тақтамен жұмыс.

Құралдар: көлік түрлері (жеңіл көлік, автобус, трамвай, кеме, жедел жәрдем, өрт сөндіруші көлігі, троллейбус, маршрутті такси, ракета, ұшақ)
Жүру барысы: Тақтада көрсетілген көліктерді ажырату және артығын табу арқылы бала көлік түрлерімен терең танысады.

Дидактикалық ойын №4 «Құмыра»

Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс әрекетін дамыту.

Бөлімі: Мүсіндеу.

Міндеті: Шығармашылық дағдыны қалыптастыру, қол моторикасын дамыту, ойлау қабілетін дамыту, еңбекке баулуды үйрету, балалардың қызғушы-лығын арттыру.

Ресурстар: Гончарный станок, саз балшық, су, қалақтары

Ойынның жүру барысы: Құмыраның құрылысымен таныстыру. Құмыра туралы мәлімет беру. Станокты таныстыруды жалғасытырып, жасалатын құмыраға қажетті құралдар қауіпсіздігімен таныстырады. Станокты қосып, ақырын қозғау арқылы алдын ала дайындалған саз балшықты дөңгента икемдейді. Нәтижесінде құмыра пайда болады. Бұл- заманауи құрылғы арқылы ойналатын, балаларға өте қызықты ойын түрі.



Дидактикалық ойын №5 «Саз балшықты зерттейік»

Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру.

Бөлімі: Қоршаған ортаны қалыптастыру.

Міндеті: Табиғатқа деген сүйіспеншілігін ояту. Саз балшық құрамына деген қызығушылығын арттыру.

Ресурстар: Микроскоп, саз балшық, қысқыш

Ойынның жүру барысы: Құрғақ саз балшықтың құрамын зерттейміз, құрғақ сазға суды құйып оның өзгеріске ұшырау процесін бақылау. Балаларға зерттеу алаңында қауіпсіздік шаралары, баланың киімдері, зерттеу құралдары туралы ақпарат беруге көмектесетін ойын.

Дидактикалық ойын №6: «Марблс тастарымен тортты безендірейік»

Танымдық зияткерлік дағдыны дамыту, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс әрекетін дамыту.

Бөлімі: Математика негіздері, құрастыру

Міндеті: Ұсақ қол моториканы, көру қимыл үйлесімін дамыту.

Ойынның жүру барысы: Қарандашпен балаларға сурет салғызуға жұмыс жасау. Салынған суреттерді мысалы: торттың суретін марблс тастарымен әшекейлейміз. Тастардың пішіндеріне қарай баланың кеңістікті бақылау ұғымын қалыптастыруға өте қолайлы.

Дидактикалық ойын №7 «Апорт алмасы. Мозайка»

Танымдық зияткерлік дағдыны дамыту, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс әрекетін дамыту.

Бөлімі: Математика негіздері, құрастыру

Міндеті: Ұсақ қол моториканы, көру қимыл үйлесімін дамыту. Балаларды еңбекке деген логикалық ойлау, қабілетін дамыту. Жасалатын жұмысты жылдам жасауға тәрбиелеу.

Ойынның жүру барысы: Түрлі түсті қағаз қиындыларымен алманың бейнесін құрастыру.

Дидактикалық ойын №8 «Ертегі құрастыру»

Коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс әрекетін дамыту.

Бөлімі: Көркем әдебиет, мүсіндеу

Міндеті: Ертегі туралы түсінік беру. Кейіпкерлерімен таныстыру, Кейіпкерлерді мүсіндеу.

Ресурстар: Мультстанок, вебкамера, ноутбук, құлаққап, ермексаз, фетрадан жасалған фон.



Ойынның жүру барысы: Кейіпкерлерді мүсіндейміз. Мүсінделген кейіпкерлерді кезекпен кезек фонның үстіне қойып, вебкамера арқылы фотоға түсіріп, арнайы бағдарлама арқылы әуен қосып балаға ертегіні айтқыза отырып, ертегі түсіру.

Дидактикалық ойын №9 «Жабайы жануарлар»

Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, танымдық зияткерлік дағдыны дамыту.

Бөлімі: Қоршаған ортаны қалыптастыру, математика негіздері.

Міндеті: Кеңістікті бағдарлай отырып, балалар жабайы жануарларды үй жануарларынан ажыратып алып, бағдарлы сызықтар бағыты бойынша орналастыруға дағдыландыру.

Ойынның жүру барысы: Балаларға үй жануарлары мен жабайы жануарлары беріледі. Жануарлар туралы, тіршілігі, дене құрылысындағы ерекшеліктерге тоқталып, сипаттай жүріп кеңестікті бағдарлай жабайы жануарларды бағдарлы сызықтар арқылы орналастыру.

Дидактикалық ойын №10 «Ғажайып кілемше»

Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.

Міндеті: түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;

Ресурстар: ұлттық аспаптардың, киімдердің, тағамдардың, ойындардың суреті



Ойынның барысы: Әуен жүреді ғажайып кілемшеде балалар жүреді, кілемше 4 ке бөлінген, қай бөлігінде балалар тоқтайды, сол бөлігіндегі ұлттық заттарды атайды QR код арқылы ашып көрсетеді.

Дидактикалық ойын №11 «Түрлі түсті асықтар»

Міндеттері: коммуникативтік-танымдық қабілеттерді, математикалық және логикалық ойлауды дамыту

Ресурстар: Текше, түрлі- түсті асықтар, асықтардың асында суреттер.

Ойынның барысы: түрлі түсті асық бар текшені ортаға лақтырады, сол асықтың астындағы затты атайды, сипаттайды.

Дидактикалық ойын №12 «Қай үйге барады?»

Міндеттері: сөздерге дыбыстық талдау жасайды: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтайды;

Ресурстар: Қызыл көк киіз үйлер суреті, дыбыстардың суреті, тетікше (трубочка)

Ойынның барысы: Балалардың алдында қызыл және көк киіз үйлер мен дыбыстар, тетікшелер тұрады. Тетікшенің көмегімен дыбыстарды үйіне апарады.

Дидактикалық ойын №13 «Ұлттық аспаптар ойыны»

Міндеттері: Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға үйрету.

Ресурстары: Домбыра, қобыз, скрипка, таяқша.

Ойынның барысы: әуен жүреді, аспаптарды таңдайды. Қай аспаптың әуені шықса, соны сомдайды. Соңынан бәрі қосылып шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.

Дидактикалық ойын №15: «Киіз үй ойыны»

Міндеттері: Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін сөздерді таныстыру.

Ресурстары: кереге, уық, шаңырақ, ағаш, керует, кебеже сандық, клем және т.б.

Ойынның барысы: Киіз үйдің құрлымымен таныстырып, оны құрастыру және ішіндегі заттарды таныстыру.

Дидактикалық ойын №16: «Қазақ халқының ертегілерін ата»

Міндеттері: коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;

Ресурстар: фонариктің жарығы

Ойынның барысы: фонариктің жарығы арқылы, жасырынған ертегіні табады, соны әңгімелейді, диалог құрады немесе сахналайды.

Дидактикалық ойын №17: «Кім көп біледі?»

Міндеттері: Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.

Ресурстар: сыртына жұмбақ, санамақ, тақпақ ертегі деп жазылған текше.

Ойынның барысы: балалар отырады, ортаға бір бала шығып текшені лақтырады, жұмбақ шықса жұмбақ айтады, санамақ шықса санамақ айтады, ойын солай жалғасады.

Дидактикалық ойын №18: «Ғажайып қапшықтар»

Міндеттері: «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.

Құрал-жабдықтары: Сан таңбаланған қапшық суреттері, асық есеп жазылған

Ойынның барысы: Жерде асықтар шашылып жатады, әуен жүреді, әуен тоқтағанда алған асығын есептің мәні бойынша қапшыққа орналастырады.



Авторлар мен дереккөздер:

Интернет желісі

- Гончарный станок туралы ақпарат
- Мобильді кітапхана
-

ЭБРУ ТЕХНИКАСЫ- БІЗДІҢ ТӘЖІРИБЕДЕ

Жардемгали Тоғжан

№34 «Нұрбөбек» бөбекжай-бақшасы тәрбиешісі

Бақшамызды бірнеше жылдан бейнелеу пәні мақсаттарын жүзеге асыру мақсатында «Шебер қолдар» үйірмесі жұмыс жасайды. Мақсатымыз: балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту. Биылғы оқу жылында шығармашылық бейнелеу іс-әрекеті күн сайын балалардың қызығушылықтарынескере отырып, ұйымдастырылады және мұнда бірнеше іс-әрекет түрі қатар жүруі мүмкін немесе көпшілігінің қалауы бойынша барлығы бір іс-әрекет түрімен айналысуына жағдай жасаудамыз.

Үйірме жұмысы арқылы біз балалардың айналадағы болып жатқан оқиғаларды ой елегінен өткізіп, тәжірибе жинақтауы және дағдыларды игеруі үшін олардың қиялын дамыту, шығармашылық қабілеттерін ашу, ол үшін балаларға жұмыс жасауғадайын үлгі беруді жиі қолданбау, бейнелеу құралдарын қолданып, бейнелерді, құрастыруларды өзбетінше жасауға ынталандыру, оларға еркіндік беру, тапсырманы шығармашылықпен орындауға баулуды көздейміз. Сонымен қатар, үйірме жұмысында дәстүрден тыс техниканы қолданудың маңызы зор. Балалардың қызығушылығын арттыру үшін «Эбру» техникасын жиі қолданамыз. «Эбру техникасы» дәстүрден тыс сурет салудың түрі, арт- терапияның бірі болып та табылады. Бұл техниканың пайдасы әр бала өзінің туындаған қиялына қарай сурет салады, өнерге деген қызығушылығы, шығармашылық қабілеті артады.

Балалар үшін «Эбру техникасы» нағыз ғажайып сурет салудың түрі.



«Эбру техникасы» бейнелеу өнеріндегі қызықты ерекше сурет салудың бір түрі. Бұл техниканың түп тамыры сонау Ежелгі Түріктерден бастау алып Шығыс елдерінің барлығына тараған. «Эбру» сөзінің түрікше мағынасы «Су бетінде» деп аударылады. Яғни, судың бетіне сурет салу. Ежелгі Шығыс елдерінде бұл техникамен тұрмыстық бұйымдар, керамика,



мраморларды, т.б. сәндеуге пайдаланған. Оның бояуының құрамы ерекше, табиғи майлардан, қосындылар жасаған.

11 ғасырда Ежелгі Түріктерден бастау алған «Эбру техникасы» оңай болып көрінгенмен, өте қиын, ұқыптылықты қажет ететін өнер болып табылады. Қазіргі заманға бұл техниканың дайын түрлері қорапшада сатылады. Оған қажетті құралдар; арнайы суға қосатын ерітінді ұнтақ, арнайы дайындалған бояулар, таяқшалар. Қолдану техникасы; шұңғыл, асты тегіс ыдысқа жылы суды құйып ерітіндіні біркелкі шашырыта отырып, екінші қолмен таяқша арқылы 10 минут араластырып отырады. Одан соң 10 минут бойы ерітінді еш қозғаусыз тегіс биіктеу жерге қоямыз.

Дайын болған ерітіндінің бетіне бояуларды тамшылату арқылы қиялымызға ерік беріп дақтарды тамызамыз. Бір түсті дақтың үстіне басқа түсті дақты тамшылатуға болады. Таза таяшаның ұшымен дақты созу тәсілі арқылы сурет саламыз. Неше түрлі түстермен өрнектерді саламыз немесе салған суретімізді өрнектей отыра, ғажайып құбылыстың шығуына ықпалын тигіземіз.

Ғажайып салған суретімізді ерітіндінің бетіне қағазды ұқыпты жайып түсіріп аламыз. Бір пайдаланған ерітіндіні тағы да сурет салып пайдалана береміз. Ерітінді су екі күнге ғана жарамды болып өзінің қалпын сақтап тұрады. Сондай-ақ бұл өнер түрі жасөспірімдердің ойлау қабілетінің, қиялының дамуына көп септігін тигізеді. Бақшамызда үйірмеге қатысатын балалар көбіне салмақты көп ортаға қосыла қоймайтын немесе гиперактивті балалар қатарынан. Жылдың соңында тәрбиешілер және ата-ана тарапынан ризашылық сезімдерін білдіріп: бала бойындағы тұрақтылық, еңбекке құштарлық, шыдамдылық, бастаған ісін аяғына дейін жеткізетін тұлға болатынын қуанышты жеткізгені бізге одан әрмен жігер бергендей. Сондықтан да, біз өз тәжірибеміздегі тиімді тұстарын саралап, сіздерге де қолдануға кеңес береміз.

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ БОЙЫНША ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР ӘЗІРЛЕУ» (6 СЫНЫП)

Ихсанғалиева Рита Мирамғалиевна

Атырау облысы, Атырау қаласы

*Д. Қонаев атындағы BINOM SCHOOL мектеп – лицейінің тарих
пәні мұғалімі*

Тарих сабақтарындағы функционалдық сауаттылық тұжырымдамасы тарихи білімге трансформациялық тәсілді білдіреді. Бұл күндер мен фактілерді механикалық есте сақтаудан асып түседі және оқушыларды тарихқа сыни, аналитикалық және жанашырлықпен қарауға шақырады. Бұл жан-жақты зерттеу функционалдық сауаттылықты тарихи білімге енгізудің маңыздылығын, стратегиясын және мәселелерін атап көрсетеді, оның ақпараттандырылған, ойлы азаматтарды қалыптастырудағы шешуші рөлін көрсетеді.

Функционалдық сауаттылықтың негізінде тарихи оқиғаларды кеңірек контекстке қою мүмкіндігі жатыр. Бұл оқиғалардың өзін ғана емес, оларға әсер еткен әлеуметтік-саяси, экономикалық және мәдени жағдайларды түсінуді білдіреді. Мұндай контекстуализация сыни ойлау дағдыларын дамыту үшін өте маңызды. Бұл студенттерге себеп-салдарлық байланыстардың күрделілігін және тарихи нәтижелерді қалыптастыратын көптеген факторларды біле отырып, тарихты әртүрлі призмалар арқылы қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл дағды қазіргі әлемде өте маңызды, мұнда жеңілдетілген әңгімелер көп қырлы шындықтарды жиі көлеңкелейді.



Түсіндірме жазба

«Қазақстан тарихы сабақтарында функционалдық сауаттылық бойынша тапсырмалар әзірлеу»

Мақсаты: тарих сабағында білім алушылардың функционалдық (оқу) сауаттылығын дамытуға бағытталған тапсырмаларды әзірлеу. Функционалдық сауаттылық бағыты: оқырман

Тақырып: Қазақ хандығының құрылуы.

Оқу мақсаттары:

6.3.1.9 Қазақ хандығы құрылуының тарихи маңызын анықтау;

6.2.3.4 М.Х.Дулатидің «Тарихи-Рашиди» еңбегінің маңыздылығын түсіндіру

Тапсырмалар:**1. Мәтінді пайдаланып, сұрақтар тізбегіне жауап беріңіз:**

Қазақ хандығының құрылуы XV ғасырда болған аса маңызды тарихи оқиғалардың бірі. Бұл оқиға қазақ халқының этнос ретінде қалыптасуында және оның саяси құрылымының құрылуында ерекше рөл атқарды. Қазақ хандығының пайда болуына әкелген процестер ұзақ уақыт бойы жүріп, оның негізінде ішкі саяси және сыртқы геосаяси жағдайлар әсер етті.

Қазақ хандығы - Қазақстан аумағында бұрын болған мемлекеттік құрылымдардың мұрагері, этникалық процестермен байланысты әлеуметтік қатынастардың өзгерістер мен экономикалық даму нәтижесі. 1457 жылдың күзінде Әбілқайыр хан Сығанақ түбінде қалмақтардан жеңілгеннен кейін, Керей мен Жәнібек сұлтандар қол астындағы ру-тайпалармен Шу өңіріне келіп қоныстанып, Қазақ хандығының негізін салады. Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи Рашиди» кітабында Қазақ хандығының құрылған жері - Шу бойы мен Қозыбасы деп айтылады. 1458 жылдың көктемінде Керейді ақ киізге көтеріп хан сайлайды. Әбілқайыр ханға наразы сұлтандар, әмірлер, ру-тайпа басылары Керей мен Жәнібекке келіп қосылады. Аз уақыттың ішінде халықтың саны 200 мыңнан асып түседі. Қазақ хандығының құрылуы осыған дейін бүкіл Қазақстан аумағында болған әлеуметтік-экономикалық және этно саяси процестердің заңды қорытындысы еді.

ндықтағы жоғары билік хан қолына шоғырландырылды. Салт бойынша, хан тағына отыруға рудағы үлкен ұлдың құқығы басым болды. Хан әскерлердің бас қолбасшысы және жоғарғы сот қызметін атқарды, шет мемлекеттермен келіссөздер жүргізу, соғыс жариялау мен бейбіт бітім жасау, заңдар шығару және хандықтың бүкіл аумағын билеудің бас құқығына ие болды.

<https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/8625>

	Неліктен Жетісуға қоныс аударды?	Неліктен Қазақ хандығы үшін Жетісу жерін қолайлы санайды?
		Неліктен халық Керей мен Жәнібектің соңынан ерді?
		Неліктен оңтүстік өңір экономикалық аймақ саналды?
Неліктен Қазақ хандығы бөлініп шықты?	Неліктен Керей мен Жәнібек басқарды??	Неліктен билікке бірінші Керей отырды?
		Неліктен Керей мен Жәнібек хандық құруға шешім қабылдады?
		Неліктен билікті Жәнібек ұрпақтары жалғасытырды?
		Неліктен Есен Бұға қазақ сұлтандарға қолдау көрсетті?



Неліктен Моғолстан билеушісі Керей мен Жәнібекті қуана қарсы алды?

Неліктен Қазақ хандығының құрылу тарихында Ақ Орда мемлекеті мен Моғолстанның алатын ролі жоғары болды?

Неліктен Есен Бұға Шу мен Қозыбасы аймақтарын берді?

2.М.Х. Дулатидің «Тарихи Рашиди» еңбегінің маңыздылығын дәлелдеп, қорытынды жазыңыз.

Әбілқайыр хан қайтыс болған соң, өзбек ұлысы бір-бірімен шайқасты. Жұрттың көпшілігі Керей мен Жәнібек ханның маңына топтасты. Олар Моғолстанға кетіп қалды, Есен-Бұға хан оларды құрметтеп қарсы алды. Олардың саны 200 мың адамға жетті. Олар «өзбек-қазақ» атала бастады. Қазақ сұлтандарының алғаш билік жүргізуінің басы 1465-1466 жж басталады. 1534 ж. қазақтар Өзбекстанның көп бөлігіне биліктерін орнатты.

Деректің авторы – Мұхаммед Хайдар Дулат. Ол Моғолстан хандарында қызмет етіп, өмірінің соңғы күндерін Үндістанда өткізді. Рашидтың тарихы кітабының бірінші дәптерін 1544-1546 жылдары толықтырып аяқтады

Деректе қандай тарихи фактілер келтірілуде? _____

Деректің тарихи маңыздылығына дәлел келтіріңіз.

1 дәлел _____ 2 дәлел _____

ел _____ 3 дәлел _____

_____ 4 дәлел _____

Тақырып: Қасым хан тұсындағы Қазақ хандығының күшеюі.

Оқу мақсаттары:

6.3.1.1. қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау;

6.3.2.6. қазақ хандарының сыртқы саясатын талдау

Тапсырмалар:

Қасым хан (шамамен 1445 – 1521 жылдары) – Қазақ хандығының ханы (1511 – 1521), Жәнібек ханның ұлы. Тарихта Қасым ханның есімі Қазақ хандығының күшеюі және нығаюымен тікелей байланысты. Жазба деректерде Қасым хан 15 ғасырдың 70 – 90 жылдары Қазақ хандығының Сыр бойындағы қалалар мен өңірлер үшін жүргізген күрестерге белсене қатысады, басшылық етеді. Бұл кезде қазақ ханы Керейдің ұлы Бұрындық, қазақ әскерінің қолбасшысы Қасым хан болды. Осы кезеңдегі оқиғаларды баяндайтын деректер Қасым ханды «белгілі сұлтан және атақты баһадүр» деп атайды. Ширек ғасырға созылған Сыр бойы үшін күресте Қасым хан және Жәнібек ханның басқа да ұлдары Сығанақ, Сауран,



Отырар, Сайрам түбінде бірнеше рет Шайбани хан әскерін тас-талқан етіп жеңеді. 15 ғасырдың 90 жылдары жасалған бейбіт келісім бойынша Қазақ хандығына Сығанақ пен Сауран өтеді. Бұл қалаларда Жәнібек хан ұлдары билік жүргізеді.

15 ғасыр басында Мауераннахрды бағындырып, үлкен күшке ие болған Мұхаммед Шайбани хан 1506 – 1510 жылдары үздіксіз төрт рет қазақтарға жорық ұйымдастырады. Бұрындық хан Шайбани ханның алғашқы үш жорығына тойтарыс ұйымдастыра алмайды. Оның беделі төмендейді. Ал жазба деректерде «бұл кезде Қасым хандық билікте болмаса да, оның беделі ханнан күшті болды» және «өзін дербес ұстау үшін Бұрындық ханнан алыста көшіп-қонып жүрді» делінеді. 1510 жылы Шайбани ханның соңғы, төртінші жорығы Ұлытау өңіріндегі Қасым ханның ұлысына бағытталады. Қасым хан әскері Шайбани хан әскерін тас-талқан етеді де, жауды Сыр бойынан қуып шығады. Осы жеңістен соң, ешкім де Бұрындық хан туралы ойламай, Қасым хан билігін мойындайды. Бұрындық болса Самарқан жаққа кетуге мәжбүр болады. 1511 – 1513 жылдары Қасым хан Шайбанилар ісімен айналысады. 1512 – 1513 жылы ерте көктемде Қараталдағы Қасым ханға Сайрам қаласының әкімі Қаттабектен адам келіп, Қасым хан билігін алуын сұрайды. Қасым хан Қаттабектің ұсынысын қабыл алып, ол жаққа бір әмірін жібереді де, өзі Тараз жаққа бағыт ұстайды. Қаттабектің ұсынысымен Қасым хан Ташкентке жорық жасайды. Бірақ жорық сәтсіз болып, Қасым хан Сайрам маңына қайта оралады. 1513 жылы жазында Шу бойындағы Қасым хан Ордасына Әндіжаннан моғол ханы Сұлтан Сайд хан елшілікпен келеді. Оның мақсаты – Ташкенттегі Сүйініш ханға, жалпы Мауераннахрдағы шайбанилар әулетіне қарсы бірігіп күрес ұйымдастыру еді. Қасым хан бұл ұсынысқа дипломат. жолмен жауап береді. Сұлтан Сайд хан мақсатына жетпесе де, Қасым ханның көрсеткен құрметіне өте риза боп қайтады. 1517 – 1521 жылдары Қасым хан Қазақ хандығының батысында белсенді саясат жүргізеді. Ноғайлардың бір бөлігі қазақтарға қосылып, шекара Еділге дейін жетеді. Орыс деректері бойынша Қасым хан 1521 жылы қыста қайтыс болады. Денесі Сарайшықта жерленеді. Қасым хан тұсында қазақ әскерінің саны 200 мың, халқының саны 1 млн-ға жетеді. Шекара батыста Еділге, оңтүстікте Ташкентке дейінгі жерлерді қамтыды. Қасым хан өз тұсында берік және адал хандардың бірі болды.

<https://e-history.kz/kz/prominent-figures/show/12516>

1.«Ақпаратты бөлісейік». Мәтінмен жұмыс.

А) Қасым ханның Қазақ хандығын нығайтудағы роліне баға беріңіз:

Ә) Қасым ханның ішкі саясаты орталық билікті нығайтуға бағытталды:

Себеп _____

Дәлел _____

В) Қасым ханның сыртқы саясатының ерекшелігі:

Себеп _____

Дәлел _____

2.Қасым хан тұсындағы Қазақ хандығының дамуын басқа хандардың тұсымен салыстыру үшін кесте жасаңыз. Әрбір ханның тұсында болған өзгерістер мен жетістіктерді көрсетіңіз:

Хан	Басқару ерекшеліктері	Дипломатиялық байланыстар	Экономикалық жағдай

Тақырып: Жәңгір хан тұсындағы қазақ-жоңғар қарсылығы.

Оқу мақсаты: 6.2.2.3 көшпелілердің әскери өнері жетістіктерін сипаттау;

6.3.2.7 Орбұлақ шайқасындағы қазақ жасағының әскери өнердегі шеберлігі мен ерлігін бағалау

Тапсырма:

Жәңгір хан шамамен 1635 жылдан 1652 жылға дейін Қазақ хандығын басқарған. Оның тұсында Қазақ хандығына жоңғар шапқыншылығы жиілеп, елге ауыр қауіп төнді. Жоңғарлар Орта Азияның ірі мемлекеттерімен үнемі соғысып, өз жерін кеңейтуге ұмтылды. Осындай сындарлы кезеңде Жәңгір ханның әскери және басшылық қабілеті халықтың азаттық күресін ұйымдастыруға мүмкіндік берді.

Орбұлақ шайқасының алдында жоңғарлар қазақ жеріне бірнеше рет шабуыл жасап, елге қауіп төндірген еді. 1643 жылы Жоңғар хандығының басшысы Батыр қонтайшы 50 мың жауынгермен Қазақ хандығына қарсы жорық ұйымдастырды. Бұл басқыншылыққа Жәңгір хан небары 600 сарбазбен қарсы тұруға мәжбүр болды, алайда ол ерекше тактика қолдану арқылы сан жағынан басым жоңғар әскерін тоқтата алды.


Орбұлақ шайқасы Жетісу өңіріндегі Орбұлақ мекенінде өтті. Жәңгір хан мен оның сарбаздары жоңғарлардың шабуылын тау ішінде тосқауылдап, **шұңқырлы қорғаныс** ұйымдастырды. Ол тар өткелдерге бекініс жасап, жоңғар әскерін осал жерден соққы беретін орынға шақырып, **мергендер арқылы қарсыласты әлсіретіп** отырды.

Жәңгір ханның тактикасы жаудың үлкен әскери күшін кідіртуі, оларға ауыр шығын әкелді. Бұл ұрыс кезінде оған көмекке Самарқан әмірі, атақты батыр **Жалаңтөс баһадүр** 20 мың әскермен келді. Осылайша, қазақтар жоңғарларға шешуші соққы беріп, жаудың үлкен әскерін кері шегінуге мәжбүр етті.

Орбұлақ шайқасы Қазақ хандығы үшін үлкен саяси және моральдық жеңіс болды. Осы шайқас арқылы қазақтар сыртқы басқыншыларға қарсы тұруға дайын екенін және өз жерін қорғау үшін бірлік пен ерлік көрсете алатынын дәлелдеді. Орбұлақ шайқасының жеңісі жоңғарларға қазақтардың тәуелсіздігінен бас тартпайтынын айқын түсіндірді.

<https://e-history.kz/kz/prominent-figures/show/12522>

1.Тарихи хронология құру. Шайқасқа дейінгі, шайқас кезіндегі және шайқастан кейінгі негізгі оқиғаларды уақыт тәртібімен орналастырыңыз.





2. Сурет салу немесе постер жасау

Орбұлақ шайқасын бейнелейтін сурет салыңыз немесе постер жасаңыз. Шайқас тактикасын, шұңқырлы бекіністерді, тау ландшафты және Жалаңтөс баһадүрдің әскерлерінің келуін бейнелеуге тырысыңыз.

3. Дискуссияға сұрақтар:



- Егер Жалаңтөс баһадүр қазақтарға көмекке келмегенде, шайқас нәтижесі қандай болар еді?
- Орбұлақ шайқасында қолданылған тактика қазіргі заманғы әскери стратегияларда қолданылуы мүмкін бе?
- Орбұлақ шайқасының маңыздылығы неде деп ойлайсыз?

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ӘЙЕЛ БЕЙНЕЛЕРІ

Ізболова Ханзада Мұхамбетжанқызы

27 И.Тайманов атындағы орта мектебі

қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі,

педагог-сарапшы

Аннотация: Бұл мақалада қазақ әдебиетіндегі әйел бейнелері, олардың эволюциясы және ұлттық құндылықтар мен мәдени мұраның дамуына әсері қарастырылады. Әйелдің отбасының қамқоршысы, даналықтың иесі және бостандық пен жеке бақыт үшін күрестің символы ретіндегі рөліне ерекше назар аударылады. Абай Құнанбаев, Мұхтар Әуезов және Ғабит Мүсірепов сияқты қазақ классиктерінің, сондай — ақ қазіргі заманғы авторлардың шығармаларының мысалында ана мен әйелдің дәстүрлі рөлінен тәуелсіз және күшті тұлғаға дейінгі уақыт өте келе әйел образдарын қабылдау қалай өзгергені зерттеледі. Әйел кейіпкерлерінің ұлттық бірегейлікті сақтаудағы және қазіргі заманның қиындықтарына бейімделудегі маңыздылығын көрсетемін.

Кілттік сөздер: әйелдер бейнесі, қазақ әдебиеті, ұлттық бірегейлік, мәдени мұра, дәстүрлі рөл, бейнелердің эволюциясы, бостандық пен тәуелсіздік, қазақ мәдениеті, әдеби кейіпкерлер, әлеуметтік өзгерістер.

Қазақ әдебиеті өзінің терең тарихы мен бай мәдениетімен қоғамның әйел рөліне деген көзқарасын әрдайым бейнелеген. Қазақ әдебиетінде әйел бейнелері әр түрлі және көп қырлы, бұл олардың өмірі мен ішкі әлемінің әртүрлі аспектілерін қарастыруға мүмкіндік береді. Бүгін біз қазақ поэзиясындағы әйел адамдарының даналықты, адалдықты, сүйіспеншілікті, сонымен бірге күшті, тәуелсіздікті, өмірдегі қиындықтарға төзімділігі жөнінде қарастырсақ. Қазақ әдебиеті дамуының әртүрлі дәуірлері әйелдерге сол кездегі әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды бейнелейтін әртүрлі рөлдерді ұсынады.

Қазақ әдебиетінің алғашқы шығармаларында, әсіресе эпостар мен аңыздарда әйелдер ошақ пен дәстүрді сақтаушы ретінде маңызды рөлдегі тұлғалар. Олар көбінесе күйеулері мен ұлдарын қолдаған жанқияр аналар мен әйелдер ретінде жеткізілген. "Қозы Көрпеш пен Баян Сұлу" эпосындағы Қарашаш бейнесі мысал бола алады. [1] Ол тек сүйіктісін ғана емес, сонымен бірге махаббат үшін өзін құрбан етуге дайын адал әйелдің де бейнесінде. Махаббат пен таңдау еркіндігіне құқығын қорғайтын Баян Сұлудың бейнесі әлеуметтік үміттерге қарамастан жеке бақыт үшін күресті білдіреді.

Қазақтың ұлы ақыны және философы Абай Құнанбаевтың шығармаларында әйел бейнелері философиялық мәнге ие болады. Абай әйелдің сұлулығына ғана емес, оның рухани күшіне, даналығына, жанқиярлық қабілетіне де назар аударады. Абай өлеңдерінде әйелдер ұлы істерге шабыт бере алатын тіршілік иелері ретінде бейнеленген, ал олардың сұлулығы мен ақыл-ойы



ақынға терең таңданыс тудырады. Мысалы, "Ана" өлеңінде ол ананы шабыт пен адамгершілік тәрбиесінің қайнар көзі ретінде сипаттайды, оның жеке тұлғаны қалыптастырудағы рөлін атап көрсетеді. [2]

Қазақ әдебиетіндегі көптеген әйел бейнелері жас ұрпаққа білім мен адамгершілік қағидаттарын беретін тәлімгерлер, рухани құндылықтарды сақтаушылар рөлін атқарады. Ана, әже, үлкен әпке бейнесі әдебиетте әйелге тек отбасының ғана емес, бүкіл халықтың тағдырына әсер етуге мүмкіндік беретін ерекше күшке ие. Мысалы, Ғабит Мүсіреповтің шығармаларында әйелдер көбінесе даналық пен адамгершіліктің символы ретінде ұсынылады, соның арқасында қазақ дәстүрлері мен мәдениеті сақталады. Бұл сурет әйелдің әр адамның өміріндегі тірек және тәлімгер ретіндегі маңыздылығын көрсетеді. [3]

XX ғасыр әдебиетінде әйел бейнелері жаңа белгілерге ие болады: олар басқа мәдениеттер мен әлеуметтік өзгерістердің әсерінен өзіндік ерекшелік пен ұлттық бірегейлікті сақтау үшін күресті бейнелейді. Дулат Исабеков пен Роллан Сейсенбаевтың шығармаларынан әйелдердің бостандық пен тәуелсіздікке ұмтылып қана қоймай, сонымен бірге мәдени мұраны сақтау үшін күресіп жатқанын көруге болады. [4] Мықты әрі табанды қазақ әйелінің бейнесі ұлттың жаһандану мен өзгерістер жағдайында өз тамыры мен құндылықтарын сақтау қабілетін бейнелейді, оның елдің мәдени дамуындағы маңыздылығын атап көрсетеді.

XX ғасырдан бастап Қазақстанда модернизация және эмансипация идеяларының күшеюімен әдебиеттегі әйел бейнелері еркін әрі тәуелсіз бола бастады. Осы кезеңде әйелдер дәстүрлі рөлдерден бас тартып, тәуелсіздікке ұмтылатын шығармалар пайда болады. Мұхтар Әуезов пен Ғабит Мүсірепов сияқты авторлардың шығармаларында әйел кейіпкерлеріне рух күші, еркіндік пен өзін-өзі дамытуға деген ұмтылыс берілген. Мысалы, романда М. Әуезовтің "Абай жолы" (Абай жолы) Абайдың әйелі Әйгерім бейнесін байқауға болады, ол оның өмірінде маңызды рөл атқарады және оған барлық дәстүрлі шектеулерге қарамастан елеулі әсер етеді.

Дулат Исабеков, Роллан Сейсенбаев және Гүлнар Сальмурза сияқты заманауи Жазушылар әйелдерді урбанизация, жаһандану және экономикалық қиындықтар жағдайында туындайтын әлеуметтік және психологиялық проблемалар тұрғысынан ұсынады. Өз шығармаларындағы әйелдер қазіргі қоғамның қиындықтарымен күреседі, әлемде өз орнын табады және өздерінің мәдени мұраларын қайта қарастырады. Олардың шығармаларында әйелдер біржақтылық пен стереотиптерге қарсы күресетін күшті тұлғалар ретінде ұсынылған.

Қазақ әдебиетіндегі әйел бейнелері қоғаммен бірге дамиды, бұл әйелдің отбасы мен қоғамдағы рөлі туралы көзқарастардың қалай өзгеретінін көрсетеді. Олар әйел өмірінің әртүрлі қырларын қамтиды: адалдық пен қолдаудың нышандарынан Тәуелсіздік пен күш бейнелеріне дейін. Қазақ әдебиеті әйелдің ішкі тыныштығы мен күшін ашып қана қоймай, оның өзгермелі әлеуметтік нормалар жағдайында өзі болу құқығы үшін күресін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмалиев, Қ. "XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті, 1960
2. Құнанбаев, А. өлеңдер мен поэма. Алматы: "Жазушы" Баспасы, 1989.
3. Әуезов, М. Абай жолы (Абай жолы). Алматы: Жазушылар, 1967.
4. Сыздықова, Р. "Сөздер сөйлейді", 1980

БОЛАШАҚҚА БАҒЫТТАЛҒАН МАМАН

Кабиева Тлекши

Сүйіндік жалпы орта мектебінің оқу ісі орынбасары

Қазіргі заманның динамикалық және тез өзгертетін ортада жұмыс жасап жатқан маман үшін болашаққа бағытталу өте маңызды. Бұл заманауи нарық талаптарына сай болуымен қатар, жеке кәсіби дамуға да ықпал етеді.



Жақында Сүйіндік жалпы орта мектебінде оқу ісі орынбасарларының ұйымдастыруымен "Болашаққа бағытталған маман: Қазіргі заманғы дағдыларды қалыптастыру" тақырыбында ағарту іс- шарасы өткізілді. Бұл іс-шараның негізгі мақсаты – мұғалімдердің цифрлық сауаттылығын арттыру, позитивті және қолдау көрсететін оқу ортасын құра білу сияқты маңызды дағдыларды дамыту, болашақта табысты болу үшін қандай қасиеттер мен білім қажет екендігі туралы ой салу болды.

Іс-шарада маңызды екі бағыт: "Эмоционалды Интеллект" және "Ғаламтор кеңістігіндегі педагогтың виртуалды тұлғасы" қарастырылды.

«Эмоционалды интеллект» бөлімінде мұғалімдерге өздерінің және оқушыларының эмоцияларын түсінудің және басқарудың маңыздылығы, эмоцияларды тану, дұрыс басқару және оқу процесінде оң нәтижелерге пайдалану жолдары айтылды.

Ал, «Ғаламтор кеңістігіндегі педагогтың виртуалды тұлғасы» бөлімінде мұғалімдердің ғаламтор кеңістігіндегі виртуалды тұлғаларын құру және басқару маңыздылығын атап өтіп, оқыту мен оқуды жақсарту үшін интерактивті технологияларды пайдалану жолдары көрсетілді. Болашаққа бағытталған маман болу - бұл үздіксіз оқу мен өзін-өзі жетілдірудің, технологияларды меңгерудің, өзгерістерге ашық болудың және тиімді қарым-қатынас жасаудың үйлесімін талап ететін ұзақ процесс. Технологиялар мен нарық талаптарының дамуына сай, болашақ маман тек қана тұтынушы емес, сонымен қатар өзгерістердің жүргізушісі де болуы керек.

Бұл шара біздің білім беру мекемеміздің болашаққа бағытталған кәсіби мамандарды дайындауға қосар үлесінің жарқын көрінісі болды.

Іс-шара аяқталған соң, қатысушылардан алынған кері байланыстар өте жағымды болды. Ұстаздар заманауи талаптарға сай болу үшін қажырлы еңбек пен үздіксіз даму қажет екендігін растады.

ҚҰМ ӘЛЕМІ

Қанатбаева Эльмира Бағытқызы

Атырау облысы, Махамбет ауданы

«Алтын-ай» бөбекжай- бақшасы тәрбиешісі, педагог - модератор

«Ғажайып құм әлемі»

Мақсаты: Тәрбиеленушілердің физикалық қасиеттерін, коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс – әрекетін, әлеуметтік – эмоционалды дағдыларын қалыптастырып, құм туралы түсінік беру. Ғажайып саяхат арқылы балалар қиялдарын шыңдау, тапқырлығын арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Ұжыммен жұмыс жасауға үйрету. Зерттеушілік қабілеттерін ояту.

Қажетті құрал-жабдықтар: алдын-ала дайындалған бөлме, интерактивті құм (песочница) музыка әуені т.б.

Барысы:

(Балалар музыка әуенімен топқа билеп кіреді, музыка тоқтаған кезде өз жылулықтарымен бөліседі.)

Балалар: Бүгінгі жылулығымыз сіздер үшін (қолдарындағы түлі-түсті жүрекшелерді үреді) Тәрбиеші:

Менің кішкентай шейхтарым мен сіздерді ғажайыптарға толы құм елі Сафариға саяхатқа шақырамын. Олай болса түйелерімізге мініп, ғажайып елге аттанайық. Ол елге бару үшін біз оң жағымызда бағыт- бағдар беріп тұрған жолмен барамыз.

Тәрбиеші: Балалар жан- жағымызға қарайықшы не байқап келеміз?

Балалардың жауабы: Айналаның барлығы шексіз, шетсіз құм, түйелер, тасбақалар. Құм елінде күн ыстық екен.



Құм елі бізге өзінің құпияларымен ғажайыптарын көрсету үшін біз осы елдің ережелерін білуіміз керек. Біз еске сақтайтын бірінші ереже-құмды төкпей-шашпай, ұқыпты пайдаланамыз. Екінші ереже-құммен жұмыс жасағанда тағыда ұқыптылық керек. Құм ұстаған қолымызбен көзімізді, мұрнымызды ұстамаймыз.

Біз осы ережелерді сақтауға дайынбыз, ба?

Балалардың жауабы: Ия дайынбыз.

Алдымен барлығымыз құмға жақындаймыз. Құммен амандасайық, қолымызға ұстап көреміз, сипаймыз.

Тәрбиеші: Балалар құм қандай екен?

Балалардың жауабы: Құм жұмсақ екен, сусылдақ, түсі қоңыр.

Айналаға қараңдаршы қандай керемет? Нені көріп тұрсыңдар?

Балалардың жауабы: Түрлі-түсті көбелектер ұшып жүр.

Осы көбелектерді ұстап, сипап қарайықшы. Түстері қандай екен?

Балалардың жауабы: Сары, көк, қызыл, жасыл, Көбелектер ұстағанда жұп-жұмсақ екен, жеп-жеңіл, қатты қысуға болмайды.

Балалар қазына дегеніміз не екенін білесіңдер ме?

Балалардың жауабы: Ия

Тәрбиеші: Ол не екен?

Балалардың жауабы: Апай, мен қарақшылар мультфильмінен көрдім

-Қазына деген-ол байлық.

-Жасырылып қалған қымбат зат.

Тәрбиеші: Сіздер ғажайып құмнан қазына іздеуге дайынсыңдар ма? Ендеше «Қазына тап» ойынын ойнаймыз. Қазына қай жерде екенін білу үшін тапсырманы мұқият тыңдаймыз.

(Балалар «Қазына тап» ойынын өте қызығушылықпен ойнайды тапқан қазыналарды сыйға алады.)



Балалар түрлі-түсті ,сиқырлы құмға назар аударайықшы.

Тәрбиеші: Құм қандай түске айналды?

Балалардың жауабы:Сары түске айналды.

Тәрбиеші:Айналамызда сары түсті қандай заттар бар?Өздеріңе ұнаған сары түсті затты құм бетіне бейнелейміз.

Әр бала ненің суретін салғанын айтады.

Тәрбиеші:Балалар салған суреттерін өте тамаша,жарайсындар!

«Сахара ойыны»



Балалар:Біз құмда жүріп шөлдедік.Құмды қазып көрейікші мүмкін құм астынан су шығар.



Балалар:Алақай,алақай! Апай су шықты,суды таптық.Ендеше шөлімізді қандырып, мөлдір суды ішіп алайық.

Тәрбиеші:Судың бетінде қалқып жүрген Алладиннің сиқырлы құмырасын қараңдар,балалар! -Ішінде не бар екен?Қане ашып көрейікші.(Құмыраның аузын ашқан кезде сиқырлы дыбыс естіледі)

Сиқырлы дыбыс:Құрметті балалар сендердің ғажайып құм әлеміне келгендеріңді білемін.Онда сендер қазынаны тауып қуандыңдар.Ал ең үлкен қазына-ол білім.Мен сендерді білім еліне шақырамын.

Тәрбиеші:Балалар,білімді болу үшін бізге берілген қызықты тапсырмаларды сенсорлы үстелде орындаймыз.

«Күз бояулары», «Жануарды құрастыр», «Жұмбақты шеш», «Түстер мен пішіндер», «Шарлар» ойындарын сенсорлы үстелде өте қатты қызығушылықпен ойнайды.

Тәрбиеші:Міне балалар біздің бүгінгі қызықты сәттерге толы ғажайып құм еліне саяхатымыз аяқталды.Саяхат барысында біз көп білдік,үйрендік.

Балалар өскенде кім болғыларың келеді?

Балалардың жауабы: өздеріне ұнайтын мамандықтарды айтады.

Өте тамаша.Осы армандарымыз орындалу үшін біз бәрін біліп үйренуіміз керек екен.Алдағы уақытта осы құрылғы(интерактивті песочница) арқылы білімізді шындайтын боламыз.

Бүгінгі саяхат барысында тапсырмаларды жақсы орындадыңыздар.

Ғажайып сәттерден естелік ретінде сендерге сиқырлы көбелектер сыйлаймын.





XX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫ: ТӘУЕЛСІЗДІК ДАУЫСТАРЫ

Латипова Гүльфара Максұтовна

*№27 И.Тайманов атындағы орта мектебінің қазақ тілі және әдебиеті
пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы*

XX ғасыр қазақ поэзиясының дамуындағы маңызды кезең болды. Бұл кезең турбулентті тарихи өзгерістер, ұлттық бірегейлік үшін күрес және тәуелсіздікке ұмтылу оқиғаларымен толы. Осы уақыттағы ақындар цензура мен саяси қысымға қарамастан, халықтың армандары мен ұмтылыстарын бейнелеп, өз шығармаларында бостандыққа, тәуелсіздікке және ұлттық мақтанышқа деген ұмтылысын білдірді.

XX ғасыр Қазақстан үшін дәстүрлі қоғамның жойылуынан және Ресей империясына қосылудан бастап Ұлттық көріністерге, оның ішінде әдебиетке қатаң шектеулер қойған Кеңес Одағының құрылуына дейінгі драмалық өзгерістер кезеңі болды. Сталин кезінде қазақ мәдениеті кеңестік идеологияның қатаң баспасөзінде шектеулер қойып, бірақ соған қарамастан қазақ ақындары өздерінің бірегейлігі, тәуелсіздік және сөз бостандығы құқығы үшін күрестерді жалғастырды. XX ғасырдағы қазақ поэзиясының дамуының негізгі кезеңдерін бірнеше негізгі кезеңдерге бөлуге болады: 1) революцияға дейінгі және революциялық кезең (XX ғасырдың басы); 2) кеңестік кезең (1920-1980 жылдар); 3) посткеңестік кезең (XX ғасырдың аяғы) [1].

XIX және XX ғасырлар тоғысында қазақ поэзиясы елдегі саяси және әлеуметтік жағдайға жедел ден қоя бастады. 1917 жылғы Революция, жаңа қоғамдық тәртіптің пайда болуы, сондай-ақ алаш орда сияқты Қоғамдық қозғалыстар көптеген ақындардың шығармашылығына айтарлықтай әсер етті. Осы уақыттың ең жарқын өкілдерінің бірі Сәкен Сейфуллин болды, оның шығармашылығы халықтық азаттық пен ұлттық тәуелсіздік үшін күрестің символына айналды. Оның өлеңдері шешімділік пен Рухтың күшін, қазақ халқының құқықтары мен бостандықтары үшін күресуге дайын екендігін білдірді [2]

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін поэзия идеологиялық талаптарға бағынуға мәжбүр болды. Кеңес өкіметінің алғашқы онжылдықтарында Жамбыл Жабаев және Мұқан Тағасов сияқты қазақ ақындары идеологиялық адалдық пен ұлттық дәстүрлерді сақтау арасындағы тепе-теңдікті ұстауға тырысты. Соған қарамастан, поэзиядағы қатаң цензура жағдайында да наразылық элементтері, сондай-ақ ұлттық санаға жасырын сілтемелерді өз оқырмандарына бағыттауға тырысты. Мысалы, жоғарыда айтып өткеніміздей Сейфуллин ағамыз биліктің қысымына қарамастан, қазақ халқының тағдыры туралы өткір сұрақтар қоюдан қорықпайтындардың бірі болды. Оның шығармалары патриотизм рухымен және бостандыққа деген ұмтылыспен қаныққан. Ақын сонымен қатар әдеби және мәдени қызметпен белсенді айналысып, қазақ кеңес әдебиетінің қалыптасуында маңызды рөл атқарды [3] Осы уақытта ресми идеологияға қарамастан, халықтық құндылықтарды, қазақ мәдениеті мен дәстүрлерін насихаттауды жалғастырған Жамбыл Жабаев та ерекше көзге түсті. Оның отансүйгіштікке, гуманизмге және халық даналығына толы шығармалары сол дәуірдегі қазақ поэзиясының негізіне айналды. Жамбыл сонымен қатар езгіге қарсы тұрудың символына айналды және ұлттық мүдделерді қорғауда тұрды, бұл әсіресе Ұлы Отан соғысынан кейінгі шығармашылығы тұрғысынан өзекті [4]

1970 жылдардан бастап қазақ поэзиясы қатаң идеологиялық цензура жағдайында да дами берді. Осы уақыттағы ақындар жүйеге жасырын наразылық білдіріп, өз көзқарастарын жетілдіре түсті. Осы кезеңнің ең танымал өкілдерінің қатарында Олжас Сүлейменовте бар, оның "Аз және мен" (1986) өлеңдер жинағы қазақтардың ұлттық бірегейлігі мен мәдени дербестігі мәселелерін халықаралық деңгейге көтере отырып, бүкіл кеңестік әдебиет үшін маңызды болды [5]



Сүлейменов терең символизм мен аллегорияларды қолдана отырып, ұлттық тамырларды сақтау, ассимиляцияға қарсы күрес, тіл мен мәдениетті қорғау сияқты маңызды тақырыптарға тоқталды. Оның шығармалары қазіргі тәртіптің нағыз сынына айналды және қазақ халқының өзінің рухани және мәдени тәуелсіздігін сақтауға деген ұмтылысын білдірді.

Кеңес Одағының ыдырауымен қазақ поэзиясы жаңа кезеңді бастан кешіре бастады. 1990 жылдар Қазақстанның егеменді мемлекет ретіндегі тәуелсіздігі мен жаңа бірегейлікті іздейтін уақыт болды. Осы кезеңдегі ақындар өткен оқиғаларды тереңірек түсініп, болашақты ұлттық дәстүрлер мен құндылықтар негізінде құра бастады. Осы уақытта поэзияда болмыстың философиялық және метафизикалық мәселелеріне қызығушылық, сондай-ақ рухани және моральдық құндылықтарға баса назар аударылды.

Поэзияның негізгі мотиві ішкі және сыртқы процестердің тәуелсіздігі болды. Қазақстанның болашағына үміт білдірген әдебиет әлемдік мәселелер мен проблемаларға, сондай-ақ әрбір адамның жаңа шындықтағы тәжірибесіне бағытталған әмбебап сипатқа ие болды [6]

XX ғасыр қазақ поэзиясы үшін бетбұрыс болды. Осы уақыттағы ақындар өз дәуірінің рухын көрсетіп қана қоймай, ұлттық бірегейлікті қалыптастыру және тәуелсіздікке ұмтылу процесіне белсенді қатысты. Көптеген шектеулер мен қуғын-сүргіндерге қарамастан, қазақ поэзиясы әрқашан халық рухын білдірудің маңызды құралы болып қала берді және оның қазақ мәдениеті мен тарихының дамуына әсерін асыра бағалау мүмкін емес.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбдиманұлы Ө. (2012). *XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті*.
2. Сейфуллин, С. (1975). *Таңдамалы шығармалар*. Алматы: Жазушы.
3. Сулейменов, О. (1986). *Аз и Я*. Алматы: Жазушы.
4. Қирабаев, С. (2007). *Қазақ әдебиетінің тарихы*. Алматы: Мектеп.



СЕН ДЕ БІР КІРПІШ ДҮНИЕГЕ...

Мирманова Фариза Ізімбергенқызы

*Облыстық арнайы мектеп интернатының көркем
еңбек пәні мұғалімі*

Қазақ даласында дара бейнелерімен ерекшеленіп, келер ұрпаққа небір өнегелі өсиеттерін қалдырған Абай атамyzдың өнегелі сөздерімен мақаламды бастағанды жөн көрдім. Оның да өз себептері бар. Біз ерекше балалармен жұмыс жасаймыз.

Дамуында бұзылыстары бар балаларды тәрбиелеу, білім беріп дамыту біздің міндетіміз.

Біздің еңбек етіп, мүгедектігі бар балалармен жұмыс жасайтын, білім мен тәрбие беретін «Облыстық арнайы мектеп-интернатына» да ширек ғасыр өткен екен. Осы жылдар ішінде қаншама бала тәрбиелеп, өмір жолдарын

бастады. Мен осы мектепте оқушыларға көркем еңбек сабағынан дәріс беремін.

Зерттеп отырсаң, еңбекке деген ынтасының жақсы екенін байқайсың. Мүмкін дігі шектеулі болғандықтан, баяу орындаса да құлшынысы байқалады.



Баланың айтқанын мұқият тыңдап, сұрағына жауап беріп отырған дұрыс. Олардың орындаған жұмысын жиі-жиі мақұлдап, оқушы еркіндігін сақтап отырса, өзіне деген сенімі артады. Атақты италиялық ғалым Мария Монтеessori бүкіл өмірін баланы тәрбиелеудің тиімді тәсілдерін іздеуге арнаған. Өзі дәрігер-антрополог, педагог және психолог болған. Бала тәрбиелеуге, білім беруде өзінің ақыл-кеңесін береді. Ғалымның айтуынша; «баланың бойында өзін дамытуға деген күш-қуат пен талап о бастан бар болады. Бала қоршаған орта тәрбиесіне бейім келеді. Ізденген балаға көмектесуге дайын тұрыңыз. Мақтап отырсаң –бағалауды үйренеді. Қателігін бетіне баса берсең, жасқаншақ болып қалады. Өзіне сенімді болып өсу үшін көтермелеп отырсаң, өзіне деген сенімі артып, істеген ісіне, сабағына ұқыптылықпен қарайды. Баланы сыйлаңыз. Қателік жасаса да, оны түзей алатындығына сенім білдіріңіз. Жақсы бала тәрбиелеуге бетбұрыс жасаңыз, жаманшылыққа орын қал-масын» деп ақыл-кеңес береді.



Бұдан да басқа толып жатқан тәрбиелік ұғымдары жетерлік. Олай болса «Іздеген жетер мұратқа» дегендей, балаларымыздың бойындағы күш-қуатын арттырып, оған білім мен тәрбиені қоссаң дейім. Жоғарыдағы айтқанымыздай қоғамға кірпіш боп қаланып, өз орындарын тапса екен деп армандаймыз. Ұстаздар да баланың екінші ата-анасы болып саналады. Томпаңдаған қыздарымыз бен ұлдарымызда ондай кінәрат болмаса ғой, шіркін! деген ойға қаламыз. Біз де анамыз ғой. Бала жанын анадай кім түсіне алады. Әрине, бұл ананың ойындағы бір сәттік әлсіздік ой деп, оны ысырып тастауға тырысамыз.



Ең бастысы балалардың ата-анасы, арқа сүйер қоғамы, ұстаздары бар.

Әрбір өмірге келген бала бақытты болуға тиісті.

Өмірден көріп жүрміз, арбаға таңылған азамат, азаматшалар ерінбей өз кәсіптерін ашып, өз қоғамдарын басқарып жақсы өмір сүріп жатқандары бар.

Оның қасында біздің балаларымыз да өз аяқтарымен жүріп, сабақтарына қатысып жүреді.

Тек адамдарда мейірімділік қайырымдылық жоғалмаса екен деп ойлаймын. Соған бір мысал келтіріп кеткім келіп отыр. Ол бір жетім бала еді. Ұсақ-түйек сатып ішер ас тауып жүретін. Бүгін қолы жүрмеді. Аштықтан бұралып тұр. «Бір үйдің есігін қағып, жейтін тамақ сұрайын» деп ойлады. Есікті бір жас әйел ашты. Ұяттан қызарып кетті. Бір шыны су сұрауға зорға дәрмені жетті. Келіншек балаға қарап, оның аш екенін сезіп қалды. Жаңа піскен бір шыны сүт әкеліп берді. Бала сарқып ішіп, рахметін айтты. Маңдайынан тер бұрқ ете қалды. Төлерге ештеңесі жоқ болса да, «Қанша төлейін» деді қызарақтап. Әйел жымыып күлді де: «тегін! Анам жасаған жақсылық үшін ақы сұрамауды үйреткен. Ас болсын» деп тілек білдірді.

Арада ұзақ жылдар өтеді. Сол мейірімді келіншек ауыр дертке шалдығады. Дәрігерлер емдей алмағандықтан, қаладағы аты әйгілі емханаға ауыстырады. Емханада оған мейірімді жас маман көмектеседі. Емдеу тек сол маманның ғана қолынан келетін болып шықты. Дәрігер әйелдің дертін бар біліктілігімен зерттеуге кіріседі. Және өте жақсы емдеп, ақыры жазып шығады. Әйел жазылғанына қуанса, екінші жағынан емханға төлер ақшасы жоқтығына қапаланады. Шығарда емхана күтушісі есеп талонын әкеліп береді. Қолы дірілдеп азар алады. Есеп дәптерінің үстіндегі бір сөйлем хатты көреді. Онда: «Емделу ақысы – бір шыны сүт!» деп жазылған.

Емханадағы жас маман – бір шыны сүтке зар болған кедей бала екенін түсінеді. Көзінен ытқып шыққан жасты тоқтата алмай бір күй кешеді. Баяғы кішкентай кедей бала, әлемге танымал, америкалық дәрігер Ховард Келли еді.

Қазіргідей адамдардың бір-біріне деген қайырымдылығы азайған заманда, адамдарға ой салсын, мейірімді жандар қатары көбейер деген үмітпен жазып отырмын. Тәрбиелеп жатқан оқушыларымыз бір-біріне мейірімді, қиындықта қайырымды болып өссе екен деймін.

Жақсылық жасау – зор сауап деген осы.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Абай (Ибраһим Құнанбаев). Өлең - сөздің патшасы. - Алматы: Дәуір, 2006.- 566 б.
 2. Абай. Шығармаларының екі томдық жинағы: Өлеңдер мен аудармалар.- Алматы: Жазушы, 2002. - 296 б.
 3. Абай. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар мен қара сөздер. - Алматы: Жібек жолы, 2005.- 488 б.
 4. Абай. Қара сөз = Книга слов. - Семей: МКА, 2007.- 368 б.
 5. Абай. Қалың елім қазағым.- Алматы: Атамұра, 2002.- 224 б.
 6. Абай. Нақыл сөздер. - Алматы: Көшпенділер, 2007.- 160 б.
 7. Абай. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар, қара сөздер. - Алматы: Мектеп, 2007.- 248 б.
 8. Әуезов М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа. - Алматы: Санат, 1997.- 416 б.
 9. Жұртбай Т.Қ. Күйесің, жүрек... Сүйесің!... - Санат, 2001.- 408 б.
- Мария Монтессори балалар үйі кітабы;
Мария Монтессори өзіме жасауға көмектес;
Мария Монтессоридің бала тәрбиесі туралы еңбек шығармалары;



ЖАС СПОРТШЫЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕ СПОРТ НҰСҚАУШЫСЫНЫҢ РӨЛІ: ТЕХНИКА, ТАКТИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ

Мутиев Ринат Амангельдиевич

Атырау қаласы, №44 мектеп-гимназиясының спорт нұсқаушысы

Спорттың маңызы мен жас спортшыларды тәрбиелеу қажеттілігі
Спорт қоғамның денсаулықты сақтау мен жетілдіру үшін маңызды рөл атқарады. Жас спортшыларды тәрбиелеу олардың жеке дамуында, физикалық және психологиялық тұрғыдан дұрыс қалыптасуында шешуші фактор болып табылады. Сондықтан спорт нұсқаушысының рөлі ерекше, өйткені ол тек жаттықтырушы ғана емес, жас спортшылардың болашағына ықпал ететін тұлға болып табылады.

I. Спорт нұсқаушысының рөлі және жас спортшының дамуы

Жас спортшының дамуының әр кезеңінде оның физиологиялық, психологиялық және әлеуметтік қажеттіліктері өзгереді. Спорт нұсқаушысы осы кезеңдерде жас спортшыларға қолдау көрсетіп, олардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, дұрыс бағытта тәрбиелеуі керек.

Спорт нұсқаушысының міндеті тек спорттық техниканы үйретумен ғана шектелмейді. Ол жас спортшының денсаулығын сақтау, дұрыс психологиялық орта қалыптастыру, мотивация беру және эмоционалдық қолдау көрсету сияқты міндеттерді де орындауы қажет.

II. Спорттық техника мен тактика: Жас спортшыларға үйрету әдістері

Спорттық техника – кез келген спорт түрінің негізі. Жас спортшыларға спорттық техниканы дұрыс үйрету үшін оның негізгі принциптері мен әдіс-тәсілдерін меңгерту маңызды. Спорт нұсқаушысы техниканы дамыту барысында әр жас спортшының жеке қабілеттері мен мүмкіндіктерін ескеруі керек.

Жас спортшыларға техника үйретуде түрлі әдіс-тәсілдер қолданылады. Визуалды көрсету, әртүрлі жаттығу мен қайталау арқылы техниканы игеру, оңтайлы жаттығу әдістері бар. Спорт нұсқаушысы техникалық қателіктерді дұрыс түзету үшін арнайы жаттығулар мен қайталамалар қолданады.

Спорттық тактика – бұл спортшының ойын барысындағы стратегиясын дұрыс жоспарлау және оны жүзеге асыру қабілеті. Жас спортшыларға тактика үйрету әртүрлі жағдайларда дұрыс шешім қабылдауға және қол жеткізген нәтижелерді оңтайлы түрде пайдалануға мүмкіндік береді.

III. Психологиялық дайындық: Жас спортшының рухани дамуы

Спорттық жетістіктер тек физикалық дайындыққа ғана емес, психологиялық дайындығына да байланысты. Спорт нұсқаушысы жас спортшыларды психологиялық тұрғыдан қалай дайындайтыны туралы түсінік беру маңызды. Жас спортшылардың мотивациясы, өзіне деген сенімділігі мен стресске төзімділігі олардың жетістіктеріне әсер етеді.

Спортшылардың психологиялық дайындығын арттыру үшін спорт нұсқаушысы әртүрлі әдіс-тәсілдер қолдануы қажет. Мысалы, визуализация әдісі, жағымды ойлау тәсілдері, стресс пен қобалжуды басқару әдістері. Спортшылардың психологиялық күйін түсініп, олардың ішкі қорқыныштарын



жеңуге көмектесу маңызы. Жас спортшының мотивациясы және өзін-өзі бағалауы оның спорттағы жетістіктеріне тікелей ықпал етеді. Спорт нұсқаушысы спортшының психологиялық жағдайын үнемі бақылап, оған қолдау көрсету, мотивациясын арттыру жолдарын іздестіруі керек.

IV. Спорт нұсқаушысының жетекшілік рөлі: Қолдау мен бағыттау

Спорт нұсқаушысының жетекшілік стилі жас спортшының дамуына, оның мақсаттарына жетуіне ықпал етеді. Әр спортшыға дұрыс жетекшілік көрсету үшін спорт нұсқаушысы өз стилін жас спортшылардың жеке ерекшеліктеріне қарай бейімдеуі қажет.

1. Сөзбен қолдау көрсету.

Жаттықтырушының сөздері жас спортшы үшін үлкен маңызға ие. Оң пікірлер мен көтермелеу, әсіресе қиын жағдайларда, спортшының мотивациясын арттырады. Мысалы, "Сен бұл тапсырманы орындай аласың", "Сенің күшің мен шеберлігің жеткілікті", деген сөздер спортшыға өзіне сенім артуға көмектеседі.

2. Қолдау көрсетудің жеке тәсілдері.

Әр спортшының психологиялық күйі әртүрлі. Біреуіне сөзбен қолдау көрсеткен тиімді болса, басқалары үшін жаттығуларға көбірек назар аудару қажет. Спорт нұсқаушысы жас спортшының жеке ерекшеліктерін ескеріп, әрқайсысына жеке тәсілдерді қолдануы керек. Бұл жас спортшының өзін ерекше сезінуіне және оның эмоционалдық күйін реттеуге көмектеседі.

3. Эмоционалды қауіпсіз орта қалыптастыру.

Спорттық ортада жағымды және қолайлы психологиялық климат болуы маңызды. Спортшы қателік жасап, сәтсіздікке ұшырағанда, ол жаттықтырушы мен команда тарапынан қолдау мен түсіністік күтеді. Бұл атмосфера оны тыныштандырып, өзіне деген сенімділігін арттырады. Спорт нұсқаушысы команданың ішіндегі ынтымақтастықты, құрмет пен қолдауды қамтамасыз етіп, спортшының ашық сезінуіне мүмкіндік береді.

4. Жаттықтыру кезінде жағымды эмоциялар мен қолдау көрсету.

Спорт нұсқаушысы жаттығуларды әрдайым оңай және жеңіл етуге тырысуы керек. Жас спортшылар үшін жаттығулар мен жарыстар көңілді әрі ынталандыратын болуы тиіс. Спорт нұсқаушысы жаттығуларды оңай әрі қызықты етіп ұйымдастырып, қолдау көрсетсе, бұл жас спортшының көңіл-күйін жақсартады және оның нәтижелеріне әсер етеді.

5. Мақтау мен марапаттау.

Спортшының жетістіктерін мойындау және мақтау оның мотивациясын арттырады. Бірақ, мақтау дұрыс уақытында және дұрыс сөздермен жасалуы керек. Мысалы, жетістікке жеткен спортшыға дұрыс және шынайы мадақ айту, оған деген құрмет пен сенімділікті көрсетеді.

V. Жас спортшыларды тәрбиелеудің болашағы мен мәселелері

Спорт әлемі үнемі өзгеріп отырады, бұл спорт нұсқаушыларына да өз білімдерін және дағдыларын жаңартып отыруды талап етеді. Болашақта спорт нұсқаушыларының рөлі тек жаттығуларды жүргізумен ғана шектелмей, көпқырлы міндеттерді атқаруға айналады. Бұл міндеттерге спортшылардың физикалық және психологиялық дамуын бақылау, олардың мотивациясын арттыру, жаңа технологияларды қолдану, сондай-ақ жалпы дене тәрбиесінің тиімді әдістерін меңгеру кіреді.

1. Жаңа технологиялар мен құралдарды пайдалану

Болашақ спорт нұсқаушылары өздерінің жұмысында жаңа технологиялар мен құралдарды пайдалана білуі қажет. Қазіргі таңда цифрлық құралдар мен бағдарламалар спорттық дайындық пен нәтижелерді жақсартуға айтарлықтай ықпал етеді.

- **Деректерді талдау және мониторинг:** Спортшылардың өнімділігін бақылау үшін түрлі деректер жинау және оларды талдау маңызды рөл атқарады. Спорт нұсқаушылары заманауи құрылғыларды (мысалы, GPS трекерлер, жүрек соғу жиілігін өлшейтін құрылғылар, видеокамералар) қолдана отырып, жаттығулар мен жарыстарды талдайды.
- **Виртуалды және қосымша шындық:** Виртуалды шындық (VR) және қосымша шындық (AR) технологияларын қолдану, әсіресе тактика мен техника бойынша тренингтерде қолданылуы



мүмкін. Бұл технологиялар спортшыларға нақты жағдайды моделдеу және түрлі дағдыларды жетілдіру мүмкіндігін береді.

- **Спорттық физиология мен биомеханика:** Спорт нұсқаушыларына биомеханикалық және физиологиялық үрдістерді терең түсіну қажет. Бұл, әсіресе, спортшылардың жарақаттарын алдын алу және оңалту кезінде маңызды. Спорттық физиология мен биомеханика бойынша білімдер спортшының дене құрылымы мен қозғалыс механизмдерін дұрыс бағалауға мүмкіндік береді.

2. Психологиялық білімдер мен дағдылар

Спортшының психологиялық күйі оның физикалық дайындығы сияқты маңызды. Спорт нұсқаушысы болашақта психология саласындағы білімдерге ие болуы керек, өйткені эмоциялар мен мотивация спорттық нәтиже мен табысқа әсер етеді.

- **Мотивация мен лидерлік дағдылар:** Спортшылардың жоғары нәтижелерге жетуі үшін оларға үнемі ынталандыру мен дұрыс мотивация қажет. Спорт нұсқаушысы олардың мақсаттарына жету үшін дұрыс психологиялық стратегияларды қолдана білуі керек. Бұл көшбасшылық қасиеттер мен спортшының жеке қажеттіліктерін ескеріп, қолдау көрсету дағдыларын қамтиды.
- **Қолдау көрсету және стресс менеджменті:** Спортшылар жоғары физикалық жүктемелер мен бәсекелестік жағдайында жиі стресс пен алаңдаушылық сезімдерін бастан кешіреді. Спорт нұсқаушысы стрессті басқару, тыныштық сақтау, спортшыны сабырға шақыру және эмоционалдық қолдау көрсету әдістерін меңгеруі керек.
- **Командалық жұмыс және қарым-қатынас:** Спорт нұсқаушылары болашақта команда ішіндегі дұрыс қарым-қатынасты орната білуі тиіс. Спортшылардың өзара байланыс орнатуы, топтағы мотивацияны арттыру және бірлескен мақсаттарға ұмтылуы команданың тиімділігін арттырады.

3. Кәсіби және этикалық білімдер

Спорт нұсқаушысының кәсіби білімдері мен этикалық нормаларға сай жұмыс істеуі маңызды. Бұл білімдер спортшылардың денсаулығы мен қауіпсіздігін сақтауға, сондай-ақ кәсіби этика мен моральдық қағидаларды ұстануға мүмкіндік береді.

- **Дене шынықтыру және спорттық әдістемелер:** Спорт нұсқаушылары болашақта әртүрлі спорт түрлерінің ерекшеліктерін жақсы білуі және арнайы әдістемелік құралдар мен тәсілдерді меңгеруі қажет. Бұл, әсіресе, жас спортшылармен жұмыс істегенде немесе жаңа спорт түрлері мен әдістерін қолданған кезде маңызды болады.
- **Денсаулық сақтау және жарақаттарды алдын алу:** Спорт нұсқаушысы спортшылардың денсаулығын қорғау мен жарақаттарды болдырмау шаралары бойынша жақсы білімге ие болуы керек. Бұл, спортшыларға жаттығу процесінде дұрыс физиологиялық жүктеме беруді, жаттығу жиілігін бақылауды және жарақаттардан кейін оңалту әдістерін дұрыс қолдануды білдіреді.
- **Этика және спорттағы әділеттілік:** Спорт нұсқаушысы спортшылардың арасында әділеттілік пен ашықтықты сақтауы, допингке қарсы саясатты ұстануы және спорттық моральді сақтауы керек.

4. Әртүрлі спорт түрлеріндегі білімдер

Спорт нұсқаушысы болашақта әртүрлі спорт түрлерінің ерекшеліктерін білуі, түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана білуі қажет. Жас спортшылармен жұмыс істеу кезінде әртүрлі спорт түрлерінің даму кезеңдерін, техникасын, тактикасын және физикалық талаптарын түсіну маңызды.

- **Әр спорт түрінің техникасы мен тактикасы:** Спорт нұсқаушысы тек бір спорт түріне ғана емес, жалпы спорттық білімге ие болуы керек. Әртүрлі спорт түрлеріндегі техникалық және тактикалық дағдыларды меңгеру — бұл спорт нұсқаушысының кәсіби шеберлігін арттырады.
- **Спорттың жан-жақты дамуы:** Спорт нұсқаушысы болашақта балалар мен жасөспірімдерді жан-жақты дамытуды мақсат етіп қоюы тиіс. Бұл тек техникалық және физикалық дайындықты ғана емес, сондай-ақ когнитивті және психологиялық дамуды да қамтиды.



5. Жеке даму және үздіксіз білім алу

Спорт нұсқаушысының болашақтағы табысы оның жеке дамуында және үздіксіз білім алуында жатыр. Спорт нұсқаушысы жаңа әдістер мен зерттеулерді меңгеруге, кәсіби деңгейін арттыруға, сондай-ақ спорт ғылымы мен білім саласындағы жаңалықтарға қанық болуы керек.

- **Үздіксіз кәсіби даму:** Спорт нұсқаушысы өз білімін үнемі жаңартып, курстарға қатысып, конференцияларға барып, жаңа зерттеулерді оқып отыруы керек. Бұл оның тәжірибесін байытып, жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге мүмкіндік береді.
- **Жеке және кәсіби балансты сақтау:** Спорт нұсқаушысы болашақта өзінің жеке өмірі мен кәсіби өмірінің арасында тепе-теңдікті сақтауды үйренуі керек. Жоғары деңгейдегі стрессті басқару, физикалық және психологиялық денсаулығын сақтау, әрі өз жұмысын сапалы орындау үшін баланс қажет.

Жас спортшыларды тәрбиелеуде спорт нұсқаушысының рөлі

Жас спортшыларды тәрбиелеуде спорт нұсқаушысының рөлі аса маңызды әрі көпқырлы болып табылады. Спорт нұсқаушысы тек техникалық дағдылар мен физикалық дайындықты ғана емес, сонымен қатар спортшының психологиялық және тұлғалық дамуын қамтамасыз етеді. Оның міндеті — жас спортшыға дұрыс бағыт-бағдар көрсетіп, олардың бойында еңбекқорлық, жауапкершілік, адалдық, командалық рух пен өз-өзіне сенімділік сияқты маңызды қасиеттерді қалыптастыру.

Спорт нұсқаушысы өзінің кәсіби білімдері мен жеке қасиеттерін пайдалана отырып, жас спортшыларға қиындықтарды жеңу мен табысқа жетудің жолдарын көрсетеді. Әрбір спортшының жеке қажеттіліктерін ескере отырып, колдау көрсету, мотивацияны арттыру, эмоционалдық тұрақтылықты сақтау сияқты аспектілер спортшылардың болашақтағы жетістіктеріне негіз болады.

Қорыта айтқанда, жас спортшыларды тәрбиелеу — бұл тек физикалық дайындық процесі ғана емес, ол баланың тұлғалық, психологиялық және әлеуметтік тұрғыдан жетілуіне бағытталған кешенді жұмыс. Спорт нұсқаушысының рөлі осы процессте өте маңызды, себебі оның кәсіби дағдылары мен адамгершілік қасиеттері жас спортшылардың табысты болашағына ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. **Федоров В.Н.** (2010). *Спортивная техника и тактика в условиях соревнований*. Москва: Физкультура и спорт. Спорттық техника мен тактика, олардың үйлесімділігін жасау бойынша кеңестер берілген.
2. **Бобров С.П.** (2015). *Техника и тактика спортивных игр*. Санкт-Петербург: Спорт. Спорттық ойындарда техникалық дағдыларды меңгеру мен тактикалық қадамдарды жоспарлау туралы әдебиет.
3. **Николаев, В.Е.** (2014). *Теория и методика спортивного воспитания*. Москва: Физкультура и спорт. Жас спортшылардың физикалық және психологиялық дамуындағы әдістемелік тәсілдер мен ғылыми негіздер.
4. **Щербаков, И.В.** (2011). *Тренировка детей и подростков: Принципы и методы*. Санкт-Петербург: Спорт. Балалар мен жасөспірімдерге арналған жаттығу әдістемелері мен олардың жеке ерекшеліктері.
5. **Куликов, А.И.** (2012). *Роль тренера в спортивной подготовке*. Москва: Спорт. Спорт нұсқаушысының рөлі, оның кәсіби шеберлігі мен жас спортшылармен жұмыс істеу дағдылары туралы толық мәлімет.
6. **Михайлов, А.А.** (2016). *Спортивное лидерство и мотивация*. Санкт-Петербург: Спорт. Спорттық лидерлік, мотивация және жас спортшыларды ынталандыру әдістері. Спорт психологиясындағы әлемдік тәжірибе мен жас спортшылардың мотивациясы туралы зерттеулер.



7. **Смирнов, В.И.** (2015). *Физическое развитие и воспитание детей и подростков*. Москва: Физкультура и спорт. Балалар мен жасөспірімдердің физикалық дамуындағы негізгі аспектілер мен жаттығу әдістері.
8. **Фролов, А.И.** (2018). *Физиология детей и подростков: Теория и практика*. Москва: Медицина. Балалар мен жасөспірімдердің физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, жаттығу мен тәрбие беру әдістері.
9. **Петрунько, А.Н.** (2017). *Педагогика в спортивной подготовке*. Санкт-Петербург: Спорт.

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАРЫ

Сайнова Айгерім Нурқуатқызы

Бисенғали Айдана Нұрлыбекқызы

№34 «Нұрбөбек» бөбекжай-бақшасы тәрбиеші, музыка қызметкері

Мақсаты: Ұлттық музыкалық аспаптар түрлерімен құрлысымен таныстыру. Үнін тыңдау, салыстыру. Ұлттық аспаптарды бір-бірінен ажырата білуге үйрету.

Әдіс-тәсілдері: Таныстыру, сұрақ-жауап, қимыл жаттығуы, би қимылдары, аспаптарды таныстыру, тыңдау.

Көрнекіліктер: Аспаптар: домбыра, қобыз, сыбызғы.

Ұлттық аспаптар: Интерактивті тақта.

Өтілу барысы:

Саз залына балалар күйші Құрманғазының «Сарыарқа» күйімен кіреді

Жетекші: Саламатсыңдар ма балалар ? (әуенмен амандасады)

Балалар: Саламатсызба? (әуенмен амандасады)

Ұлттық музыкалық аспаптар жайлы түсінік беру

Интерактивті тақтадан:

Сазсырнай аспабы: Қазақтың ұлттық аспабы. Саз балшықтан күйдіріліп жасалады, үрмелі аспаптар қатарына жатады.

Жетіген аспабы: Қазақ халқының өте ерте заманнан келе жатқан жеті ішекті шертпелі музыка аспабы. Аспап ағаштан құрастырылып жасалады. Аспаптың ансамбльде ойналып кеңінен таралған.

Сыбызғы аспабы: Үрлеп ойналатын аспап Қурайдың ағашынан және күмістен жасалады.

Домбыра аспабы: Қазақ халқының арасында өте ерте және кең тараған, ғасырлар сырын сақтаған қос ішекті шертіп ойнайтын музыкалық аспаптың бірі. Өзіне тән ерекшелігі бар. Қос ішекті шертпелі аспапқа жатады.

Шертер аспабы: Шертіп ойналатын қазақтың ұлттық аспабы. Дауысы өте жіңішке құлаққа жағымды.

Асатаяқ аспабы: Сілқу арқылы үн шығаратын, көне музыкалық аспап басы күрек тектес бас жағына түрлі темір сақиналардан, сылдырмақтар тығылып, өрнектерімен әшекейленеді.

Шаңқобыз аспабы: Бітімі бөлек, ойналуы ерекше қазақ халқының көне музыкалық аспабы, үні құлаққа жағымды, адам дауысына жақын. Аспапта ойнау ерінмен тістің арасындағы қуысқа тікелей байланысты әуен шығарады.

Жұмбақ шешу

Жеті шектен жеті түрлі үн шығар,
 Әуезінен жеті тарау мұң шығар
 Ойнап кетсең түрлі-түрлі жыр шығар,
 Бұл аспап қай аспап? **(Жетіген)**
 Әндетіп шығар әні бар





Бұл аспап қай аспап? (Қобыз)
Дауысы бар жаны бар,
Шертсең күйі, әні көп
Құлағын оң бұра
Бұл аспап қай аспап? (Домбыра)
Ән айту: «Оркестр»

Музыкалық дидактикалық ойын: «Аспапты тану»

Ойын ережесі: Үн таспа арқылы аспаптар үні беріледі (балалар қимылмен көрсетеді)

Домбыра: Домбыра аспабын қалай ойнайды? Шертіп
Бұл аспапты шертпелі аспаптар қатарына жатқызамыз?

Қобыз: Қобызды қалай ойнайды? Ысып

Жетіген: Жетіген аспабын қалай ойнайды? Шертіп

Сыбызғы: Сыбызғы аспабы қалай ойнайды: Үрлеп
Сергіту сәті Әуенді тап

Шарты: Музыка жетекшісі ұнтаспа арқылы әртүрлі әуендерден үзінді қояды. Балалар сол әуендердің қандай аспапта ойналып жатқанын айту керек.

Қимылдық іс-қозғалыс:

Аспапта ойнау халық әні: «Еркем-ай» (ұлттық аспаптармен ойнау)



Ән тыңдау: И.Нүсіпбаев «Домбыра сазы»

Қорытынды:

- Балаларды шеңберге тұрғызу:

М.Ж: Қазақтың ұлттық аспаптарын атап беріңдерші?

Балалар: Жетіген шаңқобыз домбыра асаяқ қобыз т.б

М.Ж: Балалар біз оларды бір сөзбен нелер деп атаймыз?

Балалар: Аспаптар деп атаймыз.

М.Ж: Балалар сендерге музыка оқу іс-әрекеті ұнады ма?

Балалар: Иә

-Ендеше бүгінгі сабаққа қатысқандарың үшін барлығыңа рахмет айтамын!

Осындай жақсы көңіл-күймен музыка оқу іс-әрекетін аяқтаймыз!

Сау болыңдар!

Балалар(Марш екпінімен залды айналып шығып кетеді)



Пайдалған әдебиеттер:

-Алпысбаев Қ. Поэма және сюжет. Қазақ университеті 1992

-Күй қайнары. Құрастыран: А.Райымбергенов, С. Аманова- Алматы 1990

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ МОТИВАЦИЯСЫН АРТТЫРУ: ПРАКТИКАЛЫҚ КЕҢЕСТЕР

Тнайбаева Айсалтан Нуроллаевна

*№1 Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектебі
педагог психолог*

Білім беру жүйесіндегі ең маңызды міндеттердің бірі – оқушылардың оқу мотивациясын дамыту және қолдау. Мотивация – оқушының білімге деген қызығушылығын оятып, олардың табысты болуына ықпал ететін негізгі факторлардың бірі. Оқу мотивациясы төмен болған жағдайда, оқушылар білім алуға немқұрайлы қарап, оқу үлгерімі нашарлауы мүмкін. Осы мақалада оқу мотивациясын арттырудың тиімді әдістері мен психологтардың ұсынған практикалық кеңестері талқыланады.

Оқу процесін қызықты ету үшін ойын элементтерін қолдану маңызды. Сабақта викториналар, топтық ойындар, квесттер ұйымдастыру оқушылардың белсенділігін арттырады.

Сапалы ұрпақты өсіру әсіресе, психология ғылымының дамуына ерекше көңіл аударуды талап етеді. Психологияны дамыту арқылы өскелең ұрпақты өз дәрежесіне әлем елдерінде таныту бұл әрбір азаматтың міндеті. Психология – педагогикалық қызметте негізгі әрекет түрі баланың логикалық психикалық дамуы болып табылады. Мұнда баланы тәрбиелеу процесіндегі шығармашылық дамыту ойын іс-әрекетімен тығыз байланыста болуы тиіс. Болашақ қоғамның өкілін жетілдіруде отбасының, қоғамдық орындар мен қоршаған ортаның ықпалы мол. Балаға кішкентайынан осыларды ойын арқылы қабылдату маңызды.

Ойын мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті болып табылады. Атап айтқанда ойын арқылы балалар өмірді таниды, ойын оларды үлкен өмірге дайындайды. Сонымен қатар баланың шығармашылық дамуында маңызы өте зор.

Ойын мәнін балалық шақтан есейген шаққа өтетін көпір ретінде сипаттауға болады. Сонымен қатар мектепке дейінгі балалардың іс-әрекетінің дамуы үшін, тәрбиелеу үшін де ойынның мәні өте зор. Философтар, тарихшылар, этнографтар, психологтар, педагогтер ойынның шығу тарихына, оның бала өміріндегі орнын тәрбиелік мәнін шешу жөнінде әртүрлі мүмкіндікті зерттейді.

Бала ойынның әлеуметтік мәнін, өмір құбылысының ерекшелігін бейнелейтінін айта келіп, ең алдымен ойын қоршаған болмыс жөніндегі әсер мен ұғынуды кеңейтудің құралы деп біледі. Баланың жеке басының дамуы үшін, ойынның айрықша маңызы бар. Ойын олар үшін оқу, еңбек, және тәрбиенің нақты формасы. Сан қатар ойын қоршаған ортаны танып білу құралы. Ойынның да әлеуметтік сипаты қоғамның мәні болады. Бала ойнау үшін белгілі бір себеп әсер болады. Баланың ойнауының себебін оның рахаттануымен байланысты. Себебі бала өзі ойнаған кезде мәз болып рахаттанып, сезіне алмаса, қызықпаса, екінші қайтып ойнағысы келмейді.

Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» - деп айтқандай баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Жас баланың өмірді тануы, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады. Көптеген балалар жазушылары бала ойынының психологиялық мәнін және ойынға тән ерекшеліктерді көркем бейнелер арқылы суреттегені де мәлім. Адам іс-әрекетінің ерекше бір түрі – ойынның пайда болуын зерттеушілердің біразы өз еңбектерінде өнер және ойын көркемдік іс-әрекеттің алғашқы қадамы деп түсіндіреді. Ойында шындықтың көрінісі, оның бейнелі сәулесі қылаң



береді. Жалпы ойынға тән нерсе өмірдің әртүрлі құбылыстар мен үлкендердің түрлі іс-әрекеттеріне еліктеу екені белгілі. Ойынның шартты түрдегі мақсаттары бар, ал сол мақсатқа жету жолындағы іс-әрекеттер бала үшін қызықты. Ойын адам әрекетінің бір түрі болғандықтан, оның да өзіне тән мотивтері болады. Мысалы: дәрігер ауру адамды емдегенде өзіне жүктелген міндетті сезінеді, осылай істеуді оның мамандығы қажет етеді. Ал дәрігер болып ойнаған баланы алатын болсақ, ол да айналасындағыларды өзінше емдейді. Бірақ бұл оның жай қызығуынан туған. Ойынның қозғаушы күші-баланың нақты тілегі мен қызығуы.

Сонымен қатар оқушылардың оқу мотивациясын арттыруда жобалық жұмыстар да маңызды. Балалар өздеріне қызықты тақырыптар бойынша жобалар жасап, нәтижелерін сынып алдында ұсынғанда, олар білімге деген ынтасын жоғалтпайды.

Адам өзін жай ғана түсініп қана қоймауы керек, адам саналы түрде өзін түсінуге әрекет жасауы керек. Соған сәйкес бірнеше қағидаларды ескеруі шарт. Өзінің өткеніне көз жүгіртіп, өзін тыңдай білуі; өзінің құндылықтары мен қызығушылықтарын білуге талпыну; ойларын жүйелеп, эмоциясын басқара білу; өз кемшіліктерімен жұмыс жасап, өзін қабылдап үйренуі. Дәл осы ұғымдарды түсініп, жұмыс жасай бастағанда адам өзінің тұлғалық, жеке дамуына септігін тигізеді әрі дамиды. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абайдың он бесінші қарасөзінде: «Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіпсің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?» - деген. Оқушылардың оқу мотивациясын арттыруға бұл қағиданы пайдаланатын болсақ оқушы өзіне есеп беріп қана қоймай, өзінің әрекеттерін, ісін, айтқан сөзін сараптау арқылы өседі, дамиды.

Сондай-ақ оқушылардың оқуға ынта-жігерлерін арттыруда дифференциалдық тәсіл де маңызды. Әр оқушының жеке қабілеттері мен қызығушылықтарын ескеріп, тапсырмаларды соларға бейімдеу қажет. Мұғалімнің мақтауы мен оқушының жетістігін бағалау да мотивацияны арттырады. Белгілі бір жастағы балалардың жас мөлшері дегенде олардың көпшілігіне тән ерекшеліктер мен сипаттарды айтамыз. Бұл ерекшеліктерді педагогикалық процесте ескеру қажет және соған сәйкес оқыту, тәрбие берудің тиісті түрін, әдістемесін және тәсілін пайдалану керек.

Әрбір оқушының танымдық іс-әрекеттінің, әсерленушілігінің, ерік-жігерінің, мінезінің, жүріс-тұрысының тек өзіне ғана тән сапалық ерекшеліктері болады. Демек, жеке ерекшелік – бұл, адамның өз басындағы қасиеттерінің бір-бірімен сәйкестікпен түйісуі, оның басқа адамдардан өзгешелігі осы қасиеттері арқылы көрініс табады. Әркім өзінің жеке даму жолын бастан кешіреді, ал ол оның бойына табиғат берген қасиеттерге және тіршілігінің жағдайына байланысты болады.

Мектеп оқушысының жеке ерекшелігі дегеніміз – оның жас мөлшеріне, жыныстық және рухани дамуына, жан-жақты тұтас жетілген жеке тұлғалық қасиетінің қалыптасуына органикалық жағынан байланысты өзіне тән ерекшелігі. Осыған орай олармен жеке жұмыс жүргізу мектеп психологының педагогикалық процесте маңызды бөлігі болып табылады.

Жеке ерекшеліктерді есепке алу – бұл әрбір жеке тұлғаның қызығушылығын, бейімділігін, сапасын, қасиетін, талабын және мүмкіншілігін ескере отырып, өскелең ұрпақтың әлеуметтік қалыптасу процесінде сәтсіздіктер мен қателіктерді барынша кеміте отырып тәрбиелеуде педагогикалық құралдардың, әдістемелердің барлығын пайдалану.

Мектеп оқушыларының жеке ерекшеліктерін есепке алуды жүйке жүйесінің қызметі, адамның темпераменті көп жағдайда ескеріле бермейді. Темперамент – бұл адамның психикалық қызметі мен мінез-құлқының қуатын анықтайтын жеке ерекшелігі. Сангвинник – еті тірі; флегматик – жәй, салмақты; холерик – қызба, шапшаң; меланхолик – ойлы, терең толғанысты.

Адамның белгілі сипаты мен сапасын қалыптастырудағы мектеп психологының мақсаты белгілі бір жас мөлшеріндегі топқа бағытталған, осы арқылы сол топтың мүмкіндіктері мен міндеттері тәрбиенің әдістемелері қолданылады. Адам өмірінің мектепке



дейінгі кезінде, жасөспірім шақта және әлеуметтік ортада қалыптасқан есейген шақ кезеңдеріндегі мінез-құлқы ерекшеленеді. Осы орайда жас ерекшеліктеріне туралы түсінік кеңінен таратсақ.

Балалардың жас ерекшеліктерін есепке алу – оқыту және тәрбие жүйесіндегі негізгі принциптердің бірі. Оқыту және тәрбие беру ісінде осы принципті мұғалім әр уақытта басшылыққа алады. Балалардың жас ерекшеліктеріне сай мектептің ішкі тәртіп ережелері, сабақ және тәрбие жұмыстарының кестелері, оқу жоспарлары мен бағдарламалы және тәрбие жұмысының бағдарламасы жасалынады. Осылардың негізінде мектептегі оқу және тәрбие жұмыстарының мазмұны, формалары мен әдістері оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай іс жүзіне асырылады.

Оқу және тәрбие жұмыстарының барасында балалардың жас кезеңдерін еске алу қажетті шарттардың бірі. Соңғы жылдардың ішінде бүкіл дүние жүзінің ғалымдары жас кезеңі проблемасына аса зор көңіл бөлуде. Бұл проблема жөнінде зерттеу мәліметтері әлі де болса бірыңғай көзқарастың жоқ екендігін көрсетеді. Жас кезеңдердің шекарасын ажырату толық зерттелмеген мәселелердің бірі. Бұл мәселе жөнінде әдебиет беттерінде бірнеше талас пікірлер жазылып жүр. Мысалы, кейбір ғалымдардың пікірі бойынша жас кезеңінің негізгі жыныс бездерінің жетілуіне, дененің қарқынды өсуіне байланысты. Ал кейбіреулер адам жасын тіс аттарына қарап, топтастырады.

Кейбір психологтар мен физиологтардың, әсіресе шетел ғалымдарының пікірлері бойынша балалардың жас ерекшеліктерін ағзадағы қайсыбір мәңгі және өзгермейтін қасиеттермен анықтауға болатын сияқты. Бұл қасиеттерді балалардың табиғатына тән, олардың өмірі мен тәрбиесіне тәуелді емес деп түсіндіреді. Олар белгілі жас кезеңдерінде болып отыратын бойдың өсуін, дене салмағының артуын, жыныс мүшесінің жетілуін, яғни дамудың заңдылығын осылай дәлелдегісі келеді. Бірақ олар балалардың психикалық дамуына байланысты жас кезеңдерінің жылжымалы шекарасын еске алмайды. Біздің еліміздің ғалымдары мен педагогтері балаларды тәрбие және білім беретін мекемелердің типтері бойынша жас кезеңдеріне бөледі. Мысалы, балабақша жасындағы балалар, мектеп жасына дейінгі балалар, мектеп жасындағы т.б. Балаларды осылай сатыға бөлу, практикада үйреншікті ұғымға айналған. Бірақ бұл ұғым да әлі ғылым негізінде толық дәлелденбеген.

1965 жылы сәуір айында Мәскеу қаласында бүкіл дүниежүзілік симпозиум өтіп, оған Кеңес Одағы, Англия, Болгария, Польша, Чехославакия және Швеция елдерінің белгілі ғалымдары қатысқан. Жан-жақтан жиналған ғалымдар арасындағы бірнеше күнге созылған жемісті пікірталастан кейін жас кезеңдерінің бір ізге салу мақсатымен симпозиум шамамен 12 сатыдан тұратын нұсқаны ұсынған:

1. Жаңа туған бала - 1 күннен 10 күнге дейін
2. Емшек жасындағы бала - 10 күннен 1 жасқа дейін
3. Ерте балалық шақ - 1 жастан 3 жасқа дейін
4. Бірінші балалық шақ - 4 жастан 7 жасқа дейін
5. Екінші балалық шақ - 8 жастан 12 жасқа дейін (ер балалар), 8 жастан 11 жасқа дейін (қыз балалар)
6. Жеткіншектік шақ - 13 жастан 16 жасқа дейін (ер балалар), 12 жастан 15 жасқа дейін (қыз балалар)
7. Жасөспірімдік шақ - 17 жастан 21 жасқа дейін (ер балалар), 16 жастан 20 жасқа дейін (қыз балалар)
8. Кәмілеттік жастың бірінші кезеңі - 22-ден 35 жасқа дейін (ерлер), 21-ден 35 жасқа дейін (әйелдер)
9. Кәмілеттік жастың екінші кезеңі - 36-дан 60 жасқа дейін (ерлер), 36-дан 50 жасқа дейін (әйелдер)
10. Кексе жас - 60-тан 74 жасқа дейін (ерлер), 56-дан 74 жасқа дейін (әйелдер)
11. Қарттық жас - 75-тен 90 жасқа дейін
12. Ұзақ жасау - 90 жас және одан жоғары.



Сонымен, белгілі бір шақтық кезеңге тән анатомиялық-физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерді әдетте жас ерекшеліктері деп атайды. Сондықтан педагогика балалардың жас ерекшеліктеріндегі ширақтықты, өзгерімпаздықты айқындайды, тәрбиеленушінің және қоршаған ортамен жасайтын қарым-қатынастар жүйесіне тәуелді болатынын атап көрсетеді. Балалардың өсіп-жетілуінің бір сатысынан екіншісіне көшуі кездейсоқ емес. Әр жастағы кезеңге тән психологиялық ерекшеліктердің ұштасуын жиі байқауға болады. Сана-сезімнің, дене күш-қуаттарының дамуы адамдардың жас ерекшеліктеріне байланысты. Баланың жасы өскен сайын бойлары өсіп, денелері тұлғаланып, ақыл-саналары дамып, білімдері тереңдей бастайды. Балалардың жас ерекшелігін есепке алу, оқыту мен тәрбие жүйесіндегі негізгі принциптердің бірі. Қоғамда атқаратын рөлі, белгілі құқығы бар адамды жеке адам деп түсінеміз.

Тәрбие ісінде балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп отыру қажеттігін педагогика ғылымы ерте кезде-ақ көрсеткен еді. Ал, белгілі педагогтер Я.Коменский, Ж.Руссо тәрбие беру кезінде бала табиғатын, оның қабылдау, ойлау ерекшеліктерін еске алып отыруға үндеген болатын.

Мектеп психологының осы процестегі рөлі ерекше. Ол оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін түсіне отырып, олардың танымдық қабілеттерін дамытуға және білім алуға деген қызығушылығын арттыруға ықпал етеді.

Психологтың міндеті тек білім беру процесін қолдаумен шектелмейді. Ол оқушылардың эмоционалдық жағдайын жақсартып, олардың ішкі ресурстарын табуға көмектесуі керек. Оқу тек сыртқы ынталандыру арқылы емес, оқушының өз ішкі қызығушылығына сүйенгенде ғана нәтижелі болады.

Сондықтан тәрбие мен оқытудағы мотивацияны арттыру – бұл мұғалімдер, ата-аналар және психологтардың бірлесе атқаратын жұмысы. Оқушыларға шабыт беріп, білім алу процесін олардың жеке дамуының маңызды бөлігіне айналдыру – қазіргі қоғамның ең басты міндеттерінің бірі. Әр оқушының болашағына сенім арту және оның оқуына ықпал ету арқылы біз жарқын болашақтың негізін қалаймыз.

Оқу мотивациясын арттыру – үздіксіз процесс. Оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін әртүрлі әдіс-тәсілдерді ұтымды пайдалану қажет. Мұғалімдер мен психологтардың үйлесімді жұмысы арқасында оқушылар өздерін сенімді сезініп, білім алуға құштар болады. Ең бастысы, балаға құрмет көрсету, оның жеке тұлға ретінде дамуына мүмкіндік беру – оқу мотивациясының тұрақты негізі.

Әдебиеттер тізімі:

- 1.Выготский, Л. С. (1991). Психология развития человека. Москва: Педагогика.
- 2.Леонтьев, А. Н. (2001). Деятельность. Сознание. Личность. Москва: Смысл.
- 3.Эльконин, Д. Б. (1974). Психология обучения младшего школьника. Москва: Просвещение.
- 4.Қожахметова, К. Ж. (2017). Оқыту процесінде мотивацияны арттыру әдістері. Алматы: Қазақ университеті.
- 5.Губа, И. И., & Кудряшова, Н. В. (2018). Психология школьника: Практические аспекты. Санкт-Петербург: Речь.
- 6.Мұқанов, М. М. (2006). Жас және педагогикалық психология. Алматы: Мектеп.
- 7.Ryan, R. M., & Deci, E. L. (2000). Self-determination theory and the facilitation of intrinsic motivation, social development, and well-being. *American Psychologist*, 55(1), 68–78.
- 8.Тұрғанбаева, Б. А. (2015). Оқушылардың жеке тұлғалық дамуы: психологиялық негіздер. Білім берудегі жаңа технологиялар журналы, 2(45), 21–27.
- 9.Құдайбергенова, Г. А. (2020). Мектеп психологының практикасындағы мотивация арттыру әдістері. Қазақстан педагогикалық ғылымдары академиясының хабаршысы, 3(89), 35–40.
- 10.Maslow, A. H. (1943). A theory of human motivation. *Psychological Review*, 50(4), 370–396.



ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІ - БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН АРТТЫРУ КЕПІЛІ

Утеулиев Жума Тапенович

*«Өрлеу» БАҰО АҚФ Атырау облысы бойынша ПҚ ҚДИ аға
оқытушысы, №13 Д.Байбосынов атындағы мектеп-гимназияның
«шебер педагог» санатты тарих пәні мұғалімі*

Қазіргі кезде әлем индустриялы экономикадан білім экономикасына өтуде, яғни адам капиталы, оның жасаған еңбек ресурстары толығымен білімге байланысты болып отыр. Қоғамдағы қазіргі кездегі қайта құрулар, экономиканы дамытудағы жаңа стратегиялық бағдарлар, қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы мен қарқынды дамуға бет алысы білімге қойылатын талаптарды, көзқарасты түбегейлі өзгертті. Әсіресе бұл Қазақстандық білім беру жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігіне енуі аясында педагогтің жеке тұлға ретіндегі бейнесі, оның кәсіби біліктілігі айрықша мәнге ие болуда. [1]

Біз өмір сүріп отырған бәсекелестік уақытында, жаһандануға қарыштап қадам басқан заманда халқымыз үшін маңызы аса жоғары оқу-ағарту ісін халықаралық талапқа сәйкестендіріп, әлемдік сапа деңгейіндегі білім мен білік дағдыларына негізделген білім беру жүйесін құру кезек күттірмейтін мәселе. Бүгінгі мидай араласып кеткен әлем өлшемінде әрбір педагог үшін өз білімдерін шыңдау, дамыту басты мақсат болып табылады. Себебі, білім бір орында тұрмайды, ол үздіксіз дамып отырады.

Педагогтің кәсіби құзіреттілігі-оның жан жақты білімінен, ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгеруімен және сол әдістерді тиімді пайдалануымен өлшенеді. Әрбір оқу пәні бойынша білім, білік, дағдыны ғана игеру оқушы құзіреттілігі үшін жеткіліксіз болып отыр. Бүгінгі мұғалімнің жетістігін оқушыларға өзінің берген білімі мен біліктерін үйретумен бағалап қоймайды, сонымен бірге ол өсіп келе жатқан ұрпақты жаңа белгісіз жағдайда әрекет етуіне, олардың өз бетіндік әрекеті мен шығармашылығын дамытуға, қоғам өміріне белсене қатысу үшін ақпаратты өз бетінше табу, талдау, құрылымдау мен тиімді пайдалану икемділіктерін қалыптастыруға қаншалықты тиімді жағдай жасағандығымен бағалайды. [2]

Мұғалімнің тәжірибесіне, өз мамандығына шынайы беріліп қызмет етуіне оң ықпал ететін ойлау мен тұжырымдауды қалыптастыру жұмыстары жүріп жатыр. Мұғалімдерді оқыту адами капиталды қалыптастыру идеясына өте жақын. Мұғалімді тұрақты дамытуға, әлеуетті күшейтуге, терең педагогикалық негізге негізделген жаңа сипатын қалай қалыптастыру керек? Педагогтердің дайын білімді таратушы ретінде қалыптасқан бұрынғы сипаты өзгеріп, оның сыныптағы оқыту оқыту стилі мен әдістерін өзгерту үшін олардың санасында елеулі серпіліс қажет. Өз тәжірибеміз көрсеткендей, мұны барынша тиімді әрі тез іске асыруға мүмкіндік беретін тәсілдердің ішінде Сабақты зерттеу(Lesson Study) ерекше орын алады. [3]

Сабақты зерттеу - бұл ұзақ мерзімді кәсіби даму нысаны, онда мұғалімдер командаға бірігіп, сабақты бірге жоспарлайды, оқушыларды барынша жақсы оқытуға мүмкіндік беретін әдіс - тәсілдерді зерттеп, зерттейді.

Сабақты зерттеу тәжірибесі Жапонияда пайда болды. Бұл әдістеме жапондық бастауыш мектеп оқушыларының академиялық жетістіктерінің таңқаларлық нәтижелеріне әкелген озық кәсіби даму бағдарламасы ретінде қарастырылады.



Сабақты зерттеудің табысқа жетуін негізгі екі аспектімен түсіндіруге болады: педагогикалық тәжірибені жетілдіру және мұғалімдердің арасындағы бірлескен жұмысқа ықпал ету.

Біріншіден, зерттеушілер атап өткендей, Сабақты зерттеу маңызды проблемаларға назар аудару үшін нақты практикалық ресурстарды пайдалану, мұғалімдердің тәжірибесі мен оқыту мәнмәтінін мұқият ескеру және мектептегі желілік кәсіби қоғамдастықта мұғалімдерге қолдау көрсету сияқты оқыту тәжірибесіне өзгеріс енгізуде тиімді болатын көптеген қызметтерді қамтиды. Ерекше тұсы, бұл тәсіл әдеттегі кәсіби дамудың кемшіліктері ретінде белгіленген қысқа мерзімді, үзінділерге бөлінген және сырттан басқарылатын көптеген функциялардан аулақ болады.

Екіншіден, Сабақты зерттеу педагогтерге жүйелік интервенция мен қолдауды ұсына отырып, олардың бірлесе жұмыс істеуіне ықпал етеді және қолдау көрсетеді.

Сабақты зерттеу кезінде мұғалімдер:

- 1) оқушыларды оқыту мен дамытудың ұзақ мерзімді мақсаттарын тұжырымдайды;
- 2) осы ұзақ мерзімді мақсаттарды нақты академиялық мәнмәтін үшін сыныптағы нақты сабақтарға қолдану үшін зерттеулер мен бақылауларға негізделген сабақтарды жоспарлайды және өткізеді;
- 3) оқушылардың оқу деңгейін, олардың мінез құлқы мен инклюзивтілігін мұқият бақылайды
- 4) өткізілген сабақтар бойынша бірге рефлексия жасайды. [4]

Сабақты зерттеуден кейін дебрифинг сеансы өткізіледі, оның барысында мұғалімдер өзінің оқыту тәжірибесіндегі білім беру идеяларын түсініп, оқыту мен оқуға қатысты жеке және жалпы көзқарастарды салыстырып, өз қызметін оқушының көзқарасы тұрғысынан көре алу үшін деректерді бірлесе отырып қарастырады. Білім беруге дұрыс ұстаным мен Сабақты зерттеудің құндылығын айқындау үшін шағын көлемді зерттеулер әрқашан қажет болады.

Басқаша айтқанда, білім берудің уақыт өте келе өзгеріп отыратын әлеуметтік және тұрақсыз сипаты бар. Осыған байланысты білім беру философиясына сүйене отырып, біз білім берудің келешектегі перспективаларын анықтауымыз керек. Бұлай болмаған жағдайда сабақты зерттеу барысында жүргізілетін зерттеулердің нәтижелері күтілетін нәтижеге жеткізбеуі мүмкін. Сондықтан ХХІ ғасырда адамдар бетпе бет келіп отырған өмір шындығына сүйене отырып, сіздер білім беру саласындағы сапалы зерттеулеріңізді жалғастыра беретініңізге сенемін. Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, сіздерге өзіміз таңдаған үш нәрсені таныстырғымыз келеді. Біз осы уақытқа дейін жеткілікті дәрежеде көңіл бөлінбей жүрген мемлекеттік білім беру саласындағы үш нәрсеге қысқаша тоқталып өткім келеді. [5]

Біріншіден, бұл білім берудің факті ретіндегі түсінігі мен оқушылардың қабілетін анықтап дамытуға бағытталған қазіргі идеологияның арасындағы айырмашылықты табуға ұмтылыс. Біз жас ұрпақтың өз өмірінде және оқуында барынша тәуелсіз және дербес болуын қалар едік. Бұл жерде қазіргі білім беру идеологиясымен салыстырғанда ескі білім беру жүйесіне тәуелді болмау дегенді айтқымыз келеді. Білім берудегі ақиқат жағдай қоғамда ересек адам болу дегеніміз тәуелсіз, өз алдына шешім қабылдай білетін және өзіне өзі жауапты адам болу дегенді білдіреді. Дегенмен, қазіргі кезде мұндай мәндегі «дербестік» мүлдем ұмытылды деуге болады. Қазір «қүзіреттілікке», «проблеманы шешу қабілетіне» немесе «шығармашылыққа» көбірек көңіл бөлінеді, мұндай қабілеттер әлеуметтік - экономикалық тұрғыдан анағұрлым пайдалы деп саналады. Осы қабілеттерге қоса, адамның есейіп, тұлға ретінде дербестігі қалыптасқанына да көз жеткізуді ескеру қажет. Қазіргі кезде біз қоғам мен ортадағы «адамның тәуелсіздігін» өлшеу қиындық туғызатын дәрежеге жеткендіктен, адамның дербестікке өздігінен келуін қолдауымыз керек. Осыны ескере отырып, тәуелсіз болу талаптарының бірі тәуелсіз болу үшін «қүзіреттілікті немесе қабілетті қалыптастыру» әрдайым орындала бермейді. Қабілеттерін жетілдіру тәуелсіз болудың емес, адамның өзін өзі қамтамасыз етуі үшін қажетті шарттардың бірі ғана. Білім беру тұрғысынан күресуші патшалықтар дәуірінде б.д.д. 313-238 жылдардағы Қытай династиясының конфуцийшіл философы Сюнь Цзы айтқандай: (shutsuran no) «өз ұстазын басып озу» деген терең мағынаға



ие. Бұл Жапонияда кеңінен таралған қанатты сөз болып табылады. Бұл аға ұрпақ жас ұрпаққа табысты болу үшін қажетті еркіндік пен білім бере отырып тәрбиелейді деген ұғымды білдіреді. Оқушының табысқа қол жеткізуі оны тәрбиелеген аға ұрпақтың сіңірген еңбегі болып табылады. Осындай білім тұрғысынан «тәуелсіздіктің» мәні шәкіртінің жеткен жетістігінің арқасында алдыңғы ұрпаққа көрсетілетін құрмет. Менің ойымша, бұл «тәуелсіздіктің» мән мағынасын тиімді сипаттай алады.

Екіншіден, «қабілет мүмкіндіктерін жетілдіру» дегеніміз «өмір сүру жолын» жақсарту дегенді білдіреді, сондықтан «тұлғаны қалыптастыру» білім берудің негізгі мақсаты болуы тиіс. Жапониядағы Білім туралы негізгі заңның бірінші бабында білім берудің мақсаты «адамның тұлғасын қалыптастыру» деп көрсетілген.

Соңғы кезде біздің слаасымыздағы өзекті тақырып ретінде қызу талқыланып жатқан «Білім беру- 2030» ЭЫДҰ жобасында құзіретке «оқушының өз еркіне» қарағанда көбірек мән беріледі. Бұл балалардың қабілетін тиімді қолдану үшін, олардың ойы мен шешімдерін «нағыз оқушы үні» ретінде қарастырады. Нақтылап айтқанда, біз қоғамымыздағы «тұлғаны қалыптасыруға» қатысты «өмір сүру салты» немесе біздің «өмір сүруіміздің бастапқы негізі» ретінде өз мақсатымызға қол жеткізбеуіміз мүмкін. Егер біз «құзіреттілікке» назарды шоғырландыратын болсақ, «қоғам мен экономикаға» қойылатын талаптар білім беруден күтілетін үміттерді ақтамауы мүмкін.

Үшіншіден, ХХІ ғасырдың аяғында көбірек назар аударылатын мәселе «Жаһандық қоршаған орта» мәселесі. Бұл тақырыпты айналып өту мүмкін емес, өйткені бұл мәселе уақыт өткен сайын тереңдей береді. Халыққа білім беру мәселесін алатын болсақ, француз ойшылы Жан-Жак Руссодан бастап қазіргі білім беру идеологиясы негіз ретінде немесе білім беру жүйесі ретінде «қабілетті дамытуға» назарды шоғырландыруда. Дегенмен, біздің ойымызша, қазіргі сәттен бастап білім беруді тұрақты дамытуға басымдық беретін өзгерістер енгізілуде. [6]

Сондықтан бұл оқу зерттеулері бағытталуы тиіс түбегейлі қайта құру емес, «дамытудан» «бақылауға» көшу болып табылады. «Оқушыларымыздың қабілеттері мен құзіреттілігін дамытудың» орнына біз оларды қадағалауымыз керек. Әскери қару жарақтардың, атом бомбасының ойлап табылуы қоршаған орта үшін аса қауіпті экологиялық проблемалардың туындауына алып келді. Қазіргі кезде адамдар өздері себепші болған жаһандық экологиялық проблемалар үшін өздеріне толық жауапкершілік алмайды. Білім беру үдерісіндегі жаңа сипатты немесе адамзаттың қабілетін дамытудың нәтижесінде біз қазіргі кезде адамзат тарихында алғаш рет өз өміріміз үшін жауапкершілік алуға бетпе бет келіп тұрмыз. Біздің, ойымызша, әдетте ХХ ғасырдың ортасында пайда болды деп қарастыратын нағыз «постмодернизм» кезеңі дәл қазір жүруде. Сондай ақ, біздің зерттеуші ғалымдардың анықтауынша, әлеуметтік деңгейге емес, жаһандық табиғи және экологиялық жүйеге басымдық берілуі тиіс, өйткені табиғи жаһандық жүйе қоғамның негізі болып табылады. [7]

Осындай қорытындыға келуіміздің себебі 30 жыл бұрын АҚШ-тағы Корнелл университетінің профессоры Карл Саганның бір теледидар бағдарламасында «Адам баласының трагедиясы адамның ақыл ойының дамуы оның ақыл ойды бақылап, басқаруынан озып кетуімен байланысты» деп айтқанымен үндеседі. Осы сөздерді естігенде, біз оның не айтқысы келгенін түсіндік, яғни балаларға өзін және өзінің қабілетін қадағалауды үйрету қажет. Бұл ХХ ғасырдың соңынан бері көптеген ғалымдар айтып келе жатқандай, білім беру саласында «адамзаттың өзін түсінуін» жүзеге асыру және тексеру болып табылады.

Ойымды саралай келе, білім беру мазмұны мен оны оқу әрекетінде ұйымдастыру рухани құндылықтарға, бірлік пен сыйластыққа, адамгершілікке, шынайылыққа негізделуі керек. Егер білім беру саласында авторитарлық жүйе өзгеріссіз қала беретін болса, мұғалім оқушыға жеке тұлға ретінде қарамайтын болса, мектепте оқушының еркімен санаспайтын тәрбие үстем бола берсе, онда қоғамда алған білімі жүйесіз, еңбек етуге қабілетсіз, адами құндылықтарды білмейтін, саясатты түсінбейтін жастар көбейеді. Олар өз пікірін айтуға, өзін жетілдіруге құлықсыз болады, өмірге деген қызығушылығы жоғалады. Мектеп бітірген кезде



мақсаты айқын болмағандықтан, кім болатынын, қандай мамандық таңдайтынын, өзіне не керек екенін, не ұнайтынын өзі білмейді. [8] Ал бұл болашақ қоғамның өркениетті жолмен жүруіне үлкен қауіпті жүйенің жемісі болатыны беседен белгілі. Бүгінгі таңда қолға алып өндіріске енгізген педтехнологияның мақсаты жаңадан құрылған білім мазмұны «оқушыға бағытталған» қағиданы басшылыққа алып, бағалау жүйесі біртұтастылықпен жүзеге асырылады, оқушының оқ үлгерімімен бір қатарда оқушының оқу жетістіктеріне ұмтылу үрдісі де бағаланады. Ең маңызды фокусы оқушылар өзінің оқудағы жетістіктерін де өз бетінше, саналы түрде бағалауға дағдыланады. Бұл күрделі үдеріс өз алдына әрбір оқушының жеке психологиялық ресурстарын, «жекешелуін» дамыту міндетін көздейді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Т.Абико, Б.Лэндер «XXI ғасырдағы білім беру: мүмкіндіктері» мақаласы 47-49 беттер, «Педагогикалық диалог» журналының 2017 жылғы №4 (22) номері.
2. М.Ғалымжанова «Құзіреттілік білім сапасын қамтамасыз етудің кепілі» мақаласы 14 бет, «ӘдісTime» журналы 2021 жылғы №1 (09) номері.
3. К.Серимбетова «Сабақты зерттеу» шеберханасы мақаласы, 15бет.
4. К.Серимбетова «Сабақты зерттеу» шеберханасы мақаласы, 16бет.
5. Р.Базарбекова «Жаңа мазмұн бойынша оқыту мен оқудың ерекшеліктері» мақаласының 15 беті, «Педагогикалық диалог» журналының 2018 жылғы №1 (23) номері.
6. К.Камуабо «XXI ғасыр дағдыларының көшбасшылықты дамытудағы әсері қандай?» мақаласынан 59 беті, «Педагогикалық диалог» журналының 2021 жылғы №1 (25) номері.
7. Э.Шенингер «Сыныптағы серпілісті ойлау: оқушыларды болашаққа дайындау» мақаласынан, 78 бетте, «Педагогикалық диалог» журналының 2021 жылғы №ң (38) номері.
8. Н.В. Курилович «Функционалдық сауаттылық білім сапасының көрсеткіші» мақаласынан, 45беттен, «Педагогикалық диалог» журналының 2022 жылғы №1 (39) номері.

ІС –ӘРЕКЕТТІ ЗЕРТТЕУ АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНДЕ ДЕРЕКТЕРДІ ТАЛДАУҒА ҮЙРЕТУ

Хамитова Т.Ж.

№35 Х.Ергалиев атындағы мектеп-гимназиясы

Аңдатпа. Мақалада Іс-әрекетті зерттеу арқылы қазақ әдебиеті пәнінде деректерді талдауға үйрету қарастырылған. Ұсынылған авторлық бағдарлама Триангуляция әдісі арқылы жоғары сынып оқушыларының деректермен жұмыс жасау мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Деректерді өмірмен байланыстыруға дағдыландыра отырып, оқушылардың сыни ойлау дағдысын жетілдіру және олардың рефлексиялық дағдысын арттыру дағдысы талқыланады.

Түйінді сөздер: Іс-әрекетті зерттеу, деректер мәдениеті, рефлексия, Триангуляция әдісі, сыни тұрғыдан ойлау, рефлексивті дағды, талдау

Кіріспе

Қазіргі таңда мұғалімнің кәсіби тәжірибесін дамытудың қуатты құралының бірі-зерттеу. Мұғалім өз тәжірибесінде кез келген мәселені зерттей отырып, өз тәжірибесін жетілдіре алады. Қазір мектептерде Сабақты зерттеу мен Іс-әрекетті зерттеу тәсілдері кеңінен қолдануда. Іс-әрекеттегі зерттеу-бұл қолданбалы сапалық зерттеу. «Іс-әрекетті зерттеу» терминін алғашқы рет Курт Левин енгізген. Бұл үдеріс спираль пішінді үдеріс ретінде қарастырылады. Зерттеу проблеманы анықтаудан басталып, мұғалім тәжірибені өзгертудің жағымды қарқынын көздейтін болады. Бұл-ойлану мен талқылауға негізделген тәжірибе. Оның тиімділігіне кері әсер ететін себептерді жою жолдарын іздеуге бағытталады. Бұл зерттеуде



жинақталатын деректер шынайы, нақты болып, зерттеу нәтижесінде жасалған кез келген қорытынды жиалған деректермен сүйемелденуі қажет. Оқушының деректермен жұмыс жасау мәдениетін қалыптастыруға бұл зерттеудің мәні зор болды. Басқаша айтқанда, тәжірибені өзгерту-бұл істеп жатырған ісімізді өзгерту, түсінікті өзгерту- бұл біз қалай ойлайтынымызды өзгерту, жағдайды өзгерту-бір-бірімізге деген қарым-қатынасымызды өзгерту дегенді білдіреді. Жалпы, деректер-белгілі бір шешім қабылдау үшін қажетті ақпарат, қорытынды, шешім. Бұл адамның қарым-қатынас жасауы, түсіндіруі және өлшеуі үшін қолайлы және оңтайлы нысанда немесе автоматты құралдар арқылы тіркелген ақпарат пен фактілерді, түсініктер мен нұсқауларды ұсыну. Деректер әр түрлі болуы мүмкін.

Іс-әрекеттегі зерттеу теориясы мен тәжірибесіне қомақты үлес қосқан бірқатар маңызды зерттеушілер бар. Ұлыбританияда Лоренс Стенхаус осы тәсілді қолдаған зерттеушілердің алғашқысы болды. Эллиот пен Раддок те іс-әрекеттегі зерттеу жобаларының жетілдірілуіне өз үлестерін қосып, осы бағыттағы жұмыстарды жалғастырды. Жалпы, Іс-әрекеттегі зерттеу проблеманы анықтаудан басталып, тәжірибені өзгертудің жағымды қарқынын көздейтін үдеріс болып табылады. Осы мақаланың мақсаты- Іс-әрекеттегі зерттеу арқылы қазақ әдебиеті пәнінде оқушыларды Триангуляция әдісі арқылы деректерді талдай алу маңыздылығын ұғындыру.

Әдістеме

Сенімді деректерге қол жеткізу үшін әр түрлі дереккөздерді, деректер жинаудың әр түрлі әдістерін бірге қолдана отырып, деректерді жинаудың бір әдісін басқа әдістермен толықтыру тиімді болады. Деректердің сенімді болуына қол жеткізу үшін «триангуляцияның» келесі түрлері қолданылады. (лат. *tranguatio*- нәтижелерді тәуелсіз растау мақсатында бір көрсеткішті кемінде үш-төрт әдістің көмегімен өлшеу) Білім алушылардың деректермен жұмыс жасау мәдениетін қалыптастыруға, белгілі бір мәселені зерттеу үшін сұхбат, бақылау, сауалнама әдістерін қолдану-Зерттеу әдістерінің триангуляциясы. Зерттеу аясына қатысты негізгі идеялар және оны ұйымдастырудың ережелері туралы түсінік алады. Сандық деректер арқылы проблема мен оның пайда болу себебінің арасындағы мүмкіндікті анықтап, сапалық деректер арқылы проблеманың туындау себептері мен оның салдарларын зерделейді. Сонымен қатар, деректер жинаудағы әлеуметтану әдістерімен танысады, нәтижені өңдейді. Алынған деректер бойынша жүйелі сұрақтарды қамтитын сұхбат жоспарын жасауды үйренеді. Әңгіме немесе сұхбат барысында қойылатын сұрақтың ерекшелігіне талдау жасайды. Аналитиктер триангуляциясы- белгілі бір проблеманы талдауда әр түрлі ғалымдардың, сарапшылардың пікірлерін қолданады. Бұл зерттеу әдістерін қолдана отырып, білім алушылар әдебиет пәні бойынша берілген мәтіндердің стильдік ерекшелігіне талдау жасайды, шығармалардағы іс-әрекетті табады. «Автор ізімен талдау» әдісі арқылы нақты іс-әрекетті жоспарлайды. Шығарманың тақырыбын, идеясын көтерген басты мәселе туралы түсінік алады. «Проблемалық талдау» әдісі арқылы нақты проблемалық сұрақтар құрастыра алады. Ұсынылған мәтіннен факті мен пікірді және оның айырмашылығын анықтайды. «Т» кестесі арқылы факті мен пікірге қатысты тапсырмалар құрастырады. Оқу мақсаттарына сай баяндау желісін сақтай отырып, жинақы мәтін жазу жолдарын зерделейді. Жазылым стратегиясын қолдана отырып, жинақы мәтін түрлерін жаза алады.

Теориялар триангуляциясы зерттеу әдісі арқылы білім алушылар- алынған ақпаратты интерпретациялау үшін бірнеше теориялық тұжырымды негізге ала алады. Жүргізілген деректерге сәйкес, күнделік жазу алгоритмдерін түсінеді. Блум таксономиясының танымдық деңгейіне сәйкес өз-өзіне есеп беру дағдысы қалыптасады. Мәтіннің мазмұнына шолу жасай отырып, мәтіннен қажетті ақпаратты түсінеді. Мәтіннің мазмұнына, формасына «Рефлексиялық талдау» әдісі арқылы проблемалық жағдаятты шешуге мүмкіндік алады. Берілген тапсырмаға сыни тұрғыдан талдау жасайды. Ретроспективті, проспективті рефлексиялық жазу дағдысы қалыптасады және

Теориялар триангуляциясы арқылы алынған ақпаратты интерпретациялайды.

Практикада қолдану



Тәжірибе базасы ретінде Атырау қаласының №35 Х.Ерғалиев атындағы мектеп-гимназиясы алынды. Сабақ 10 «Ә» сынып білім алушыларына қазақ әдебиеті пәні шеңберінде жүргізілді. Сыныпта 19 білім алушы бар.Әдебиет пәні сабақтарында берілетін деректерді талдау үшін орындалатын әдістер қолданылды. Зерттеу мақсаты- қазақ әдебиеті пәнінде деректерді талдауға үйрету. 10 «Ә» сыныбы оқушыларынан сауалнама алынып,зерттеу тақырыбы анықталды.2023 жылдың Ітоқсанында «Іс-әрекетті зерттеу» циклі жүргізілді. Зерттеу барысында триангуляция әдістерін қолдана отырып, Абай шығармалары мен Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романындағы әр бөлімінде шешім қабылдау кезінде деректер туралы түсініктері мен білімдері қалыптасты. Зерттеу сабақ барысында деректерді жинау,оны қолдану арқылы алынатын проблеманың шешімін тауып,себептерін анықтап,салдарын зерделеуге бағытталған практикалық жұмыстар мен тапсырмалар арқылы шешім шығаруға,анализ жасауға дағдыланды. Сонымен бірге,бір-бірімен қарым қатынас жасау әдебін,орынды сөйлеу мәдениетін қалыптастыра алды. Қойылатын сұрақтың міндетін түсініп,оны қолдану ерекшелігін үйренді.. Мәтінде берілген белгілі бір проблеманы талдау үшін әр түрлі ғалымдардың,сарапшылардың пікірін қолдану арқылы өз түсініктерін кеңейтті. «Аналитиктер триангуляциясы» әдісі арқылы көркем шығарманы талдауға бағытталған жұмыстардың мәнін,мағынасын түсініп,ой-өрістерін кеңейтуге мүмкіндік ала алды. Көркем шығарманы автор ізімен талдауға,жаңашылдығына баға беріп, автордың ойы мен сезімін,шығарманы жеткізудегі негізгі идеясын практикалық тұрғыда дәлелдей білуге, өз беттерімен шешім шығаруға үйренді.. «Деректерді сапалы талдау-креативті ойлау» бөлімінде жазылым тапсырмалары арқылы креативті ойлауға,өз әрекеттерін ұғымды,ұтымды жоспарлауға,ортақ мақсатқа қол жеткізуді үйренді.

Қорытынды

Жүргізілген барлық жұмыс түрлері білім алушылардың деректерді талдауға дағдыландыра отырып,өз бетімен шешім шығаруға үйрету.Көркем шығармадан келтірілген деректермен жұмыс жасау мәдениетін қалыптастыру,сыни тұрғыдан ойлауына бағыттауымен және алынған деректерді өмірде қолдануға ұштауымен ерекшеленді. Оқушылардың алынған проблеманы талдау,оны қорытындылау,өзінің әрекетін бағалау дағдысы өз нәтижесін беріп келеді.Қорыта айтқанда, триангуляция әдісі арқылы білім алушылардың рефлексиялық дағдысын дамытып,проблеманы анықтауға және шешу жолдарын өз бетімен ізденуіне,деректерді қолдану оны өңдеу мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.Білім алушының пәнге деген қызығушылығының артуы- зерттеу сабағын өткізудің тиімділігінде.

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

Озғанбаева Гүлден Оразғалиқызы

Түлекова Ардак Гайнуллаевна

Әл-Фараби атындағы BINOM SCHOOL мектеп-лицейі география пәні мұғалімдері

Халықаралық PISA бағдарламасы география пәні үшін оның оқу үрдісінде мұғалімдер мен оқушылар үшін мүмкіндіктер ашады. PISA (Programme for International Student Assessment) – 15 жастағы оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауға арналған халықаралық зерттеу бағдарламасы. Бұл бағдарламада математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы және жаратылыстану-ғылыми сауаттылық сияқты негізгі үш сала бойынша оқушылардың білім деңгейі тексеріледі. География жаратылыстану-ғылыми сауаттылықтың маңызды бөлігі болып табылады.[1]

PISA тапсырмалары арқылы оқушыларда келесідей дағдылар қалыптасады:

- Кеңістіктік ойлау: карталарды оқу, географиялық ақпаратты талдау, жер бетіндегі құбылыстар арасындағы байланыстарды анықтау.



- Деректерді талдау: статистикалық мәліметтерді, графиктерді, диаграммаларды түсіну және олар негізінде қорытынды жасау.
- Сыни тұжырымдама жасау: берілген ақпаратты бағалау, әртүрлі көзқарастарды салыстыру, өз ойын дәлелдей білу.
- Проблеманы шешу: күрделі географиялық мәселелерді талдау және оларға тиімді шешімдер ұсыну.[8]

PISA тапсырмаларын оқу үрдісінде мынадай тәсілдермен қолдануға болады:

- Оқу материалын түсіндіру: жаңа тақырыпты түсіндіру кезінде PISA тапсырмаларының элементтерін қолдану.
- Оқушылардың білімін бағалау: оқушылардың білім деңгейін тексеру және олардың қандай дағдыларды меңгергенін анықтау үшін PISA тапсырмаларын пайдалану.
- Оқушылардың ойлау қабілетін дамыту: PISA тапсырмалары арқылы оқушылардың сыни тұжырымдама жасау, проблеманы шешу және шығармашылық қабілеттерін дамыту.[9]

PISA тапсырмалары география пәнінің тиімділігін арттыруға және оқушылардың географиялық сауаттылығын қалыптастыруға көмектеседі. Бұл тапсырмалар арқылы оқушылар әлем туралы жан-жақты түсінік алып, болашақта өздерінің өмірінде пайдалана алатын маңызды дағдыларға ие болады.[5]

Тақырыбы: Географиялық деректер базасы

Оқу мақсаты: 10.2.2.1 - Microsoft Excel бағдарламасын қолдану арқылы тақырыпқа сәйкес географиялық деректер базасын құрастыру

Мәнмәтін: ғылым мен технологияның байланысы

Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық құзыреттілігі: деректерді түсіндіру және қорытынды жасау үшін ғылыми дәлелдерді қолдану.

Білім: технологиялық жүйе

Дағды: деректерді талдау, түсіндіру және тиісті қорытынды жасау, құбылыстарды түсіндіру үшін тиісті жаратылыстану-ғылыми білімді қолдану

Мәнмәтін

Қазақстан Республикасының ЕАЭО елдерімен өзара саудасы

2024 жылғы қаңтар–шілдеде Қазақстан Республикасының ЕАЭО елдерімен өзара сауда 15799 млн. АҚШ долларын құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда номиналды мәнде 8,7% азайды. 2024 жылғы қаңтар–шілдеде тауарлар экспорты 5737,6 млн. АҚШ доллары (15,9% аз), импорт – 10061,4 млн. АҚШ доллары (4% аз) деңгейінде қалыптасты. Қазақстан Республикасының ЕАЭО елдерімен сыртқы сауда айналымының жалпы көлемінде Ресей Федерациясына – 91,1%, бұдан әрі Қырғыз Республикасына – 5,7%, Беларусь Республикасына – 3,1%, Армения Республикасына – 0,1% келеді.

1-тапсырма

Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің деректері бойынша Қазақстанның әлемдік шаруашылықтағы орнын айқындайтын негізгі экономикалық көрсеткіштерді анықтаңыз.

Жауап форматы: толық жауап

Максималды ұпай саны: 2

Қиындық деңгейі: төмен

Жауабы: 2024 жылғы қаңтар–шілдеде Қазақстан Республикасының ЕАЭО елдерімен өзара сауда 15799 млн. АҚШ долларын құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда номиналды мәнде 8,7% азайды. 2024 жылғы қаңтар–шілдеде тауарлар экспорты 5737,6 млн. АҚШ доллары (15,9% аз), импорт – 10061,4 млн. АҚШ доллары (4% аз) деңгейінде қалыптасты.[6]

2-тапсырма Кестеде Қазақстанның сауда көрсеткіштері берілген. Microsoft Excel бағдарламасын қолдану арқылы диаграммада ұсыныңыз. [7]



Көрсеткіштер	Мәліметтер
Жалпы тауар айналымы	78 971,7 млн. \$
Экспорт	46 136,1 млн. \$
Импорт	32 835,5 млн. \$

Мемлекет бойынша тауар айналымы (млн. \$)	Экспорт	Импорт
Италия	10 841,2	
Қытай	8 700,0	
Ресей	5 000,5	
Нидерланды	2 765,6	
Франция	2 387,3	

Жауап форматы: толық жауап

Максималды ұпай саны: 2

Қиындық деңгейі: орташа

Жауабы: Берілген мәліметтерді Microsoft Excel бағдарламасын қолдану арқылы графикалық диаграмма түрінде ұсынады.

3-тапсырма

Қазақстан әлемдік шарушалықтың орталығында орналасқан ба, шалғайында ма? Өз жауаптарыңызға дәлел келтіріңіз және фактілермен растаңыз.

Жауап форматы: толық жауап

Максималды ұпай саны: 2

Қиындық деңгейі: жоғары

Жауабы: Қазақстан әлемнің басты экономикалық орталықтарынан шалғайда орналасқан. Ол Тынық мұхиты мен Атлант мұхитынан алыс орналасқандықтан, ірі теңіз порттары жоқ. Бұл елдің жаһандық экономикалық сауда жолдарында орналасу жағдайын күрделендіреді. Қазақстанды әлемдік сауда байланыстарының маңызды бөлігіне айналдырады. Осының арқасында, Қазақстан Қытай мен Еуропа арасындағы тауар айналымының транзиттік орталығы болып отыр.

Тақырыбы: Географиялық деректерді визуализациялау

Оқу мақсаты: 10.2.2.2 - статистикалық деректерді талдау нәтижелері бойынша картограммалар мен картодиаграммаларды жасау;

10.2.2.3 - ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың графикалық редакторларын қолданумен тақырыптық картасызбалар жасау

Мәнмәтін: ғылым мен технологияның байланысы

Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық құзыреттілігі: деректерді түсіндіру және қорытынды жасау үшін ғылыми дәлелдерді қолдану.

Білім: технологиялық жүйе

Дағды: деректерді талдау, түсіндіру және тиісті қорытынды жасау, құбылыстарды түсіндіру үшін тиісті жаратылыстану-ғылыми білімді қолдану


Мәнмәтін

Минералды ресурстарға бай елдер жаһандық экономикада маңызды рөл атқарады, өйткені олар өндіріс пен энергетика салаларының негізін құрайтын шикізаттың негізгі жеткізушілері болып табылады. Бұл елдер минералды ресурстар қорымен алдыңғы қатарда тұр және әлемдік нарыққа әсер ететін шешуші рөл атқарады. [4]

Қазба түрі	Ел	Өндіру көлемі (жылына)
Мұнай	Сауд Арабиясы	10.8 млн баррель/күн
	АҚШ	12.2 млн баррель/күн
	Ресей	10.1 млн баррель/күн
	Канада	4.4 млн баррель/күн
	Иран	3.2 млн баррель/күн
Табиғи газ	Ресей	639 млрд м ³ /жыл
	АҚШ	914 млрд м ³ /жыл
	Иран	250 млрд м ³ /жыл
Көмір	Қытай	3.7 млрд тонна/жыл
	АҚШ	640 млн тонна/жыл
	Үндістан	800 млн тонна/жыл
	Австралия	500 млн тонна/жыл
Уран	Қазақстан	21,000 тонна/жыл
	Канада	13,000 тонна/жыл
	Австралия	6,000 тонна/жыл

1-тапсырма

«Ресурсқа бай елдер» рейтингі бойынша картограмма және картодиаграмма құрыңыз



Жауап форматы: толық жауап

Максималды ұпай саны: 2

Қиындық деңгейі: орташа

Жауабы: картограмма және картодиаграмма құрады, шартты белгілерді қолданады

2-тапсырма

Қазақстан уран өндірісінде әлемде бірінші орында тұр. Уран өндіруде көшбасшы болу Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатына қандай ықпал етті деп ойлайсыз? Сондай-ақ бұл жағдай оның ядролық энергетика нарығындағы рөлін қалай күшейтеді?

Жауап форматы: толық жауап

Максималды ұпай саны: 2

Қиындық деңгейі: жоғары

Жауабы: Қазақстан әлемдегі уран өндірісінің 40%-ын қамтамасыз етеді, бұл оны ядролық энергетика нарығында негізгі ойыншыға айналдырды. Қазақстанның ураны Жапония, Қытай, Франция сияқты елдердің атом электр станцияларына қажетті шикізатты қамтамасыз етеді.

Тақырыбы: Табиғатты тиімді пайдаланудың қағидаттары

Оқу мақсаты: 10.3.1.3 - табиғатты пайдалану түрлерінің тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу (жергілікті/аймақтық компоненттің негізінде)

Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық құзыреттілігі: деректерді түсіндіру және қорытынды жасау үшін ғылыми дәлелдерді қолдану.

Білім: тірі ағзалар жүйесі



Дағды: деректерді талдау, түсіндіру және тиісті қорытынды жасау, құбылыстарды түсіндіру үшін тиісті жаратылыстану-ғылыми білімді қолдану

Мәнмәтін

Өзіңіз тұратын өңірде пайдалы қазбалар (мұнай, көмір, темір рудасы, мыс және т.б.) кеңінен өндіріледі. Соңғы жылдары табиғи ресурстардың дұрыс пайдаланылмауы салдарынан қоршаған ортаға айтарлықтай зиян келтірілді. Су қоймалары ластанып, топырақ құнарлылығы азайды, және ауаның ластану деңгейі артты.

Айталық, Атырау мұнай өңдеу зауыты (АМӨЗ) Қазақстандағы ірі өндіріс орындарының бірі ретінде мұнайды қайта өңдеумен айналысады. Мұндай үлкен зауыттардың қоршаған ортаға тигізетін әсері айтарлықтай болуы мүмкін, әсіресе экологиялық стандарттарды сақтамаған жағдайда. АМӨЗ-ның қызметі қоршаған ортаға белгілі бір зиян тигізуі мүмкін, сондықтан экологиялық мониторинг пен зауыттың экологиялық стандарттарға сәйкес жұмыс істеуі өте маңызды.[2]

1-тапсырма

Сізден табиғи ресурстарды тиімді пайдалану үшін мынадай ұсыныстарды әзірлеу сұралады. Ресурстарды қайта өңдеу (қалпына келтіру):

- Қандай шаралар пайдалы қазбаларды өндіру кезінде қалдықтарды қайта өңдеу арқылы қоршаған ортаға әсерді азайтуға көмектеседі?
- Мысал келтіріңіз, қай салада қайта өңдеу тиімділікті арттыруға және табиғатты қорғауға мүмкіндік береді?

Жауап форматы: толық жауап

Максималды ұпай саны: 2

Қиындық деңгейі: жоғары

Жауабы: Өндіріс процесінде пайда болатын қалдықтарды қайта өңдеу технологияларын қолдану арқылы оларды басқа салаларда пайдалану немесе жаңа өнімдерге айналдыру. Бұл өндірісте қалдық көлемін азайтып, қоршаған ортаға теріс әсерді төмендетеді. Тау-кен өнеркәсібінде қалдықтар, әсіресе бос жыныстар, үлкен көлемде өндіріледі. Бұл қалдықтарды қайта өңдеп, жол құрылысы мен бетон өндірісінде қолдануға болады. Осылайша:

Табиғи тастар мен қиыршықтарды қазуға қажеттілікті азайтуға болады.

Қалдықтардың қоршаған ортаға әсері төмендейді, өйткені олар қоршаған ортаға төгілмейді және қалдық қоймаларында сақталмайды.

2-тапсырма

Қоршаған ортаны қорғауға бағытталған заңдар мен нормалар:

- Қоршаған ортаны қорғау туралы заңдардың тиімділігін арттыру үшін қандай ұсыныстар енгізуге болады?
- Жергілікті деңгейде қабылданған заңдар мен нормалардың сақталуын қадағалау жолдарын сипаттаңыз.[3]

Жауап форматы: толық жауап

Максималды ұпай саны: 2

Қиындық деңгейі: жоғары

Жауабы: Қазақстан Республикасы Конституциясының 31бабы.1992 жылы БҰҰ -ның конференциясында Қоршаған орта және оны дамыту жөнінде РИО-де-Жанейро Декларациясы 27 ұстаныммен қабылданды. РИО+20 конференциясы

3-тапсырма

Табиғи ресурстарды үнемді пайдалану:

- Сіз қандай шешімдер арқылы табиғи ресурстарды (су, энергия, пайдалы қазбалар) тиімдірек пайдалануға болатынын ұсынасыз?
- Экономикалық өсімді қамтамасыз ете отырып, қоршаған ортаны қорғаудың жолдарын атаңыз.

Жауап форматы: толық жауап



Максималды ұпай саны: 2

Қиындық деңгейі: жоғары

Жауабы: Әр оқушы өз жобасын ұсынады. Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану экономикалық өсім мен қоршаған ортаны қорғауды үйлестіре отырып жүзеге асуы керек. Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану, қалдықтарды қайта өңдеу және экологиялық таза технологияларды енгізу арқылы экономиканың тұрақты дамуына қол жеткізуге болады. Экологиялық саясатты күшейту, жасыл экономиканы дамыту және циркулярлық экономиканы енгізу — осы бағыттағы маңызды шешімдер болып табылады

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Гафитулин, М.С. "Зерттеуші" Жобасы. Оқушылардың зерттеу қызметін ұйымдастыру әдістемесі / м. с. Гафитулин // педагогикалық техника. 2005. — № 3. — 21-26 ББ.
2. Гузеев, в. в. "жобалар әдісі" интегралды оқыту технологиясының ерекше жағдайы ретінде // "мектеп директоры", -1995.-№ 6. — Б.10-12.
3. Материалы VI Международного фестиваля научно-методических разработок уроков (занятий), внеклассных мероприятий, пособий, проектов и программ. Главный редактор М.П. Нечаев. 2017
4. Реформы в Казахстане: успехи, задачи и перспективы// <https://www.oecd.org/eurasia/countries/Eurasia-Reforming-Kazakhstan-ProgressChallenges-Opport.pdf>
5. Методические рекомендации по повышению качества образования в контексте международных исследований (ГИК, PISA, TIMSS). РГКП «Национальная академия образования им. И. Алтынсарина»
6. <https://events.prosv.ru/uploads/2021/08/additions/nimCpWYqRvLbuFHarH4u8UWbJJeBbx59qDVjuOOY.pdf>
7. Корабев, г. г. Миасса қаласы мен оның айналасындағы аумақтың экологиялық жағдайын геохимиялық бағалау / / Ильмен мемлекеттік қорығындағы экологиялық зерттеулер: мақалалар жинағы. — Миасс: ИГЗ УрО РАН, 1994 ж. — 148-177 ББ.
8. Қысқаша психологиялық сөздік / жалпы редакциялаған Н. В. Петровский, М. Г. Ярошевский. М.: Политиздат, 1985.- Б. 13.
9. Осипова, Г.И. оқушылардың зерттеу қызметін ұйымдастыру тәжірибесі: "Кіші Ғылым Академиясы" / автор. - құрамы. Г. И Осипова-Волгоград: Мұғалім, 2007. — 103 б

КӨРКЕМ ӘНГІМЕ ШЕБЕРІ – БЕЙІМБЕТ

Еркінқызы Гүлнұр

№31 мектеп-гимназия қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі

Сәтті шыққан көркем шығарма – бір ғана жазушының жетістігі емес, бүкіл әдебиет көлеміндегі кесек құбылыс. Осындай көркем шығармалардың талантты авторы, нағыз натуралист, реалист, классик жазушылардың көшін бастап тұрған ерекше өнер иесі – Бейімбет Майлин. Бимағанбет әңгімелері – өмір шындығының, қоғам бейнесінің айнасы. Оның шығармашылығын әйел теңдігі тақырыбы, өз заманының образдары, натуралистік шығармалар деп топтастыра талдауға болады. Неге Биағамызды натуралист, шыншыл жазушы дейміз? Себебі шығармаларында қоспасыз, әсірелеусіз оқиғалар баяндалады. Сонымен қатар Бимұхамбеттің шығармашылығы бүгінге дейін құндылығын жоймауымен, өз заманының ғана емес, қазіргі қоғам өмірімен де байланысты болуымен ерекшеленеді.

Қазіргі қоғаммен байланысы және өзектілігі дейтінім, қазір феминизм басымдық алып тұрған кезеңде екіншісі бірі әйел теңдігін қолдап, нәзік жандыларды өмірдің бар саласынан көргісі келетінін, тіпті ер адамдардан мықты деп көрсетуді дәлелдеп әлек боп жүргендері



қаншама?! Бұл мәселе «Қарсақтың» шығармаларында ерте кезден тақырыпқа арқау болған. Оның әңгімесінің ерекше тұсы да осы – көркем тілмен оқиғаны баяндағандай болады, астарында үлкен проблеманы көтеріп тұрған мән жатыр. Сөзімізге «Раушан-коммунисті» айтпағанда, «Зейнештің серті», «Құрымбайдың жігітшілігі», «Қайнаға өтірік айтады» сынды әйел теңдігі тақырыбындағы шығармалары дәлел. Тақырыбына қарасаңыз, басқа ойды жеткізгісі келгендей, бірақ біз аса мән бермейтін тұстарын қайта оқып, тереңірек үңілсек, қыз баласының ер жігітке теңесе түскен кезеңін, ақыл-парасатымен өзінің тұлғалығын көрсете білген үлгілі әйел бейнесін аңғаруға болады. «Зейнештің серті» әңгімесінде Асылбекке алданып, етегінен еруге бел байлаған он бес жасар қыздың кеш болмай ес жиып, абыройы үшін сотқа арыз жазып, бұл шешім сот мүшелерінен қолдау табуымен жалғасады. Ол кездері мұндай әрекет ету – қазақ даласында ерсі көрінетін еді. Әңгіме алғашында оқырманға жат көрінгенімен, кейін қыздардың санасының толысып, өздері үшін күресе алатын деңгейге көтерілгенін көрсетеді. «Қайнаға өтірік айтады» әңгімесінде «қатындар оқуды қайтеді» деген қайынаға сөзіне қарсы келіп, оқуға ынтасымен кіріскен ескі заман келіншектері білімге қарай бас көтерген алғашқы әйелдер толқынын көрсеткен. Бүгінде еліміздегі гендерлік тең білім жүйесі өткен ғасырда-ақ Бейімбет шығармаларынан көрініс тапқанын байқаймыз. Шығарма әрі қарай әйелдер білім алуды қолға алғаннан кейін ерлерге бағынуды қойып, өзі би, өзі қожа болып аласапыран туындатқан сәттерді бейнелеген, еркінсіген қазақ әйелдерінің шектен шығуын ашына жеткізеді. Соңғы ойды жазушы өзі қорытпай, оқырманның өзіне қалдыруы – оның жазу шеберлігіне айғақ болар бір дәлел.

«Мырқымбайдың» әңгімелері образдылығымен басқа жазушылардан алда тұрады. Олай дейтінім, Егеубайы («Сексен сом»), Күлпашы («Күлпаш»), Айранбайы («Айранбай»), Түйебайы («Түйебай»), Салқамбайы («Салқамбай тоба қылды») қазақ басынан өткерген әрбір оқиғаның бір-бір хабаршысы. Ашаршылық кезіндегі халық өмірін Күлпаш арқылы, коммунизм, «жаңа өмірдің» сипатын Егеубай арқылы, кедейлер өкілі мен үстем тап өкілдің теңсіздігін Айранбай, Түйебай образдарымен жеткізсе, баймен құда болғысы кеп ашкөзденіп, қызын сатып опық жегендер бейнесін Салқамбай образымен өте шынайы ашып жеткізген. Мырқымбай бейнесінің өзі кедейлердің тіршілік-тынысын, бітім-болмысын жинақтап тұрған үлкен образ ретінде алынған. Жазушы образ жасайтынымен ғана емес, шығармаларын шынайы жеткізе отырып, астарлы мысқыл, келеке, әжуалай келе, болып жатқан ахуалдарға өзіндік көзқарас бере алатындығымен айшықтанады. Проза жанры да осы Бейімбеттің көркем әңгімелерімен толыса, кемелдене түсті дей аламыз.

Қазір әдебиетте жаңа салалар қарқынды даму үстінде. Соның бірі натурализмдік сипат. Натурализм – әдебиетте оқиғаны бастан-аяқ баяндауды, әсірелеусіз, ұсақ мән берілмейтін детальдармен адам, жануар әрекетін тәптіштеп сүреттеуді мақсат етеді. Біз бұны қазақ әдебиетінде кімнен көре аламыз? Әрине, Бейімбеттен! Сол үшін де оны реалист, натуралист жазушы дейміз. Сонысымен әдебиетте өз орнын, өз қолтаңбасын ерекшеленіп қалдырып отыр. Әйтсе де, біз Бейімбетті жете түсініп оқымайтынымызды, аса мән беріп талдамайтынымызды сын көреміз. Бұл әсіресе, әдебиет қазанында біте қайнасып жүрген оқырмандар үшін үлкен қателік. Шығармашылығын сүйіп оқып қана қоймай, оны жіліктеп, айтар ойы мен астарын ұғына білу керекпіз. Осы бүгінге дейін бүтіндей жетпей қалған шығармашылығын жинақтай алмай жүргеніміз өкінішті. XX ғасыр әдебиетіндегі тақырыптар біздің қоғамда да маңызын жоғалтқан емес. Керісінше осы жанрдағы көркем әңгімелерді жазу стилін Бейімбеттен үлгі ала отырып, дамытуды міндетіміз деп білем. Басқа елдің емес, дәл мына қазақ халқының маңдайына осындай талантты жазушының келуі жай емес, оны өзіміздің бақ санап, лайықты түрде бағалай білуіміз керек. Бір ғасырда бір туатын ірі тұлғалар қашан да өз биігінен көрінері хақ. «...Өлді деуге бола ма айтыңдаршы, өлмейтұғын артына із қалдырса?»...



ФИЗИКА САБАҚТАРЫНДА ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Бекенова Римма Кенжебайқызы

*Атырау облысы Білім беру басқармасының
«Облыстық арнайы мектеп-интернат» КММ-нің
физика пәнінің мұғалімі*

Қазіргі білім беру жүйесі оқушылардан тәжірибелік дағдыларды және ғылыми ойлау қабілетін қалыптастыруды талап етеді. Әсіресе, физика сияқты пәндерде тек теориялық негіздерді түсіну ғана емес, оларды нақты өмірде қолдана білу маңызды. Бүгін мен сіздерге физика пәнін оқытудағы жаңа тәсілдер мен олардың тиімділігі туралы баяндама ұсынғым келеді.

Физика көп жағдайда формулалар мен заңдардың күрделілігіне байланысты қиын пән ретінде қабылданады. Өйткені, физиканы жақсы түсіну оқушының гуманитарлық та, математикалық та қабілеттерді қолдануына байланысты. Алайда заманауи оқыту әдістерін қолдану арқылы пәнге деген қызығушылықты арттыруға, материалды түсінуді жеңілдетуге және білімді тереңірек меңгеруге болады.

Физика пәнін оқытудағы іс-тәжірибемде кездескен негізгі қиындықтарға тоқталсам, олар:

1. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығының төмендігі, себебі физика «құрғақ» және теориялық пән ретінде көрінеді.
2. Күрделі құбылыстарды түсіндіруде көрнекіліктің жеткіліксіздігі.
3. Оқыту материалының практикалық өмірден алшақтығы.





Туындаған қиындықтарды жеңу үшін, ізденіс нәтижесінде жаңа әдіс-тәсілдерді қолданудың оң нәтиже беретіндігі анықталды. Ең тиімді жаңа тәсілдердің бірі – интерактивті оқыту әдістерін қолдану. Бұл әдістер мыналарды қамтиды:

- Цифрлық зертханаларды пайдалану. Заманауи технологиялар виртуалды тәжірибелерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді, оларды мектеп зертханасында орындау қиын немесе мүмкін емес. Мысалы, симуляторлар дене қозғалысын, электромагниттік өрістерді, толқындық процестерді модельдеуге мүмкіндік береді.
- Викториналар мен ойындар. Kahoot (*Кахут*) немесе Quizizz (*Куизис*) сияқты қосымшаларды қолдану арқылы материалды ойын түрінде қайталау оқушылардың қызығушылығын арттырады.
- Эксперименттерге арналған мобильді қосымшалар. Мысалы, смартфон сенсорларын қолданып, үдеу, күш немесе дыбысты өлшейтін қосымшалар сабақтарды көрнекі әрі қызықты етеді.

Сонымен қатар, оқушыларды жобалық қызметке тарту – физикаға қызығушылықты ынталандыратын тағы бір тиімді әдіс екенін айтып өткім келеді. Жобалар мысалдарына тоқталсам:

1. Қарапайым физикалық құралдарды құрастыру, мысалы, маятник немесе электромагнит жасау.
2. Күнделікті өмірдегі физикалық құбылыстарды зерттеу, мысалы, микротолқынды пештің немесе тоңазытқыштың қалай жұмыс істейтінін түсіну.
3. Экологиялық мәселелерді физика тұрғысынан талдау (мысалы, энергия үнемдеу немесе күн энергиясының әсері).

Жобалық қызмет оқушылардың жоспарлау, командада жұмыс істеу және шығармашылық шешім қабылдау дағдыларын терең дамытады.



Пәнаралық тәсілдер оқушыларға физиканың жеке пән емес, қоршаған әлемнің бір бөлігі екенін көрсетеді, сондықтан мектеп пәндерімен байланысты қолданудың да пайдасы бар. Ол оқушылардың білім сапасын арттыруға көмектеседі:

1. *Математикамен байланыс.* Мысалы, қозғалыс теңдеулері немесе статистикалық деректерді зерттеу оқушылардың математикалық дағдыларын тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береді.
2. *Информатикамен байланыс.* Физикалық процестердің компьютерлік модельдерін жасау бағдарламалау дағдыларын дамытып, құбылыстарды тереңірек талдауға көмектеседі.
3. *Биология және химиямен байланыс.* Биофизикалық немесе химия-физикалық процестерді зерттейтін сабақтар (мысалы, көздің оптикалық жүйе ретінде жұмыс істеуі) оқушылардың ой-өрісін кеңейтеді.

Заманауи тәсілдер тек оқыту әдістерін ғана емес, бағалау әдістерін де қамтиды. Формативті бағалау мұғалімге тек нәтижені тіркеп қана қоймай, оқушыға материалды меңгеру барысында көмектесуге мүмкіндік береді.

- Оқушыларға алдын ала белгілі балл жүйесі мен критерийлерді пайдалану.
- Тест аяқталғаннан кейін ғана емес, жұмыс барысында да кері байланыс беру.
- Оқушылардың жіберген қателерін талдау және оларды өздері түзетуге мүмкіндік беру.

Осылайша, ізденіс нәтижесінде физика пәнін зерделеудегі мәселелерді шешу үшін интерактивті әдістерді, жобалық қызметті және пәнаралық байланыстарды кеңінен пайдаланып, физика сабақтарын өткізу келесі нәтижелерді көрсетті:

1. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артты. Олар тәжірибелер мен талқылауларға белсенді қатысып, көбірек сұрақ қоя бастады.
2. Оқу үлгерімі жақсарды. Нақты өмірмен байланысты тапсырмалар мен тәжірибелер түсінікті болып, материалды жақсы меңгеруге әкелді.
3. Сыни және шығармашылық ойлау дамыды. Оқушылар құбылыстарды «не болып жатыр?» деген тұрғыдан ғана емес, «неліктен бұл орын алады?» деп талдай бастады.

Физика сабақтарында жаңа тәсілдерді қолдану – бұл жай ғана сән емес, қазіргі қоғам мен білім беру ортасының өзгерістеріне негізделген қажеттілік. Интерактивті әдістерді, жобалық қызметті және формативті бағалауды қолдану сабақтарды қызықты, ал оқытуды тиімді етеді. Баршаңызды өз әдістемелік табыстарыңызбен бөлісуге, жаңа тәсілдерді өз сыныптарыңыздың ерекшеліктеріне бейімдеуге және оқушылардың физикаға деген сүйіспеншілігін дамытуға шақырамын.



МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДИАГНОСТИКАНЫҢ МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫ

Куракбаева Кунсулу Адаевна

№ 34 «Нұрбөбек» бөбекжай-бақшасы педагог-психолог

Омар Айзада Жолмұрзақызы

№ 34 «Нұрбөбек» бөбекжай-бақшасы тәрбиешісі

Бүгінгі таңда мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу және білім беру қызметін оңтайлы ұйымдастыруда педагог-психологтың өзіндік үлесі бар. Мектеп жасына дейінгі балалардың дамуын бақылап, оның нәтижелерін талдап, нақты баға беру оңай емес, осыған орай психологиялық қызмет бағыттарын тиімді жүзеге асырудың маңызы зор.

Мектепке дейінгі ұйымдағы педагог-психолог жұмысының негізгі бағыттарының бірі диагностика болып табылады. Психологиялық диагностика - бұл балалардың жеке психологиялық ерекшеліктері, олардың даму процесінің динамикасы, тәрбиеленушілерге, ата-аналар мен мұғалімдерге психологиялық көмек көрсету үшін қажетті уақытылы ақпарат алу; балалардың толыққанды жеке дамуын қамтамасыз ету үшін мүмкіндіктері мен қызығушылықтарын, қабілеттерін, бейімділігін анықтау.

Жалпы диагностиканың өзі бірнеше түрге жіктеледі. Т.М. Бондаренко диагностиканың келесі түрлерін айқындаған:

- медициналық (диагностика нысаны - баланың денсаулығы мен дене дамуы жай-күйі);
- психологиялық (диагностика нысаны - баланың психикалық дамуы);
- педагогикалық (диагностика нысаны баланың білім беру не оқу бағдарламасын меңгеруі);
- басқарушылық (диагностика нысаны - білім беру ұйымының қызметі).

Мектепке дейінгі ұйымның білім беру үрдісі жағдайында оның негізгі құрауышы психологиялық диагностика болып табылады, ол білім беру қызметіне қатысушылардың барлық деңгейіне де қатысты. Десек те, педагог-психолог қызметінің негізгі субъектісі - бала, сондықтан балаларды диагностикалау басым бағыт болып табылады. Баланың психологиялық ерекшеліктері мен дамуын зерттеу 3 жастан басталады және екі бағытта танымдық және эмоционалды-еріктік саланы зерттеу негізінде жүзеге асырылады. Ол жеке баланың және топ балалардың психологиялық қасиеті мен жай-күйін сандық бағалау және сапалық талдаумен байланысты жүреді.

Диагностика баланың құзыреттілік деңгейін анықтауға бағытталған, оның негізінде баланың когнитивтік, эмоционалды-сезімдік, мотивациялық, мінез-құлықтық, тұлғалық дамуы жатыр. Педагогикалық диагностика тәрбиешілерді баланың когнитивтік тәжірибесін талдауға бағыттайды: когнитивтік, эмоционалды-сезімдік, мотивациялық, мінез-құлықтық тәжірибесі және осы тәжірибені түрлі жағдайларда қолдану. Осы тұлғалық өріс бала тұлғасының мақсаттылығын, құрылымдылығы мен бағыттылығын анықтайды.

Психологиялық диагностика – жеке тұлғаның даралық-психологиялық қасиетін өлшеудің негізі. Оның мақсаты - психологиялық өзгерістерді анықтау және жеке адамның психологиялық ерекшелік күшінің маңыздылығы мен болашақтағы дамуын болжау.

Қоғамдағы түрлі құбылыстардың адам психикасына әсері олардың психикалық жай-күйін, дамуын, қалыптасуын, қоғамдағы орнын анықтауды және бағыттауды қажет етеді. Бұл тұрғыда, адам қоғамына қызмет етуші педагог-психолог мамандардың кәсіби қызметі қажет болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі балалармен жүргізілетін психодиагностика мектепке дейінгі балалық шақта баланы отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның білім беру-дамытушы ортасында психологиялық тұрғыда зерттеу қызметі ретінде анықталады, онда зерттеу нысаны баланың даралық-жас ерекшелігі, олардың психикалық дамуындағы ауытқушылықтардың себебі болып табылады.



А.Н. Веракса мен М.Ф. Гуторова психологиялық диагностикаға кеңінен анықтама береді, олардың көзқарасы бойынша «психологиялық диагностика – бұл тәрбиеленушілерге, ата-аналарға және педагогтарға психологиялық көмек беруге қажетті мәлімет алу үшін балалардың даралық-психологиялық ерекшеліктері, олардың даму процестерінің қарқыны туралы дер кезінде ақпараттар алу; толыққанды тұлғалық дамуын қамтамасыз ету үшін балалардың мүмкіндіктерін, қабілеттері мен икемділіктерін айқындау».

Осы мәселе турасында Т.Д. Марцинковская өзіндік әділ пікірін білдірген: «дұрыс жүргізілген диагностика - психикалық ауытқушылықты анықтаудағы алғашқы қадам, өйткені ол психикалық даму бұзылысының алғашқы себептерін, қандай сапалар қалыптасқандығын көрсетеді».

Психологтың міндеті - балабақша қызметкерлерімен, және ең алдымен педагогтармен байланыс орната білу. Кез келген педагог, психологқа қарағанда, балалармен көп уақытын өткізеді, демек психологқа педагогтан басқа ешкімде баланың психологиясын талдау үшін соншалықты бай материал бере алмайды. Кейде педагогтың өзіне де психолог қажет болады. Мәселен, педагог қандай да бір баланы қабылдай алмағанда және осыны өзі сезініп тұрған жағдайда, не болмаса тәрбиешіде дамуы ерекшелеу немесе ештеңеге селт етпейтін балаға қатысты күмән туса, психолог көмегіне жүгінеді. Бұл жағдайда психолог педагогке не тәрбиешіге баланың байқалмаған тұлғалық ерекшелігін аша отырып, мәселені шешуге көмектеседі, баламен өзара әрекеттестік қарым-қатынасын орнатудың жаңа тәсілдерін ұсынады. Балабақша педагогтары психологтан баланы дамыту жолдарын жетілдіруге қатысты көмек сұрап келуіне болады.

Соңғы жылдары психодиагностикада күрделі ситуациялар белең алып келеді, бір жағынан, заманауи балалар популяциясында едәуір өзгерістер болса, басқа жағынан баланың психикалық жай-күйін бағалауға деген көзқарастар, тек феноменологиялық, оның ішінде психометриялық жетіспеушіліктері орын алады. Оның үстіне кейбір белгісіздік жағдайларда әлеуметтік шарттармен шиеленісіп мәселені күрделендіріп отыр. Осы тектес белгісіздік жағдай білім берудегі инновациялармен, бала дамуының даралық сипатына көптеген білім беру жүйелерінің бағдарымен, сондай-ақ балалар популяциясының «көптүрлілігімен», қазіргі балалардың даму қарқынының өзгеру ерекшелігімен сипатталады. Сондықтан балалық шақты «сүйемелдеудің» не қолдаудың қай саласында да қызмет еткен мамандар баланың заманауи білім беру ұйымдары «кеңістігіне» бейімделуіне, оларға тиімді көмек көрсетуге келгенде идея іздеуде үнемі тоқталуға мәжбүр болады.

Көп жағдайда бұл процесс мектепке дейінгі ұйым психологына тура қатысты болады. Іс жүзінде, ол барлық мамандардың қызметін «тұйық» балаға «теңестіруді», «біріктіруді», «бағыт беруді» көздейді, сондай-ақ осы мәселенің дәл ортасында жүреді, өзінің психологиялық қана емес, аралас, пәнаралық білімі мен біліктілігін ортаға салады. Осы тұрғыдағы көзқарастар біртекті теория, әдістеме мен технологияларды ұсынады деуге болмайды. Нақты бір балаға қатысты, оған көмек пен қолдау көрсетуге кіріктірілген түсініктер де болады. Оның үстіне балалық шақтың мәселелерін көре білу баланың психологпен алғашқы кездесуі – диагностика кезеңдерінде маңызды.

Жоғарыда сипатталған тұжырымды түйіндер болсам, мектепке дейінгі ұйымда педагогикалық-психологиялық диагностикаға кеңінен қолданыс тауып келеді. Диагностика негізінде мектепке дейінгі ұйымның білім беру сапасын, балалардың даму деңгейін анықтауға болады. Диагностика нәтижелері педагогикалық қызметтің жетістігі мен кемшілігін назарға алып, алға дамуға негіз болады. Сол себепті диагностика мектеп жасына дейінгі балалардың дамуына қатысты мәселелерді айқындайтын психолог қызметіндегі ең маңызды бағыт болып айқындалып отыр.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Бондаренко Т.М. Диагностика педагогического процесса в ДОУ: практ. пособие для воспитателей и методистов ДОУ. Воронеж, 2010.
2. Веракса А.Н., Гуторова М.Ф. Практический психолог в детском саду. М., 2011.
3. Дыбина О.В. Педагогическая диагностика компетентностей дошкольников. Для работы с детьми 5-7 лет / под ред. О.В. Дыбиной. М., 2010.
4. Семаго Н.Я., Семаго М.М. Теория и практика оценки психического развития ребенка. Дошкольный младший школьный возраст. СПб., 2011.
5. Урунтаева Г. А. Афонькина Ю. А., «Практикум по детской психологии», Москва, «Просвещение», 1995г.

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ОЙЫН ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ**Мусрепова Нургуль Гарифуллалқызы***Атырау облысы Құрманғазы ауданы**«Мерей» бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі*

Аннотация: В статье рассматривается значение игровой деятельности в развитии компетентности детей дошкольного возраста. Игра представлена как эффективный инструмент, способствующий формированию личности, когнитивных способностей и социальных навыков ребенка. Анализируются основные виды игр (сюжетно-ролевые, дидактические, строительные и подвижные), их влияние на развитие детей и роль воспитателя в организации игровой среды. Приведены примеры и доказательства из работ Л.С. Выготского, Д.Б. Эльконина, Ж. Пиаже и других ученых. Особое внимание уделено созданию условий, способствующих раскрытию потенциала каждого ребенка через игру. В заключении подчеркивается, что развитие игровой компетентности является важным шагом в подготовке детей к успешной социализации и обучению в будущем.

Ключевые слова: игра, дошкольная компетентность, развитие ребенка, виды игр, социальные навыки, роль воспитателя.

Ойын – бала дамуының басты шарты. Ол тек қана қызықты уақыт өткізу ғана емес, сондай-ақ баланың тұлғалық, танымдық және әлеуметтік әлеуетін дамытуға арналған әмбебап құрал болып табылады. Атақты психолог Л.С. Выготский: «Ойын – баланың ойлау қабілетінің қалыптасуындағы ең маңызды факторлардың бірі», – деп атап өткен. Бүгінгі күні мектепке дейінгі мекемелерде ойын құзыреттілігін дамыту білім берудің негізгі міндеттерінің біріне айналады. Бұл мақалада ойын құзыреттілігінің мәні, оның балалар өміріндегі орны, сондай-ақ педагогикалық тәжірибеде қолдану жолдары қарастырылады.

Ойын құзыреттілігі баланың қоршаған ортадағы әртүрлі жағдайларға бейімделу, өзін-өзі тану және өзгелермен қарым-қатынас орнату қабілеті арқылы анықталады. Бұл құзыреттілік келесі артықшылықтарды береді:

1. Әлеуметтік бейімделу – бала ойын арқылы қоғамдағы рөлдерді үйренеді, қарым-қатынас мәдениетін меңгереді. Мысалы: «Дүкен» ойынында балалар сатып алушы мен сатушының рөлдерін ойнай отырып, ақша, сауда және келісім туралы негізгі ұғымдарды түсінеді. Л.С. Выготский атап өткендей, рөлдік ойындар баланың әлеуметтенуіне үлкен ықпал етеді (Выготский, Л.С., 1984).
2. Шығармашылықтың дамуы – ойын барысында балалар жаңа идеяларды ойлап табуға, қиялын іске асыруға мүмкіндік алады. Мысалы: «Архитектор» ойынында балалар түрлі ғимараттарды салып, кеңістіктік ойлау қабілеттерін дамытады. Элькониннің айтуынша, шығармашылық ойындар баланың тұлғалық дамуына жол ашады (Эльконин, Д.Б., 1978).



3. Эмоционалды тұрақтылық – ойын барысында бала жеңіске жетуді, қиындықтарды жеңуді және топ ішінде өзін ұстай білуді үйренеді.

Т.А. Маркова ойынның эмоционалдық салаға оң ықпал ететінін атап көрсеткен (Маркова, Т.А., 2006).

Ойын құзыреттілігін дамытуда әртүрлі ойын түрлері қолданылады:

1. Рөлдік ойындар. Балалар рөлдік ойындар арқылы әлеуметтік тәжірибе жинайды. «Отбасы» ойынында бала ана, әке немесе бала рөлін алып, отбасы мүшелерінің міндеттерін түсінеді. Бұл балаға жауапкершілік сезімін дамытады. Л.С. Выготскийдің зерттеулері рөлдік ойындардың маңыздылығын көрсетеді (Выготский, Л.С., 1984).

2. Құрылыс ойындары. Бұл ойын түрі балалардың ұсақ моторикасын, кеңістіктік ойлауын және шығармашылығын дамытады. Кубиктерден «сарай» салу барысында балалар өзара бірігіп жұмыс істеп, шығармашылық идеяларын іске асырады. Дж. Пиаже балалардың интеллектуалдық дамуын қолдайтын ойындардың тиімділігін дәлелдеген (Пиаже, Ж., 1959).

3. Дидактикалық ойындар. Білім беру мақсатындағы ойындар танымдық құзыреттілікті қалыптастырады. «Әріптерді тап» ойыны кезінде балалар алфавитті үйренеді және оқу процесіне қызығушылық танытады. Д.Б. Эльконин дидактикалық ойындардың балалардың танымдық белсенділігін арттырудағы рөлін атап көрсеткен (Эльконин, Д.Б., 1978).

4. Қозғалыс ойындары. Мұндай ойындар физикалық дамуды қолдайды және топпен жұмыс істеуді үйретеді. «Кім тезірек?» ойыны балалардың жылдамдық, төзімділік қабілеттерін дамыта отырып, достарымен жарысуға мүмкіндік береді. Қозғалыс ойындарының балалар денсаулығына оң әсерін А.Н. Леонтьев зерттеген (Леонтьев, А.Н., 1997).

Ойын құзыреттілігін дамытуда педагогтің кәсіби шеберлігі шешуші рөл атқарады.

1. Тәрбиеші – ойын жетекшісі. Тәрбиеші ойынның мазмұнын түсіндіріп, оны баланың қызығушылығына сай ұйымдастырады. Балалардың ойыншықтардан қалашық салуы кезінде тәрбиеші оларға кеңес беріп, жаңа идеяларды қосуға көмектеседі.

2. Жеке тәсіл. Әр бала ерекше, сондықтан педагог оның қызығушылығын ескеруі қажет. Белсенді балаларды қозғалыс ойындарына, ал тыныш балаларды шығармашылық ойындарға тарту арқылы олардың қабілеттерін ашуға болады.

3. Қызықты орта құру. Баланың қызығушылығын ояту үшін орта ерекше маңызға ие. «Ғарыш саяхаты» ойынына арналған бұрыш жасау балалардың танымдық қызығушылығын арттырады.

Қазақстанның балабақшаларында өткізілген зерттеулер бойынша, ойындарға белсенді қатысатын балалардың тіл байлығы, ұжымдық жұмысқа қабілеттілігі және өз ойын еркін жеткізуі басқалардан жоғары деңгейде дамыған.

Монтессори әдістемесі негізінде ұйымдастырылған ойындар балалардың өз бетінше шешім қабылдау қабілетін дамытады (Монтессори, М., 2020).

Қорыта айтқанда, ойын құзыреттілігі – мектепке дейінгі жастағы балалардың жан-жақты дамуының негізі. Ойын арқылы балалар танымдық қабілеттерін дамытып қана қоймай, қоғамда өз орнын табуға қажетті әлеуметтік және эмоционалдық дағдыларды меңгереді. Педагогтер балалардың жас ерекшеліктеріне сай ойындарды дұрыс таңдап, олардың әр баланың әлеуетін ашуға бағытталғанын қамтамасыз етуі қажет. Ойын құзыреттілігін дамыту – баланың болашақтағы табысты өмірінің кепілі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Выготский, Л.С. «Игровая деятельность как основа развития», 1984.



2. Эльконин, Д.Б. «Психология детской игры», 1978.
3. Пиаже, Ж. «Речь и мышление ребенка», 1959.
4. Маркова, Т.А. «Эмоциональное развитие детей», 2006.
5. Леонтьев, А.Н. «Развитие личности ребенка в игре», 1997.
6. Монтессори, М. «Методика раннего развития детей», 2020.
7. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. «Мектепке дейінгі білім берудің жаңа стандарттары», 2023.

STEAM БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ БАЛАЛАР БАҚШАСЫНДА ТӘЖІРИБЕДЕ

Садырова Шынар Файзуллаевна

№34 «Нұрбөбек» бөбекжай-бақшасының әдіскері

Насенова Гүльмира Амангельдиевна

№34 «Нұрбөбек» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

«Балаға қуаныш сыйлай отырып, оқыта тәрбиелеуге міндеттіміз»

Е.А.Аркин

Қазіргі ақпараттық технологиялардың жылдам қарқынмен қарыштап дамуы кезінде машина жасау, IT технологиясы, ғылым және т.б. сала мамандықтарына сұраныс көбейгені жасырын емес. Бұрын тіпті елестетуіміз қиын болған мамандықтар пайда болып жатырғаны заманауи техникалық дамумен байланыстырамыз. Олар жаңа био, нанотехнологиялар, жаратылыстану ғылымдары, инженерлік салада білімділікті талап етеді.

Мектеп жасына дейінгі балаларға тәрбие мен білім беру талаптары, танымдылық қасиетін дамыту трансформациялануда. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны балалардың креативті, коммуникативті, сыни ойлауы, командада жұмыс жасай білу дағдыларын дамыту мақсатын көздейді.

Мектепке дейінгі тәрбие-білім беру процесінің трансформациялануы жағдайында жаңартылған білім мазмұнының түйінді идеялары, STEAM білім беру технологиясын қолданудың тиімділігіне бүгінгі таңда көзімізді жеткізіп келеміз. Білім беру саласындағы заманауи өзгерістер- Қазақстандық білім және ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыруға қосар үлесі зор. Бұл- балалардың логикалық ойлауын дамыту, зияткерлік, ақыл-ой, шығармашылық даму үшін инновациялық білім беу ортасын құруды талап етеді. Соңғы жылдары балабақша мен мектептерде LEGO құрастыру мен робототехниканы қолдану қарқынды дамуда.

Атырау қаласындағы №34 «Нұрбөбек» бөбекжай-бақшасының шығармашылық ұжымы алғашында LEGO құрастыру мен робототехниканың қарапайым негіздеріне оқыту арқылы мектеп жасына дейінгі тұлғаның ғылыми-техникалық және шығармашылық әлеуетін дамыту мақсатында бақшамыздың тәжірибесіне енгізіп, бірнеше жылдық нәтижеге қол жеткіздік.



Алғашында жеңілден LEGO құрастырумен бастап, кейіннен күрделендірілген робототехниканы енгізуіміз шығармашыл педагогтарға да, балаларға да қолайлы болды. 2019 жылдан бастап дамытушы орта LEGO құрастыру кабинеті жасақталып, әртүрлі ресурстар жинақтай бастадық.

«Roboalem» компаниясымен келісім шарт жасасып, бағдарламаны жүзеге асыратын педагог-тәрбиешілер біліктілігін жетілдіру курсынан білімдерін жетілдірді.

Бақшамыздың жаңашыл тәжірибесі 2021 жылдан бастап STEAM білім беру технологиясын алғаш енгізген мектепке дейінгі ұйымның бірі болып, облыс көлемінде тәжірибелік алаң нысанына айналды.

Атырау өңіріндегі Х.Досмухамедов атындағы жоғарғы оқу орнымен тығыз байланыс орнап, «Инновациялық білім беру факультеті, «Мектепке дейінгі білім беру мен оқыту» мамандығы бойынша студенттерге "Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған робототехника практикумы» пәні бойынша практикалық база болып табыламыз. Бүгінгі студент-ертеңгі маман, біздің педагогикалық ұжымымыздан практикалық дағдыларды меңгеріп отыр.

STEAM тенологиясы алты бағытты қамтиды десек, алғашқы математика және жаратылыстану бағыты дәстүрлі қолданыста бар. Сондықтан біз STEAM тенологиясының 3/4 бағыттары: LEGO құрастыру және робототехниканы тәжірибемізге енгіздік. Биылғы оқу жылында STEAM тенологиясының 5-ші бағыты: Ф.Фребельдің 14 дидактикалық ойындар жүйесімен ересек екі топты қамтыдық.

STEAM білім беру технологиясын қолданудың педагогтар үшін тиімділігі:

- жүзеге асыру шеңберінде педагогтардың заманауи білім беру технологияларын пайдалануға толыққанды теориялық және практикалық байаныс орнатты;
- мектепке дейінгі білім беруді жаңғырту жағдайында мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтарының (тәрбиешілерінің) кәсіби құзыреттілігін арттырды;
- балалардың конструктивті және үлгілік іс-әрекетінде білім беру конструкторларын пайдалана отырып, мектепке дейінгі білім берудің педагогикалық процесті жобалау және болжау дағдыларын қалыптастырды;
- балалардың конструктивті және үлгілік іс-әрекетін дамытуға бағытталған іс-әрекет түрлерін, жекелеген білім беру бағыттары бойынша ішінара бағдарламаларды, жұмыс бағдарламаларын әзірлеу және құрастыру технологияларын меңгертті;
- заманауи ақпараттық технологияларды оқу үрдісінде қолдану бойынша педагогтердің білімін жаңартып, педагогикалық идеяларын жетілдірді.
- Мемлекеттік білім беру стандарттарын ескере отырып, білім беру қызметінің сапасын арттыруға жалпы теориялық және әдістемелік идеялармен үлес қосты.



- Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде қолдануға бағытталған құрастырмалы конструкторларының негізгі түрлерімен таныстырды.
- Балалар қазіргі заманғы білім беру деңгейлеріне сәйкес ақпаратты пайдалануға белсенді.
- Заманауи ресурстарды пайдалана отырып, әртүрлі жас топтарында STEAM білім беру технологиясы әдістерін меңгерді.
- Заманауи білім беру авторлық бағдарламасын әзірлеуге жұмыстанды.



Бақшамызда STEAM білім беру технологиясын қолдану білім беру бағдарламасы келесі аспектілерін:

- жобалауды шығармашылық әрекет ретінде қалыптастырудың әдістемелік тәсілдерін;
- мектеп жасына дейінгі балаларды конструктивті модельдеу іс-әрекетіне оқытуды ұйымдастырудың формалары, мазмұны және әдістерін;
- әрбір жас кезеңіндегі білім беру конструкторларының ерекшелігін;
- білім беру дизайнерлерімен конструктивті және модельдеу қызметін жүзеге асыру үшін дамушы объектілік-кеңістіктік ортаны ұйымдастыру: мамандандырылған жиһаздармен және қажетті техникалық құралдармен жабдықтауды;
- бағдарламаланатын конструкторлар мысалында робототехника негіздерін үйрену: LEGO WeDo 2.0,
- LEGO Education ортасында LEGO WeDo 2.0 конструкторларын бағдарламалау бағдарламаларының мүмкіндіктерін;
- конструктивті модельдеу іс-әрекетінде бағдарламаланатын конструкторларды пайдалану және робототехниканы көркемдік, эстетикалық, әлеуметтік, коммуникативтік, когнитивтік, сөйлеу және дене дамуының білім беру салаларына біріктіру бойынша әдістемелік ұсыныстар;
- талаптарға сәйкес білім беру робототехника технологияларын пайдалана отырып, мектепке дейінгі білім берудің вариативті үлгілі білім беру бағдарламаларын, педагогтардың өз бетінше қалыптастыратын ішінара білім беру бағдарламаларын әзірлеу ерекшеліктерін;
- виртуалды құрылымдарды және дизайнерлік бөліктерден модельдерді құрастыруға арналған блок-схемаларды құруға арналған LEGO және робототехника бойынша құрастырушы бағдарламалық қамтамасыз етуінің мүмкіндіктерін қамтыды.

Нәтижесінде әр педагог әртүрлі тақырыптық білім беру конструкторларын, оларды жас ерекшеліктеріне сәйкес балабақшада балалармен оқу іс-әрекетін жоспарлау және өткізу кезінде қолдану дағдыларын меңгереді. Сонымен қатар, педагогтар ұйымдастырылған іс-әрекеттерін ұйымдастыру үшін барлық қажетті ресурстар қолжетімді. Дамытушы ортада жасақталған арнайы кабинетте шығармашылық процессті ұйымдастырып, балалардың LEGO құрастыру мен робототехникаға, инженерлік қызығушылықты оятуға бірден-бір себепші.

STEAM білім беру технологиясын қолданудың тиімділігі -баланың ойынға, жаңа нәрсе жасауға, зерттеуге, танымдылық белсенділікке деген қажеттіліктерін ескеріп, педагогтың



сапалы өзара іс-әрекет орнатуы - баланы білім беру үрдісінің субъектісі ретінде орын алуына мүмкіндік беруге қосар үлесі мол.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Білімді ел - Образованная страна" №20 (57), 2016ж.
2. Мағжан Жұмабаев. Жалпы педагогика". 2009ж.
3. http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy «рухани жаңғыру» Елбасының халыққа жолдауы
4. Ишанғалиева А.М. Құзыреттілік — білім мен мүмкіндіктің бірігуі // Шетел тілін оқыту әдістемесі. — № 2. — 34-б.
5. Бабаев С., Қазиева К. Педагогикалық инновациялар мен педагогикалық озат технологиялар — талапшаң мұғалім еншісі // Бастауыш мектеп. — 2011. — № 4. — 25-б.

ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҰСАҚ ҚОЛ МОТОРИКАСЫН ДАМУЫҒА АРНАЛҒАН ЖАТТЫҒУЛАР МЕН ОЙЫНДАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ МАҢЫЗЫ

Сисенова Назымгүл Жумагазиновна

Ескендирова Ұлжан Асылбекқызы

№34 «Нұрбөбек» бөбекжай-бақшас тәрбиешілері

Қолдың ұсақ моторикасын дамыту жұмыстарын баланың сәбилік кезеңінен бастаған дұрыс. Омыраудағы баланың өзіне саусақтағы бас миымен байланысқан активті нүктелеріне әсер ете отырып массаж жасау керек. Баланың саусақтарының қимылы немесе ұсақ моториканың жақсы жетіліп дамуы, ол мидың және тілдің жетілуімен тікелей байланысты. Ұсақ және жалпы моториканы дамыта отырып, біз баланы мұқияттылыққа тәрбиелейміз.

Саусақ ойыны арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, ынтасы артып, қабілеті дамиды. Сөйлеу тілі мүшелері әрекетінің қозғауларының дамуы қол саусақтарының нәзік қимылдарының дамуымен тығыз байланыста болғандықтан, бала қолының ептілігін толық жетілдіру, түзету жұмысын жүйелі жүргізуді қалайды.

Саусақ ойынын үй жағдайында да әсерлі, көңілді түрде ұйымдастыруға болады. Баланың тілі негізінен мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Бұл кезеңде ағзаның барлық бөліктері және жүйелері қарқынды дамып, баланың дене және ой дамуына қажетті қозғалыстағы таным іскерлігі қалыптасады.

Тақпақты саусақтар жаттығулары ырғаққа ілесіп қимылдауына және баланың сөйлеу ырғағының қалыптасуына көмектеседі. Сондықтан баланы ерте жастан бастап шынықтырған жөн. Саусақ ойындары сөйлеу лексикасының, сөздердің өзара байланысының (диалогты дұрыс жүргізуге, түсінік айтуға, т.б.) шындалуына себепші.

Мектеп жасына дейінгі балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту жұмыстарын ерте сәбилік шақтан бастаған дұрыс. Омыраудағы баланың өзіне саусақтағы бас миымен байланысқан активті нүктелеріне әсер ете отырып массаж жасау керек. Ерте жаста және мектепке дейінгі кіші жаста қарапайым жаттығуларды жасауда өлеңмен, тақпақпен ұйқастырылған жаттығуларды пайдалану ұсынылады. Сонымен қатар өзіне -өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру: тиегін өзі салып, өзі ағыту, бауын байлау, т.б. Ал ересек топтағы балалар үшін ұсақ қол моториканы дамыту және қолдың икемділігін арттыруға арналған жаттығулар мектепке дайындықтың яғни, жазу, сызуға үйренудің маңыздысы болып саналады.

Егер сіз бірінші сынып оқушысында жазуда қиындық болмасын десеңіз немесе 3 жастағы баланың тілінің дамуында ақау болмасын десеңіз дамыту ойын – жаттығуларын бала туылған соң екі айдан кейін бастаңыз. Ұсақ моториканы дамыту әдістемесі мұндай жағдайда өте тиімді.



Омыраудағы баланың саусақтарын уқалауға болады, жас жарымдағы баламен саусақ ойындарын бастауға болады. Пассивті жаттығу – ұсақ моториканы дамытудың алғашқы сатысы. Саусақ жаттығуларын ең төменгі деңгейден бастаған дұрыс. Содан кейін ғана активті саусақ жаттығуларына көшуісынылады. Оныңдеңгейі баланың ұсақ моторикасының даму деңгейіне қарай таңдалады. Қол саусақтарына арналған пассивті жаттығулар жасау кезінде балаға қолайсыз жағдай туғызбауын және тітіркендіпмеуін қадағалаған жөн. Жаттығулардың мақсатты пайдаланылуы мынадай әдістерді ұсынады: сипау, жаймен уқалау және діріл. Массажды әрекеттер саусақ ұшынан басталып төменгі буынға қарай жалғасады. Массаж жасау кезінде жай лирикалық әуен қоюға да болады.

Бала саусағын ойната отырып тілін дамыту.

Адамның он екі мүшесінің тіршілікте атқарар міндеті зор. Соның ішінде екі қолға бес – бестен біткен он саусақты күнделікті қажетті жұмыстарды атқаруға пайдаланытынымыз белгілі. Сонымен қатар ертеден бізге жеткен «Қуырмаш» ойынынан саусақ атауларын бала тәрбиелеуге, оның тілін жетілдіруге, ойын ұштауға әдемі пайдаланғанын білеміз.

Ұсақ қол моторикасы термині саусақтар қозғалысы және қолдың буындарын үйлестіру дегенді білдіреді. Ұсақ моториканы дамытудың маңыздылығы неде? Адамның бас миында саусақ қимылына және сөйлеуге жауап беретін орталықтар өте жақын орналасқан. Ұсақ моторикаға әсер ете және оны белсендіре отырып, көрші орналасқан сөйлеуге жауап беретін орталықты да дамыта аламыз.

Педагогтар мен балалар психологының мақсаты- ата – аналарға ұсақ моториканы дамыту ойындарының маңыздылығын ұғындыру. Баланы қызықтыруда және жаңа хабарларды игеруіне көмектесуде үйретуді ойынмен алмастыру, алға қойған мақсатына жетуді, тапсырманы орындауда қиындыққа кездессе мойымауына үйрете отырып, аз мөлшердегі жетістіктерін де бағалап, мадақтап қоюды да ұмытпауы керек. Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді. Осыдан келіп қол қимылдарын басқара білу туады. Сондықтан ешқашан да баланы мәжбүрлеуге болмайды.

Бас миы мен ұсақ қол моторикасының өзара байланысы бас миының қабығы әрқайсысы бір денеге жауапты бірнеше бөліктен тұрады. Бас миының қабығында қозғалыстық сипатты анықтайтын бөлік бар. Бас миы қабығының үштен бір бөлігі қол мойнының қозғалыстық қабілетімен байланысты және мидың сөйлеу зонасы бір – біріне өте жақын орналасқан. Сондықтан егер баланың саусағы нашар дамыған болса, ол баланың сөйлеу қабілетіне әсер етеді. Осыған байланысты ғалымдар қол мойнының буынын артикуляциялық аппарат сияқты «сөйлеу органы» деп те атайды. Бала тілін дамыту үшін сөйлеу органы ғана емес сондай –ақ, ұсақ қол моторикасын да дамыту қажет.

Бала қолының қозғалысында еңбек құралына деген сенімділік пен тапқырлық орын алса, қиындық туындайды, ол үшін бала ойының шығармашылық анықтық қабілетінің өзара әрекеттестігі қажет. Балада қаншалықты шығармашылық қабілет болса, бала соншалықты ақылды келеді».

Ерте жастағы балалардың ұсақ қол моторикасын дамытуға арналған жаттығулар мен ойындар: «Алақан соғу» ойыны. Бұл ойын ерте жастағы балалардың саусақтарын жазып, тік ұсатауға және алақандарын соғуға үйретеді.

Қағаздарды парақтау. 1 жастан асқан балаларға журнал немесе суретті кітаптарды парақтауға беруге болады.

Қарандашты алақанмен домалату

Алдымен қарандашты үстелдің үстіне алақан арқылы домалатамыз. Сонан кейін балаға тік жазылған алақандармен қарандашты домалатуды көрсетеміз. (қарандаш көлденең бағытта болуы керек). Қарандаштың шеттеріне жылтырап, айналатын суреттерді жабсыруға болады.

Бөтелкелерді ұсақ заттармен толықтыру

Бос бөтелкеге тас, түйебұршақ, ас бұршақ салуға болады. Жаттығу нәтижелі болуы үшін балаға дұрыс жасалу жолын көрсету керек. Ұсақ заттарды екі саусақ арқылы (бас бармақ пен сұқ саусақ) арқылы алу және бір қолымен бөтелкені ұстап, екінші қолымен ұсақ заттарды бір-



бірден салуы керек. Жаттығу соңында бөтелкенің қақпағын жауып, сылдырмақ ретінде ойнатуға болады.

Ермексазға ұсақ заттарды жабсыру

Ұлудың қабыршағын, ұсақ тастарды, моншақтарды арнайы тақтайшаға жабыстырылған ермексаздың үстіне басып, енгізу қажет.

Сусымалы заттар

Түрлі сусымалы заттарды бір ыдыстан екінші ыдысқа қасықтың немесе құйғыштың көмегімен салу. Құм, ас бұршақ, жасымықты қолдануға болады. «Сиқырлы дорба».

1 - нұсқа. Бала көрмей қолымен ұстап сезу арқылы дорба ішіндегі затты тауып, атауы керек.

а) тұрмыстық заттар (қарандаш, тиын, сақина);

б) ұсақ ойыншықтар;

в) көлемі мен фактурасы әр түрлі әріптер мен цифрлар (олармен таныс балалар үшін).

2 - нұсқа. Балаларға затты бір қолымен ұстап көруді ұсынады, содан кейін:

а) тура сондай затты суретте бейнеленген басқа заттардың ішінен тауып алу;

б) тура сол заттың суретін салу;

в) басқа заттардың ішінен тура сондай затты тауып, бір қолымен алу, екінші қолымен сол әрекетті істеу ұсынылады.

Сонымен қатар, саусақ жаттығуларын жасаудың да маңызы зор.

Қорыта келгенде, ұлы ғалым В.А.Сухомлинский: «Балалардың қабілеттері мен дарындылығының бұлағы – олардың саусақ ұшында» - деп бекер айтпаса керек. Саусақ ойындары мен жаттығулары балалардың сөйлеу тілінің дұрыс қалыптасуына, қимыл-қозғалысының икемді болуына, мектепте сауатты, ұқыпты оқуы мен жазуына үлкен септігін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- Оңғарова А. Ойын технологиясының элементтерін қолдану тиімділігі Қазақстан мектебі. - №12, 2009ж – (11 бет)
- Ахметова Р.М. Бала тілін дамытуда ойын технологиясын пайдаланудың теориялық негіздері. №1 – 2012ж- (5 бет)



ЖЫЛ БАСЫНА ТАЛАСҚАН ХАЙУАНАТТАР

Долдашова Шынар Маханбетқызы

№34 «Нұрбөбек» бөбекжай- бақшасының тәрбиешісі

Міндеттері: Көрнекілік арқылы сандарды ажырату. Әдеби жанрларды ажырата отырып, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі, дербес орындауға үйрету. Қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге үйрету. Сөздерді буындарға бөліп, дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату. Ойын ережелерін сақтай отырып, шашырап жүргізуге дағдыландыру. Кеңістік туралы түсініктерін (оң жақта, сол жақта) бекіту.

Әдіс-тәсілдер: сөздік, көрнекілік, ойын, сахналау



Көрнекіліктер: ертегі желісінің атрибуттары, дидактикалық ойындар.

Жүру барысы

Балалар нейро-жаттығу арқылы амандасып, топқа кіреді.

Тәрбиеші:- балалар, мен сендерге қызықты ойын ұсынғым келіп тұр.

Дидактикалық ойын: «Сандарды тап»

Шарты: Тәрбиешінің нұсқауы бойынша балалар аталған сандарды табады. Кім шапшаң табады сол жеңімпаз атанады.

(Табылған сандармен теледидарды қосады)

Тәрбиеші:- Олай болса, «Сиқырлы теледидарларға» назар аударындар.

Дидактикалық ойын: «Сиқырлы теледидар»

Шарты: Теледидардың артынан фонариктің жарығын түсіру арқылы қай ертегі, әңгіме екенін табады.

Тәрбиеші:-балалар, сендер қай жылы туғандарыңды білесіңдер ме?

-Бұрынғы өткен заманда, жануарлар жалқау, адамдар аңқау болыпты. Адамдар санды, санауды білмеptі. Жорыққа шыққан кезде неше күннен кейін келетінін түсіндіріп айта алмайтын болған екен. Жіпті 5 рет түйіп байлаған . Әр түн өтіп ,күн шыққанда адамдар түйінді бір- бірлеп шешіп отырған. Кейбірі 5 тасты шығарып қойып кететін болған. Әр күн сайын бір тастан алып тастап отырған. Неше күннен кейін келетіні соған қарап білген. Жылды санауды да білмеген. Сондықтан жануарлардың атымен атамақ болған. Солай осы «**Жыл басына таласқан хайуанаттар**» ертегісі пайда болған.

«Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісін сахналау

Автор: (Ақансері)

Бұрынғы ерте заманда хайуандар жыл басы болуға таласыпты.

Жылқы айтыпты: (Нұрзаңғар)

- **Ио,ио,ио** Мен алысты жақын қыламын. Күшімді көреді, сүтімді ішеді.Қылыма шейін арқан еседі. Қымызым ем. Адамға менен пайдалы мал жоқ, жыл басы мен боламын.

Түйе айтыпты: (Нұрислам)

-**Бо-бо-бо-бо-** Сен адамның жұмысын қылсаң, сұлы, шөп , тамағың үшін құл болдың. Мен сен көтере алмайтын жүкті көтеремін. Алыс жерлерге барамын. Ашпын деп арпа, сұлы сұрамаймын. Жыл басы болу маған лайық.

Сиыр айтыпты: (Айдар)

-**Мө-мө-мө** Адам егін ексе менімен егеді. Сүтімді ішеді, құрт, май істейді. Жыл басы болу маған лайық.

Қой: айтыпты: (Әмірали)

-Мен болмасам қазақ үйін немен жабар еді. Жүнімді алып, киіз басады. Жабағымнан киім тігеді, арқан, жіп еседі. Сүтімнен құрт, май алады, Мен де жыл басы болуға лайық шығармын!

Ит айтыпты: (Адия)

-**Ав-ав-ав,** мен болмасам сендердің көбінді не ұрлап, не қасқыр жеп кетер еді. Мен баршаларыңның бақташыңмын, дұшпан көрінсе үріп, абалап, иеме хабар беремін. Менсіз сендер жоқсындар. Мен жыл басы болуым керек.

Тауық айтыпты: (Дамир)

-**Қыт-қыт-қыт-қыт,** мен болмасам адамдар жұмысына бармай ұйықтап қалар еді.. Мен таңертең тұрып, таң атты деп шақырып хабар айтамын. Кеш болса жатар мезгіл болды деп, тағы шақырамын. Мен де жыл басы болуға лайықпын!

Барыс айтыпты: (Батыржан)



-Мен барыспын .Сендер бәрің менен қорқасындар. Тіпті өзім тұрмақ ізімнен қорқасындар. Мен жылбасы болам.

Қоян айтыпты: (Диар)

-Достар, мен кішкентай ғана қоянмын. Менің ешкімге зияным жоқ. Тек қорқатыным болмаса. Мен болайыншы жылбасы.

Ұлу айтыпты: (Шұғыла)

-Мен бәріңнен кішкентаймын. Менің де ешкімге зияным жоқ. Мен болайыншы жыл басы.

Жылан айтыпты: (Сулейман)

-Мен ысылдаған жыланмын. Менің уымнан біреуің де аман қалмайсындар, тіпті мына Барыста ештеңе істей алмайды.

Автор: (Ақансері)

-Тышқан бір қулық ойластыра бастайды. Бір кезде қайдан келгені белгісіз үсті- басын қасып мешін, қорсылдап доңыз да жетеді.

(Доңыз-Яана, Мешін-Ерасыл)

Тышқан айтты: (Амина)

-Пи-пи-пи, бұл таластан ешнәрсе өнбес, қарап тұрайық, Кім бірінші күнді көреді, сол жыл басы болады.

Автор: (Ақансері)

-Хайуандар келіседі. Түйе өзінің бойына сеніп тұрады. Қалғандары күнді көру үшін жанталасып жатады.

Тышқан жыбырлап барып, түйенің үстіне шығып кетеді.

Тышқан: (Амина)

-Мен көрдім күнді, мен болдым жыл басы.

Автор: (Ақансері)

-Түйе бойына сеніп жылдан құр қалады.(түйе кетіп қалады)

Қимылды ойын: «Ретімен тұрып қал!» (Тышқан, Сиыр, Барыс, Қоян, Ұлу, Жылан, Жылқы, Қой, Мешін, Тауық, Ит, Доңыз)

Шарты: балалар (театрда ойнамаған балалар) қолдарына жыл атрибуттарын алып, рет-ретімен тұрады. Музыка қосылады. Балалар жүгіріп билеп жүреді. Музыка тоқтағанда орындарына келіп тұра қалады және ретімен атап шығады.

Сөздік ойын: «Көршісін тап!»

Шарты: Оң жағында, сол жағында тұрған қандай жануар екенін табады.

Сөздік ойын: «Неше буын?»

-тышқан, барыс, қой, ит, жылан, жылқы т.б.

Дидактикалық ойын: «Дыбыстар» (1-топ)

Шарты: көк жолаққа дауыссыз дыбыстарды, қызыл жолаққа дауысты дыбыстарды үрмелі түтікше арқылы орналастырады.

Дидактикалық ойын: «Жазу жазамыз» (2-топ)

Шарты: балалар таныс дыбыстардан сөздер жазады.

Қорытынды: «Сиқырлы қалпақ»

Шарты: Балалар шеңберге тұрады. Музыка жүргенде қалпақты бір-біріне жалғайды.

Музыка тоқтағанда кімнің басында қалпақ сол бала бүгінгі күннен алған әсерімен бөліседі.



ПОЯСНИТЕЛЬНАЯ ЗАПИСКА

Губашева Балсулу

Химия является одной из областей естествознания. Она изучает процессы превращения, состав, строение, свойства и практическое использование веществ. Без химических знаний сегодня невозможно представить картину мира, так как окружающий мир – это, прежде всего мир веществ, превращения которых составляют основу многих природных явлений.

При реализации концепции модернизации образования необходимо обратить особое внимание на развитие интеллектуально – творческих способностей и ключевых компетентностей учащихся.

Современный школьник должен уметь использовать свои знания в нестандартных ситуациях, требующих умения творчески подойти к решению той или иной проблемы, грамотно спроектировать свою деятельность в условиях неопределённости, не зная заведомо конечный результат поиска.

На занятиях курса «Химия в задачах» учащиеся решают различные по типам и сложности теоретические, расчётные и комплексные расчётные задачи, приобретают навыки исследовательской деятельности, готовятся сдать экзамен по химии в формате

Реализация программы курса требует хорошей подготовки учащихся по физике и математике. Концепция программы основывается на принципах личностно – ориентированного обучения.

Содержание программы способствует закреплению теоретических знаний, полученных на уроках. Ребята в процессе решения задач учатся анализировать, делать выводы, проектировать алгоритм решения задач, логически мыслить.

Актуальность данной программы вызвана необходимостью обучения учащихся алгоритмам решения, как типовых задач, так и задач повышенного уровня сложности.

Данная программа рассчитана на учащихся 11 класса, которые выбрали предмет химии для сдачи ЕГЭ.

Цель данного курса:

Развитие креативности учащихся посредством умения решать задачи по химии разного типа ;

Задачи программы:

1. Научить учащихся применять алгоритмы при решении задач по общей, неорганической и органической химии;
2. Формировать у ребят коммуникативную компетентность.

Содержание программы.

Раздел 1. Расчёты по химической формуле вещества.(2 ч).

Вычисление количества вещества, массы вещества, объёма газа. Вычисление массовой и объёмной доли компонента в системе, массовой доли элемента в химическом соединении.

Основные понятия: масса, объём, количество вещества, постоянная Авогадро, относительная плотность, массовая и объёмная доля, кристаллогидрат.

Знать: расчётные формулы для нахождения количества вещества через массу, объём, количество частиц (и обратные); формулы массовой и объёмной доли.

Уметь: определять тип задачи, выполнять расчёты по нахождению пользоваться периодической таблицей.

Раздел 2. Нахождение химической формулы сложного вещества. (3ч).

Определение химической формулы по массовым долям элементов, относительной плотности газа, по продуктам сгорания.

Основные понятия: массовая доля элемента, относительная плотность газа по другому газу, простейшая (эмпирическая), молекулярная, структурная формулы.

Знать: алгоритмы решения задач на нахождение простейшей и молекулярной формул.



Уметь: выполнять расчёты для нахождения простейшей и молекулярной формул.

Раздел 3. Расчеты, связанные с использованием различных способов выражения состава растворов (5ч).

Способы выражения состава растворов: «массовая доля растворенного вещества в растворе» и «молярная концентрация вещества в растворе». Состав насыщенных растворов. Разбавление, смешивание растворов. Перевод одного типа концентрации в другой. Вычисления, связанные с понятием «растворимость вещества».

Основные понятия: раствор, растворитель, растворенное вещество, «Массовая доля растворенного вещества», «молярная концентрация», «насыщенный раствор», коэффициент растворимости.

Знать: расчетные формулы для вычисления массовой доли растворенного вещества в растворе, молярная концентрация, плотность раствора.

Уметь: выполнять вычисления для нахождения массовой доли растворённого вещества, молярной концентрации вещества в растворе; переводить один тип концентрации в другой, готовить растворы с определенной концентрацией, производить вычисления, связанные со смешиванием, разбавлением растворов, с понятием «растворимость вещества».

Раздел 4. Расчеты по уравнениям химических реакций.(3 ч).

Вычисление массы (количества) вещества или объема газа по известному количеству (массе) одного из веществ, участвующих в реакции. Вычисление массы (объема, количества вещества) продукта реакции, если одно из исходных веществ дано в виде раствора с определенной массовой долей растворенного вещества. Вычисление массы (объема, количества вещества) продукта реакции по известной массе вещества, содержащего примеси. Вычисление массы (объема, количества вещества) продукта по данным об исходных веществах, одно из которых взято в избытке. Расчеты объемных отношений газов при химических реакциях. Вычисление массовой (объемной) доли выхода продукта реакции от теоретически возможного. Расчеты теплового эффекта химической реакции. Определение количественного состава смеси веществ. Вычисления по химическим уравнениям в условиях неполного взаимодействия исходных веществ.

Основные понятия: химическое уравнение, исходные вещества, продукты химической реакции, стехиометрические коэффициенты, тепловой эффект химической реакции, термохимическое уравнение.

Знать: алгоритмы решения задач разных типов, разными способами, следствие из закона Авогадро; расчетные формулы .

Уметь: составлять уравнения химических реакций и выполнять расчеты по ним.

Раздел 5. Гидролиз солей. (1ч).

Понятие «гидролиз». Гидролиз органических и неорганических веществ. Составление уравнений реакций гидролиза. Практическое значение гидролиза.

Основные понятия: гидролиз, сильный и слабый электролиты; кислая, щелочная, нейтральная среда раствора, ступенчатый гидролиз, необратимый гидролиз, основная соль, кислая соль, водородный показатель pH.

Знать: условия смещения гидролиза, значение гидролиза.

Уметь: составлять уравнения реакций гидролиза и производить расчеты по ним.

Раздел 6.Окислительно-восстановительные реакции. Классификация окислительно-восстановительных реакций. (2ч).

Составление уравнений окислительно-восстановительных реакций. Электролиз расплавов и растворов электролитов. Значение окислительно-восстановительных реакций. Расчеты по уравнениям окислительно-восстановительных реакций.

Основные понятия: степень окисления, окислитель, восстановитель, окисление, восстановление, электролиз, анод, катод.

Знать: важнейшие окислители и восстановители; методы составления ОВР; метод электронного баланса, метод полуреакций; влияние среды на протекание ОВР; практическое



применение ОВР, электролиза, закономерности протекания электролиза в растворе на аноде и катоде.

Уметь: составлять уравнения ОВР; производить вычисления по уравнениям ОВР.

Раздел 7. Генетическая связь органических и неорганических веществ. (1ч).

Генетическая связь и генетические ряды неорганических и органических веществ. Составление уравнений химических реакций по осуществлению переходов.

Основные понятия: генетическая связь, генетические ряды, единство мира веществ.

Знать: генетические ряды металлов, неметаллов, переходных элементов, органических веществ.

Уметь: практически осуществлять переходы в генетических рядах органических и неорганических соединений, составлять генетические ряды

Учебно-тематический план

№ п/п	Наименование тем	Кол – во часов	дата
<u>Раздел 1. Расчёты по химической формуле вещества. (4 ч).</u>			
1	Вычисление количества вещества по известной массе (объёму, количеству частиц). Вычисление массы вещества и объёма газов (н.у.)		
2	Понятие «доля» в химии. Массовая и объёмная доля компонента в системе. Расчёты по химической формуле. Вычисление массовой доли элемента в химическом соединении.		
<u>Раздел 2. Нахождение химической формулы сложного вещества. (5ч).</u>			
3	Определение простейшей химической формулы вещества по известным массовым долям элементов.		
4	Определение молекулярной формулы газообразного вещества по известным массовым долям элементов и относительной плотности его по другому газу.		
5	Определение молекулярной формулы вещества по продуктам сгорания.		
<u>Раздел 3. Расчеты, связанные с использованием различных способов выражения состава растворов (8ч).</u>			
6	Вычисление массовой доли и массы растворенного вещества в растворе. Вычисление молярной концентрации вещества в растворе.		
7	Смешивание растворов одного и того же вещества.		
8	Смешивание растворов разных веществ приводящее к протеканию химической реакции.		
9	Решение заданий № 33 из вариантов		
10	Решение заданий № 33 из вариантов		
<u>Раздел 4. Расчеты по уравнениям химических реакций. (8 ч).</u>			
11	Вычисление массы (объема, количества вещества) продукта по данным об исходных веществах, одно из которых взято в избытке.		
12	Определение количественного состава смеси веществ. Вычисления по химическим уравнениям в условиях неполного взаимодействия исходных веществ.		

13	Расчеты теплового эффекта химической реакции. Термохимические уравнения		
<i>Раздел 5. Гидролиз солей. (2ч).</i>			
14	Гидролиз солей. Составление уравнений реакций гидролиза солей.		
<i>Раздел 6. Окислительно-восстановительные реакции. Классификация окислительно-восстановительных реакций. (5ч).</i>			
15	Окислительно-восстановительные реакции.		
16	Составление уравнений окислительно-восстановительных реакций.		
<i>Раздел 7. Генетическая связь органических и неорганических веществ. (2ч).</i>			
17	Генетическая связь неорганических и органических веществ. Взаимные превращения неорганических веществ. Взаимные превращения органических веществ.		

Ожидаемые результаты и способы их проверки:

Критерии	Показатели выраженности критерия	Способы отслеживания (методы, диагностики)
Знание алгоритмов решения основных типов задач и применение их на практике.	Ученик владеет теоретическим материалом, умеет сравнивать, анализировать, обобщать и делать выводы, представляет себе порядок выполнения действий при решении конкретной задачи, определять её тип.	Самостоятельные и работы, тесты.
Готовность и способность к взаимодействию с другими людьми.	Ученик умеет слушать; продуктивно разрешает конфликтные ситуации, публично представляет результаты своей работы.	Решение заданий из тренировочных вариантов.

Литература.

Педагогам:

1. Абкин Г. Л. Задачи и упражнения по химии для средней школы. – м.: Просвещение, 1980.
2. Дайнеко В. И. Как научить школьников решать задачи по органической химии. – м.: Просвещение, 1987.
3. Ковальчукова О. В. Учись решать задачи по химии.- м.: Издательство «Поматур», 2002.
4. Кушнарёв А. А. Учимся решать задачи по химии. – м.: Школа – Пресс, 1996.
5. Хомченко Г. Б., Хомченко И. Г. Сборник задач для поступающих в вузы. – м.: ООО «Издательство новая волна», 1999.
6. Мендалиева Д.К Задачи и упражнения по аналитической химии Алматы 2003 г



7. Қ. Бекішев Химия есептері Алматы «Қазақ университеті» 2020 ж

Учащимся

1. Доронькин В. Н. Тесты по химии. – Москва: ИКЦ «Март», 2003.
2. Ерёмин В. В. и др. Справочник школьника по химии, 8-11 кл. – м.: Дрофа, 1996.
3. Каверина А. А., Добротин Д. Ю., Жулин А. А. Учебно-тренировочные материалы для подготовки к единому государственному экзамену. Химия. – м.: Интеллект-центр, 2003.
4. Каверина А. А., Добротин Д. Ю. и др. Учебно-тренировочные материалы для подготовки к единому государственному экзамену. Химия. – м.: Интеллект – центр, 2004.
5. Косова О. Ю., Егорова Л.Л. - Единый государственный экзамен. Химия: Справочные материалы, контрольно – тренировочные упражнения, расчётные задачи. – Челябинск: Взгляд, 2004.
6. Морозов В. Е. (составитель). Химия. Варианты контрольно – проверочных тестов и заданий с решениями, комментариями и ответами. – Волгоград: Учитель, 2003 г
7. Қ. Бекішев Химия есептері Алматы «Қазақ университеті» 2020 ж
- 8.



АДАЛ АЗАМАТ, АДАЛ ЕҢБЕК, АДАЛ ТАБЫС

Удербоева Ақмарал Изтелеуқызы

Облыстық арнайы мектеп-интернат тәрбиешісі

Адал азамат, адал еңбек, адал табыс – бұл әрбір қоғамның негізі, ұлттың іргетасы мен оның өркендеуі үшін өте маңызды ұғымдар. Бұл ұғымдар адамгершілік құндылықтармен тығыз байланысты, себебі адалдық тек жеке тұлғаның ғана емес, тұтас қоғамның дамуына да ықпал етеді. Әрбір азаматтың адал болуы, қоғамның дұрыс жолмен дамуына негіз қалайды.

Адал азамат

Адал азамат – өз қоғамы мен отанына жауапкершілікпен қарайтын, заңдар мен моральдық нормаларды сақтайтын адам. Ол тек өз мүддесін ойлап қана қоймай, қоғамға пайда келтіретін, ортақ игілік үшін еңбек ететін тұлға. Адал азамат әрқашан өзінің әрекеттері арқылы қоғамға үлгі көрсетеді, адалдық, шыншылдық, әділдік секілді құндылықтарды ұстанады.

Адамның өз ісіне жауапкершілікпен қарап, еңбекқор болуы – оның елге деген адалдығын көрсетеді. Бұл тұлға барлық қиындықтарды жеңе отырып, тек өз күшіне сеніп, ұлы мақсаттарға жетуге тырысады. Адал азаматтың ең басты ерекшелігі – өзінің бойындағы адалдықты ешқашан жоғалтпай, оны баршаға үлгі етеді.

Адал еңбек

Адал еңбек – қоғам үшін, халық үшін істелген шынайы, әділ және жанкешті еңбек. Ол еңбекқорлықты ғана емес, адам бойындағы шыншылдық пен құрметтілікті де білдіреді. Адал еңбек арқылы адам өз еңбегінің жемісін әділ түрде алады. Ол жалқаулыққа, өтірікке, әділетсіздікке жол бермейді. Адал еңбек – адамның еңбек жолында алған нәтижелері мен жетістіктерінің адал, таза болғанын білдіреді.



Еңбек адамның өмірінің маңызды бөлігі болып табылады. Әрбір азаматтың адал еңбек арқылы өз табысын табуы, өз отбасын асырауы және қоғамға пайда келтіруі қажет. Бұл өз кезегінде қоғамның әл-ауқатын арттырып, мемлекеттің дамуына септігін тигізеді.

Адал табыс

Адал табыс – тек адал еңбекпен табылған, қоғам мен адамға пайда әкелетін табыс. Әрбір азамат өзінің күш-жігерін адал жолмен жұмсап, қол жеткізген табысын адал жолмен табуға міндетті. Әрбір табыстың артында адал еңбек, еңбекқорлық және әділдік жатыр. Адал табыс қоғамда сыйлы болуды ғана емес, ел алдындағы жауапкершілікті де арттырады.

Қоғамдағы әрбір адам өз табысын адал жолмен тапқанда ғана толыққанды қоғам қалыптасады. Адамдарға пайда әкелетін кәсіптер мен қызмет түрлері арқылы адамдар адал табысқа ие болады. Мысалы, мемлекет қызметкерлері, кәсіпкерлер мен басқа да мамандық иелері өз жұмысын адалдықпен атқарып, елдің өркендеуіне үлес қосады.

Қорытынды

Еліміздің білім беру ұйымдарында жастарды адалдыққа, еңбекқорлыққа және парасаттылыққа баулу мақсатында “Адал азамат, адал еңбек, адал табыс” атты тәрбие сағаттары өткізілді. Бұл іс-шаралардың негізгі мақсаты – өскелең ұрпаққа адал еңбектің құндылығы мен маңыздылығын түсіндіру, әділдік пен шынайылық сияқты қасиеттерді бойларына сіңіру.

Тәрбие сағаттары интерактивті форматта өткізіліп, оқушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз етті. Іс-шара барысында қоғамдағы адалдықтың маңызы туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, оқушыларға қызықты әрі мазмұнды видеороликтер көрсетілді. Сондай-ақ, адал еңбекпен табысқа жеткен тұлғалардың өмір жолынан мысалдар келтіріліп, олардың табандылығы мен еңбексүйгіштігі үлгі ретінде ұсынылды.

Шара аясында оқушыларға тақырыпқа сай шығармашылық тапсырмалар беріліп, пікірталас ұйымдастырылды. Оқушылар өз ойларымен бөлісіп, адалдық пен еңбектің өмірдегі маңызды рөлі туралы пікірлерін ортаға салды. Кейбір оқушылар өздерінің болашақтағы мақсаттары мен жетістікке жету жолдарын баяндап, адал еңбекпен жеткен табыстың берекелі болатынын ерекше атап өтті.

Іс-шара соңында тәрбиешілер мен ұстаздар балалардың бойында ұлттық құндылықтарды дамыту мен қоғам алдындағы жауапкершілікті арттырудың маңыздылығына тоқталды. Ата-аналар мен қонақтар да бұл тәрбие сағаттарының жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын және оның тәрбиелік мәнінің зор екенін атап өтті.

“Адал азамат, адал еңбек, адал табыс” тәрбие сағаттары жас ұрпақты дұрыс жолға бағыттайтын, олардың адамгершілік қасиеттерін нығайтатын маңызды қадам болды. Мұндай іс-шаралар балалардың санасына адал еңбектің маңызын сіңіріп, олардың жауапты, әділ әрі еңбекқор азамат болып өсуіне ықпал етеді.

Тәрбие сағаттары жастардың жүрегіне жол тауып, оларды жарқын болашаққа ынталандырды. Әрбір жас буын адалдықты өз өмірінің басты қағидаты ретінде қабылдап, қоғамға үлгілі азамат болуға талпынатынына сенім мол.

Адал азамат, адал еңбек және адал табыс – бір-бірімен тығыз байланысты ұғымдар. Әрбір адам өз өмірінде осы үш ұғымды басты қағида етіп ұстанса, қоғамда әділдік, тыныштық пен бақыт орнайды. Қазіргі таңда бұл ұғымдар тек жеке адамның ғана емес, бүкіл қоғамның дамуындағы маңызды фактор болып табылады. Сондықтан, адал болу – қоғамдағы тұрақтылық пен бейбітшіліктің негізі. Біз, қоғам ретінде, адал еңбек етіп, өз табысымызды әділ жолмен табуға ұмтылуымыз қажет.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Әлімханұлы, С. (2020). *Адалдық пен еңбек* // Алматы: ҚазМҰУ баспасы.



2. Құдайбергенова, Ж. (2018). *Қоғам және адам: моральдық құндылықтар* // Астана: Академия баспасы.
3. Қожа Ахмет Яссауи. (2007). *Диван-и хикмет*. - Ташкент: Ғылым.
4. Шаханов, Қ. (2019). *Адалдықтың алғы шарттары* // Қызылорда: «Айдана» баспасы.

ҚАБІЛЕТІ БҰЗЫЛҒАН БАЛАЛАРҒА ӘЛІПШЕ САБАҒЫНДА ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Момынова Жұмагүл

Облыстық арнайы мектеп интернатының бастауыш сынып интернаты

ҚОЛДЫҢ ҰСАҚ МОТОРИКАСЫ МЕН ТЕРІНІҢ СЕЗІМТАЛДЫҒЫН ДАМЫТАТЫН
ЖАТТЫҒУЛАРДЫ ЖАСАУ;

ЕРЕКШЕ БІЛІМДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРҒА РЕЛЬЕФТІ НҮКТЕЛЕРДІ ҚАБЫЛДАЙ
БІЛУІ ЖӘНЕ АЖЫРАТА БІЛУІ;

АЛТЫ НҮКТЕЛІ БРАЙЛЬ ҚҰРАЛЫНЫҢ ЖӘНЕ ГРИФЕЛЬДІҢ ҚЫЗМЕТТІК МӘНІН БІЛУ
ЖӘНЕ ОНЫМЕН ЖҰМЫС ІСТЕЙ АЛУ

Ерекше білімді қажет ететін балаларға білім беріп тәрбиелеу барысында ұстаздың өз ісінде үлкен шеберлігін, баламен жете түсінісіне алатындай үлкен еңбек қажет етеді.

Көру қабілеті бұзылған бала жалпы білім беретін мектепте оқытылса, сол сыныпқа сабақ беретін педагог баланың қабілетін жіті тексеріп және денсаулығына байланысты қойылған диагнозына қарай оқытуы тиіс.


Біздің мектепте ұстаз оқушыға білім беруде - ең алдымен оқушының диагнозын жақсы білу керек. Ол үшін дәрігермен мектеп мамандарымен және ата-анасымен қарым-қатынас тығыз болуы тиіс.

Бұл баланың көзі көрмейді, не нашар көреді деп ысырып тастауға мүлдем болмайды. Бұл топтағы балалардың диагноздары, көзінің көру мөлшерлері, қабылдауы, ойлау ерекшеліктері, зейіні, есте сақтау қабілеттері әр түрлі деңгейде болып келеді.

1-топтағы балаларға Брайль жүйесін үйретпес бұрын ет сезім қабілеттерін дамытумен жұмыстану керек. Баланың ет сезім мүшелері дамыса, қалыптасса бедерлі нүктелерді сезуіне, әріптер мен сандарды тез үйренуіне көп көмегін тигізеді. Арнайы мектеп болғандықтан ең бірінші коррекциялық мақсатты басшылыққа аламын.

Әр сабақ сайын міндетті түрде коррекциялық жаттығулар жүргізіледі.

1. Сөздік қорын байыту;
2. Қолдың кіші моторикасын дамыту;
3. Сипап сезу қабілеттерін дамыту;
4. Ой-өрісін, тілін дамыту;



Грифельмен, прибор, Брайль құралымен рельефті-нүктелі шрифтімен басылған оқулығымен танысу

Көрмейтіндердің оқыту кезеңінде, Брайль құралының қалпы мен грифельді дұрыс ұстай білу. Брайль құралында бағдарлау біліктілігін қалыптастыру жоғарыдан төмен қарай Брайль құралын дұрыс танып білу, жұмыс жолағы, торкөз, арақашықтық, төрт шрифті табу, қағазды алғашқы және қайта қолдану кезінде дұрыс салу біліктілігі.

Брайль жүйесінде жазудың оқумен салыстырғанда қарама-қарсы айна әсері болуы көрмейтін білім алушы үшін көптеген қиындықтар туғызады. Оның ішінде ұқсас әріптерді шатастыру, кейбір тыныс белгілерін танымау, әріптегі жазу мен оқудағы нүктелердің орындарын ауыстыру. Сауат ашуды оқытуда арнайы әдістемелік тәсілдерді қолдануды талап етеді.

Алты нүктелі колодкада алдын ала дайындық жұмысын жүргізу, Брайль құралына бағдарлау, грифельмен бұрыштағы нүктелерді табуға жаттықтыру, нүктелерді дұрыс оқып үйрету, нүкте нумерациясын меңгерту. Брайль құралындағы жолақтар мен торлардың орналасуында бағдарлау, 1,3,4,6 9 (бұрыштағы) нүктелерді грифельмен тауып үйренулері керек.

①

④

②

⑤

③

⑥



Көру қабілетінің терең бұзылыстары кезінде жазу мен оқу процесінің қалыптасуы өзгеше, көрмейтін жағдайда оқу процесі өзгереді. Өйткені көріп қабылдаудың орнын сипап сезу басады. Сол кезде менің оқушыларға көмегім көбірек қажет.

Сонымен қалыпты жағдайда жазу барысында көру, есту және қимыл - қозғалыс триадасы ұштасып жұмыс атқарса, зағип жандарға осы анализаторлардың қызметі өзгеріске ие болады.

Рельефті - нүктелі шрифпен ұсынылған әріптерді тактильді түрде қабылдау; Бұл Сезуаль аппаратпен балалар үш тілде меңгереді. Брайль қарпіндегі әріптерді, сандарды



арифметикалық амалдармен таңбаларды ,тыныс белгілерін жаттай алады



Әліппеден кейінгі кезеңнің міндеттері.

Көру қабілеті ұзылған баланы жалпы бағдарлама бойынша білімалуға икемдеу жұмысы мен үшін де оқушыларым үшін де, ата-аналарым үшін де күрделі міндет болып табылады. Баламен жұмыс жасау кезінде әр уақытта қосымша талаптар мен ережелерді есте ұстағаны жөн көрдім.

Брайль жүйесінде оқитын балаларға әуеннің сүйемелдеуімен орнында отырып ,басты оңға, солға, алға, артқа айналдыру жаттығуларын орындатамын .Сонымен қатар саусақ ұштарына, алақанға бүдірлі заттармен жеңіл массаж жасатамын. Әріп пен дыбысты ажырата біле бастады.

Сөз бен буынның дыбыстық құрылымы. Дыбыстарды дауысты және дауыссыз деп ажыратуды жәймен үйрене бастады.Түрлі құрылымдағы сөздерді бірқалыпты буындап оқуға дағдыланып келеді, 2-4 сөзден тұратын сөздерді оқи алады.1-ден 6-ға дейін нүктелер комбинациясын ретімен және жазуларына көп уақыт бөліп, үнемі қадағалап,әріптерді, сандарды жаттатып, қадағалап отырамын.

Айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді менің көмегіммен көшіріп,жазады. Айтылуы мен жазылуында айырмашылығы жоқ сөздерді менің айтуы бойынша жаза алады. Сөйлем соңында тыныс белгілерін қоюды үйреніп келе жатыр. Алдағы уақытта ата-аналар да үйден үнемі, уақылы қолдау көрсетіп,оқытып, бағыт беріп отырса нұр үстіне нұр болып,оқушылардың білім деңгейлері жоғарып,шыңдалып, әлемді бағындыларын,белестерден көрінеді деген үміттемін.



Пайдаланған әдебиеттер:

Көру қабілеті бұзылған балаларды оқытуға арналған оқыту кешендерінің оқулығы

Көру қабілеті бұзылған балалардың танымдық қабілеттерін дамытудағы маңыздылығы



НАШАР ЕСТИТІН БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОҚЫТУ ПРОЦЕСТЕРІНДЕ МОБИЛЬДІ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Мәжікова Тоғжан Әзидоллақызы

Облыстық арнайы мектеп – интернаты

бастауыш сынып мұғалімі

Ерекше қажеттіліктері бар балаларға білім беру мемлекет үшін негізгі міндеттердің бірі болып табылады. Бұл әрбір адам өз әрекетінің қажеттілігін және қатысын сезіне алатын нағыз инклюзивті қоғам құрудың қажетті шарты. Біз әрбір балаға оның қажеттілігіне және басқа жағдайларына қарамастан, өз әлеуетін толық жүзеге асыруға, қоғамға пайда келтіруге және оның толыққанды мүшесі болуына мүмкіндік беруге міндеттіміз.

Дэвид Бланкет

Бүгінгі таңда адам баласы үшін ең үлкен бақыт – он екі мүшесінің сау болуы. Заман ағымымен күннен күнге ерекше оқытуды қажет ететін балалар саны артып келеді. Соның бірі – есту қабілетінің зақымдалуы. Дені сау адам үшін әлемді естімеуді ойлаудың өзі үлкен бір қасірет.

Нашар еститін балалардың естімейтін балалардан айырмашылығы қалдық есту мүмкіндігін оқу процесінде қоршаған ортаны тану және адамдармен қарым-қатынаста жеткілікті деңгейде тиімді пайдалануы мүмкін. Есту қабілеті жоғалған бірақ сөйлеу тілі сақталған, кейіннен естімей қалған балалардың да артықшылықтарын атап кету керек. Осы



балалардың сөйлеу қабілетінің сақталу дәрежесі бірқатар төмендегі факторларға әсер етеді: естімеуі басталған уақыт, баланың өсуі мен даму ерекшеліктері, қалдық есту қабілетінің деңгейі, баланың ауызша сөйлеуін дамыту жұмысының сапасы. Дамудың кейінгі кезінде пайда болған естімей қалу, егер балада оқу және жазу дағдылары қалыптасқан болса, айтарлықтай түрде сөздік қорын бұза алмайды. Сөзді нашар еститіндердің дамымаған және бұрмаланған сөздік қорының жұтаңдығы байқалады, сөздердің лексикалық мағынасы дұрыс меңгерілмеген, грамматикалық құрылымдарды дұрыс емес, олардың мәнін дұрыс түсінбеу және соның салдары ретінде өз сөзінде оларды дұрыс пайдалана алмауы. [1]

Нашар еститіндердің ішінара естуі сөйлеуді қалыптастыруға мүмкіндік туғызады, бірақ сөйлеу қоры және сөзді түсінуі бұрмаланған. Соның негізінде нашар еститін оқушылармен жұмыс барысында олармен ауызекі сөйлеу барысында ғана емес, естіп-көру арқылы оқыту процесін қалыптастырамын. Яғни, тек көрнекіліктер арқылы оқушыларды қызықтыра алмаймыз. Сол үшін оқу процесіне мен педагог ретінде мобильді оқыту технологиясын қосамын.

Мобильді оқыту дегеніміз не?

Мобильді оқыту – бұл оқыту мен білім беру материалдары смартфондар мен планшеттер сияқты мобильді құрылғылардың көмегімен ұсынылатын және тұтынылатын білім беру түрі. Мобильді оқыту – бұл портативті мобильді құрылғылар мен технологиялар арқылы жүйелі түрде жүзеге асырылатын және білім алушыларға қарым-қатынас жасау, ақпарат алу немесе жасау арқылы өнімдірек болуға мүмкіндік беретін қызмет. Мобильді оқыту – бұл жеке мобильді құрылғыларға кез-келген форматтағы оқу ақпаратын алу немесе ұсыну мүмкіндігі. Оқытудың бұл түрі икемді, қолжетімді және жекелендірілген білім беру тәжірибесін қамтамасыз ету үшін мобильді құрылғы технологиясының мүмкіндіктерін белсенді пайдаланады. [4]



Мобильді оқытудың негізгі сипаттамаларына мыналар жатады:

1. Кез-келген уақытта және кез-келген жерде қолжетімділік: оқу оқушының орналасқан жеріне қарамастан қолжетімді, бұл оны икемді және ыңғайлы етеді.
2. Интерактивтілік және мультимедиялық элементтер: бейне, аудио, графика және интерактивті элементтер сияқты мультимедиялық ресурстарды пайдалану оқуды қызықты әрі тиімді етеді. Жасанды интеллект технологияларын қолдану оқушылардың жеке қажеттіліктеріне жауап беретін бейімделу курстарын құруға мүмкіндік береді.
3. Бейімделу: оқушының жеке қажеттіліктері мен дайындық деңгейіне байланысты жекелендірілген материалдарды ұсыну мүмкіндігі.



4. Әлеуметтік өзара әрекеттесу: оқушылар мен оқытушылар арасындағы пікірталастар, чаттар, топтық жобалар және әлеуметтік оқытудың басқа түрлері арқылы өзара әрекеттесу мүмкіндігі.

5. Сенсорлар мен сенсорлық технологияларды қолдану: GPS, камера сияқты смартфондардың мүмкіндіктерін біріктіру оқушының контексті мен орналасқан жеріне бейімделген мазмұн жасауға мүмкіндік береді.

6. Кері байланыс және бағалау: белсенді және өнімді оқытуға ықпал ететін лезде кері байланыс алу және оқу нәтижелерін бағалау мүмкіндігі.

7. Уақытты тиімді пайдалану: оқушылар оқу үшін қысқа уақыт аралықтарын (мысалы, көшу, күту кезінде) пайдалана алады, бұл уақытты пайдалану тиімділігін арттырады.[4]

Жалпы осы мобильді оқытуда мен оқыту процесінде аталған сайттарды пайдаланамын.

Олар: LearningApps, Plickers, flippity т.б.

learningApps әдісі - интерактивті тапсырмаларды құрастырушы құрал. Интерактивті модульдер (жаттығулар) арқылы оқыту процесін қолдауға бағытталған. Сонымен бірге оқытушы да, оқушы да дайын шаблондарды пайдаланып, интерактивті модульдер жасай алады. Осы қызметтің арқасында жасалатын интерактивті тапсырмалардың негізгі идеясы - оқушылар белгілі бір оқу пәніне деген танымдық қызығушылығын қалыптастыруға ықпал ететін білімдерін ойын түрінде тексеріп, бекіте алады.

Нашар еститін бастауыш сынып оқушылары осы сайтпен жұмыс жасау барысында пәнге байланысты берілген әртүрлі тапсырмаларды орындайды. Бұл оқушыға қызықты әрі жеңіл процесс.

Plickers әдісі— бұл мобильді құрылғы арқылы қарапайым сұрақтарды өткізуге мүмкіндік беретін интерактивті тестілеу жүйесі.

Жұмыс принципі әрбір карточканың QR-коды бар, ол жүйеге оқушылардың жауаптарын анықтауға мүмкіндігін береді. Оқушыларға тек карточка және педагогтың сұрағына жауап беру мүмкін болатынын қамтиды. Педагог мобильді аппарат немесе планшетті карточкаларды сканерлеу және сұрақтың нәтижелерін нақты уақыт режимінде алу үшін пайдаланады.

Plickers әдісін көп жағдайда мен оқушы мен оқытушы арасындағы кері байланыс есебіне, немесе үй тапсырмасын тексеру кезінде жүзеге асырамын.

Flippity әдісі — бұл Google кестелеріне негізделген оқыту үшін әртүрлі интерактивті тапсырмаларды жасауға болатын онлайн қызмет.

Flippity интерактивті жұмыстарының ең танымал түрлері:

- мәтінді енгізу жаттығуы;
- емлені тексеру;
- кроссворд;
- турнир кестесі;
- уақыт шкаласы;
- сөздерді іздеу;

Flippity интерактивті тапсырмалар, ойындар, тесттер құру үшін өте қарапайым және ыңғайлы құрал болып табылады, бұл сабаққа дайындалу кезінде уақытты үнемдейді.

Мобильді оқыту білім берудің қолжетімділігін, икемділігін және тиімділігін арттыруға кең мүмкіндіктер береді. Дегенмен, мобильді білім беру шешімдерін әзірлеу кезінде қауіпсіздік, деректердің құпиялылығы және әртүрлі аудиториялардың қажеттіліктерін ескеру маңызды. Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, мобильді құрылғылар мен технологиялардың жоғары дидактикалық әлеуеті-олардың сауатты интеграциясы жағдайында жоғары мектептің жаңа білім беру моделіне көшуі. Бұл модельді іске асыру оқытудың жаңа нысандарын қашықтықтан және аралас оқытуды, сондай-ақ оқытудың инновациялық, интерактивті әдістерін, білімді өз бетінше алу дағдыларын қалыптастыруға, білім алушының сыни ойлауын, оның дербестігін дамытуға негізделген әдістерді пайдалану шартымен ғана мүмкін болады. [3]



Есту қабілетінің нашарлауы, қаншалықты ауыр болса да, баланың оқуы үшін шешілмейтін кедергі емес. Бұл тұрғыда педагогтер, тәрбиешілер, арнайы мамандармен бірге ата-аналардың рөлі ерекше. Ата-аналар - мұндай балаларды тәрбиелеу мен оқытудағы ең тікелей және белсенді қатысушы.[1]

Ата-аналар балаларға қажетті тұрғыда психологиялық қолдау білдіруге, педагогтер тарапынан берілген барлық тапсырмаларды уақытылы қадағалап орындатуға, сонымен бірге баланың өз бетімен жұмыс істеуіне мүмкіндіктер жасауы қажет.

Ата-аналардың сауатты қолдауы баланың бағдарламалық материалды игеруге және жеке тұлғаны қалыптастырудағы қиындықтарын жеңуге, кез-келген әлеуметтік ортаға бейімделуге мүмкіндік беретіндей болу керек. Сонымен қатар, ата-ана үнемі қажетті мамандармен, баланың педагогімен, тәрбиешісімен үнемі тығыз байланыста болып, баланың дамуын, қалыптасуына зор үлес қосу қажет. Осылайша ата-ана баланың баланың оқу-тәрбие процесіне үлкен үлес қосады. [2]

Қорыта келгенде, нашар еститін білім алушылардың оқу әрекетінің нәтижелері мектепте білім берудің барлық кезеңдерінде біліммен, білікпен және дағдылармен шектелмеу керек, тұлғаның біліміне, тәжірибесіне және құндылықтарына негізделген жалпы қабілет ретінде біліктілікті қалыптастыру оқытудың мақсатына айналуы тиіс. Сол себепті мен мобильді оқытуды ұсынамын. Қоршаған ортада өлшемшарттық бағалау принциптерін іске асыру ерекше қажеттіліктері бар білім алушының жан-жақты болуына, оның танымдық белсенділік деңгейін, оқудағы талпынысын арттыруға, эмоционалдық тұрақтылығын және өз мүмкіндіктеріне сенімділігін сақтауға ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқаулық хат, 2024 жыл
2. Аутаева А.Н., Махметова А.А. Сурдопедагогика негіздері: оқу құралы. Алматы. 2008ж.
3. Инклюзивтік білім беру жағдайында 8 санат бойынша ерекше білім беруде қажеттіліктері бар балалардың оқытуын ұйымдастыру. Әдістемелік ұсынымдар.. Астана 2016
4. Журнал «Инклюзия в образовании» №4 elibrary.ru/contents.asp?titleid
5. Куклев В.А. Сущностные характеристики мобильного обучения как педагогической инновации. // Мир науки, культуры, образования. №5. С. 204-207.



ПОВЫШЕНИЕ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ АКТИВНОСТИ ДЕТЕЙ С НАРУШЕНИЕМ ЗРЕНИЯ

Тыныбаева Бибикуль Балхашовна

учительница начальных классов

Атырауской областной спец. школы-интерната

В настоящее время система образования Республики Казахстан перешла на принципы инклюзивного образования. Это создание условий для детей с особыми потребностями в школах и включение их в систему общего образования.

Одним из важнейших занятий школьников является – общение, так как это необходимое условие развития ребенка. Поэтому задача педагога состоит в том, чтобы конкретно организовать свою деятельность, в том числе создать взаимное доверие. Решением проблемы является использование различных эффективных методов и способов организации познавательной деятельности, стимулирующих желание ребенка учиться, действовать самостоятельно, развивать разум и иметь возможности понять и обдумать то, что они знают и думают. Поощрение познавательного энтузиазма ребенка, проявление уверенности в нем учит устойчивости его поведения, самоуважению, смелости и умению предъявлять к себе требования.

В процессе обучения детей с ограниченными зрительными возможностями от педагога требуется большое мастерство в своей работе, так как дети с нарушениями зрения сталкиваются с общими трудностями и нагрузкой в школьной жизни. Для сохранения и корректировки уровень зрительных способностей каждого ребенка, развивать его познавательную деятельность и получать качественное образование, огромную роль играет урок, организованный в взаимодействии с психологом, дефектологом, тифлопедагогом.

Особенно в обучении и воспитании слабовидящих детей невозможно организовать обучение без изучения индивидуальных особенностей, психологического развития, способностей и зрения каждого ребенка. Также для их обучения важно, чтобы педагог обладал особыми навыками и гибкостью, обращал внимание на то, чтобы дети всегда носили очки, играли в различные игры для развития зрения, выполняли специальные коррекционные упражнения. В процессе обучения должны быть обеспечены все необходимые условия для формирования учебно-познавательной деятельности ребенка: приобретение знаний и способов действия, условия, формирующие потребности, условия самоадаптации, условия развитие навыков организации различных форм решения задач, которые осуществляются на основе правильных и конкретных действий учителя.

Чтобы повысить интерес ученика к уроку, направить его на попытку поиска самостоятельно, эффективно использовать попеременно множество методов, поскольку однотипная работа утомляет ребенка. Основываясь на своем собственном опыте, я часто трансформируюсь посредством критического, дифференцированного и индивидуализированного обучения.

В связи с этим проведенный мной урок на тему «Числовые и буквенные выражения» по предмету «Математика» также способствовал развитию познавательной активности учащихся.

Раздел	Раздел 3 С. Числовые и буквенные выражения. Уравнения. Задачи. «В здоровом теле – здоровый дух!» , «Традиции и фольклор»			
ФИО педагога	Тыныбаева Бибигуль Балхашовна			
Дата	22.02.2024			
Класс: 2-3	Количество присутствующих: 4	Количество отсутствующих: нет		
Тема урока	Числовые и буквенные выражения.			
Цели урока	2.2.1.1. Составлять, читать, записывать и распознавать числовые и буквенные выражения 2.2.1.2. Уметь решать уравнения, задачи, расширять математический кругозор. Развивать внимание, мышление, воспитывать интерес к предмету.			
Этап урока/время	Действия педагога	Действия учащегося	Оценивание	Ресурсы
Начало урока 0-3 мин.	Учитель приветствует учеников. Здравствуйте, ребята! Садитесь! Сегодня у нас открытый урок по МАТЕМАТИКЕ. Вы готовы, ребята? Мы какие? Молодцы, ребята! «Мозговая атака» / проверка домашнего задания/ МОЙ БЫСТРЫЙ ВОПРОС	Дети отвечают Мы - умные! Мы - дружные! Мы - внимательные! Мы - старательные! Мы - отлично учимся! Все у нас получится!	Словесная похвала	Эмоциональный настрой Музыка
3-5 мин.	– ВАШ БЫСТРЫЙ ОТВЕТ *Сколько дней в неделе? Назовите их. *Назовите компоненты сложения и вычитания. *Придумайте задачи на сложения и вычитания. *Сколько секунд в минуте? *Сколько минут в 1 часе? *Назовите компоненты умножения и деления. Тема нашего открытого урока: «Числовые и буквенные выражения». Цель урока: Составлять, читать, записывать и распознавать числовые и буквенные выражения. Уметь решать уравнения, задачи,	Дети отвечают	Оценивание /звездочками/ 	/слайд/экран

Середина урока 6-40 мин	расширять математический кругозор. Развивать внимание, мышление, воспитывать интерес к предмету. Ребята! <u>Числовые выражения</u> – это такие выражения, которые составлены из чисел, знаков математических действий и скобок. <u>Буквенные выражения</u> – это выражения, составленные из чисел, букв, знаков математических действий и скобок. Сегодня на уроке, ребята, закрепим умения решать числовые и буквенные выражения. И закрепим таблицу умножения. Введение в тему Работа с карточками А сейчас посмотрите на экран: <table border="1"> <tr> <td>1</td> <td>20</td> <td>15</td> <td>6</td> </tr> <tr> <td></td> <td>8</td> <td>11</td> <td></td> </tr> </table> Ребята, на доске карточки с числами: - назовите их, - поставьте эти числа в убывающем порядке, - переверните эти числа и прочитайте слово. <i>/ ученики 1 класса читают числа по колодке/</i> КОСМОС - Космос - это космическое пространство, заполненное звездами, астероидами, кометами, планетами. На уроке «Познание мира» мы изучали планеты. Сколько всего планет? Назовите их. Меркурий Венера Земля Марс Юпитер 	1	20	15	6		8	11		Дети отвечают Дети называют планеты.	Экран Карточки с примерами Экран Рисунки Планеты
1	20	15	6								
	8	11									

Конец урока 40-45 мин.	* ПАЛЬЧИКОВАЯ ГИМНАСТИКА <i>Продолжение кл. работы:</i> Планета – Земля (читаю задания) Найти периметр прямоугольника $a = 6 \text{ см}, b = 3 \text{ см}.$ Найти площадь квадрата $a = 4 \text{ см}, b = 4 \text{ см}.$ Выходит робот Чип: Молодцы ребята! Вы справились с заданиями. До свидания! Итог урока: Рефлексия усвоения изученного Что мы делали на уроке? Вам понравился урок? Ребята! Вы все активно работали на уроке, я очень довольна вами. Домашнее задание: Составить по два выражения числовые и буквенные. 1 класс – самостоятельная работа в тетради по карточке.	Дети отвечают на вопросы.		Макет Планеты Земля с заданиями
--	--	----------------------------------	---	--

Каждый урок – это творческая работа учителя. Невозможно реализовать учебный процесс без развития познавательного интереса учащихся. Именно поэтому каждого урока лучше трансформировать так, чтобы ученик его запомнил. Ожидаемый результат должен быть формирование активной, здоровой, культурной личности, а также привлекательный и успешный урок для повышения познавательной активности детей с нарушением зрения.

Литература:

1. Алферьева-Термсинос В.Б. Развитие познавательного интереса у детей старшего дошкольного и младшего школьного возраста // Тенденции развития науки и образования. 2022. - №87-5. - С. 11-12.
2. Выготский Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте. //М.: Перспектива, 2020. - 125 с.
3. Денискина В.З. Образовательные потребности детей с нарушением зрения // Дефектология. 2013. № 6. – 14 с.
4. Волокитина Т.В., и др. Коррекция нарушений зрительного восприятия у слабовидящих детей. Учебно-методическое пособие. // Архангельск, университет имени М.В. Ломоносова, 2013. - 157 с.





ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУГЕ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ОЙЫН АРҚЫЛЫ ДАМУ

Тыныштықова Бейнегүл Бекқалиқызы
*Облыстық арнайы мектеп-интернат
 Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-сарапшы*

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеу мен оқыту қоғамның маңызды міндеттерінің бірі. Бұл балалардың ойлау қабілеттерін дамытуда ойын ерекше рөл атқарады. Ойын – баланың табиғи әрекеті ғана емес, сонымен қатар, оның танымдық қабілеттерін, логикалық ойлауын және әлеуметтік дағдыларын қалыптастырудың негізгі құралы.

Ойынның ойлау қабілетіне әсері

Ойын арқылы балалар өздерін қоршаған ортаны таниды, жаңа ақпаратты қабылдайды және оны өңдеуді үйренеді. Ерекше қажеттілігі бар балалар үшін ойын олардың жеке қажеттіліктерін ескеріп, қызығушылықтарын оятатын құрал бола алады.

Ойын барысында:

- Баланың логикалық ойлауы қалыптасады;
- Зейін мен есте сақтау қабілеті дамиды;
- Шығармашылық қиялы жетіледі;
- Коммуникациялық дағдылары нығаяды.

Мысалы, пазлдар мен логикалық ойындар балаларды ойлануға, дұрыс шешім табуға және мәселені шешу жолдарын іздеуге үйретеді.

Ойын түрлері және олардың маңызы

Ерекше қажеттілігі бар балалармен жұмыс барысында ойындардың бірнеше түрі қолданылады:

1. Дидактикалық ойындар

Дидактикалық ойындар балаға жаңа білімді меңгеруге және оны тәжірибеде қолдануға көмектеседі. Мысалы, әріптерді үйрету, түстерді ажырату немесе заттарды санау сияқты тапсырмалар арқылы бала өз білімі мен қабілеттерін жетілдіреді.

2. Қозғалыс ойындары

Бұл ойындар баланың физикалық белсенділігін арттырып қана қоймай, зейінін шоғырландыруға, кеңістікте бағыт-бағдар табуға және жылдам ойлауға үйретеді.

3. Рөлдік ойындар

Рөлдік ойындар арқылы балалар әлеуметтік қарым-қатынас жасауды, өз ойларын жеткізуді және басқалардың эмоциясын түсінуді үйренеді. Мысалы, “дәрігер мен науқас” немесе «дүкен» сияқты ойындар балалардың ойлау қабілеттерін дамытады.

4. Интерактивті ойындар

Қазіргі заманда интерактивті технологияларды пайдалану ерекше қажеттілігі бар балалардың білім алуына үлкен көмек береді. Арнайы қосымшалар мен бағдарламалар балаға ойын арқылы оқуға және дамуға мүмкіндік береді.

Ойынды ұйымдастырудың ерекшеліктері

Ойын тиімді болу үшін педагог немесе ата-ана келесі ережелерді сақтауы керек:

- Баланың жас ерекшелігі мен мүмкіндіктерін ескеру;
- Ойын тапсырмаларын қарапайымнан күрделіге қарай жоспарлау;
- Баланы ынталандыру және жетістіктерін мадақтау;
- Ойын процесінде баланың өзін еркін сезінуіне жағдай жасау.

Мысалы, аутизм спектрі бар балалар үшін құрылымдалған, түсінікті ережелері бар ойындар тиімді болса, ал зейін тапшылығы бар балалар үшін қысқа уақытты, динамикалық ойындар тиімдірек болады.

Практикалық мысалдар



Мұғалімдер мен психологтардың тәжірибесінде қолданылатын ойындардың кейбір мысалдары:

• **«Түсін тап» ойыны:** Балалар әртүрлі заттарды түстері бойынша топтастырады. Бұл ойын баланың зейінін шоғырландыруға және заттарды салыстыруға үйретеді.

• **«Санайық» ойыны:** Балалар ойыншықтарды немесе суреттерді санап, нәтижесін айтып береді. Бұл логикалық ойлау мен математикалық түсініктерді дамытуға көмектеседі.

• **«Суретті аяқта» ойыны:** Балалар жартылай салынған суретті аяқтайды немесе суреттегі жетіспейтін заттарды табады. Бұл қиял мен логиканы дамытады.



Қорытынды

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың ойлау қабілеттерін дамытуда ойынның орны ерекше. Ойын арқылы бала өзін қоршаған ортаны түсініп, өзінің танымдық қабілеттерін жетілдіреді. Мұндай әдістерді қолдану балалардың толыққанды дамуына мүмкіндік береді және олардың қоғамға бейімделуін жеңілдетеді.



Пайдаланылған әдебиеттер

1. Виготский Л.С. *Ойлау және сөйлеу*.
2. Монтессори М. *Баланың дамуы мен тәрбиесі*.
3. Пиаже Ж. *Баланың интеллектуалды дамуы*.
4. Назарбаев Н.Ә. *Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру*.
5. Рубинштейн С.Л. *Танымдық әрекеттер психологиясы*.
6. ҚР Білім және ғылым министрлігі. *Инклюзивті білім беруді дамыту тұжырымдамасы*.
7. Мұхамеджанова С. *Ерекше қажеттілігі бар балаларды оқыту әдістемесі*.



ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ДАМУ МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ОҚУШЫЛАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ҚЫЗМЕТІ

Боранкулова Шыныгуль Кожакелдиновна

*Атырау қаласы білім бөлімінің №31 мектеп-гимназия КММ
бастауыш пәні мұғалімі, педагог - модератор*

Инклюзивті білім беру – барлық балалардың бірдей білім алуына қол жеткізуін қамтамасыз етуге бағытталған жүйе, оның ішінде даму мүмкіндігі шектеулі балалар да бар. Инклюзивті мектептерде арнайы білім беру қажеттіліктері бар оқушылар үшін білім беру процестерін тиімді ұйымдастыру маңызды болып табылады. Бұл тұрғыда психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің рөлі зор. Қолдау қызметі инклюзивті білім беру моделінің тиімділігін қамтамасыз етуге, балалардың әлеуметтенуіне және олардың жеке әлеуетін ашуға ықпал етеді.

Инклюзивті білім берудегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің маңызы

1. Әлеуметтік теңдік пен жеке дамуға қолдау көрсету

Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды инклюзивті білім беру жүйесіне енгізудің негізгі мақсаты – балалардың әлеуметтік даму деңгейін арттыру. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі балалардың әлеуметтік дағдыларын дамытуға, оларды қоғамда өз орнын табуға көмектеседі. Сондай-ақ, балалардың оқу, қарым-қатынас және өз-өзіне деген сенімін қалыптастыруға ықпал ете отырып, мектепке бейімделуін жеңілдетеді, оларды әлеуметтік ортаның бөлігі етуге көмектеседі.

2. Мектептегі психологиялық қолдау

Психологиялық қызметтің негізгі мақсаты – даму мүмкіндігі шектеулі оқушылардың психологиялық жағдайын зерделеу және оларды оқыту барысында туындайтын қиындықтарды жеңуге көмектесу. Мұндай қолдау балалардың мектептегі өмірге бейімделуіне, олардың өзін-өзі бағалау деңгейін арттыруға және оқу мотивациясын көтеруге әсер етеді. Психологиялық қызмет көрсету оқушылардың мектептегі өзара қарым-қатынас дағдыларын дамытуға, оларды қоғамда толыққанды тұлға ретінде қабылдауға ықпал етеді.

3. Педагогикалық қолдау

Педагогикалық қолдау білім беру процесінің тиімділігін арттырады. Ол арнайы білім беру әдістері мен технологияларын қолдану арқылы мүмкіндігі шектеулі балалардың оқу процесіне



толыққанды қатысуына мүмкіндік береді. Педагогтар балалардың индивидуалды қажеттіліктеріне негізделген арнайы оқу жоспарларын құрып, олардың жеке даму траекториясын ескере отырып, оқу процесін ұйымдастырады.

4. **Отбасы мен мектеп арасындағы байланыс**

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі оқушылардың отбасымен тығыз жұмыс істейді. Мұндай қолдау түрі ата-аналарға балаларын оқыту мен дамытудағы қиындықтарды жеңуге, мектептегі өзгерістерге бейімделуге көмектеседі. Психологтар мен педагогтар ата-аналармен бірге балалардың дамуын бақылап, оларды тиімді қолдау стратегияларын ұсынады.

5. **Балалардың психологиялық денсаулығын сақтау және дамыту**

Даму мүмкіндігі шектеулі балалар көбінесе өздерінің ерекшеліктеріне байланысты психологиялық қиындықтармен бетпе-бет келеді. Оларға психологиялық қолдау көрсету олардың эмоционалдық тұрақтылығын сақтауға, стресске төтеп беру қабілеттерін арттыруға және өзін-өзі бағалау деңгейін көтеруге көмектеседі. Психологиялық қызмет көрсету оқушылардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес психотерапевтік әдістер мен коррекциялық жұмыстарды қолдануға мүмкіндік береді, бұл олардың оқу және өмір сүру сапасын жақсартады.

Даму мүмкіндігі шектеулі оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету модельдері

1. **Жеке бағдарламалық жоспарлау**

Әрбір даму мүмкіндігі шектеулі оқушының жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне негізделген бағдарламалар мен жоспарларды әзірлеу маңызды. Психологтар мен педагогтар оқушының физикалық, эмоциялық және танымдық деңгейін ескере отырып, оқу бағдарламаларын жеке бейімдеуге көмек көрсетеді. Бұл модель балалардың өз мүмкіндіктерін толық ашуына мүмкіндік береді.

2. **Топтық және жұптық жұмыс**

Даму мүмкіндігі шектеулі оқушылар үшін топтық және жұптық жұмыс формаларын қолдану олардың әлеуметтік дағдыларын дамытуға бағытталған. Топта жұмыс жасау балалардың бір-біріне деген қарым-қатынас дағдыларын, өз пікірін еркін айту, ынтымақтастықты дамыту қабілеттерін арттырады. Мұндай тәсілдер инклюзивті білім беру жүйесінің маңызды аспектілерінің бірі болып табылады.

3. **Қолдау көрсету қызметінің көпсалалы сипаты**

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі инклюзивті мектептерде педагогтар, психологтар, дефектологтар, логопедтер және әлеуметтік қызметкерлердің бірлескен жұмысын талап етеді. Әр маман өз саласында балаларға көмек көрсетіп, олардың оқу және даму процестеріне тиімді ықпал ету үшін бірігіп жұмыс істейді.

Инклюзивті білім беру жүйесіндегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің қиындықтары

1. **Ресурстардың жеткіліксіздігі**

Психологиялық-педагогикалық қызмет көрсететін мектептердегі ресурстардың тапшылығы үлкен мәселе болып табылады. Арнайы оқыту құралдары, әдістемелік материалдар, қажетті техникалық құрал-жабдықтар мен маман кадрларының саны жеткіліксіз болуы инклюзивті білім беру сапасына әсер етеді.

Мұғалімдердің кәсіби біліктілігінің жеткіліксіздігі

2. **Инклюзивті білім беру мұғалімдерден ерекше дағдылар мен білімді талап етеді. Оқушылардың ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, мұғалімдер оларды дұрыс түсініп, әрқайсысына жеке**



әдіс-тәсілдермен жұмыс істеуі керек. Алайда, көптеген мұғалімдер арнайы дайындықтан өтпегендіктен, бұл мәселе жиі кездеседі.

3. Қоғамдық түсінік пен қабылдау мәселелері

Инклюзивті білім беруді енгізудің қоғам тарапынан дұрыс қабылданбауы да қиындық туғызады. Кейде жалпы білім беру мекемелерінде даму мүмкіндігі шектеулі оқушыларға деген негативті көзқарастар мен стереотиптер кездеседі, бұл инклюзивті білім беру моделінің жүзеге асуына теріс әсер етеді.

Қолдау қызметінің тиімділігін арттыру жолдары

1. Мұғалімдер мен мамандарды даярлау

Инклюзивті білім беру жүйесінің тиімділігі мұғалімдер мен басқа да педагогикалық қызметкерлердің кәсіби дайындығына байланысты. Арнайы даярлық, курстар және тренингтер өткізу олардың мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасау дағдыларын арттыруға мүмкіндік береді.

2. Ресурстық орталықтарды дамыту

Мектептерде психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметінің тиімділігін арттыру үшін ресурстық орталықтар ашу қажет. Бұл орталықтар арнайы құрал-жабдықтармен және әдістемелік материалдармен қамтамасыз етілуі тиіс.

3. Қоғамда инклюзивті білім беру туралы ақпараттандыру жұмыстарын жүргізу

Қоғамдағы инклюзивті білім беру туралы дұрыс түсінік қалыптастыру үшін ақпараттық-насихаттау жұмыстарын күшейту қажет. Оқушылар мен ата-аналар арасында инклюзивті білім берудің маңызы мен тиімділігін түсіндіру, қоғамдағы стереотиптерді жою арқылы білім беру жүйесін жақсартуға болады.

Инклюзивті білім беру жағдайында даму мүмкіндігі шектеулі оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету – олардың білім алу процесінің сапасын арттырып, жеке әлеуетін толық іске асыруға мүмкіндік береді. Психологиялық және педагогикалық қызметтердің ықпалымен оқушылар тек академиялық тұрғыдан ғана емес, сондай-ақ әлеуметтік, эмоционалды деңгейде де жетіле алады. Бұл қызметтердің тиімділігін арттыру үшін мұғалімдердің кәсіби біліктілігін дамыту, ресурстарды жетілдіру және қоғамда инклюзивті білім беруді кеңінен насихаттау қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. **Әбжанова, А. Б.** (2019). *Инклюзивті білім беру: теориясы мен тәжірибесі*. Алматы: Қазығұрт.
 - Бұл еңбекте инклюзивті білім берудің негізгі тұжырымдамалары мен психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің рөлі талданады.
2. **Дүйсенбекова, Қ. Ә.** (2020). *Инклюзивті білім беруде даму мүмкіндігі шектеулі оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету*. Педагогика және психология журналы, 6(2), 34-41.
 - Мақалада даму мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған психологиялық және педагогикалық қолдау қызметінің қажеттілігі мен ұйымдастырылуы туралы зерттеу жүргізіледі.
3. **Нұрсейітова, С. А.** (2018). *Инклюзивті білім беру жағдайында даму мүмкіндігі шектеулі оқушыларға психологиялық қызмет көрсету мәселелері*. Қазақстан педагогикалық ғылымдары, 4(5), 50-57.
 - Бұл зерттеу жұмысы инклюзивті білім беру жағдайындағы психологиялық қызмет көрсетудің негізгі аспектілерін қарастырады, сондай-ақ мұғалімдер мен психологтардың бірлескен жұмысының маңыздылығын көрсетеді.



4. **Кенжебаева, Ш. Қ.** (2019). *Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау арқылы оқыту: теория және практика*. Астана: Фолиант.
- Кітапта даму мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың теориялық негіздері мен тәжірибелік әдістері қарастырылады.



ҚҰМАРШЫҚ ӨСІМДІГІНІҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ МЕН АДАМЗАТҚА ПАЙДАСЫ

Утешева Жанна Бактыгереевна

*Атырау қаласы білім бөлімінің №31 мектеп-гимназиясы КММ
биология пәні мұғалімі, педагог - модератор*



Құмаршық — әлемде кең таралған және ұзақ тарихы бар өсімдік. Бұл көпжылдық шөптесін өсімдік адамзат мәдениетінде ертеден бері маңызды рөл атқарған. Ол дәрілік өсімдік ретінде ғана емес, азық-түлік және жерді өңдеу үшін де пайдаланылған. Өткен ғасырдың отызыншы, қыркыншы жылдарындағы қазақ жерін жайлаған ашаршылықта құмды өңірдегілердің қабырғаларын жапқан осы құмаршық. Құмаршықтың адамзатқа пайдасы оның тарихында да, қазіргі заманғы ғылым мен медицинада да ерекше бағаланады.

1. Құмаршықтың тарихи маңызы

1.1. Ежелгі Египет және Рим дәуірі

Құмаршықтың тарихы адамзат мәдениетімен терең байланысты. Ежелгі Египетте құмаршықтың тамырын дәрілік мақсаттарда қолданғаны туралы жазбалар бар. Египеттіктер бұл өсімдікті ас қорыту жүйесін жақсартуға, бауырды тазартуға және жалпы денсаулықты нығайтуға пайдаланған. Сонымен қатар, құмаршықтың тұқымдары мен тамырлары әртүрлі ауруларды емдеуде қолданыс тапқан. Рим империясында да құмаршық жоғары бағаланған өсімдік болды. Дәрігерлер оны ас қорытуға, ішек функциясын жақсартуға және күш-қуатты арттыруға арналған препарат ретінде пайдаланған. Ежелгі римдіктер құмаршықты «жер



жаңағы» немесе «қызыл көкнәр» деп атаған, бұл оның қасиеттерін жоғары бағалағанын көрсетеді.

1.2. Орта ғасырлар мен жаңа заман

Орта ғасырларда құмаршық Еуропа елдерінде кеңінен тарала бастады. Бұл кезеңде өсімдік әсіресе дәрілік және тағамдық мақсатта пайдаланылды. Орта ғасырларда құмаршықтың тамырлары шай ретінде дайындалып, ас қорыту мәселелерін шешуге көмектесті. Сонымен қатар, құмаршықтың тамыры өсімдіктер мен тағамдарға қоспа ретінде енгізілген.

Жаңа заманға келгенде, әсіресе 18-19 ғасырларда, құмаршықтың ең маңызды қасиеттері ашыла бастады. Сол кездері Еуропа елдерінде құмаршық кофе алмастырғыш ретінде қолданыла бастады, ол кофе дәнін алмастырып, дәмді, бірақ кофеинсіз сусын жасау үшін пайдаланылды. Бұл тәжірибе әлі күнге дейін жалғасып келеді, әсіресе кофеинді тұтынуды шектегісі келетін адамдар арасында.

1.3. Қазақстанда құмаршықтың таралуы

Қазақстанда құмаршық ұзақ уақыт бойы халық медицинасында және ауыл шаруашылығында қолданылып келеді. Оның дәстүрлі дәрілік қасиеттері халық арасында кеңінен танылған. Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында құмаршықтың табиғи өсу ортасы бар, ол осы аймақтарда жаппай өсіріліп, халық денсаулығын нығайтуға пайдаланылды.

Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарының, Мойынқұм өңірінің құм бұйраттарында, еспе құмда өседі. Биіктігі 20-100 см-дей. Сабағы түп жағынан бастап тармақталып өседі. Тамыз – қазан айларында гүлдеп, жеміс салады. Жемісі 3,5-5,5 мм-дей, түксіз үлпілдек қанатты дәнек. Тұқымы жұмыртқа тәрізді, алқызыл түсті келеді. Көшпелілер құмаршықтың тұқымынан ұн алып, одан нан пісірген. Сонымен қатар, 2019 жылы құмаршық дәніне арнайылап ескерткіш қойылды. (1-бет) Тарихқа сүйенсек 1929-33 жылдары 1,5 млн қазақ халқы ашаршылықтан ажал құшқаны ел есінде. Сол залалды Атырау өңірі де көрді. Сонау бір шақта Атырау өңірі, Нарын құмын жағалай қоныстанған халықты аштықтан аман алып қалған азықтардың бірі қасиетті өсімдік Құмаршық еді.

2. Құмаршықтың адамзатқа пайдасы

Құмаршықтың адамзатқа пайдасы оның түрлі салалардағы қолданылуымен анықталады. Ол тек дәрілік өсімдік ретінде ғана емес, сондай-ақ азық-түлік және экологиялық тұрғыдан да маңызды.

2.1. Дәрілік қасиеттері

Құмаршық — көп жылдар бойы дәрілік қасиеттері үшін жоғары бағаланған өсімдік. Оның тамырлары мен жапырақтары көптеген ауруларды емдеуге қолданылады. Құмаршықтың құрамында инулин, флавоноидтар, аскорбин қышқылы, таниндер және басқа да пайдалы заттар бар.

- **Ас қорыту жүйесін жақсарту:** Құмаршықтың құрамындағы инулин мен басқа да талшықтар асқазан-ішек жолдарын тазартады, ішек микрофлорасын жақсартады және ас қорытуды жеңілдетеді. Бұл әсіресе іш қатуға, асқазан ауруларына және ішек дисфункцияларына шалдыққан адамдар үшін пайдалы.
- **Бауыр мен өт айдайтын әсері:** Құмаршық бауырдың жұмысын жақсартуға, токсиндерді шығаруға көмектеседі. Оның антиоксиданттық қасиеттері бауыр клеткаларын қалпына келтіреді және өт айдайтын әсері бар. Бұл қасиет құмаршықты гепатит, холецистит және басқа да бауыр ауруларын емдеуде тиімді құрал етеді.
- **Қант диабетіне әсері:** Құмаршықтың құрамындағы инулин қандағы қант деңгейін тұрақтандыруға көмектеседі. Бұл оның қант диабетіне қарсы қолданылуын негіздейді. Инулиннің пребиотикалық қасиеттері қандағы қанттың деңгейін төмендетуге және инсулинге деген сезімталдықты арттыруға ықпал етеді.



- **Қарсы қабыну және антиоксиданттық қасиеттері:** Құмаршық қабынуға қарсы әсер көрсетіп, иммундық жүйені нығайтады. Ол сонымен қатар ағзаны бос радикалдардан қорғайтын күшті антиоксиданттық әсерге ие.

2.2. Азық-түлік ретінде қолданылуы

Құмаршықтың тамырлары мен жапырақтары түрлі тағамдарда қолдануға жарайды. Оның тамыры арнайы өңделіп, кофенің баламасы ретінде қолданылады, бұл әсіресе кофеинді тұтынуды азайтқысы келетін адамдарға пайдалы. Сонымен қатар, құмаршықтың жапырақтары салаттар мен түрлі тағамдарға қосылып, олардың дәмін жақсартады.

Құмаршықтың жапырақтары құрамында көп мөлшерде витаминдер мен минералдар бар, сондықтан олар денсаулықты нығайтуға ықпал етеді. Бұл өсімдік салаттарда, көкөніс сорпаларында және басқа да диеталық тағамдарда жиі қолданылады.

2.3. Экологиялық маңызы

Құмаршықтың экологиялық маңызы да зор. Ол топырақты эрозиядан қорғайды, яғни құмаршықтың тамыр жүйесі топырақтың үстіңгі қабатын сақтап, оны жел мен судың әсерінен қорғауға көмектеседі. Сонымен қатар, құмаршық түрлі жәндіктер мен жануарлар үшін тіршілік ету ортасы болып табылады. Оның гүлдері көбінесе аралар мен басқа да тозандандырғыштар үшін маңызды азық көзі болып табылады.

2.4. Ауыл шаруашылығында қолданылуы

Құмаршықтың тұқымдары мал азығы ретінде пайдаланылады. Оның құрамында көптеген пайдалы заттар, соның ішінде ақуыз, майлар мен минералды заттар бар. Құмаршықтың тамырлары тыңайтқыш ретінде топыраққа пайдалы әсер етеді, сондықтан оны ауыл шаруашылығында табиғи тыңайтқыш ретінде пайдалануға болады. Құмаршық өсімдігі адамзат тарихында маңызды орын алады. Ежелгі заманнан бері дәрілік, азық-түлік және экологиялық мақсаттарда пайдаланылған бұл өсімдік қазіргі заманда да жоғары бағаланады. Оның адамзатқа пайдасы тек денсаулыққа ғана емес, экология мен ауыл шаруашылығына да қатысты. Құмаршықтың дәрілік қасиеттері, әсіресе асқазан-ішек жүйесін жақсартуы, бауыр мен өт жолдарына әсері, қант диабетін реттеуі, сондай-ақ экологиялық және ауыл шаруашылығындағы маңызы оны маңызды табиғи ресурс етеді. Осының бәрі құмаршықты адамзат мәдениеті мен денсаулығына қосқан үлкен үлес деп бағалауға мүмкіндік береді. Құмаршық өсімдігінің қадір-қасиетін біздің ұрпақ сезініп өспегенімен, алдыңғы буын аға ұрпақтар есінен ешқашан да шығармағаны белгілі. Себебі олар құмаршықты өмір діні болған қасиетті нанмен бірдей көреді, сонау сұрапыл соғыс жылдары жүдеу де жұтаң дастархандарының берекесін келтіріп, болашаққа деген армандар мен сенімдерге жетелегенін біледі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. **Мәдени өсімдіктердің тарихы және қолданылуы** – М.А. Ахметов. Алматы: Қазақ университеті, 2012.

Бұл кітапта түрлі мәдени өсімдіктердің тарихи дамуы мен адам өміріндегі рөлі қарастырылады, оның ішінде құмаршық (қияр) туралы да мәліметтер бар.

2. **Қазақ халқының дәстүрлі медицинасы** – З.Ш. Әбдібекова. Алматы: «Ғылым» баспасы, 2010.

Құмаршықтың халықтық медицинасындағы пайдалану тәсілдері, оның денсаулыққа тигізетін пайдасы туралы деректер қамтылған.

3. **Ауыл шаруашылығы және өсімдіктер биологиясы** – Н.А. Рақышев. Астана: Фолиант, 2015.

Бұл кітапта ауыл шаруашылығында қолданылатын өсімдіктердің биологиялық қасиеттері мен олардың ауыл шаруашылығындағы маңызы түсіндіріледі.

4. **Құмаршық (қияр) және оның ағзаға пайдасы** – А.Н. Смағұлова. Алматы: Экология және денсаулық, 2018.



Қиярдың денсаулыққа тигізетін пайдалы әсері, дәрумендер мен минералдар туралы ғылыми зерттеулер берілген.

5. **Құмаршық өсімдігінің селекциясы мен агротехнологиясы** – Ә.Б. Құралбеков, А.А. Жақыпбеков. Алматы: Қазақ Аграрлық университеті, 2016.

Қияр өсірудің ғылыми негіздері, оның сорттары, өсіру техникасы мен экологиялық ерекшеліктері туралы ақпараттар ұсынылған.



ЧТЕНИЕ-ЛУЧШЕЕ УЧЕНИЕ

Дюсенова Жумагул Ибатоллаевна

г. Атырау №31 школа-гимназия

учитель русского языка и литературы

«Чтение – это привычка, к которой не привыкают, а заражаются»
 Дмитрий Сергеевич Лихачёв

I

В настоящее время у учащихся общеобразовательных школ мы наблюдаем утрату роли чтения в обществе, падение престижа образования и знаний, ориентацию на не книжные формы культуры. Мы, учителя, считаем, что личность ребёнка развивается только при чтении художественной литературы. Только читающий ребёнок является мыслящим ребёнком. А становление ребенка проходит с активным участием учителя. Именно учитель формирует мировоззрение своего ученика. Мы, часто беседуя с детьми и выясняя их пристрастия к чтению, понимаем, какие книги они предпочитают. В таких беседах они рассказывают о себе, о своих близких, об учителях.

Актуальность выбранной мной темы обусловлена тем, что на современном этапе главной задачей учителя является создание условий для достижения качества образования, поддержание и углубление интереса детей и юношества к чтению. Поэтому я поставила перед собой задачу – развить в детях стремление к тому, чтобы чтение стало насущной необходимостью.

II

В этой работе изложены основные положения организации различных видов чтения, отражён личный опыт проведения подобных уроков. Введение особого типа уроков открывает широкие возможности для интеллектуального развития учащихся, расширения их кругозора, формирования их языковой, коммуникативной, информационной компетенций.

Здесь я бы хотела отразить результаты работы, которую проводила среди учащихся 5 класса.

В своей работе преследовала следующую цель : доказать влияние чтения на успеваемость учащихся. И далее были определены основные задачи:

- приобщить ребят к чтению;
- дать информацию о книгах и писателях;
- создать материалы для проведения школьных и внешкольных мероприятий;
- подготовить и провести разработанные мероприятия.
- Объект исследования: учащиеся нашей школы.



- Предмет исследования: чтение и успеваемость учащихся.

Как приучить ребенка читать? Как подружить его с книгой? Таковы были вопросы, ответы на которые искать мы будем вместе с родителями.

Я хочу остановиться на том, как провела анкетирование с учениками 5 класса для того, чтобы выявить, как обстоят дела с чтением в их семьях. Были розданы детям анкеты с такими вопросами:

(Учащимся было предложено ответить на следующие вопросы:

1. Читают ли твои родители книги?
2. Принято ли в вашей семье обсуждать прочитанные книги, делиться своими впечатлениями?
3. Интересуются ли родители тем, какие книги ты читаешь в настоящее время?
4. Книгу для чтения ты выбираешь сам или тебе советуют родители?
5. Любишь ли ты ходить с родителями в книжный магазин?
6. Считаешь ли ты книгу подарком? Радуетесь ли когда тебе дарят книгу?
7. Какую книгу ты читаешь сейчас? Укажи ее название и автора.)

Приучение ребенка к чтению – длительное и кропотливое занятие. Здесь вряд ли получится толк, если действовать бессистемно. И как в любом процессе, здесь нужно учитывать уровень развития ребенка, уровень его читательских умений. У каждого ребенка он, конечно, будет свой, поэтому я считала нужным провести анкетирование и среди родителей этого класса.

Как же обстоят дела с читательскими умениями вашего ребенка?

Предлагаю выявить это путем нехитрого теста.

Тест «Читательские умения ребенка»

Выбрать вариант ответа

«Да» «Нет»

Любит ли ваш ребенок слушать сказки и рассказы?

Способен ли их пересказать?

Возникает ли у ребенка желание читать книги самостоятельно?

Вашего ребенка больше интересует содержание, чем картинки в книге?

Имитирует ли он чтение вслух, подобно взрослым?

Интересуют ли его книги познавательного характера (о животных, кораблях, странах)?

Он аккуратно хранит свои любимые книги?

Ваш ребенок имеет хороший словарный запас и довольно успешно им пользуется?

Он понимает смысл большинства сложных слов?

Чтение для него приносит удовольствие?

Ваш ребенок способен пересказать то, что прочитал сам или услышал (в своем темпе)?

Ваш ребенок с радостью учится читать?

Ваш ребенок знает много стихов и песен?

Итого: Да-6, Нет-7

Обработка результатов.

Если больше «Да»

Ваш ребенок полностью готов к школьному обучению читать. Его интересует не только способность читать «как взрослые», но и возможность узнать самостоятельно много полезного и занимательного из книг. Постарайтесь помочь ему в этом позитивном стремлении – в данном возрасте у него наступает как раз сенситивный (чувствительный) период к обучению. Ребенок среднего школьного возраста готов к тому, чтобы узнавать новое. Заинтересуйте его интересными книгами с хорошими картинками и умным содержанием.

Если больше «Нет»



Пора бить тревогу! Вам срочно надо заняться его обучением. Просто так ничего не получится – сейчас есть много интересных, а главное – комплексных методик для обучения ребенка чтению. Сделайте все правильно – сначала проконсультируйтесь со школьным психологом того учебного заведения, где учится ребенок, поговорите с педагогами – они, скорее всего, могут дать квалифицированную консультацию по вашей работе – что и как надо делать.

Относительно ребенка – заинтересуйте его интересными книгами с хорошими картинками и умным содержанием. Обучение чтению превратите в увлекательную игру.

Школьникам необходимо работать с информацией, отбирать её, оценивать и превращать в собственные знания. И это неизбежно ведёт к тому, что многократно возрастает роль школьной библиотеки и библиотекаря в учебно-воспитательном процессе.

Подготовив теоретическую часть такого проекта, я узнала, с чего же начинать практическую часть? Конечно же, с посещения библиотеки! Мы бывали в этом замечательном месте уже много раз. Наша библиотека небольшая, но в ней много интересных и полезных книг. А чтобы погрузиться в историческую эпоху, ученикам среднего и старшего звена необходимо было изготовить газеты. Но сегодня книга уже перестала быть единственным источником знаний. Видео- и аудиоматериалы, компьютерные сети и программы разрушили её информационную монополию и все активнее внедряются во все области знаний. Учитывая, что сотрудничество библиотекарей и учителей способствует повышению уровня грамотности учащихся и, что она содействует развитию навыков чтения, запоминания, а также выработке умения пользоваться информационно-коммуникативными технологиями, я провела открытое мероприятие «Библиотека – страна чудес»

III

Таким образом, ещё раз подчеркнём, что обучение к чтению на уроках предполагает прежде всего ознакомление учащихся с различными видами чтения, с теми приёмами, цель которых: изучить и систематизировать материал по теме «обучение школьников разным видам чтения и развитие навыков чтения». В своей практике я использовала на уроках следующие виды чтения:

Стратегия «Чтение с остановками»: Учитель заранее разбивает текст на смысловые отрывки. Важно, чтобы каждый отрывок был логически законченным, при этом давал простор для воображения: "А что же будет дальше?".

